

84
M20



**Қауаз
Мұқажанов**


A vibrant, high-angle photograph of a rocky landscape. In the foreground, there are large, light-colored boulders and patches of green shrubs. A single, tall, dark green pine tree stands on the right side. In the background, a range of blue mountains stretches across the horizon under a bright blue sky with scattered white clouds.

**Жадымдағы
жазбалар**

Жадымдағы жазбалар | Қазақ Мұқажанов

Қауаз Мұқажанов

Жадымдағы жазбалар



Мұқажанов Қ.

Жадымдағы жазбалар.


Қарағанды қ., «TENGGRI Ltd» ЖШС, 2022, - 172-бет.

-54317-

Бұл кітапқа Ақтоғай ауданының Құрметті азаматы, осы ауданның атқару органдарында, оның іргелі шаруашылықтарында басшылық қызмет атқарған, жаңадан құрылған «Жамшы» кеңшарының іргетасының қаланып, ірі шаруашылық болып қалыптасуына, өсіп-өркендеуіне бүкіл күш-жігерін салып, жалынды жастық өмірін арнаған, Қазақ Елінің картасында пайда болған жаңа бір елді мекеннің – Нүркен селосының сәні мен сәулеті жарасқан поселке типті қоныс болуына білімі мен тәжірибесін жұмсап, сүбелі үлес қосқан Қауаз Мұқажановтың халқына, ұрпақтарына жазып қалдырған қолжазбалары – зерттеулері мен ой-толғамдары, сонымен қатар оның өзі туралы замандастарының, бірге қызмет жасаған әріптестері мен ауыл азаматтарының естеліктері топтастырылды.

Кітапты жинақтап, құрастырғандар – балалары Жанар, Қамар, Жанғазы.

Редакциялаған және беттеген Қуандық Сәденов.



Қ. Мұқажанов, 2022 ж.

**Оқырман қауымына
(Алғысөз, кіріспе орнына)**

Құрметті оқырман!

Бұл жинақта әкеміз Қауаз Мұқажанұлының өмір жолының кейбір сәттері мен өзінің естіген, көкейге тоқыған тарихи мағлұматтары жарияланып отыр. Көзі тірісінде өзін «жазушы емеспін, несіне кітап жазамын» деп, жылдар бойы жинаған дүниелерін жарыққа шығаруға өте қатты қарсылық білдірген еді. Тіптен бірде: «Көке, осыларыңызды көріп жүрміз ғой, реттеп, баспаға берейік те» - дегенде қатты ренжіп, жыртып тастауға дейін барып еді. Енді өзі кеткеннен кейін осы жазбаларды біртіндеп теру барысында көптеген мәселелерге тап болдық. Жазуын танымай, сұрайтын ешкім болмай дегендей. Сондықтан, жинақтың ішіндегі адам есімдерінен, жер-су атауларынан жіберілген қателер болса, кешірім сұрап, түсіністікпен қарауларыңызды өтінеміз.

Әкемізге Алла иман байлығын бұйыртқай!

Кітаптың жарыққа шығуына ат салысқан Сәденов Қуандық ағамызға көп алғысымызды айтамыз!

Қыздары: Мукажанова Жанар Қауазовна, Мукажанова Қамар Қауазовна.

Ұлы: Мукажанов Жанғазы Қауазович.

ӨЗІМ ТУРАЛЫ

Мен, Қауаз Мұқажанұлы – ұлтым қазақ, 1939 жылы 13 мамырда Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Шабанбай би селолық округінде колхозшы отбасында туып, 1946 жылы ауылдық мектеп табалдырығын аттадым, үш сыныптан кейін оқуды Балқаш қаласындағы №25 қазақ орта мектебінде жалғастырдым. 1956 жылы орта білім алдым. 1956 жылы Алматы қаласындағы Қазақ Мемлекеттік ауыл шаруашылығы институтына түсіп, 1961 жылы оқу бітіріп, инженер-механик мамандығын алып шықтым.

1961 жылы туған ауылыма келіп, «Ұлы Октябрь» колхозында, 1962 жылдың 1 қаңтарынан 1964 жылдың 1 қаңтарына дейінгі мерзім ішінде жаңадан құрылған «Қаратал» совхозының бас инженері, 1964 жылдың 1 қаңтарынан 1971 жылдың 1 маусымына дейін Ақтоғай аудандық сельхозтехника бірлестігі кәсіпорнының бастығы, 1971 жылдың 1 маусымынан 1973 жылғы 1 қазан аралығында Ақтоғай аудандық Совет атқару комитеті төрағасының орынбасары, 1973 жылдың 1 қазанынан 1991 жылдың 1 маусымы аралығында жаңадан құрылған «Жамшы» совхозының директоры, 1991 жылдың 1 маусымы мен 1992 жылдың 1 мамыры аралығындағы мерзімде осы совхоздың профком төрағасы, 1992 жылдың 1 мамырынан 1995 жылдың 1 қаңтары аралығында «Қаратал» ұжымдық кәсіпорнының төрағасы, 1995 жылдың 1 қаңтарынан 2008 жылдың 1 қаңтары аралығында Шабанбай би селолық округіне қарасты «Аршалы» шаруа қожалығының жетекшісі болып еңбек жасадым.

«Ұлы Октябрь» колхозы, «Қаратал» совхозы шаруашылықтарының экономикасын, мәдени-әлеуметтік жағдайын көтеруде шаруашылықтың бас инженері ретінде еңбек үлесімді қостым. Аудандық сельхозтехника кәсіпорнын (бұрынғы Қоңырат РТС-ы) басқарған кезімде, 1962 жылы техниканың тоналуы жөніндегі Мемлекеттік аты шулы Указының қабылдануына себепкер болған, артта қалған кәсіпорынның өндірісін көтеріп,

облыс, республика көлемінде алдыңғы қатарлы кәсіпорынға айналуына, 1969 жылы Совет Одағындағы сельхозтехника кәсіпорындары ішінде 1-ші орынға шығуға қол жеткіздік. Аудан шаруашылықтарына ауыл шаруашылығы еңбек процестерін механикаландыруда техникаларын күрделі жөндеуден өткізіп, техникалық-материалдық жағдаймен қамтамасыз етуде, мал жайылымдарын, егіндіктерді суландыру мақсатында су қоймаларын, шахталы құдықтар салып, ескі су қоймаларын күрделі жөндеуден өткізуде көп жұмыстар атқарылды.

Аудандық Совет атқару комитетінде аудан шаруашылықтарын электрлендіру, телефондандыру, автожолдар салу, мәдени-тұрмыстық нысандар, тұрғын үйлер құрылысын жүргізу, елді мекендерді сәулеттендіру салаларына басшылық жасадым.

Шөлді аймақтағы тың жерден құрылған «Жамшы» совхозының алғашқы қазығын қаға отырып, аз жылдың ішінде жаңадан совхоз орталығын салып, мәдени-тұрмыстық, оқу-ағарту, өндірістік нысандары, жекелеген тұрғын үйлер орталық жылу жүйесімен жылынып, ыстық, суық сумен қамтамасыз етілді. 1975 жылы елді мекендік кәріз жүйесі, су құбыры тартылып, тұрғындар сапалы ауыз сумен қамтамасыз етілді. Совхоз бойынша 392 оқушылық орта мектеп, 120 балалық интернат, 140 балалық балабақша, типті клуб үйі, сауда орталығы, орталық техника жөндеу шеберханасы, жем-азық цехтары, көптеген өндірістік нысандар, ауданы 8 гектар демалу паркі, мәдени-спорттық нысандар салынды. Совхоз елді-мекендері телефондандырылып, электрлендірілді. Совхоз бөлімшелерінде 2 тоғыз жылдық мектеп, 2 бастауыш мектеп, бір бөлімше орталығы, 60 қыстақ, 230 су ұңғылары және совхоз қаражатымен 58 шақырымдық автожол құрылысы салынды. Совхозда егін өнімділігін арттыру мақсатында жер асты су көздерін пайдаланып, 150 гектар суармалы егіс құрылысы салынып, игерілді. 4500 гектар егістікке ағаш отырғызылып, егін өнімділігін күрт көтеруге қол жеткіздік. Совхозда қой малын 50-60 мың бас көлеміне дейін жеткізіп,

республика ғалымдарымен бірлесе отырып, құйрықты қой тұқымы ішінде дүние жүзінде бірден-бір жартылай биязы жүн беретін етті-жүнді дегерес қойын шығаруға қол жеткізіп, совхоз 1982 жылы СССР Ауылшаруашылығы Министрінің шешімімен осы қой тұқымының авторы болды. СССР Ауылшаруашылығы Министрлігі 1982 жылдың 13 маусым күнгі №255 дипломымен асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуда ең жоғары көрсеткішке жеткені үшін Бүкілодақтық конкурстың жеңімпазы атағын берді. СССР Халық Шаруашылығы жетістіктерінің Москва қаласындағы көрмесінде 1987, 1988, 1989 жылдардағы байқауында «Жамшы» совхозының қойлары Одақ бойынша чемпиондық атақтар алып, алтын медальмен марапатталды. 1980-1990 жылдары аралығында Республикалық Халық шаруашылық Жетістіктері көрмесінің байқауында көрме дипломдарымен марапатталып, жылда байқау чемпионы атағын алып келді.

Қой малын өсіруде, еңбек процестерін механикаландыруға жағдай жасауда, мал тұқымын асылдандыруда атқарылған іс-тәжірибемізді Одақ көлемінде таныстырып, насихаттап тарату мақсатында «Жамшы» совхозында 1982 жылы СССР Ауылшаруашылығы Министрлігінің ғылыми-техникалық кеңесінің семинары өткізілді, бүкіл Совет Одағы Республикаларынан ғалымдар мен мамандар өкілдері қатысты.

Халыққа оқу-ағарту, мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету тәжірибеміз жөнінде «Жамшы» совхозында бірнеше рет аудандық, аймақтық, облыстық семинар-кеңестер өткізілді. Оқу-ағарту саласындағы жасалған көрнекті жұмыстар үшін 1987 жылы өткізілген Республикалық мұғалімдер съезіне облыстық өнеркәсіп және ауыл шаруашылықтарынан бірден-бір жалғыз делегат болып қатыстым.

1982 жылы совхоз товарлы шаруашылықтан асыл тұқымды қой өсіретін совхозға айналып, аудан, облыс, республика шаруашылықтарына асыл тұқымды қой малын көптеп сатып отырды. Бесжылдықтың тапсырмаларын орындаудағы жоғары көрсеткіштері үшін ҚазКП ОК, ҚазССР Жоғарғы Советі

Президиумының және Министрлер Советінің 1976 жылғы 21 мамыр күнгі №232 қаулысымен «Жамшы» совхозы Қазақ Советтік Социалистік Республикасының АЛТЫН ҚҰРМЕТ КІТАБЫНА жазылып, Құрмет дипломымен марапатталды.

Қол жеткізген еңбектерім үшін жеке басым төмендегідей марапаттарға ие болдым:

СССР-дың Ордені:

1. «Дружба народов», 7 маусым 1986 ж.

СССР-дың Медальдары:

1. «За трудовую доблесть», 24 желтоқсан 1976 ж.

2. «Ветеран труда», 22 қаңтар 1988 ж.

3. «За Освоение целинных земель», 31 қаңтар 1962 ж.

4. «40 лет Великой Отечественной Войне 1941-1945 г.г.», 28 қазан 1985 ж.

5. «За доблестный труд в Ознаменовании 100-летия со дня рождения В. И. Ленина», 20 наурыз 1970 ж.

Қазақстан Республикасының мерекелік медальдары:

1. «Тыңға 50 жыл», 31 тамыз 2004 ж.

2. «1941-1945 ж.ж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 60 жыл», 14 қыркүйек 2005 ж.

2002 жылы 5 шілде күні №41 куәлікпен Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданының «ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТЫ» атағы берілді.

1962-1992 жылдар аралығында үзіліссіз Амангелді, Киров, Ақтоғай, Нұркен селолық кеңестерінің депутаты, 1972-1992 жылдары Ақтоғай аудандық кеңесінің депутаты, Жезказған облыстық кеңесінің депутаты, совхоздық, аудандық комсомол, кәсіподақ, партия комитеттерінің мүшелігіне сайланып, ауыл, аудан, облыс саяси өміріне қатысып отырдым.

Отбасымда 5 балам, немерелерім, шөберелерім бар.

Қазір зейнеткер – Қауаз Мұқажанұлы.

13.05.2017 ж.

ОЙ ТҮБІНДЕ ЖАТҚАН СӨЗ

«Көптеген қатарластарым, ізімнен ілесе өскен көзкөргендер, осы көптеген қызмет жасағандардың жақсы-жаманы мөлдіретіп, шалқыта естеліктер жазып жүр, сіз де бірдеме жазсаңызшы, тым болмағанда ойда қалған, басыңыздан өткен қызмет бабыңызды жазсаңыз дұрыс болар еді, қаншалықты болса да ұрпаққа өнеге болмай ма, адамдардың жақсылығы үлгі болып, жамандығы, бір-біріне жасаған қиянат қайталанбасын, сіз нақты жазар едіңіз, біз жазсақ эмоцияға беріліп кетуіміз мүмкін», – деген тілектер көп айтыла бастады. Мен, «апыр-ау, үлгі-өнеге айтатындай асыра әкетіп бара жатқандай қалам қайратым да, қиыстырып сөз жазатындай қабілетім де жоқ, үлкен лауазым иесі болған да емеспін, не жазуға қақым бар?» - деп көп жыл бойы мойын бұрмай-ақ келдім. Бірақ кейде отырып «бұл ел маған неге жаз дейді? Ал, кітап жазу үшін адамның кітап жазуға деген тапсырысты орындауы ғана емес, ішкі дүниесінің тебіренісі, толғанысы, қажеттілігі болуы керек емес пе? Сонда ғана өзінен өзі келетін дүние ғой және ол кітап қандай болуы керек? Кімдер жазуы керек? Жұбан Молдағалиев айтқандай, «мың өліп, мың тірілген» қазақтың біздің жақтағы нәубет өмірін жазу керек пе? Қарап отырсаң біздің халықтың басына тігілген үйлердің ағынан қарасы көп екен. Тәубә, бұл күнде осындай дәрежеге жетіп, тіршілік құрап отырғанымызға деп ойлаймын.

Біздер кешегі социализм заманындағы елге қырғидай тиген қоғамда ерекше тапты, аристократиялық жоғары каста дәрежесіне жеткен партия қызметкерлерін көрдік. Совет қоғамы тарағанда байлықты басып қалып, бұл қоғамда миллионер байлар атанып, түк көрмегендей болып өткендегі өтірігін шындай, шынын құдай ұрғандай етіп жазушы жалдап кітап жазуы бәсекеге айналдырғандардың қатарында болу ма? Және ойладым, рас осы кітаптар көптеп жазылып жатыр, бірақ оны оқитын оқушы келешекте бола ма екен? Қазіргі жазылып жатқан өтіріктерге бүгінде бірде-бір адам бұл қалай деп айтпады, неге? Өйткені

олардың қалтасы қалың, айтылған пікір болса, заң арқылы өтірігін қорғайды, оның өзі бір пәле. Бұрында саясатқа келетіндей бір кітапты басқаның сынағаны тұрсын, олардың өзі қайыра қарап түзету жасауына жол жоқ болатын – ол коммунистік партияның саясаты еді, енді қазір қалтаның саясаты. Сондықтан не жазамын, қара танитын жай қазақпын, жастайымнан елін, ұлтын сүюді халқының, ата-анасының тәрбиесінен бойына сіңірген азамат, аздап болса да халқына, қоғамға қызмет жасауға талпынған шаруашылық басшысы, өндіріс маманы ретінде әңгімелеп берсем деп бекідім.

Әңгімені бастамас бұрын, мен өзіме «осы мен кімін?» деген сұрақ қойдым. Басыма бір ой келсе, соны қайткенде де іске асыру міндет еді, тіпті осы мінез менің ауруым десе де болатын. Бірақ менің бұл мінезім өзімнен жоғары тұрған, мансабының буына семіргендер мен пысықайларға ұнамайтын. Қатарластар мен қарамағымдағы адамдар үшін мен өзімді құлақ кесті міндетті даяшысы болып, үлкеніне іні, кішісіне аға болуға жарасам деген оймен қызмет жасадым. Бұған саналы ғұмырымдағы атқарған істерім куә. Сол істерім осы айтар ойларымның, әңгімелерімнің өзегі болмақ. Бұл істер тек көптің қолдауымен, солардың күш-қуатымен, ақыл-парасатымен менің басшылығымды мойындап жүзеге асырылды. Бұлардан сыртқары түрлі дәрежеде отырған лауазым иелерінің, ғылым иелерінің, жоғары орындарда еңбек жасап жүрген мамандардың еңбектері бір төбе, әрқайсысы өз орындарында айтылатын болады.

* * *

1973 жылдың 13-қыркүйегі күні Қазақ ССР-і Министрлер Советінің N471 қаулысымен Жезқазған облысында «Жамшы» қой совхозын құру жөнінде шешім қабылданып, Қазақ ССР-і Ауыл шаруашылығы Министрінің 1973 жылдың 20-қыркүйектегі N849 бұйрығымен «Жамшы» совхозының құрылғандығы, орталығы Бірлестік елді мекені болып бекітілетіндігі нақтыланды. Содан мені аудандық партия комитеті шақырып алып, сен сол совхозға

директорлыққа барасың деді. Мен аудан көлемінде аудандық сельхозтехникада жүргенімде де, осы кейінгі аудандық кеңес атқару комитеті төрағасының орынбасары қызметінде көп жаңалықты жасасам да, оны іске асырсам да, менің атым аталмайтын да, басқалар бастамашы болып, солар атқарғандай болатын. Бұл жұмыстар негізінен аудан бойынша жол салу, аудан орталығын, шаруашылықтарын электрлендіру, көптеген құрылыс, мәдени-тұрмыстық мәселелер тікелей менің басшылығыммен жасалып еді. Содан өзімді бір дәлелдейін деп келісім бердім. Бірақ, сельхозтехникадан аудандық кеңеске ауыстырғандарында 2-3 жыл ғана істеймін, келешекте совхозға бар деп айтпайсындар деген келісіммен келгенмін.

Бұл кезде мен еңбекшілер депутаттары аудандық советі атқару комитетінің төрағасының орынбасары қызметінде едім, жұмыс міндетім құрылыс, ауыл шаруашылығы, жол-транспорт, почта, коммуналдық шаруашылық, орман шаруашылықтарына жетекшілік жасау болатын. Бұл қызметке 1971 жылдың көктемінде келген болатынмын. Аудан орталығына ауысуға ынталы болғаным жоқ, өйткені аспирантураға түсіп, ғылым құсам деген ниетте едім. Бұрынғы хатшының тұсында да маған жоғары партия мектебіне бару ұсынылып, құжаттар дайындау қажеттігін аупартком қызметкері Зинаида Фролова арқылы хабарлаған еді. Жоғарыдағы оймен оқуға барудан бас тартқан едім, оның үстіне жас уақытта шаруашылықтан гөрі ғылыммен шұғалданудың келешегі зордай көрінді.

Сонымен ауданға келдік. Аудан орталығы өте жүдеу, мекеме кеңселері де жүдеп тұр, жылу негізінен пешпен жылытылады. Монша жоқ. Көшелер табаны асфальтталмаған. Аудандағы 7 совхоздың тек біреуі – Қарағанды жолының бойындағы «Қоңырат» совхозымен ғана көтерілген жол бар, ал қалған 6 совхозбен тек дала жолдары ғана. Аудан орталығына келген бетте ең алдымен монша салдыруды қолға алдым. Себебі Сәуледе тұрғанда аудандағы жекелеген мекеме басшылары моншаға түсуге бізге келіп тұратын. Монша бітісімен кеңсе, жеке үйлерге жылу тарттырып, қосымша

қазандықтар салдық. Басталған құрылыстар орта мектеп, клуб ғимараттарын, балабақша, мектеп-интернаты, кеңсе үйлері (аудандық партия комитеті, атқару комитеті, т.б.) нысандарын салуға кірісілді. Жекелеген үйлер құрылысы, оның ішінде 2 қабатты үйлер сол кезде салынды. Осы жұмыстардың атқарылуына аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі Мәдениет Сәтеков, аудандық коммуналдық шаруашылықтың басшысы Эдуард Гугович Гених, архитектор Қалам Исатаев, «Балқаш құрылыс» тресі басшы-мамандары көп еңбек сіңірді. Көшелерді асфальттауға кірістік. Бұл жұмыста аудандық ДЭУ бастығы Мейрам Шорин тыңғылықты қызмет жасады. «Қызыларай» совхозына Милыбұлақ арқылы Қарқаралы дала жолынан 23 шақырымдық жол салыну жоспарланған екен, ол жобаны тоқтаттырып, «Қаратал» совхозы арқылы екі совхозға бір жол салуға жоба жасатып, 1971 жылы бастатып, 1973 жылы бітірдік. Кейін өмір осы жолдың дұрыстығын көрсетті. Жолды Балқаш жол салу басқармасы атқарды.

МӘРТЕБЕЛІ ҚОНАҚ

**Қазақстан Жоғарғы Кеңесі Президиумының
Председателі Сабыр Біләлұлы Ниязбековпен кездесу**

1974 жылдың сәуір айының соңғы күндері. Аудандық партия комитеті құрылғанына жарты жылдай мерзім болған. Біздің совхозға жоғары қонақтың келетінін айтуға аудандық партия комитетінің мүшесі Ғани Нұржановты жіберіпті. Бұл бәріміз сыйлайтын 30-40-тардың арасындағы аңқылдаған, ешкімге жаман тілеуі жоқ, сөзге шешен, ақыл-ойы жинақы, өзіммен мөлшерлес, мен сыйлайтын азаматтардың бірі еді. Содан совхоз партия комитетінің хатшысы Мырзахан Қалиакбаров, ауыл кеңесі төрағасы Зияда Аманбаев, кәсіподақ комитетінің төрағасы Қаура Абдразақов, комсомол комитетінің хатшысы Қайыркен Кенжебаев, т.б. бас мамандар болып ақылдаса келіп аудан басшыларының белгілеген Жалпаққайың қыстағында қарсы алудың шараларын

белгілеп, іске кірістік. Бұл қыстақта 800 бастай саулық қой бағылатын. Төл алудың нағыз қызған шағы. Төл алушылар аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Жаманкүл Шайдаровтың зайыбы Жөкіш, аудандық кеңес атқару комитетінің төрағасы Жұмаділда Ыдырысовтың зайыбы Ғайни, біздің активтерден сегізжылдық мектеп директоры Мәжит Балғабаевтың зайыбы Күлаш, т.б. жастар бар. Бұл Совет қоғамы кезіндегі халықты жұмылдырудың бір ерекше түрі болатын, басшылар, басшылардың отбасы мүшелері ерекше еңбек жасап тастамаса да, ауыл шаруашылығының науқанды жұмыстарына, мәдени-үгіт шараларын өткізуде халықпен, көпшілікпен қоса араласып үлгі көрсететін. Әрине, бұндай игі істерге қатыспайтындар да болатын. Тіпті ертерек кездерде машинаның жоқ, жолдардың салынбаған кездерінде ат көлігін ғана пайдаланған кездерде, ауданнан қатысқан белсенділерді риза етіп, күтіп жіберетін ат шалдыратын ері жоқ, немесе момын, иісалмас ері бар әйелдер ғана науқанды жұмыстарға қатыспайтын. Ол әйелдердің қонақ күткені үшін ауыл басшылары жағдайын жасап беретін. Ал мына жағдай басшылардың мәрттігін жоғары лауазымды өкіметке көрсетіп калуға тұратын еңбек ретінде ұсынылғанын біз түсіндік.

Сонымен АН-2 ұшағы Жалпаққайың қыстағына келіп қонды. Біз алдын-ала ұшақтың қонуына ыңғайлы алаңға белгі қойып, қауіпсіздігін ерекше ескерген болатынбыз. Жалпаққайың айналасындағы тау, жоталарынан «мен мұңдалап» биік тұрған тік шоқы, баурайында айналасы ат шаптырым ақ қайыңды екі бөлек тоғайы бар, құрақты сыңғырлап аққан бұлақтары қаншама, бір әсем жер. Біз сол тоғайдың қыстақ жақ алаңқайына қыстақтың иесі Байжұманның Дүйсенінің киіз үйін тіккізіп, сонда қарсы алу қамын жасап қойғанбыз. Дүйсекең бұл кезде 70-тің жуан ортасындағы қария, заманында егін бригадирі, ферма меңгерушісі сияқты қызметтер атқарып, халыққа еңбегін сіңірген сыйлы азаматымыз. Қонаққа қысыр емген тайын сойғыздық. Қонақтарды самолеттен қыстаққа дейін совхозымыздың үздік шопаны Зікірия Көпбаевтың «Волгасымен» және қызметтік «УАЗ» машинасымен қарсы алдық.

«Волгаға» Сабыр Білалұлы Ниязбеков, обкомның І хатшысы Константин Семенович Лосев, облатком төрағасы Хамза Бижанұлы Жұмабеков отырды және өзім қоса міндім. Облыстық қауіпсіздік комитетінің бастығы Омаров(кешірім сұраймыз- аты, жөні түсініксіз жазылыпты), облыстық ішкі істер басқармасының бастығы комиссар Мұрат Құрманов, ауданнан Шайдаров, Ыдырысов, ауылдан Қалиакбаров, Аманбаев «УАЗ»-бен жетті. Басқадай машиналар жеткізуге жер түсіп кеткен кез, әлі жол ашылмаған, мүмкіндік болмады. Шаруашылық жайын көріп, басшылардың зайыптарымен жүздесіп, қайтуға бет алды. Басшылардың мұндай жұмысқа қатысуын құп көргеніне, не құп көрмегеніне еш сыңай танытқан жоқ. Бізге салса, біз басшыларымыздың жұбайларының келгенін ұнатпаймыз, өйткені көмектен гөрі біз шаруашылық жағдайынан ол кісілерге ерекше көңіл бөле алмайтындықтан, түрлі күрделі жағдай тудыратын еді.

Кету сыңайын байқаған соң, Жәкеңе қонақ кәдесін жасауды айтып едік, ол кісі безе қашты. Еріксіз Хамзекеңе айттық. Ол кісі де безді. Амалсыздан Константин Семеновичке айттым. Ол кісі де айтудан бас тартты. Одан рульдегі Зікеңе айтып едім, ол кісі де айтпаймын деді. Машинаға міндік. Алдыда Сабыкең, артта Константин Семенович, Хамзекең және мен. Киіз үйдің тұсына таяп қалдық. Еріксіз «Сабыр Білалұлы, сіздің құрметіңізге елдің, ұлтымыздың дастарханын жайып отырмыз, дәм татыңыз» дедім. Ол кісі асығыстығын айтты. Енді қаттырақ айтуға тура келді. «Сәке, қазақтың дәмінен үлкен ештеңесі жоқ, біз ауылдағы бауырларыңыз дастарханымыздан дәм татсаңыз дән риза боламыз, Зіке, машинаны бұрыңыз» дедім. Сонда барып «жарайды, бірақ тез шығамыз», – деді. Біз тамақты әзірлеп, жасап қойғанбыз, «құп» деп қуана машинадан түстік. Константин Семеновичтен бастап басқа қонақтар риза болып қалды. Самолетке өзімізден адамдар қойып, ұшқыштарды алғыздық. Көктемгі аққайынды тоғайдың ішіне тігіліп, қазақтың аналарының қолынан өткен тұскиіздері, сырмақтары мен текеметтері, құрақ көрпелерімен жасаулап қойған аппақ киіз үй, оюлы шымылдық, адалбақанда ілінген қасқыр, түлкі,

күзен ішіктер, әйелдердің үкілі, сәукелелі баскиімдері мен керемет асыл тастармен әшекейленген киімдері, қазақы ер-тұрман мен ат әбзелдері ілінген еді.

Дастарханға не қилы тәттілер, кара уылдырық, үлпілдеген ақ бауырсақ, құрт-ірімшік, балқаймақ, жент, қатырылып пісірілген уыз, үлкен астаумен семіз тайдың жал-жаясы, қазы-қартасы, не қилы тәтті еттерімен тайдың басы тұтастай жеке табақпен әкелінді. Көктемгі иісі бұрқыраған уыз, сары қымыз, оған ілесе аққайраннан бастап бірнеше жұлдызды коньяк, ақ арақтың, винолардың шөлмектері қойылды. Бірақ шөлмектер ашылмай қалды. Сәең уызды көріп «бала кезімде апам пісіріп беріп уызды бір жеп көріп едім, бұл екінші рет дәм татуым» деп аса ризалықпен жеді. Оның қалай пісіретінін орысшалап әңгімелеп берді. Облыстың басшысы «сіздің ұстағаныңыз жөн» деп алдындағы басты Константин Семеновичтің алдына жылжытты. Ол кісі жобаны дұрыс біледі екен, әзілдей отырып дастархан басындағы адамдардың бәріне ауыз тигізді. Құлағынан бір кесіп «ерекше сақтық жасауға міндеттісіз» деп қауіпсіздік комитетінің бастығы Омаровқа, көзін алып ерекше қырағылық көрсететін адам деп ішкі істер бөлімінің бастығы Құрмановқа берді. Әрине, орынды әзіл-күлкімен жалғасты. Сәбікең Зікірия ақсақалдың еңбек көрсеткіштерін сұрап, облыстағы ең жоғары көрсеткіштеріне қалай қол жеткізгеніне құлақ түрді. Бірақ құптаған да, таңданған да сыңай танытпады. Мен біздің басшыларымыздай асыра сілтемейтін адам екенсіз деп ой түйдім.

Дәмнен кейін біз ұшағына дейін апарып ризалықпен қош айтыстық. Кейін ол кісі көп кешікпей еңбек демалысына кетті.

Алла, жатқан жерін жарық қылып, иман байлығын бұйыртсын!

БАЛҚАШ БАПИН

«Білмегенді айтпау керек, келешек ұрпақты қателестірмеу керек».

1962 жылдың жаз айы. Егін, шөпті аралап, тиісті міндеттерімді атқарып, колхоз орталығы Шылымға (қазіргі Шабанбай би елді мекені) келдім. Кеңседе тек кітапханашы апамыз Рысбала Байсеркина ғана бар екен, қасымда колхоз веттехнигі Ұзақбайдың Нүкені ғана бар еді. Рысекең «аудандық партия комитетінен телефон соқты, бір ғалым адам барады, сол кісіге сөз білетін қарияларды жинап беріңдер деп тапсырма берді, ешқайда кетпеңдер, маған көмектесіңдер» – деді.

Біз тосатын болдық. Біраз уақыттан соң көрші «Қызыларай» колхозынан біздің басқарма төрағасы Алшынбек Кенжебековтің қызметтік көлігімен жүргізушісі Мәжікен Иманғалин бойы аласалау, толық денелі бір кісіні әкелді. Өзін таныстырды, ғалым адам екен. Тездетіп әңгіме білетін үлкен қарияларды жинауды сұрады. Біз қарияларды шақырып, колхоз бастығының кабинетіне жайғастырдық.

Әңгіме басталды. Келген қонақ өзін таныстырып, сапар мақсатын айтты. Ақтоғайда, Қызыларайда елмен кездескенін, Қызыларайда Әсет ақын туралы тың мәліметтер алғанын әңгімелейді. Біз ол кезде 20-дан жаңа асқан, әңгімеге араласып, сөз қадірін білердей күйде емес едік, біздің мамандығымыз ауыл шаруашылығы саласы, сондықтан жай ғана қатысып отырдық. Ақсақалдардың ішінде Сейдіғазым Шомақбаев – бұрынғы колхоз бастығы, Қожахмет мұғалім, әртүрлі жұмыстар атқарған Исатай, Сатыбалды, Қасым, Мүсілім, Мұсақан, т.б. ақсақалдар бар.

Балқаш Бапин арындап сөйлейді екен, «бұрын-соңды қандай жақсы адамдар болды, Алашорда басшылары жайында, басқа қандай әңгімелерің бар, тек айтқандарың шын болсын. Мен аудан орталығында болдым, Қараменде бидің мазарында болдым, біреулер ұрпағымыз деп туған, өлген жылдарын көрсетіп тас

орнатыпты, мен Қытайдан келген адаммын, сол Қытайдың өзінде туған, қайтқан жылдары нақты жазылған, ал ұрпағы өрескел қате жазыпты, өйтіп өтірікке бармау керек» – деді.

Әңгімені қайта бастап біртіндеп ақсақалдардан сұрай бастады, сұраған ақсақалдар тұшымды ештеңе айта алмады. Кезек Сейдіғазымға келді. Секең: «мен онша әңгімеге жоқ едім, біздің арамызда мына Мұсақан біледі, бір білсе» – деп Мұсақанды нұсқады. Мүсекене сөз беріліп, біраз әңгіме айтты. Сол-ақ екен Бапин: «Ей, ақсақал, жаңа ғана айттым емес пе, Қараменде бидің ұрпақтарының лаққанын, сен Алаш көсемдері жайында неге қисық айтасың, басқа әңгімелерің де дұрыс емес, білмегендеріңді неге айтасыңдар, келешек ұрпақты қателікке ұшыратасыңдар, неге ақылгөйсіндер?» – деп ұрыса бастады. Сейдіғазым ақсақал орнынан тұрып шығып кетті. Басқалары да біртіндеп шыға бастады. Мүсекене тағы біраз ренішті сөздер айтты. Қалған қариялар ештеме білмейміз десті.

Кеште Рысбала шешей мен Мүсілім әкейдің киіз үйінде қонақта болдық. Балқаш Бапин Сталин жөнінде, Сталин заманы жөнінде, қазақтың басынан кешкен азабы жөнінде, ауыртпалығы жөнінде көп әңгіме айтты. Бұндай әңгімелерді біз естіген емеспіз, бір жағынан қорқып та отырмыз. Ол кісі «бұрынғы уақыт болса, мені қолма-қол үкімет адамдарына ұстап беретін едіңдер ғой» – деді.

Қазақтың өткен, кеткені туралы, қилы замандардағы қазақтың көрнекті азаматтары туралы, қытай қазақтары туралы әңгімелерін айтты. Ертеніне ертелетіп жүріп кетті. Бұл кісінің әйелі Әмина Бапина (кейін айырылысқаннан соң Әмина Нұғыманова – тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Қазақстан мұсылман әйелдерінің төрайымы болған) әнші кісі еді.

* * *

«ҚАМАЖАЙ» ӘНІ ТУРАЛЫ

Әуені: Қармысұлы Құлеке батырдікі (Кенесары – Наурызбай қозғалысына басынан соңына дейін қатысқан).

Сөзі: Жандеркеұлы Қызылбайдікі (Туған ағасы Ақбайдан – Алашорда жетекшілерінің бірі Жақып туады)

Ән тарихы

2018 жылы 16 ақпан күні «Қазақстан» телеарнасында Ақан Әбдуәлі кезекті «Телқоңыр» бағдарламасында «Қамажай» әні кімдікі деген тақырыпта сұхбат жүргізіп, оған Құдайберген Бекіш, Ардақ Исатаева, Социал Жұмабаев, Нұргүл Әлқожа қатысып, сұхбат қортындысында ән халықтікі деген тоқтамға келді. Маған ән тарихы белгілі болса да, қолыма Сымаханнның (Алашорда көсемі Әлихан Бөкейхановтың туған інісі) архиві түспеген соң, тікелей эфирге шығуды орынсыз санадым. Енді қаншама жыл әрекеттенсем де, Сымахан архиві қолыма түспей, ештеңе шығара алмайтынымды ескеріп, қолдағы материалдарым бойынша жазып кетуді жөн санап отырмын, білетін төрт әңгімемді айтайын.

1-ші әңгіме.

1944 жылдың наурыз айы. Ол кезде аудан көлемінде автомобиль немесе басқадай транспорт жоқ, тек қана ат, өгіз, түйе көліктері пайдаланылады. Оның өзінде бір елді мекеннен екінші елді мекенге жеткізіліп, одан келесі елді мекенге алдыңғы елді мекеннің күш-көлігімен жеткізілу дәстүрі қалыптасқан. Яғни, әр елді мекеннен көлік лаулайтын. Сол уақытта НКВД қызметкері (ол кезде Ұлттық Қауіпсіздік органы солай аталатын) Қайырбек Байсеркин аудандық партия комитетінің «Қызылжар» колхозының басқармасына «өзін Қарқаралыға жеткізуді тапсырған» хатымен бір көлікпен Қарқаралыға шығады. Жолда «Қызылжар» колхозына

соғып, басқарма төрағасы Күзембай Спанбетовке хатты табыс етіп, көлігін кері қайтарады. Түнде Күзембайдың үйіне соғып, әңгімелесіп, демалады. Жөн сұрасып, танысып, біліскен соң Күзекең Қайрекеңе: «біз сіздердің елдеріңізбіз, ежелден құдандалы, жекжат елміз. Біз Қаракесек Шордың ішінде Киікбай деген үлкен елміз. Киікбай ішінде Жандеркеден Ақбай, Сырлыбай, Қызылбай туады. Ақбайдан атақты Жақып, (Алашорда басшыларының бірі, заңгер) туады. Қызылбай Петербургте оқыған, өзі ақын болыпты. Оған Сарым елі ішінде Шабанбай тармағынан Бекпенбеттің Досымбегінің Қамила деген қызын айттырып, қалың малын төлепті. Қызылбай ұрын барып, қалыңдығын көріп көңілі толыпты. Қамила өте әнші кісі екен. Қамиланың салған әндері қатты ұнапты, әсіресе бұрын естімеген Құлеке батырдың «Әуез-ай» әні ерекше әсер етіп, Қамиланы еркелетіп «Қамажайым» деп риза болып, «Әуез-ай» әнінің музыкасына «Қамажай» деген өлең шығарыпты. Оқуын бітірген соң Қарқаралыға ояз қарамағына (ол уақытта Қарқаралы уезд орталығы болып, қазақтар ояз атаған) қызметке тұрып, үйленбекші болады. Сол қызметке тұрар кезінде ел ішіндегі көре алмаушылықтар Қызылбайды уландырып, Қызылбай 25 жасында қаза болады. Сонда Жандерке «Шордың (ру аты) арбасы дөңгелексіз қалды-ау» деп қайғырыпты. Киікбай елі ақылдаса келе сол елден шыққан тағы бір тысқары жерден (Россия қаласынан) оқып келген Токбергenniң Түсіпбегіне Қамиланы әменгерлік жолымен қосады. Одан туған Мұхамеджан Ақтоғай ауданында көп жылдар мұғалім болды.

Енді Жандеркенің Сырлыбайына келейік. Сырлыбайдан Қасенхан және Муңя, Әркен, Дәркен деген қыздар туады. Қасенхан да оқыған, жақсы азамат болыпты. 1970-1980 жылдар аралығында қайтыс болды. «Біз бәріміз Киікбай болғанмен, арамыз 7 атадан алыс ағайындармыз. Заман бұрынғыдай емес, 1920-жылдардың аяғындағы аласапыран уақыт. Мен тақыр кедейден шыққан, ел ісіне араласа бастаған белсенді кезім. Содан еліміздің шонжар байының бірі Сырлыбайдың қызы Муңяға үйлендім», – деп Күзембай әңгімесін аяқтапты. Бұл әңгімен 2014 жылы маған Байсеркин

Қайырбек ағамыз айтып еді. Сол Күзембай мен Муныдан Дәкен туады, Ақтоғай ауданының құрметті мұғалімі, Меккеге қажылыққа барған кісі. Жолдасы Мәдениет Сәтеков Ақтоғай ауданының құрметті азаматы. Көп жылдар білім саласында, комсомол, партия, шаруашылық қызметтерін атқарған, 20 жылдай аудандық еңбек ардагерлері кеңесін басқарған азамат.

2-ші әңгіме.

Қасымхан Қаленұлы – Сарым елі, Шабанбайдың Құржық тармағынан, Қамиланың (Қамажай) аталас туысы.

Қасымхан Ақтоғай ауданы жастарының ішінде 1950 жылдардың басында алғашқы жоғары білім алған лектің бірі. Көп жылдар ағарту саласында, аудандық газетте қызметтер атқарды. Айтыскер ақын, өлкетанушы, өнер зерттеуші, жан-жақты азамат еді.

«1960-1970 жылдары «Еңбек» колхозында (кейін «Қызыларай» совхозының бір бөлімшесі) мектеп директоры болған Түсіпбеков Мұқамеджанның шешесі Бекпенбеттің Досымбегінің қызы Қамила деген апамыз Құлық Қармысұлы Құлекенің көп әндерін білуші еді» – деп әңгімелейтін. Оның ішінде «Бурыл тай», «Бір бала», «Қамажай» әндері де Құлекенікі екенін айтатын.

Қасымхан ақсақалдың айтуынша («Арқа еңбеккері» газеті, №109-110 (6145), 11-қыркүйек 1991 жыл, Қ. Қаленов «Бабеке батыр» - 4-6 беттер) ол әннің шығу тарихы былай: «Құлеке ән шығарып, бозбала болып, ойын-тойға қатысып жүргенінде бірде көктемде Қоңыртаудан (жер аты) Тоқырауынды бетке алып ауылынан шығады. Жолда өзен, өзектер жүріп кетіп, Бегазыдан басталатын Мөнша сайы қатты толып, Бурылтайлы Құлекеге өткел бермей, уәделі күнге жете алмайды. Содан «Бурылтай» әнін шығарыпты», – дейтін. Иманы жолдас болсын! Ол кісі біреудің ала жібін аттамайтын, ешкімге ғайбат сөз айтпайтын, ерекше, адал да талапты азамат еді, оған замандастары да, кейінгі көз көрген ұрпақтар да куә.

3-ші әңгіме.

1966 жылдың тамыз айы. Жұмыс бабымен Балқаш қаласына барған едім. Ол кезде Сәуле елді мекенінде аудандық сельхозтехниканың басшысы қызметіндемін. Балқаш қаласында екінші бір базамыз бар. Сонда Балқаш азаматтарынан біздің елдің аса сыйлы ақсақалы Сымахан Нұрмұхаммедұлының (Алаш көсемі Әлихан Бөкейхановтың туған інісі) ауыр жатқанын естіп, қасыма Боранбайдың Ғынаятын (Сидней олимпиадасына жүрейін деп тұрған кезде кісі қолынан қаза болған Мейрамның әкесі), Ешкеев Сайлауды, Танабаев Ерлісті (Астанадағы әнші Нұрай Танабаевтың әкесі), тағы екі жігіт бардық. Ол кезде 20-30-дың арасындағы кезіміз. Сымекең ауласы кең, шатырланған 4 бөлмелі үйде тұрады екен. Жатқан бөлмесінің ар жағында тағы бір бөлме бар. Пештің түбіне қалыңдатып төсек салып, үстінде кең ақ көйлек, ақ шалбары, басында тақиясы бар, демалып жатыр екен. Біз сәлем беріп кірдік. Төргі бөлмеден шешеміз шықты. Мен өзімді таныстырдым. Аты-жөнімді, әкемді, үлкен әкемді айттым. Сәлемімізді алды. Қасымдағы жігіттерді таныстырып, Ғынаяттың Қожағұл екенін, Сайлаудың Кіші Жүз - Алшын екенін, Ерлістің Майлық - Қожамберлі екенін айттым. Сәлемдесіп бітісімен маған жолдастарымның көзінше «адам емес екенсің» – деді. Мен сөзден қате жібердім бе деп қысылып қалдым. Сосын «кең де адам емес екен» – деді. Тағы да «тіпті тұқымыңнан бір ұл тумаған ба?» – деп жіберді.

Менің қасымдағы жігіттер бәріміз қатарлас болғанмен, қызметте менің қарауымдағы адамдар, маған қиын болып қалды. Әсіресе, өзімді емес, әкемді айтқаны ауыр тиді. «Ата, сізге не жаздық, неге олай дейсіз?» – дедім.

Сымекең: «мені дұрыс түсінбей қалдың-ау, сенің үшінші әкең Құлеке батырдың көзін көріп, ол кісіге еркелік жасаған кезім болған еді. Құлеке Кенесары-Наурызбайдың батыры болуымен бірге, біздің бұл төңіректе сол соғысқа басынан аяғына дейін қатысқан

ағасы Бабеке екеуі ғана еді. Құлеке көп ән, күй шығарған адам, оның күйлерін, әндерінің атын өзгертіп, біреуін халықтікі, біреулерін басқа адамдардікі деп радиодан беріп жатады. Адам болсаңдар, ұл болсаңдар, неге айтпайсыңдар? Ондай қателіктерді тоқтату керек, мен саған соны айтып жатырмын» – деді.

Мен: «ата, біз ол екі кісінің ұрпағы екенімізді де айтпаймыз, біз қорқамыз, бізді солай үйреткен және ол кісінің әндері мен күйлерін ел ішінде ешкім орындамайды, тек күйлерін өзіңіз қатарлы Өмірбек Исаұлы деген әкеміздің тартқанын бір рет естідім» – дедім.

«Онда қазір қандай ән, күй екенін айтайын, Мәрия (менің анамның туыстас апасы), қағаздарымды әкелші» – деді. Бәйбішесі төр үйден бір қап әкеліп, Сымекеңнің қасына қойды. Сымекең қолын салып еді, бірінен кейін бірі конверттегі хаттар ілікті, бірі – академиянікі, бірі – Мұқтар Әуезовтікі, бірі – Сәбит Мұқановтікі, ылғи атақты адамдардікі. Енді әңгіме Мұқанның сұрағына жазған жауабына ауысты. Мұқанның әңгімесі Қүнекең, Абай жөнінде екен, содан ұзақ әңгіме басталды. Біз жұмыстағы адамдармыз, оның үстіне ол кезде әңгіме түсінетіндей, қызықтайтындай уақытымыз емес, оның қадірін кейін ғана түсіндік қой. Көп әңгіме айтылды, оны жазса, тіпті басқа дүние болар.

Қортындысында, «сендердің оқып жүрген Абайларың 40 жастан бергі Абай, оған дейінгі Абай басқаша Абай, мен мұны Мұқтарға айтып баққанмын» – деді. Әңгіме өрби түсті. Арасында Қүлекеге жасаған еркелігін айтты. Абайдың 40 жасқа дейінгі қылықтарын әңгімеледі. Біз бір демалған кезін пайдаланып, жылыстап шығып кеттік.

Кейін білу қажет болғанда кіші қызы Сәуле апайдан Сымекеңнің жазғандарын сұрадым. Ол кісінің негізгі қағаздары біздің қолымызда болып еді, әкей қайтыс болысымен, «мен көзі тірі досы едім» деп жазушы Сапарғали Бегалин келіп, түк қалдырмай алып кетті, ал бауырым Балабаршындағы қағаздарын Сұлтанхан Аққұлұлы алыпты» – деді.

Содан кейін Астана қаласында Әлихан жөнінде ғылыми конференция болғанда, біздің ауылдың әкімі Самат Әділбаев

шақырылып еді, соған арнайы тапсырдым. «Конференцияға Әлиханның туысы Райымжанның Сырымы, ғалым Сұлтанхан Аққұлұлы қатысар, менің жөнімді айтып, бабам Құлеке туралы Сымекеңнің архивінен іздеп тауып берсін, телефон номерлерін ала кел» – дедім. Сырым: «өзі хабарлассын», Сұлтанхан: «менде ештеме жоқ», – депті.

Кейін бір жылдан соң телефон арқылы Сырыммен сөйлестім, ол кісі ауырып жатқанын айтып, тәуір болған соң қыркүйекте хабарласуымды сұрады. Сырымға «Сапарғали алып кеткен Сымекеңнің қағаздарын қайтарып алу керек, Сапекең де қайтыс болды ғой», – дедім. Амал не, мен телефонмен байланыс жасаймын деп жоспарлаған уақытымда – қараша айында Сырым қайтыс болып кетті.

Сұлтанханмен 2016 жылы Әлиханның бабаларының қорымында және қыстағының басында болғанда сұрап едім, «мен ол кісінің қағаздарын алған емеспін» – деді. «Сіз алмасаңыз 2003 жылы «Жұлдыз» журналына Сымахан жазған Төрелердің шежіресін қайдан алдыңыз?» – дегенімде, ойланып, «кейін бір хабарласармыз» деген еді. Ендігі сөз, «Қамажайдың» толық дәлелі – сол Сымекеңнің қағаздарының ішінде, мен өзім көрген, естігендерімді ғана қағазға түсірдім.

Бұл әңгімелерден шығатын қортынды: әннің бұрынғы аты – «Әуез-ай, әнім менің», сөзі де, әні де Құлеке батырдікі, қалыңдығы Ташкент жақтағы Арғын-Алтайдың қызы екен, сол кісіге арнап шығарған екен. Кейін елге келгенде Досымбектің Қамиласы үйреніп, айтып жүретін болыпты. Бұл әнді атастырған күйеу жігіті Жандеркенің Қызылбайы қатты ұнатып, оқуында жүріп Қамажайына өлеңмен хат жазғанда, өлеңнің аты «Қамажай» аталып, тарап кетіпті. Сөйтіп, бұрынғы сөзі де, Құлекенің аты да, Қызылбайдың аты да ұмытылыпты.

Құлекенің атының ұмытылуы заңды, өйткені ол Кенесары ханның жауынгері. Кейін Ақбайдың Жақыбы шыққан соң, Қызылбайдың да атының аталмауы заңды емес пе?

Алла бәріне де иман байлығын бұйыртысын!

4-ші әңгіме.

Заманында Бәбеке, Құлекенің әкесі Қармыс та ағалары Тоқпан, Қобыланмен Қасым-ханның қарамағына ілігіп, үнемі жорықта болып, ел ішіне кеш келіпті. Ол кезде Таңат балалары қазіргі Қоңыртау, Жіңішке бойына қоныстанған кезі болу керек. Тоқпан мен Қобылан жорықтарда қаза болыпты. Ол кезде қазақтар Еділ қалмақтарымен, казактармен, башқұрттармен соғысса керек. Сол жорықтарда жүріп Қармыс бабамыз Қарауыл руының батыры Сәркеннің қызына үйленіпті. Кейін Бәбеке, Құлеке нағашыларына барып жүріп, әуелі Саржан бастаған, кейін Кенесары-Наурызбай қозғалыстарына 1837 жылдан 1847 жылға дейін толық қатысып, көтеріліс жеңілген соң, Құлеке үзеңгілес жолдастарымен Ташкент жаққа барып, содан 1857 жылы елге келеді. Оның сол уақыттағы өкіметке қарсы әрекеттерінің салдарынан және ұзақ уақыт ел ішінде болмауы, Құлекенің өнерінің, шығармаларының кең таралмауына әсер еткен болуы керек.

Құлеке Кенесары-Наурызбайдың 1847 жылғы жеңілісінен соң Ташкент барып, Ташкентте 1860 жылдардың ол жоқ, бұл жағындағы бұлғақтарға да қатысыпты. Сол жақта жүріп Арғын-Алтай елінен Әуезай, (шын аты Күнжан, болмаса Кеген) деген қызға үйленіпті. Әкем Мұқажан: «Ұлы анамыз Алтай-Қуандықтың қызы екен, жорықта жүріп кезігіпті» – деп айтатын. Сымекең: «Құлекенің өлеңінің сөзін өзгертіп, атын өзгертіп, халық әні деп жүрген «Қамажай» әні, қалыңдығына арнап шығарған «Әуез-ай» әні еді, Құлеке алыс жолдан қайтып елге таянғанда осы әнін шырқай келеді екен» – деді. Өйткені Сымекең - біз төреміз, Сарым елі ішінде Құлықтың бір ағасымыз деп, бізге туыс болып отыратын. Алла Сымекеңе иман байлығын нәсіп етсін!

ҚҮЛЕКЕ БАТЫР ТУРАЛЫ ӘНГІМЕЛЕР

1-ші әңгіме.

1946 жылы Жіңішке өзені бойында, менің мектепке барған жылым еді. Шешемнің аяғы ауыр болатын. Қараша айының 6 күні толғақ қысып 2 күндей қиналды. Әкем мені шақырып алып, шешеме алып келді, тәрізі қатты қысылған соң мені көргісі келген болу керек. Сол күні інім Хамит жарық дүниеге келді-ау. Мен інім болғаныма қатты қуандым, шешем 2-3 күннен кейін басын көтеріп, тәуір болды. Ол уақытта ауылда дәрігер деген болмайды, бәрін ауыл әйелдері өздері атқарады. Барлығы дұрысталған соң, ел жинала бастады, шілдехана болды. Ақсақалдар жиналды, гу-гу әңгіме айтылып, біреулер ән айтқан болды. Сол кездері ақсақалдардың жастары 50-60, әрі кетсе 70 жастың мөлшері болса керек.

Бірде сөзді Жәркең деген атамызға берді, ол кісі 60-тың мөлшері болу керек. Көптің сұрауымен Бәбеке-Құлеке батырлар қысасын айтты, әкем мені атқа мінгізіп, мал қарап келуге жіберді, басын құлағым шалғанмен қысаны естімей кеттім. Үлкендеріміздің отырған жерлерінде Бәбеке, Құлеке батырлар туралы әңгіме қозғалса, менің әкем ол жерден мені қуып жіберетін, маған естімеуді, сұрамауды айтатын. Бұл әңгімені бірде, өзім 80-ді алқымдағанда, кездейсоқ ауыл азаматы, руы Қояншы-Тағай, атамыздың ұрпағы Жұмабектің Әшірбегінің ұлы Жұмағалидан естідім. Мына әңгіме сол Жұмағалидың әңгімесі.

Құлеке-Бәбеке туралы бір есте қалған бір үзік әңгіме.

1966 жылдың жаз айы еді. Біздің ауыл №4 фермасының «Егіндібұлақ» жайлауында болатын. Бірде көрші ауыл «Тастыбұлақ» жайлауындағы Бабашев Мақсұтбектің үйінде шілдехана тойы болып, ауыл үлкендері кешкілік сонда жиналды.

Сол маңдағы шопандар да жиналды. Оның ішінде біздің әкей, Құсбеков Біләл, Төлетаев Сағатбек, Айқынбаев Жақанбай, Зубайрин Хабиболла, Әшірбеков Хабиболла, Смағұлов Төлепбек, Омарғалин Жұмабай, Әміртаев Әмірғалы, Құлжанов Серік, Балкеев Орынбек, Жақыпов Жәркен ақсақал, тағы басқа жастар болды. Ол кезде мен 3-і класта оқитынмын. Бала болған соң дастархан басына жолата қоймайды. Осы тойда Жәркен ақсақал қолына домбырасын алып жыр жырлап, Бабеке-Құлеке батырлар туралы түнімен жыр айтып еді. Ойын баласы болған соң, киіз үйдің тесіктерінен андасанда сығалағанда үлкендердің бәрі Жәкеңнің аузына қарап, «ой-пәлі, пах» деп сүйсініп отыратын. Кеңес кезінде Бабеке-Құлеке туралы көп айтылмайтын. Кейінде сол кісілер туралы білетін (хиссаларын) көнекөздер де қалмады. Қазір ойласам көп құнды дүниелерден көз жазып қалыппыз. Менің есімде қалғаны Жәркеннің немересі Амантайдың баласы Амангелді марқұм бір-екі жолын айтып жүретін. Ол мына мәтінде болатын.

«Аттарын тал ішінде байлап тастап

Бәтiштi ауыл жаққа алып жүрдi».

Басқасы есте қалмапты.

Осыны жазған Әшірбек баласы Жұмағали

28 шілде, 2018 ж.

Шабанбай би ауылы.

2-ші әңгіме.

Біздің Өтеміс ұрпақтары Боқсары, Құлық, Көшкін елінің ішіне ХІХ ғасырдың ортасы кезінде Уәли Бекметов деген татар көпесі (купец) келіп, үш атаның ортасынан көп жерді алыпты, келе-келе қысастық көрсете бастапты. Уәли көпес Ташкентте, тіпті одан да әрі Кашмирге дейін кіре тартып, үлкен сауда жүргізіпті. Керуен басылары болып кейінде Жұманның Ыбырайы (Тәңірқұл), Мырзамбеттің Беделі (кіші жүз-Алшын), Шүленбайдың Аманбегі (Қожағұл) сияқты еті тірі, ширақ азаматтар болыпты. Айналасындағы елді біріне-бірі қарсы қойып, бір атаның баласын

бауырына тартқан болып, біріне қыр көрсетіп, өз ыңғайын бекітіп алыпты.

Әбден байып алған Уәли көпес, Қарқаралы оязының белді шонжары болса керек. Сөйтіп есірген Уәли көпес, Қарқаралыдан уездниктер (полицейлер алғызып, Тоқырауын болысында сияз (тәрізі өзгеше бір үлкен жиынды солай атаса керек) өткізілсін деп, Жіңішке өзені бойына үй тігіп, елді жинайды.

Бұл оқиға 1880 жылдың күз айында болыпты. Күн тәртібінің бірінде ел ішіндегі өзіне ыңғай бермейтіндерге шара қолдану. Ол кезде Тоқырауын болысының басқарушысы Шабанбай би ұрпағы Шоңбай болса керек. Үлкен 8 қанат ақ үйде Уәли көпес би-болыстармен кеңес құрып отырса керек, екі босағасында қыпқызыл ала киімді екі урядник. Арнайы кісі жіберіп Құлеке батырды алдыртады. Ол кезде батырдың біраз жасқа келген кезі болса керек, себебі ол кісі 20 жыл ел ішінде болмай, елге тек 1857 жылы келген екен (ғалым Әбішев Қабылсаяттың ғылыми айналысқа еңгізген құжаттары бойынша).

Құлекені үйге кіргізеді. Ол кісі сәлем береді. Сәлеміне ешкім жауап бермейді. Отырғандар Уәли көпеске бұл кісі Құлеке батыр деп таныстырады. Уәли көпес: «Ей қарақшы, қарақшы ағаң қайда, неге жалғыз келдің?» - дейді. Құлеке: «Қарақшыны қарақшы сен білесің, тіліңді тарта сөйле» дейді, сол-ақ екен, «ұстандар мынаны, бұны да итжеккенге жіберу керек, ағасына барсын» дейді. Алпамсадай екі орыс урядник екі жағынан бас салады. Батыр екеуін бірін-біріне соғып жіберіп, төрде отырған Уәли көпестің кеудесіне секіріп мініп, мытып жіберіп, қонышындағы сапысын суырып алып, бауыздайын деп жатқанда, қолына Шоңбай жабысып, жалынып тоқтау айтады. Көпестің басы керегенің көзінен өтіп кетіп, басы қатты жарақаттанады. Барлық отырған би-болыстар батырға жалынып, жалғыз өзіне ғана емес, жалпы елге үлкен ауыртпашылық болатынын айтып, көпестің жанын қоюды сұрап алады.

Көпес сәл есін жинасымен отырғандарды таратып, сиязын өткізбей шұғыл түрде қашып кетеді, есігінде жүргендер белдеудегі

бұзауына дейін бөліп-бөліп алып кетеді, қаншама байлығы тутақай болады. Құлекенің арқасында ел бір пәледен осылай құтылады. Жінішке бойы Таңат балаларына, қазіргі Белтерек, Керегетастан Аксайға дейінгі жерлер 1880 жылдың 30 қазан күні Шонбай болыстың жақын-жуығының иелігіне тиеді. Еңбегі бар Құлеке батырға түк те тимейді, қайта өзіне тағы бір ілікке себеп болады. Иә, сол патша заманында да, кейінгі 70 жыл бойы Кеңес заманында да, тіпті қазіргі капиталистік заманда да басын бәйгеге тігіп, еңбекті біреу жасайды, игілікті басқалар көретінін өмір көрсетуде.

3-ші әңгіме.

Бірде Құлеке батыр ауылына 2-3 адам Қарқаралыдан аға сұлтан Құсбек төренің тапсырмасымен келеді. Батырдың үйіне түнеп, түнде арнайы мал сойылып, дайындалған дәмді ішіп, таңертең жүрерлерінде шаруаларын айтады. Олар Құлекенің «аузымен құс тістейді дейтіндей, ерекше күрең жорға» деген атын сұрай келіпті, үш жүздің басы қосылатын үлкен ас болады екен, соған балам мініп барсын дейді.

Батыр боқтампаз кісі болған екен, жігіттер сұратқан адамның да, сұрай келген адамның да дәл әкелерінің аузын, жаз аяғына таман Қарқаралыға барамын, қалған жауабы сонда болады депті. Сұраушылар ештеңе дей алмай қайтып кетіпті. Уәде бойынша жаз аяғында батыр Қарқаралыға барып, Құсбектің үйіне түседі. Барса көп адаммен Құсбек отырады. Батыр сәлем беріп, төрге қарай таяғанда, Құсбек таяғының ұшын ұсынады. Батыр таяқты қағып жіберіп, «Мен Қарқаралының қарағайына сәлем бергелі келген жокпын, Қарқаралының ханына сәлем беруге келіп едім» деп, бұрылса, бір үлкен ақсақал адам, «қарағым әбестік бізден, отырыңыз, төрге шығыңыз» деп жібермейді. Құлеке төрге барып отырады. Кешікпей дәм келеді, үлкен астаумен жасалған бір үлкен ісек қойдың тұтас еті келеді. Отырғандар аздап жеген соң, майлы етке батпай отырып қалады. Ешкім қол созбайды. Батыр астауды

тартып алып алдына қойып, түгін қалдырмай, бір малдың етін бүтіндей жеп, бір аяқ сорпа ішіп, тұрады да атына мініп кетіп қалады. Құсбек те, басқалары да таң-тамаша қалып, үндемей жайларына қалады.

4-ші әңгіме.

Құлекенің 80-нен асқан уақыты болу керек, тіршілік қамымен Қоянды жәрмеңкесіне барып, қалаған шаруасын іздеп жүріп, жекелеу тұрған ат үстіндегі 4 жігіттің жанынан өтсе, Құлекенің зор дене бітіміне, бойының биіктігіне, беліндегі кісесіне, түс-түсінің ерекшелігіне таңқалған біреуі «шіркін-ай, мына төбет заманында қорадан қой бермейтін иттің сырттаны болған шығар» дейді. Екіншісі де іліп алып «болса болар, таққан кісесін мензеп, қарғысы да ерекше (қарғы деп иттің мойнына тағатын) екен дейді. Үшіншісі де іліп алып, «шіркін-ай, неше қар басты екен» дейді. Иттің жасын қазақ неше рет қар басқанымен санайтынын айтқан ғой. Төртіншісі үндемей жайына қалады.

Бұны толық естіген Құлеке: «Е-е, қарақтарым, мен сендерге бата берейін, қолдарыңды жайыңдар» дейді де, алақанын теріс қаратып, «Алла сендерді қора шетіне шығуға жарамай, қойларыңа ие қылдырмасын, биылғы қарды бастырмай, келесі жәрмеңкеге келу бұйыртпасын, батам қате кетпесін, барыңдар» - депті.

Содан келесі жылғы жәрмеңкеге Қояндыға тағы жолы түсіп барыпты. Тағы да аралап келе жатса, аттарын жетектеген бір жас жігіт пен ақсақал кісі қарсы жолығып, жігіт Құлекенің аяғын құшып жылап қоя береді де, «Ата, сізге былтыр жәрмеңкеде 4 жігіт жолығып едік қой, соның біреу мен едім, сізді әкем екеуіміз іздеп келдік, әкемнен мен жалғыз едім, әлі үйленген жоқпын, бірнеше күн болды, келетін шығар деп үміттендік, басқа қайдан іздейтінімізді, қай елден іздейтінімізді білмедік. Сол жолы қайтқанда сөз бастаған бірінші жігітіміз аттан құлап жолда қайтыс болды. Екінші жігітімізге қалың қара жаңбырда жай түсіп опат болды. Үшінші жігітіміз боранда үсіп, ауруға шалдығып өлді. Үшеуі де бұл

жәрмеңкені көрмей кетті. Біз Сізге арнайы үй тігіп қойдық, қонақ болып, батанызды беріңіз» дейді.

Сөйтіп әкелі-балалы екеуіне еріп, қонақ болады, құрметіне тай сойылып, астына атын міңгізіп, иығына шапан жауыпты. Жігітке шын көңілмен батасын беріп, отырған адамдарға береке-бірлік тілепті. Білетін ағайындар Құлекені назаландырмайды екен, өйткені ол кісінің назасы жібермейді екен.

5-ші әңгіме. Әбішұлы Әзімбай ақсақалдың естелігі.

Мен 1961 жылдың жазында Алматыдан оқу бітіріп келіп, туған ауылым «Ұлы Октябрь» колхозына бас инженер қызметіне тағайындалдым. Колхоздың 3 бөлімшесі бар екен, үшеуінде де егін бар, негізі егін Тоғызбайда, Жіңішкеде жүгері (сүрлемге), картофель, овоштар, Бегазы мен Шылымда жүгері (сүрлемге), Тоғызбайда дәнді-дақыл егіледі, астық қоймасы да сонда, егін салу, егін жинау науқаны кезінде астық қоймасына Әзімбай ақсақал иелік жасайды. Қаншама жұмыскерлерді тамақтандыру, жарық берумен қамтамасыз ету бір үйдің отбасы мүшелерінің мойнында, бригадир, қырманшы, агроном, инженердің өз міндетті жұмыстары бар. Әзкең сол кездің өзінде 60-тан асқан, колхоз кезінде пенсияға шығу деген жоқ, қашан жарамай қалғанша жұмыс жасай береді.

Сонда ауыр еңбек атқарған Әзімбайдың отбасынан Қазақстан егемендік алып, жеке мемлекет болғанда, Республиканың Парламент депутаты, кейін Конституциялық Кеңестің төрағасының орынбасары болған, белгілі ғалым Қабылсаят Әзімбайұлы Әбішев деген азаматымыз өсіп шықты. Басқа да ұл-қыздары белгілі азаматтар болды. Әзкең ақкөңіл, ақжарқын, ешқашан ренжімей, қарқылдап күліп жүретін еді. Сөзінің мысалы «Ей, ата жолдас!» деген сөзді жиі айтатын. Маған тіпті ерекше жиі айтатын, мен 21-22 жастамын, маған бір түрлі қалжық қылғандай көрінетін.

Менің шешем Әзкеңдердің руынан ағайындас адамдар, сондықтан бір жағы нағашым, қатты сыйлаймын, қажет деген құжаттарына қол қойып беремін, басқа мамандар сияқты

ерегеспеймін және менің қол қойған құжаттарыма басқарма төрағасы да, бас бухгалтер де сенеді. Содан бірде қатты ренжідім. Мені айтып мазақ етпеуді сұрадым. Әзкең бір сәт үндемей кідіріп қалып, менің шын ренжіп тұрғаныма көзі жетіп, «қарағым, мен шын көңілмен айтамын, сен маған ата-жолдассың, оның себебін айтайын» деді.

«Біз Боксарының Еламан атасына жатамыз, онша өспеген атамыз. Ертеде, тәрізі 1860-1870 жылдар аралығы болар, Өтеміс балалары (Боксары, Құлық, Көшкін) Қаражал-Маутаннан әрі (Қазіргі Шет ауданының Ақшоқы жерлері) асып жайлауға көшеді екенбіз. Сол бір жаз айында ауылға жасанып келген 60 шақты адам ауылдың атқа мінген азаматтарын тегіс сойылға жығып, үлгерген бірлі-жарымы қашып құтылыпты, ауылдан тігерге тұяқ қалдырмай, жылқыларын айдап кетіпті. Елдің бала-шағасы, кәрі-құртандары шулап қалыпты. Жау кеткен соң, қашып кетуге үлгергендер қайтып келіпті, үлкендері не шара жасайтынына лаж таппай қиналыпты. Бір қария «таяу жерде Құлеке батыр жапсарлас отыр емес пе, сол кісіге хабарласайық, мүмкін сол кісінің атағы бар ғой, сыйлар, бүтіндей болмаса да малдың біразын қайтарар» дейді.

Сөйтіп, «қыстауларың көршілес қой, сен бар» - деп менің үлкен әкем Бағылыны жібереді. Құлеке төрт атадан кейін қосылатын туыстығы бар адам. Бағылы Құлеке ауылына келіп, елдің сәлемін жеткізіп, «бізді құтқар, бүкіл Еламандар қыл-құйрықсыз қалдық» - дейді. Құлеке «мен сойыл алып, атқа мінуді қойғанмын» - десе, Бағылы жыларман болып, отырып алады. Амалсыздан ағайынның көңілін қимай бағыт-бағдарын сұрап алып, ауыл азаматтарының жиналып тез жетуін айтып, атына мініп кетеді. Бір уақыттарда жылқы алушылардың қарасы көрінеді. Арттан ешқандай қара көрінбейді. Енді не істерін білмей ел жағдайын айтып, сөйлесіп көрейін деп, дауыс жетер жерге келіп тоқтап, жігіттердің басшысын сөйлесейік деп шақырады. Сөйлескеннің орнына «Атыңды бер де, өзің аманыңда еліңе қайт» дейді де, бір тобы шабуылға шығады.

Құлеке еріксіз жан қорып, қаша ұрыс салып тегістей аттан түсіреді, сол екі ортада екінші тобы шабуылға шығады, оларды да сокқыға жығады. Енді олар жаппай шығып, үлкен төбелес басталады, ақсақал адамды ала алмайтынын білгендер қаша бастайды, бұны көрген қалғандары да ұрыс аяғына қарамай қашып кетеді.

Құлеке бүтіндей малды жалғыз өзі айдап кері қайтады. Жылқыны Еламан атаның ауылына айдап келеді. Барлық жылқы аман, бірде бір бас шығын жоқ. Құлекенің басы бірнеше жерден жарылған, қанаған, аты болдырған, аттың да әр жерінен қан аққан, тесілген жерлері бар. Құлекенің мойнында 26 құрық келіпті, ауылдың ортасына сол құрықтарды тастап, аттан түспей Құлеке ауылына қайтып кетіпті» - деп Әзімбай ақсақал сөзін аяқтады да, «енді бізге Құлеке өйтпесе, бір ауыл бүтіндей қаңғып қалдық емес пе, бізге сендер сондықтан да ата жолдассыңдар, оны біз айтпағанда кім айтады?» - деді.

Мен үйге барған соң әкеме айттым. Ол кісі: «Әңгімесі рас, Құлеке солай жақсылық жасапты, бірақ бір адам артынан бармағандықтан, ең құрмаса малдарын айдап қайтуға жарамағандықтан, өкпелеп, ауылға түспей қайтып кетіпті. Борақ мойнында 26 емес, 14 құрық келіпті және жылқынын ішінде бес ерттеулі ат қоса келіпті. Туыстары жасаған еңбегіне ырым жасамаса керек, Құлекенің бір жорығы емес, өмір бақиғы еңбегі еленбеген ғой, соның бірі шығар. Құлеке батырдың бұл соңғы атқа мінгені екен.

Ал Әзімбайдың Тұрсынбек деген баласы бір көп жиналған жерде мынандай әңгіме айтты» дейді Қабдыраштың Әбілмашы.

Тұрсынбек: «Бірде Майөзектің табанында Құлеке мал қайтарып жүрсе, менің бабам Бағылы «малдарыңды кері қайтар» депті. Құлеке тыңдай қоймаған екен, аттың бауырына алып, сабап тастапты деп әңгімелепті.

Сонда әкесі Әзкеңе сенеміз бе, жоқ баласы Тұрсынбекке сенеміз бе, өмірде қисынсыз әңгіме, ағайының іштарлығы, көреалмаушылығы тозбай келе жатқан қылық қой, кешегі Кенесары

Наурызбайдың атақты жауынгері батыр Құлеке сияқты адам туралы дұрыс айтылуы керектігін кейде ескермейміз-ау.

Бүкіл жастық шағы, саналы ғұмыры ел бақыты үшін өткен алып күштің иесі Құлеке батырды, ауыл ішіндегі қабар-ошар жеткізуге жарайтын адамнан таяқ жейді деуге қалай ары барады, аузы барады. Төрелікті құдай келтірер алдына.

Мен Тұрсынбектің осы әңгімесін естіген соң, қалай бір реті келер деп жүрген едім, біраз уақыт өткен соң, айтуға реті келіп қалды. Содан бірде Шабанбай би ауылына қаладан келетін мәйітті көп адам қабірстан басында тосып тұрмыз, ішінде Тұрсынбек те бар. «Әй Тұрсеке, сенің бабаң Бағылы Құлекеден де өткен батыр болыпты депсің, саған әкең Әзімбайдың әңгімесін айтайын» деп, жоғарыдағы әңгімені айтып шықтым, сен ол кісі қасиетті адам, мүмкін аруағы соғып кетер деп, сөзімді аяқтадым.

Содан 2-3 күн өткен соң бірімізді біріміз жасымыздан қатты сыйласатын Тұрсынбектің ағасы Күлікті кездестіріп, інісі Тұрсынбектің айтқанын, оған Әзкеңнің айтқан әңгімесін айтқанымды айтып, Сіз кейін естісеңіз ренжіп қалмаңыз дедім. Күлік ағамыз Қаукен мен өзің әңгімелеп тұрғанда артында тұрып тегіс естідім, қайта бізге Сіз ренжіп қалмаңыз, Тұрсынбек жөнсіз сөйлейтін адам екені рас» деп маған басу айтты, мен риза болдым.

«Шіркін-ай, бір биеден ала да, құла да туады» деп бекер айтпаған ғой біздің халқымыз, бәрінің де иманы көркем, мол болғай! Әмин!

Бабаларым Бәбеке, Құлеке туралы ізденістер.

Қоғам құрылысының ерекшелігіне, заман тәртібі талабына қарай бабаларым туралы ізденістерім болды. Бәбеке, Құлекенің қабірлеріне, дәл болмаса да жобалап Қармыс пен Тілмембетке, аңыз-әңгімелерге, болды-ау деген ел аузындағы уақиғаларын негізге алып жобалап туған, қайтқан жылдарын көрсетіп ескерткіш орнаттым, ағайын туыстарды қатыстырдым. Ол кісілер туралы:

1. Сымахан (Әлихан Бөкейхановтың інісі) төренің жазбаларында болуы керек. Ол кісінің жазғандары жазушы Сапарғали Бегалиннің (Сымекеңнің қызы Сәуленің айтуынша), Ғалым Сұлтанхан Аққұлұлының архивтерінде болуы керек.

2. Республиканың мемлекеттік архивінде болуы керек, оған дәлел Алматыдағы орталық архивтен ғалым Хабылсаят Әбішевтің ғылыми айналымға енгізген Құлеке Қармысовты өрен-жаранымен Қарқаралы округінің Әлтеке-Сарым болысында тіркелгені туралы архив құжатының көшірмесі (Ф 345 оп 2 іс №2026).

3. Омбы, Семей, Иркутск қалаларындағы архивтерде бар болуы мүмкін.

Қосымша материалдар:

- Көрнекті өлкетанушы, жазушы Юрий Поповтың менің сұрағымға жауабы - «Индустриальная Караганда» газетінің №144 (20851) 5 желтоқсан 2009 ж. «Қасым Аблаев. Сұлтанның ұлы Кенесары Сұлтан» мақаласы. (қысқаша көшірмесін басса дұрыс боларма еді?)

4. «Арқа еңбеккері», №109-110 (6145) 11 қыркүйек 1991 жыл, «Бәбеке батыр», Қасымхан Қаленов.

- «Арқа еңбеккері», №4 (7222), 29 қаңтар 2010 жыл, «Батыр бабалар туралы қысқаша деректер», Қауаз Мұқажанов.

- «Балқаш өңірі», 16 қараша 1999 жыл, «Азаттық үшін шайқасқан Ағыбай батыр», Қайырбек Байсеркин.

- «Ақжолтайдың Ақжолы», Жұмағұл Шөженов.

Шабанбай би ұрпағы Ұдабайдың (1870-1961) әңгімесі

Мезгіл біз қыстақтан жайлауға көшкен уақыт. Бірде өзі бай, өзі би Әбдірбай Бекқұлұлы қыстақты көруге жолға дайындалды. Мені аңшылыққа ертіп алды, жас кезім, әлі 30-ға іліккен жоқпын. Әбдірбай өте денелі адам, өз атынан басқа ат көтере алмайды, өзі үлкен жиын-астарда күреске шығатын, жауырыны жерге тимеген балуан адам. Ауыл әлі алыстай қоймаған, қыстаққа келдік. Күн еңкейген уақыт, қораның есігінде бір ат байлаулы тұр, ішке кірдік.

Қораның ішінде Әбдірбайдан да денелі бір аппақ қудай кәрия адам үлкен бір сек қойды арқасынан ұстап, қолына дорба ұстағандай тұрғанын көріп, таң-тамаша қалдым. Әбдірбай «Батыр-әке» деп сәлем берді, кәрия үнсіз сәлемін алды, «Дәм ішейін деп осында бұрылып едім» деді. Әбдірбай: «Жоқ, әке ауылға барайық. Қонақ болыңыз, қойыңызды Ұдабай өңгеріп алады» - деді. Қойды алып, мен атқа мінгізіп, менің алдыма салып берді.

Бұл ауыл Шабанбай бидің баласы, Құржықтың ауылы еді. Заманында Құржық алған бәйбішесі Қуандық-Алтайдың Бармақ батырының қызы екен. Содан туған-тараған ұрпақтары Бекқұлдың Әбілдасы, Әбдірбай Түйтебай, Бөртебай, Бекпенбеттің Досымбегі, Ахметжаны тегіс әлді болады. Әбдірбай өз уақытында түйе палуан атанған палуан жігіт, өз атынан басқа ат көтере алмайтын денелі ауыр адам болды. Ауылға келдік, кешкі абыр-сабыр уақыт. Бір үлкен ас болады деп, бір ат жаратып отырған. Кешкі уақытта терін алуға, атты бір жігіт алып шыққанын. Бай «Атты бері әкеліндер. Батырға көрсетейік, аттың жайын біледі ғой» деді. Жігіт ойнақтатып алып келді, өте сұлу ақсұр ат еді. Бабеке аттың алды-артына шығып, жай қарап тұрды да «Бұл ат жігіт желеңнің той-томалаққа мініп шығуына ғана жарайтын ат. Бәйгеге жарамайды» деді. Байдың баладай мәпелеп, өсірген атына мынандай сын айтқаны қатты ұнамай қалды. Сөйтіп тұрғанда қойын қотанға айдап келген қойшы келді, астында жасы тоқтасып қалған қайқы бел, қара ат, қойшының күнделікті мінітетіні.

Батыр әлгі аттың алдын-артына шығып, жетектетіп жүргізіп, аттың әр-әр жерін ұстап көріп, ауызын ашып қарап «Міне, осы атты күтіп жаратыңдар, бірақ бірінші келмейді, қара тартқыш екен, екінші бәйгені ешкімге бермейді» дейді. Бай Әбдірбайдың ағасы тіпті ренжейді, бұны қорлықтай көреді. Содан ақылдаса келе қойшыға сен таңертен басқа ат мін деп, атты күтімге сол түннен бастайды. Үйге кіріп жайғасып отырғанда, сырттан ауыл маңында жүрген үйірден болу керек, бір жылқы бірнеше рет қайыра-қайыра кетпейді. Бабеке мынау не жылқы деп сұраса, үй иесі үйірдегі айғыр

гой дейді. Бабеке осы айғырды баптасаңдар, жігіт мықты болса ешкімге көкпар бермес дейді, кейін сол рас болыпты.

Күзде үлкен ас болатын елге жүреді, екі аттың екеуін де және айғырды да апарып бәйгеге қосады. Қара ат бәйгеден құйрық тістесе, екінші болып келеді, ақсұр ат орта жолға жете алмай жолда қалады, айғыр аста ешкімге көкпар бермейді, кейінде бірнеше рет бәйгеге қара ат қатысады, қосқан сайын үнемі екінші болып келеді. Бабекенің атбегілігін аңыздай етіп, Ұдабай ақсақал жеткізіп еді.

Содан батырға арнап мал сойылды, кеште ауыл тегіс Бабеке отырған байдың үйіне жиналды. Тамақ піскенше әңгіме айтылды. Әбдірбай батыр «Күшіңіз қалай, көрсетіңізші» деп бірнеше рет қоймай қойды. Ол кезде батыр 87-88 жаста екен. Тіпті болмаған соң білегін жалаңаштап, мына білезіктен қолымен қатты қысып ұстап, айырылып қалма деді. Әбдірбай ұстадым деді, Бабеке қолын сәл бұрап қимылдатып еді, Әбдірбай айрылып қалды.

- Онда менің қолымды сіз ұстаңыз, - деп Әбдірбай қолын берді. Бабеке қолын қысып ұстап тұрды, Әбдірбай да Бабеке сияқты қолын бұрап қалып, отырған жерге құлап түсті, біраздан соң өзіне-өзі эзер келіп, қолын көтере алмай қойды, тәрізі Бабеке қысып жіберсе керек. Содан күзге дейін Әбдірбай сорбақтамен жүріп, эзер жазылды. Ұдабай кәрияның әңгімесі осымен тәмам! Бәрінің де иманы көркем мол болсын. Әмин!

Үлкендердің әңгімесі

Әбдірбай ауылынан шыққан соң Дайыр төренің ауылына барады. Бай үйде отырып алыстан Бабекені танып, үйге таяғанда итті қоя беріндер дейді. Дайырдың бұл төбеті, ат үстінен кісіні жұлып алатын тайыншадай ерекше төбет болса керек. Жігіттері итті қоя береді, Бәбеке үйге кіруге таяй бергенде, алып ит жауырыннан ала түседі. Бәбеке денесі бұрылмайтын адам, қолын артына жіберіп, итті басынан қысып қалады. Ит қайыра үндемей етпеттеп жатып қалады. Бай: «ит неге тұрмайды, біліндерші» дейді, жігіт итті барып көрсе, басы езіліп, миы ақтарылып жатыр дейді. Бәбеке қонақ

болады. Таңертең шайдан кейін құлын байларда, бай: «Батыр, бізде бір айғыр бар, туғалы ұстатпай қойды, ұстайық десек адамға шабады, ауызын да, аяғын да жұмсайды, не амалыңыз бар, өлсе құны сұраусыз, ал өзіңіз жазым болам десеніз өзіңіз біліңіз, онда соқтықпай-ақ қояйық» - дейді. Батыр: «жарайды, су басына айдандар, маған таятындар, содан кейін көрерміз» -дейді. Жылқыны астауға суды толтырып, суға айдайды. Жылқылар су іше бастайды, тентек айғыр да жақындап, суға бас қоя бергенде, Батыр жолбарысша атылып, айғырдың қос құлағына қолы тигенде, айғыр шынғырып аспанға атылады. Батыр тізерлеп төмен басып қалады, айғырдың бас терісі жартылай сыпырылып түседі, айғыр құлайды, екі дүлей күштің айқасы осымен бітеді, айғыр пышаққа ілінеді. Тәрізі Ақжолтай Ағыбайдың осындайдан «апырай адамзатта осындай күш иесі болады дегенге, Бабекені көрмесем, сенбес едім» дегені тегін болмаған шығар. Сөйтіп Дайырдың адам алатын төбеті мен айғыры осылай мерт болыпты. Өз астамшылығын мойындаған бай, Бабекеге ат мінгізіп, шапан жауып, жөн-жоралғысымен шығарып салыпты, қазақ қашанда жолынан жығылмаған дархан болған ғой. Бәріне де Алладан иман байлығы мол бұйырсын! Әмин!

Ауыл ақсақалдарының айтқандарынан!

Ауыл үлкендерінің бірнешеуінің «мен бәлен жасымда көріп едім, сонда батырлар бәлен жаста еді» деген әңгімелерін салыстыра келіп, жобамен Бабеке 1807-1903, Құлеке 1810-1904 жылдар арасында өмір сүрсе керек деген байлам жасадым.

1. Бабеке, Құлеке бірге туса да, аралары 2-3 жас болса керек, екеуі екі түрлі болыпты. Құлекенің бойы өте биік, атты кісінің биіктігіндей, қызыл шырайлы, ағасындай етті-жеңді емес, ашаңдау, екі көзінің ағы жоқ, қан қызыл, кірпігінің ұзындығы көзін жапқанда бетінің ортасына жететіндей болыпты. Өзі әнші, сазгер, домбырашы, ақын болыпты. Жалпы денесі ірі болыпты. Бабеке сәл аласалау, бірақ көлденеңі өте ерекше, үлкен, басы, мойны, иығы

тұтас біткен, жүзі сары, көзі көкшіл адам болыпты. Жүгірсе бәйге аттан қалмайтын, Ертістен ерсілі-қарсылы жүзіп өте беретін, судың астында ұзақ уақытқа шыдайтын адам екен. Аттың үстінде тұрып та, теріс қарап отырып та, соғыса береді екен. Найза салғанда аттан секіріп түседі екен де, сол бетімен атына секіріп мініп кете береді екен, сонша ауыр денемен, қимылына көз ілеспейтін шапшаң, өз атынан басқа ат көтере алмайтын адам екен. Саусақтары ұзын, бірақ үшбұрышты, себебі саусағының түбі жас баланың балтырындай, жуан, сондықтан ұшы өткір ерекше көрінеді екен. Күштің алыптығы сондай, өмірі сойылды сілтеп ұрмайды екен, онда адам тірі қалмайды екен, сондықтан тек түртіп, түйіп қалып аттан түсіріп кетеді екен.

2. Алыс жолда аты болдырса, атын арқалап жүре береді екен. Қыста қанша боран, аязда жұқа пұшпақ бөрікпен жүреді екен. Үйге кіргенде құлағына қатқан мұздарды атсоғардың сабымен қағып түсіреді екен. Ауыл ақсақалы Әбішев Әзімбай айтады: Бірде итжеккенге айдалып бара жатқанда Семейдің түрмесіне қамалыпты. Содан бір күні тағы бір алып денелі азаматты және Бабекені Ертістің жағасына апарып, бүгін жуынып тазаланып алындар, намаздарынды оқындар деп бір топ жандарм айдап келеді. Екеуінің де аяқ-қолдарында кісен салынған. Ертістің жағасына жеткен соң мылтықтарын асынған жандармдар айналасын қоршап, аяқ-қолдарындағы кісендерін шешеді, алаңқайға екеуін қалдырады. Қасындағы адам терістік жақтыкі екен. Бір-бірімен танысып, біліскен соң қасындағы адам: «Бізді мыналар тегін әкелген жоқ, ертең екеуімізді соғыстырады. Біреуіміз не екеуіміз де мерт болуымыз керек. Менде қанжар бар, қазір мен сені жаракаттайын, саныңды аш, қанжар саламын, әйтпесе қанжарды саған берейін, менің саныма сал, – дейді. – Мен жүзу білмеймін, жүзу білсең қаш», – дейді. Бабеке «жарайды» деп, берген қанжарын алады да, екеуі өзенге таяп келіп, ана кісі санын жалаңаштаған бетте, қанжарды салып жіберіп, өзі Ертіске секіріп кетеді. Бұлай жасайды деп ойламаған жандармдар қапы қалады. Ертісті бойлай екі қабақтан бірдей шапқылаған полицейлерге ұстатпай Бабеке құтылып кетеді.

3. Ел ішінде қашып жүргінінде тағы да жандармдар ұстап әкетіп итжеккенге жібереді. Тәрізі Иркутскіден әрі болса керек. Сонда аяғына кісен салып, ат арба беріп, шөп тасытып қояды. Аты өте арық, бос арбаны ғана тартуға жарайтындай болса керек. Сондықтан шөпті тиеп алған соң аттарын арбаның артына байлап, өзі арбаны тартып апарады екен.

Бірде шөп артып жүрсе, екі жандарм келіп, аттың бар екпінімен келіп, қағып өте береді. Тіпті болмаған соң, шөптің бастырығын босатып алып, шауып келе жатқан екеуіне таяғанда бастырықты жіберіп қалады, екеуі де ат-матымен ұшып түседі. Тосып тұруға уақыт жоқ, жандармнан қалтасындағы кездігін алып, екі май өкшені кесіп тастап, кісенді сыпырып қашады. Кездігінің барлығы қажетіне жарапты. Бұл кездікті қолға түскенінде, шешіндіріп тексергенде білдірмеу үшін сабымен тік шегіне тығып жіберіп, жасырған екен. Бірнеше күн орманмен жүріпті. Алып шыққан атының еті бітіпті. Содан орман жолында бір түтінді көріп, жақындап келсе, тоғыз винтовка сүйеулі, қылыш-қанжарлары бар, адамдары шатырда ұйықтап жатады. Бәрін жинап басқа жерге апарып тастап, қанжардың бірін алып ішке кірсе, барлығы қалың ұйқыда болады. Шетінен бастап, ояғанын өлтіре бастайды. Бәрін өлтіреді, біреуін аман қалдырып сұраса, өзін іздеп шыққан жандармдар екен, бәрін өлтіріп, аттарын алып бірнеше ай жүріп елге келеді.

4. Елге келген соң, бұдан бұрын қашып келгендіктен, бірер жылдан кейін тағы итжеккенге айдалады, барлығы 3 рет айдалады, бетіне «қауіпті қылмыскер» деген күйдіріп таңба басады. Бұл жолда итжеккенге жетпей, Сібірдің орта жолынан қашып келеді. Өмірі бүтіндей айдауда, қашумен 90-93 жыл өмір сүреді. Бабакеден үш ұл туады, үлкені Жақсылық, Есенгелді, Тілеулі. Жақсылықтан ұрпақ жоқ, Есенгелдіден: Қалам, Сия деген екі қыз, Қоғабай деген бір ұл туады. Тілеулі еті тірі, сауатты болған, жас кезінде Семейге, Қарқаралы жаққа кетеді, кейін Есенгелдінің Қоғабайы да сонда барады. Тілеуліден: Әбумүсілім, Садуақас туады. Әбумүсілім 1965

жылы елге келіп, бір жаз демалып қайтты. Өте денелі, дене бітімі Қажымұқанның ескерткішіне ұқсайтын адам екен.

Әбумүсілім заңгер болып Республика прокуратурасында, Алматы облысының, Ақтөбенің прокуратурасында, Талдықорғанда істейді. Сәдуақас Петербургтен агрономдық білім алып, көп жыл Талдықорған облысының аудандарында агрономдық қызметтер атқарады. Үлкен әкелерінің дақырты олардың елге жолауына мүмкіндік бермеді. Қазірде ұрпақтары сыртта, Талдықорған, Алматы қалаларында тұрады. Тілеулі балаларын алғаш іздеп тауып алушы, Сымақан әкеміз бен (Әлихан Бөкейхановтың інісі) оның баласы Жәңгір ағамыз. Солардың айтуымен одан кейін туысымыз Әлжанов Сәрсенбек, жиеніміз Қаленов Қасымхан, одан кейін мен іздеп бардым. Кейін Талдықорғанда облыстық уголовный розыскының бастығы болып тұрған Әбумүсілімінің баласы Амангелді 1979 жылы елге келіп қайтты.

Құлеке ұрпақтары тегіс ел ішінде болды. Құлеке Кенесары-Наурызбай қозғалысы жеңілгеннен кейін 10 жыл Ташкент жақта жүріп келіп, итжеккенен аман қалғандықтан, ұрпақтары тек ішінара қуғындалды, сотталды, түрмеде өлді. Қалғаны ел ішінде, облыс көлемінде еңбек жасады. Тек Кеңес өкіметі тарап, қоғам өзгерген соң, яғни қудалау тоқталды. Бұған дейін, яғни 150-155 жылда (1837-1991) ұрпақтары, тұқым-тұқымдары қауіп-қатерде болды.

Бабекенің қашып жүріп паналаған жерлері Желтауда, Бектауатада «Бабеке сайы» деген сайлар. Қазір біздің қоғамда жастар бір жылға міндетті әскер қатарына әзер шыдайды, оларға қаншама тәлім-тәрбие, киім-кешек бәрін мемлекет қамқорлығына алған. Ал бұрынғы заманда ақысыз-пұлсыз, отбасы дегенді білмей, бастарының қайда қаларында жұмысы жоқ, «ел үшін, жер үшін» деген ұранмен өмірлерін бүтіндей бағыштаған қайран бабалар-ай, кейінгі ұрпағымыз еркін, аман болсын деген арманның туын ұстаған асыл азаматтар-ай, не деуге болады, айтарға сөз жетпейді-ау.

Тек Алла арттарын қайырлы қуанышқа жазсын, ел іргесін мәңгі етіп, береке-бірлік нәсіп етсін! Бабаларым-ай, имандарың

көркем мол болсын, үрім-бұтақтарың өрбіп, өркендеп өссін, тілек осы, Алла қабыл еткей!

Бабеке немересі Қоғабай Есенгелдіұлының әңгімесі:

1963 жылдың жазы болуы керек, Республикалық «Мәдениет және тұрмыс» деген журналдың бір санында алғаш рет «Алтын ине» емі туралы мақала жарияланып, емделіп, содан тәуір болған адамдардың пікірлері жарияланды. Соның бірі Есенгелдин Қоғабай деген кісі екені айтылыпты. Мен осы мақаланы әке-шешеме оқып бердім, әкем қайыра оқышы деді де, менен журналды алып, мақаланы өзі қарады да, «балам, мына кісі аты да, әкесінің аты да дәл біздің туысымыз ғой, өзі Қарағандыда тұрады екен» деді. Мен қайыра қарап, адресін жазып алдым. Сол жылы қысқа қарай Қарағандыға жолым түсіп, кіші Саран деген жерден таптым. Үйлері ескі шахталардың арасында екен, кілең жер үйлер. Үйіне рұқсат сұрап кірген соң, жөнімді айтып едім, төсек тартып жатқан ақсақал адам басын көтеріп, қасына шақырып құшақтап қатты жылады. Мен біраз отырып, күннің кеш болып қалғанын, өзім таксимен келгенімді айтып рұқсат сұрадым. Туыс әкеміз «қарағым, құдай жазып, сен келдің, өмірімде осынша жасқа келгенше елге бір соғуға тағдыр жазбаған еді, сен ешқайда кетпейсің, таксиді қайтар» деді. Амал жоқ, маған қасында қалуға тура келді.

Аздап мал ұстайды екен, қолма-қол бір малын сойдырып, дәм дайындатты, маңайындағы көршілерін де дәмге шақырды. Өзі төсегінен тұрып, киімін киіп бізбен дастарқанға отырды. Мені қасына отырғызды. Дәм келді, ет туралды. Қоғабай әкеміз де ет жеді, жылға тақау уақыттан бері қою дәмнен қалған әкемізге көршілері таң-тамаша қалып, «сізден дәм өтті, енді жазыласыз» деп қуаныштарын білдірді. Әкей: «иә, мен жазылдым, міне менің дәрім келді ғой» деп, мені құшақтап бетімнен сүйіп, Аллаға рахметін айтты. Көршілері де қуанысып қайырлы болсын айтып тарасты.

Төсегін қайыра кең салғызып, мені қасына алып жатты. Қарағандыда тұратын менің әкемнің немере апасы Айса деген

кісіден, өзімнің әкемнен Қоғабай әкеміз туралы көп әңгіме естігенмін. Қоғабай әкеміз өте ширақ болыпты, түрлі қызметтер атқарыпты. Қызмет орнының көпшілігі Семей, Қарағанды және бірлі-жарым басқа өңірлерде де болыпты. Заң орындарының бақылауына түскен уақыттары аз болмапты. Содан болар, Тлеулі балалары Қоғаңмен араласа қоймапты.

Сондай ширақтық жасаған Қоғаңның әңгімелеріне қаныққандықтан, «Әке, өзіңіз сондай ширақ та ақшалы болдыңыз, ауылдағы туыстарыңыз сізді іздеу былай тұрсын, өздері күндерін көре алмай жүрді, ересектер сотталып, тоз-тоз болып кетті, сол жағдайды біле тұрып, бір іздеп барып, амандықтарын неге білмедіңіз» дедім.

Қоғаң әкей: «қарағым-ай, бармайын дегенім жоқ, сан барайын дедім, бірақ, барғызбасым барғызбады ғой», деді. Өткен 1962 жылы елге барып, туған жерімнің топырағына бір аунап, ауасын жұтып, суын ішуге сағынып, Ақтоғайымның самолетіне билет алдым. Самолетке отыру басталды, мен самолетке кіруге баспалдығына оң аяғымды салғанымды білемін, сол жерде міне алмай құлап қалыппын, мені жедел жәрдем машинасымен госпитальге жеткізіпті. Содан бері міне, төсек тартудамын. Баяғыда бір ауылдың адамдары көрші ауылға кетіпті, тек ауылда бір кедей мен қызы бармай қалыпты. Қызы мені тойға жібермедің деп жылапты, әкесі «қарағым-ау, мен барма дедім бе, сені барғызбасың барғызбады ғой» десе, қыз одан сайын жылап ботадай боздапты. Амал жоқ, әкесі біреуден ат, біреуден көйлек, тағысын тағы заттар сұрап, қызын тойға жіберіпті. Қызы той болған ауылға тақағанда, ел тойдан қайтып, той тарқап, қыз кері қайтыпты. Келген соң қызы жыласа, әкесі: «қарағым-ау, мен сені жібердім емес пе, бірақ сені барғызбасың барғызбады ғой» деген екен. Мен де сан рет жолға түссем де, елге жете алмай, сол қыз сияқты, тағдыр сәтін бермеді, – деді. Мен шын көңілімен айтқанына иландым, аяушылық та болды. Мен сіздің сөзіңізге түсіндім, тағы 1-2 сұрағым бар еді дедім. Сіз өміріңізде көп сотталыпсыз, бір рет өлім жазасына, бір рет 25 жылға, қалған 5-10 жылдарыңызды сұрамаймын, солардан қалай

аман қалдыңыз? –дедім. Қоғаң-әкей: «Қарағым, сұрадың ғой, оның дұрыс, айтайын» – деді.

1-әңгімесі: «Өлім» жазасынан қалай құтылғаны жөнінде.

Мен үлкен әкемнің тірі кезінде туыпшын, батыр атам ол кезде үйде отырып қалған, 94-95 жаста болса керек, сол 96 жаста тақап барып көз жұмыпты. Өз әкем де ес біліп, бозбала болған шағымда қайтыс болды. Әкем Есенгелдінің інісі Тілеулі ел ішінен жылжып Семей жаққа кетіпті. Кейінгі жылдары Қарқаралыға, қазіргі Қарағайлы маңына қоныс тепсе керек. Мен де әкем қайтқан соң Семейге бардым, күнделікті жұмыстарға жалданып, күн көріп жүрдім. Бірде базарда, 15-16 жасар кезім ғой, бір кісілер жолығып, «мал айдауға жалданасың ба, еңбегінді төлейміз», деді. Мен келістім. Содан бірнеше күннен соң барлық мал жиналып, біз мал айдап Ташкентке бет алдық. Бұл малдар армия құрамыз деп жиналған Алашорда партиясының малы екен. Ташкентке жеткенде артымыздан «Алашорда құлады» деген хабар келді. Малдың сатылғаны сатылды, сатылмағаны ту-талақай қолды болды. Біз елге қайттық. Кейін үкімет орнап, сол малға қатысты адамдарға сот болды. Ұсталғандардың бәріне өлім жазасы кесілді. Соттың үкімін орындаушыларға табыстап, қабылдап отырғанда, солардың бірі: «мына жігіт тіпті жас екен, сол уақытта нешеде болды екен?» - деп анықтаса, мен кәмелетке толмаппын. Содан түнде сот отырысы қайта ашылып, мені босатуға үкім шығыпты. Содан мен аман қалып, бостандыққа шықтым, басқалары атылып кетті.

2-әңгімесі: 25 жылға сотталғаннан қалай аман құтылғаны жөнінде.

Кеңес өкіметі орнап, өмір басқаша сипат алған заман. Әуелі Семейде көп уақыт түрлі қара жұмыстар атқардым. Дүрілдеп конфескені де, елді біріктіріп колхоздастыру дәуірін де, ашаршылық жылдарын да бастан өткіздік.

Тақыр-таза, үй жоқ, күй жоқ, кедей-кепшіктік ғұмыр. Сондықтан үкіметтің менде жұмысы болмады. Өзім етім тірі, аздап сауат ашқам, ширақ дейтін азамат болып қалыптастым. Келе-келе әртүрлі ақшалы жұмыстарға, оның ішінде мал өнімдерін дайындау, сауда жұмыстарына бейімделіп өстім, үйлендім. Кешікпей соғыс басталды, соғыс басталысымен әскерге алындым. Бізді соғысқа дайындады, дайындық кезінде ширақтау болғандықтан ба, бір орыс генералы шақырып, өзіне қызмет көрсетуге мені қалап алды. Содан соғысқа кірмей, сол кісінің үй шаруасын, қызмет кезінде түрлі тапсырмасын орындайтын адамы болып қалдым. Соғыс бітті, елге қайтарғанша сол генералдың қарамағында болдым.

Соғыстан қайтқан соң, әйелім басқа біреуге күйеуге шығып кетіпті. Басым бос, бұрынғы кәсібім бойынша жұмысқа тұрдым. Тұрмысымды тез көтеріп алуға қолым жетті. Соғысқа қатысып, алған бірнеше марапатым, медальдарым бар, тура алдыңғы шепте соғысқандаймын. Ешқандай жарақатым жоқ, төрт мүшем түгел. Осыдан, жақсы тұрмысымды көре алмағандар үстімнен арыз жазып, соғыста Қоғабай болмаған, соғыстың басында тұтқынға түсіп, соғыстан кейін келген адам деп көрсетіпті. Содан ешқандай дәлел жоқ, сот 25 жылға опасыз ретінде үкімін шығарыпты. Соттан бұрын өзіме бір көрікті жақсы адам кезігіп, үйленген болатынмын. Үйленген соң жақсылап үй салғанмын, үй салуға көрші тұратын отбасы жоқ, бір жасы егделеу адамды жалдаған едім, өте бір жақсы қасиетті жан еді. Сөйтіп жүріп 25 жылға кесіліп, түрмеден шықтым.

Әйелім өте жас, түрмеге күнде келеді, мен қанша болса да тосамын деп, жылап еңірейді. Бірде «көршіні шақырып кел», – деп тапсырдым, ертеңіне екеуі келді. Содан әйеліме «сен жылама, мені 25 жыл тосамын деме, қай жерде қашан өлетінімді кім білсін, онан да мына кісіге тұрмысқа шық, сені қор қылмас, мені де біледі, адамгершілігі зор адам» дедім. Әйелім қатты ренжіді, маған сенбегендігің бе? – деді. Бұл әңгімені естіп тұрған кісі де ренжіп, «маған баламдай адамды неге айтасың» деп, қатты қапаланды. Екеуің де асықпай тындап алып, мен десендер осыған көнесіндер,

маған уәделеріңді беріңдер» –деп, әзер көндірдім. Сонымен мен 25 жылға айдалып кете бардым.

5-6 айдың жүзі болды. Күні бойы ауыр жұмыстамыз, бірде жатқан жерімізде қолыма бір орысша газет түсті, оқып көрсем, екінші бір бетінде мақала бар екен, соғыс туралы жазыпты. Астына генерал «бәлен» деп, тегін, атын жазыпты, тура менің бастығымның аты-жөні, мақаладағы оқиғада біз жүріп өткен өңір. Қуанғаннан Алланың жазуы осы шығар деп, мақаланы бірнеше рет оқып, осыған бір хабар жазып жіберейін деп ойлап, жасырын, бастан-аяқ өзінен кеткеннен осы түрмеге дейінгі өмірімді баяндап жаздым. Хатым дайын болған соң, денемде жасырып тығып жүрген алтын сақинам бар еді, соны бір дұрыстау деген түрме бақылаушысына беріп, «хатты поштаға тиісті құжатпен тапсырып қағазын ал», деп өтіндім. Түрме бақылаушысы орындапты.

Сонымен мен жүре бердім, хабар болмады, күдер үздім. Екі айдай уақыт өткенде түрме бастығы мені шақыртты, менімен әңгіме өткізді. Соғыста қайда болғанымды, қай жерде соғысқа кетіп, қашан қайтқанымды, қай жерден қайтқанымды, кімнің қарамағында болғанымды, сотта қалай айтсам солай айтып бердім. Мені қайта түрмеге жіберді, 10 шақты күннен соң қайыра шақыртты. Бұл жолы соттың отырысына шақыртыпты. Сотта тағы жауап алды, бұрынғы айтқандарымды қайта айттым, ештеңе түсінген жоқпын.

Содан мәжіліс болып, мені қайта сотқа кіргізді. «Сен нақақтан сотталыпсың, сенің генералыңның жазғанымен жауабың бір жерден шықты, ешқандай өзгеріс жоқ, генералың сені босатыңдар деп жатыр», деді. Сонымен тағдырдың жазуымен 8 айдай уақыттан соң түрмеден аман-есен үйіме келдім. Әйелім мен көршім қатты қуанып, екеуі де қайыра отбасыма ие болуды айтты, мен екеуіне ризалығымды білдіріп, тағдыр осылай жазған шығар, сендерге үлкен бақыт тілеймін, аман болыңдар деп, бір қабат киімімді алып, Қарқаралыға кеттім, – деп, әңгімесін аяқтады. Тағы көп әңгімелер айтты, елдің жағдайын, өзінің тұстастарын сұрады, білгенімше мен де әңгімеледім.

Ертеректеу рұқсат сұрап, кимастан қоштасып, кете бардым. Содан жыл аяғында, желтоқсанның соңғы күндерінде Қарағандыға шақырылдым да, ауылдағы «Сельхозтехника» бірлестігіне жұмысқа ауысуға тағайындалдым, дәл жүрерде ауа-райы бұзылып, бірнеше күн (самолет) ұшақ тосып аэропортта отырдық. Күн қатты боран, еріксіз бүкіл Ақтоғайдың адамдары – 40 шақты кісі 1964 жылдың 2 қаңтар күні пойызбен Балқашқа тарттық. Содан Балқаштан Ақтоғайға тек 20 қаңтар күні жеттік. Кейін хабар алдық, қаңтар айының орта мөлшерінде Қоғабай әкеміз қайтыс болыпты. 2-3 жылдай әйелі мен баласы Ермек ауылға, біздің үйге келіп жүрді, одан кейін байланысымыз үзілді. Әкеміз Қоғайбайға Алла иман байлығын бұйыртсын, жатқан жері жарық болып, ұрпақтары, туыс-жақындары өсіп-өніп, аман болсын!

* * *

«... Арқада қыс жайлы болса, арқар ауып несі бар»...
(халық мақалы)

... Келмесең, бармасаң, жат боларсың!... (халық мақалы)

Мен өз тарапымнан, тәрізі бауырмал болсам керек, алыс-жақын туыстарды, жолдас-жораларды, олар әртүрлі ұлттан болса да іздеп, сұрастырып, арнайы жолығып тұратын адаммын, олардың еңкейгендеріне басым жерге жеткенше, шалқайғандарының жел жағы тұрсын, ық жағына жоламайтын мінезім де бар. Сондықтан да Бабеке бабамыздың ұрпақтарын іздеп, жолығуды өзіме парыз санадым. Соны әңгімелейін, ел іші жайсыз болған соң, Бабеке ұрпақтары елден ертерек жылыстап кетулеріне тура келген ғой. Сонымен...

* * *

Сия әпкеміз жөнінде

Есенгелдіден Қоғабай және Қалам, Сия деген екі қыз туыпты. 1963 жылы Қоғабай әкемізді іздегенде Сия апамызды да іздедім. Бұл кісіні Күлекенен ортаншы баласы Мырзамұхамбетқызы Айса апай айтқан болатын, тәрізі Ақтас деген кентте тұруы тиіс дегентін.

Ақтасты басынан аяғына дейін үй қалдырмай көп іздедім, өзім жаяумын. Әбден шаршап, күн де ыстық еді, оның үстіне күдер үзіп бір көшемен кетіп бара жатыр едім, бір үйдің есігінің алдында бір бәйбіше бірдене іздегендей тұр екен, түрі сары, бірақ қазақ екені көрініп тұр, қабағы қалың кісі екен, мен тоқтадым да «апа, Сіз Сия апайсыз ба?» деп қалдым. Ол кісі: «Ее... мені қайдан біліп тұрсың?» - деді. Мен «Сізді қабағыңыздан танып тұрмын, менің де қабағым сіздікіндей» - деп едім, «кім боласың?» - деп қайыра сұрады. «Мен Сіздің бауырыңызбын, Сізді іздеп жүрмін» - дедім де сәлем бердім.

Ол кісі қаланың тәртібі ғой, сақ адам екен, қандай жақындығымды сұрады. Мен Күлекенің үшінші ұрпағымын деп анықтап таратып айтып беріп едім, құшақтап, бетімнен сүйіп қайыра амандасты. Мәре-сәре болысып, дастарқан жайылды, келіні де бір абзал адам екен, апайдың ләмімен жүріп, үлкен кісіні қалай қатты қадірлеп, күтетіні көрініп тұр. Баласы Асылхан милиция офицері, балалы-шағалы жақсы отбасы иесі, аңқылдаған азамат екен, қуанып үлкен бауырмалдығын көрсетті. Мен елге шақырдым, ендігі келіс-білісті сіздер жалғастырыңыздар деген едім, бірақ ол кісілердің мүмкіндігі келмеген тәрізді.

Қалам әпкемізді Сия апайдан, Қоғабай әкейден сұрастырғанымда, ол кісінің қайтыс болып кеткенін айтты, «артында бір ұлы болып еді, қазір қайда екенін білмейміз», деді.

Әкем Мұқажан бір әңгімесінде «тәрізі Қармыстың бір қызының баласы болу керек, 1930 жылдардың басында, ашаршылық кезінде жиендерің боламын деп бір адам елге келді, астында аты бар, бірақ аты үнемі көтеріп жүре алмайтын болу керек, атын жетектеп жүреді екен, адам шошырлықтай үлкен денелі, өте сұсты, атына мінгенде екі аяғын өзі жинамаса, сүйретіліп

жүретіндей қорқынышты адам екен. Елде жағдай жоқ, өзі аш ел, оның үстіне ауық-ауық заң орындарынан қарулы адамдар бақылау жасайтын уақыт. Содан әлгі «жиеніміз» тұрақтай алмай, кетіп қалды. Біраз жыл өткен соң, ел ішінде қазіргі Оралбай, Байсұлтан МТМ аралығындағы тау ішінде бір ерекше адамның мәйіті жатқаны туралы әңгімелер айтып жүріпті. Тәрізі біздің жиенімізді атып кетті ме?» - деп әңгімелейтін. Бұл жорамал, қайтып ол жиенімізді ешкім көрмепті.

Бабекенің ең кенжесі – Тілеулінің балалары Әбумүсілім, Сәдуақас әкелеріміз өмірлерінің соңын Талдықорғанда өткізіп, ұрпақтары да сол Талдықорғанда өсіп-өніп өмір сүруде. Олардан тараған балалар тегістей шежіреде жазылған. Әбумүсілімнің өзі де елге 2 рет келіп (1963-1965) қайтты, Сәдуақас келе алмады. Әбумүсілімнің баласы Амангелді 1977 жылы келіп, елмен танысып қайтты. Әуелі маған, «Жамшы» совхозына келді. Мен елге «Қаратал» совхозына апарып, туыстармен таныстырып, одан қайыра «Жамшы» совхозында болып, демалып, ризашылықпен елінен кетті. Қасында Тілмембеттің немере қызы Күлжәмиладан туған бір жиеніміз де болды.

Әбумүсілім өте денелі, Қажымұқан балуанның қоладан құйған мүсініне қатты ұқсайтын еді. Өте сабырлы, жер қозғалса қозғалмайды екен дейтіндей, аз сөйлейтін келісті адам екен. Мен 1975 жылы іздеп барғанда әкеміз о дүниелік болып кетіпті. Өмірбақи прокурор болып қызмет жасаған, өте адал адам болыпты.

Сәдуақас төртбақ денелі, иықты, көзі көк, жүзі сары, сол бабалары тектес, мінезі шалт кісі екен. Қатарластары «Арғын шал» дейді екен. Ертеде Петерборда агрономдық білім алып, сол мамандығымен Талдықорған облысының көп аудандарында қызмет жасапты, аз сөйлейтін, өз бетінен қайтпайтын, онша туыс іздемейтін мінезі болған болуы керек. Өйткені, сондай жасқа келіп, тәрізі менің әкем құралпы болуы керек, балаларына сендердің елдерің арқада деп, білгенше түсіндіріп отыруға болады ғой. Сол түсіндірмегендіктен болар, бір ұл баласы Балқаш қаласынан «Қаратал» совхозының №2 бөлімшесі - Қасабайда 45 күн жұмыс

жасапты, сонда осы жақта елім, туысым бар-ау деуді білмеген ғой. Біз кейін бірнеше жылдан кейін бір-ақ біліп, таң қалғанымыз бар. Ол кездері ауыл шаруалығына қаладағы өндірістік кәсіпорындардан, тағы басқа мекемелерден науқанды жұмыстар кезінде жұмыскерлер, механизаторлар, автокөліктер жіберу мемлекеттің айнымас шарасы болатын. Бала сол тізімге іліккен ғой.

Қармыстың кенже баласы – Тілмембет еті тірі, сөзге шешен, біреудің дауын мал беріп сатып алатын өте ширақ адам болыпты. Мен жобалап, ел аузындағы әңгімелерге сәйкес туған, қайтқан жылдарын көрсетіп, қабірін де жобалап, ескерткіш тас қойдым. Таста қасында жекеленген әкесі, біздің бабамыз Қармыстың да туған, өлген жылдарын жобалап, қоса көрсетіп жаздым, себебі екеуі бір жерде, Қаратастағы Бейсеу атаның үлкен қорымына жерленген екен. Сол Тілмембеттен Жолдасбай, Қали, Ахмет деген үш ұл, Қаным, Алтын, Жаңылыс деген үш қыз туады. Жолдасбайдан – Құтжан, Үміт. Қалидан – Досымбек, Нүркей, Түсіпбек, Казкей, Мәруа. Ахметтен – Күлжәмила, Әбетай туады. Тілмембет ұрпақтары жақсы өсті, қалғанын өздері жазатын шығар деген үмітпен өздеріне қалдырдым.

* * *

ҚҰЛЫҚ ДЕГЕН ЕЛМІЗ

Біз Сарым елі ішінде Құлықпыз. Құлықтан Таңат, Жалаңтөс туады. Жалаңтөс Абылайханның қолбасшыларының бірі болған, заманында қазақ халқының бостандығы үшін ерекше еңбек жасап, ел қорғаған батыр. Сондықтан да болар, бабамыз жайлаған Қарағанды маңайындағы «Соқыр» өзені сол кісінің атында, осы күнге дейін ел аузында солай аталып келеді.

Бабамыздың жанама аты «Соқыр» аталуы, қалмақтармен болған үлкен соғыстың бірінде көзіне садақтың оғы кіріп, суыруға қан кетіп, әскерге қолбасшылық жасаудан қалып қоятындықтан,

қолбасшы қатардан шыкса сарбаздардың рухы түсетіндіктен, шыдайды да, күні бойы сол оқпен соғыса береді. Бұны көрген сарбаздардың рухы көтеріліп, соғыс үлкен жеңіспен аяқталады да, кешке оқты алуға ешкімнің қолы бармаған соң өзі суырып алады. Содан бір көзі су қараңғы соқыр болып қалады. Сонда да өле өлгенше әскер бастап отанын қорғау өмірінің мәні болады. Жалаңтөс бабамыз сөзге шешен, адал да әділ билік айтқан, артында көп сөзі, батасы қалған, батаға аузы дуалы болған. Жалаңтөс бабамыз ат үстінде ел қамымен өмірі өтсе, ағасы Таңат арттағы елге иелік жасап, көпке қамқор басшы болыпты, елі өсіп өніпті.

Құлықтар қазіргі Жамшы жерінде қыстаған. Таңат ұрпақтары Қызылтастың Бақал, Қапабай, Қарағаш, Әлібек өлкесі, Айдай, Қира, Қосшоқы жерлерінде болыпты. Келе-келе ұрпақ өсіп, жер таршылық жасаған соң, Құлықтың ағасы Боксары мен інісі Құлсарының ұрпақтары арасындағы бос жерлер – Қоңыртау мен Жіңішке өзені бойына басқа бөтен ел кірмеу үшін Таңат балалары көшіп барады. Көшерде Таңаттың үшінші баласы Әлібектің бәйбішесі, анамыз ұзақ дау айтқан екен. Содан үлкендерден естігенімізден «Айдай, Қира, Қосшоқы сен де аман бол, қызыл шұнақ қой сен де аман бол!» - дегені есте қалыпты. Әлібек бабамыздың қойы көп және түсі қызыл, құлақтары шұнақ болыпты. Тәрізі жаңа қоңыста бұл көп қойдан айрылып қалмаймын ба екен – деген қауіпі болса керек.

Жаңа қоңысқа бастап келген Таңаттың үлкен баласы Тоғанбай бабамыз екен, өзінің 9 ұлы болыпты, бәрі де батыр азаматтар екен. Кейін хандық жойылып, патшалық Россия ие болғаннан кейін Қарқаралы өңірінің Тоқырауын болысының №7 ауылы деген атауға ие болған елміз және қоғамның өзгеруіне байланысты 1928 жылдары артельдерге (мойынсерік), 1930-1932 жылдан соң ұжымдық шаруашылыққа (колхозға) біріктіріліп, 1963 жылдан бастап мемлекеттік шаруашылық (совхоз) құрылып, қоғам құрылысы қайыра өзгеріске ұшырады. 1992 жылдан селолық округ қалып, шаруашылық бүтіндей жеке меншікке ауысты.

* * *

Мен 1939 жылдың 18 мамыры күні қазіргі Шабанбай би ауылының Жіңішке өзені бойында «Көк дөң» деген жерде туыппын. Жіңішкенің сол жағалауын «Қызыл жар» дейді екен. Балалық шағымыз соғыс уақытына келіп, ес білгеннен үлкендерге қолғабыс жасап, ортақ шаруашылыққа ерте араластық, масақ тердік, мал айдадық, келе-келе атқа мінуге жарағаннан малатас айдауға, есейе келе өгіз жегіп, шөп шабатын шалғындарды жүргіздік. Ол уақыттарда егін суармалы болатын, жерді өгіз соқамен жыртатын, егін пісіп шыққан соң қол орақпен оратын. Себетін дақылдар бидай, оның ішінде атақты Ақбидай, Қожабидай және тары. Ақбидайды түктеп, қуырып жейтін, ірі бидай болды, Қожабидайдан ұн жасаған, нан пісіретін еді. Тарыны әуелі суға қайнатып, шиге сүзіп, кептіріп түктейтін, кебегін дәннен арылтып, қайыра түктейтін. Бірінші түктелуін қаралау, екіншісін ақтау дейтін. Ақталғаннан кейін де кебегін дәннен бөліп алатын, ол үшін кебегін ұшырып айыратын. Дайындалған тары палау жасауға жұмсалатын.

Соғыс уақытында Жіңішке өзені бойында қырыққабат (капуста), қарбыз, қауын, картоп, темекі өсірілді. Темекіні соғыс біткен соң да өсіріп жүрді. Бұларды өсірген біраз жыл Балқашта тұрып, елге көшіп келген туыстарымыз Жолдасбайдың Құтжаны мен бәйбішесі Рахима шешеміз болатын. Ол уақытта қолхозда бірлі-жарым түйе, міністік аттар, сиыр малы, қой-ешкі болатын. Қой-ешкі бүтіндей сауылып, сүтінен брынза, сиырдан май алынып мемлекетке өткізілетін. Егін өнімі де бірыңғай мемлекетке өткізілетін. Осы өнімдерді өндіруде бала еңбегінің өз үлестері болатын, оны атқарған біздер едік. Сөйткен бақытты балалық шағымыз үлкен ауыр еңбектің, жоқшылықтың кезінде өтті, балаға еңбек ақы төленбейтін.

Киер киіміміз көйлек-дамбалдан басқасы үстімізде тон, бұтымызда шалбар, иленген қой, ешкі терілері, аяғымызда бұзау, тайынша терісінен иленген көн етік, басымызда елтіріден жасаған малақай. Ол терілер сол арнайы киімдерді жасауға сойылған малдікі

емес, колхоздың ауырып өлген, немесе басқадай себептермен шығын болған малдарының терілері. Колхоз мүшелері айлық еңбекақы алмайтын, тек «еңбек күн» жазылатын, жыл аяғында колхоздың табысына қарай «жылдық еңбек күнге» астық беретін де, одан жыл бойы авансқа алған астықтарын ұстап қалатын. Сонда еңбектеріне алатындары шамалы болатын. Риза болмаған адамның кетіп қалуына құқығы болмайтын, өйткені жеке басын куәландыратын құжат (паспорт) берілмейтін, қалада құжатсыз адамды жауапқа тартатын. Біздің ауданымызда 1963 жылдың 1 қаңтарында, колхоздар тарап совхоздарға айналғанда ғана құлдық дәуір аяқталып еді.

1952 жылы көктемде ауданға көп «шоты аяқ» тракторлар (ХТЗ) келді, есіміз қалмай сабақты тастап, Шатыршаның бауырында қатар-қатар тұрған тракторларды тамашаладық, ол кезде 6 сыныпта оқитын едік, бізбен бірге оқитын ересек балалар сол күні сабақты тастап, трактор оқуына Қарағандыға кетті, кейін оқу бітіріп куәліктерін әкеліп, тракторлар жүргізді, атақты механизаторлар болды. Солардың еңбегінің арқасында колхоздағы егістік көлемі күрт өсіп, өгіз соқаның орнына трактор соқалары егін жыртып, егін комбайнмен орылды.

Аудан көлемінде Сәуледе, Жетімшоқыда МТЗ-лар 1952 жылы ашылып, техникалар жинақталды. МТЗ-лар бірте-бірте колхоздардың егінін салып, орып, шөбін шауып берумен шұғылданды. 1954 жылдан бастап шаруашылықтың ұйымдастырылуы бүтіндей өзгерді.

1927 жылы 15 наурызда СССР Орталық атқару комитетінің, Халық комиссарлары Советінің колхоз, совхоздарды құру туралы қаулысы болған. 1928 жылдан МТС-тар құрылды. МТС-тар 1958 жылдың 26 ақпаны күнгі КПСС Орталық комитетінің пленум қаулысымен таратылып, РТС-тар құрылды. 1961 жылдың 20 ақпанында РТС-тар таратылып, Сельхозтехника бірлестіктері құрылып, кеңес өкіметі тарағанша ауыл шаруашылығына қызмет жасады.

Колхозшылардың жеке меншік малдары болмайтын, бір үйде 1 сиыр, одан мемлекетке 3 кг май, 60 кг ет өткізуге міндетті, бір жылқысы бар адам тіпті сирек, 2-3 бас уағы бар адамдар да сирек болатын. Сауынға колхоздан 4-5 ешкі сұрап алатын.

Бұдан да өткен қиындықтар болды. Мектепте аш-жалаңаш жүріп оқыдық, тіпті мектеп бітіріп, жоғары оқу орындарына түскенде де сол қиындықтарды бастан кешірдік. Менің оқу жылдарым 1946-1961 жылдарының арасы, бұл кезде ата-аналарымыз колхоз мүшелері, еңбекақысыз өмір сүрген кездері. Өздері үнемі қыстақтарда мал бағуда еңбек жасады, біздер үнемі кісі үйінде жатып, әр жерде оқып, мектеп бітірдік, оның үстіне колхозда тек бастауыш мектептер. Аудандағы орта мектеп-интернатына тек жетім балаларды қабылдайды, не әкесі, не шешесі жоқ болса ғана.

Бұндай қиындықтар әке-шешелеріміздің, ата-баба, аналарымыздың заманында да орын алған. Тек патшалық дәуірі құлап, кеңес заманы кезінің өзінде 1918-1919 жылдары, 1921-1922 жылдары, 1932-1933 жылдары ашаршылықтардан қазақ халқының үштен екі бөлігінен артығы қырылып, табиғи өсім мүлде тоқтап, халыққа үлкен нәубет келді. Осы қасакана қолдан ұйымдастырылған нәубетке саяси баға беріліп, кінәліден құн сұраған ешкім болмады. Өкінішті, осыған ұқсас қиындық көрген украиндықтар геноцид ретінде мәселе көтерді.

Одан кейінде асыра сілтеуден, екінші дүние жүзілік соғыстан қаншама қазақтар жоқ болды. Патшалық Россияда патша құлап, кеңес өкіметі құрылғанда 201 ұлт болып, халық сонша тілде сөйлесе, Кеңес өкіметі социалистік қоғам құлап, жаңа қоғам орнағанда тек 104 ұлт және сонша тіл қалыпты, яғни 97 ұлт бүтіндей жойылған, қалған халықтың да өмір-тағдыры көп өзгеріске ұшырап, салт-дәстүр, діні, ділі басқаша сипат алды.

Бір жағынан осындай кемшіліктер орын алса да экономикада социалистік жүйені қалыптастырып, қорғап қалуды іске асыру үшін, капитализммен тайталаста есебін жібермеу үшін күрт дамып, ұлы өзгерістер болды, өнеркәсіп те, ауыл шаруашылығымыз да

өркендеп, өсіп жоғары дәрежеге жетіп қалыптасты, қоғамда жаңа қатынастар пайда болып, дамыды.

1948-1949 оқу жылы, мен 3 сыныпта, кісі үйінде жатып оқимын. Үй-іші 25-30 шақырымдай жерде қыстақта мал бақташысына көмекші. Бірде мектеп ауласында сауда болып кітап, киімдер сатылды. Кітаптардың сырты қалың, қызыл мұқабалар, Ленин, Сталин шығармалары. Мен қатты қызығып, біреуін болса да алуды армандадым, бірақ қолым жетпеді, ақшасыз бермейтінін ұқтым. Содан бірде Балқаш қаласынан Малшыбайдың Шамғұны деген әкейден үлкендігі бар, жақын туысымыз келіп, мен жатқан үйге қонаққа түсті. Түнде мені шешіндіріп, қасына алып жатты. Жаланаң денемді шамның жарығымен көріп, «балам-ау денең кірлеп кетіпті ғой» - деп, денемді сипалады. Мен «ата-ау ол кір емес, күс қой, оқу басталғалы үйге барғаным жоқ» - дедім. Сонда қыркүйектен желтоқсанның басына дейін 3 айдай бойы жуынбағанмыз ғой. Ол уақытта монша деген жоқ, тек үйде астауға жуынады, кісі үйіндегі 9 жасар баланы ешкім жуындармайды.

Кейін есейіп қызмет жасап жүргенімде, Шамғұн атам «Қауазжан кір емес, күс қой» - деп еді деп күліп алатын. Қайран сол мейірімді телегей-теңіз әкелерім-ай, менің кірімнен, битімнен жиіркенбей, әдейі келіп, қасына алып жатып, түнімен айналып-толғанғанын қалай ұмытасың, Алла иманын көркем мол қылып, үрім-бұтағына жақсылық бұйырсын!

3 сыныпты бітірісімен Балқаш қаласына оқуға кеттім. Ауылдан ат арбамен шыққан болатынбыз, бірақ 15 шақырымдай шыққан соң, көп мал айдаған, өгіз, түйе жеккен арбалары бар керуенге жолықтық. Ат арба иесі сол керуендегілермен сөйлесіп, ат арбадағы 2 бас қойын және Жұмағали деген туыс ағамды, мені түсіріп, «мына 2 қойды айдап мына керуенмен келесіндер, Балқаш анау таудың астында», деді. Біз тамақсыз, киімсіз, жалаң аяқ, көйлек-дамбалшаң күйімізде қала бердік. Жұмағали менен 2 жас үлкендігі бар. Содан көрмеген қиындық жоқ, ішетін су да жоқ. Тамыз айы, күндіз аптап ыстық, түнде шөлдің суық түні, қатар жатқан 2 түйенің ортасында құшақтасып паналаймыз. Сөйтіп 8 күн

жүріп, Балқашқа әзер жеттік. Бірінші күні Тоқырауын өзенінен Ақтұмсықтан өтіп, түнге қарай ашық далада, сусыз жерде түнедік.

Ертеңіне танертең ерте тұрып, малды айдап шықтық. Екеуіміз ашпыз, елдің аздаған тамақтары бар, одан бермейді, торсықта сулары бар, бізге болымсыз береді. Содан түске қарай жүруге жарамай, мен жолда жалғыз қалып қойдым, мұрнымнан қан кетті. Көп уақыттан кейін, керуен жақтан бір солдат киімі бар жас жігіт келіп, мені тұрғызып, азғантай суы бар екен, менің аузыма құйып ес жидырып, үгіттеп, алып жүрді. Көп адамның ішінен сол жалғыз адамның мейірімінің арқасында кіреге ілесіп жүрдім. Керуенді қуып жеткен соң біреуден тамақ, біреуден су алып беріп маған ес жиғызды, күні бойы жетектеп жүрді.

Ертеңінде ширадым, өз бетімше жүріп жетінші күні жүріске жарадым, кейін білсем көрші колхоздан Әмірбайдың Мәжиті деген азамат екен. Есейе келе жақсы ағайындық қатынаста болдық, біздің төңіректегі қасиеті мол шаңырақтың тұқымы екен, әкесі Әмірбай атамызбен, туған-туыстарымен туыстық қатынаста болдық. «Жақсыда жаттық жоқ» деген осы ғой, Алла иманын көркем, мол қылып, ұрпақ-ұлысына разылығын бұйыртып, жақсылығын нәсіп етсін!

Сондықтан да кейін қызмет жасаған уақытымда мен үшін ең алдымен балалардың өмірі, оқуы, ол үшін ата-аналарының еңбекақылары, материалдық жағдайы, содан кейін ғана мемлекеттің тапсырмасы болды. Сол қызметтің қорытындысы – мектептерге жасаған қамқорлығым үшін 1988 жылы Республикалық мұғалімдер съезіне Жезқазған облысынан өнеркәсіптен, ауыл шаруашылығынан жалғыз делегат болып мен қатыстым. Қарамағымдағы әр адамнан ең алдымен өзінің бала-шағасының қамын ойлауды баса талап ететінмін.

* * *

Ел аузынан

ӨТЕМІС САРЫМҰЛЫ ТУРАЛЫ

Майқы баласы Күнтуған, түрі сары болғандықтан, ата-анасы «сарым, сарым» деп еркелетіп, Сарым аталып кетіпті. Майқыдан Бөлекбай, Айтуған, Күнтуған туыпты, Бөлекбайдан – Сапақ, Айтуғаннан – Әлтеке (Айдос), Күнтуғаннан (Сарым) – Тоқсан, Өтеміс тарайды.

Бірде Тоқсанның ауылына жорыққа бара жатып, сол замандағы қазақ ханы қонақ болыпты-мыс. Келген қонақтарға Өтеміс бабамыз қызмет жасапты, хан оған риза болып, «Тоқсан мына жігітіміз кім, киіміне, жүріс-тұрысына қарасам, осы үйдің мырзасы дерсің, бізге жасаған еңбегіне қарасам, қызметші-жігіт сияқты» - депті. Тоқсан: «бұл менің жалғыз інім, өзі үйленбей жүр, жасы 44-те» - депті. Сонда хан: «жарайды осы жорықтан аман-есен қайтсам, саған лайықты қыз әкеліп беремін» - депті. Сол қайтарында бір қыз алып келіп, үйлендіріп кетіпті, - дейді ел аузында.

Қазір көптеген ел аузында бұл Абылай еді деп айтады да және кітап жазғандар да солай жазады. Бұл қисынға келмейді, себебі Өтемістің немересі Құлық баласы Жалаңтөс, Қараменде Әулие мен Жидебай Әулиеден 15 жастай үлкен дейді ел аузында, сол Жалаңтөс батыр жас Абылайдың қолбасшыларының бірі болған, ал Абылайдың қай жылы туып, қай жылы қайтқаны белгілі. Қараменде Әулие мен Жидебай батыр түйдей құрдас екен дейді ел аузында. Сондықтан да Өтемістің 44 жасында үйленсе, кейінгі тараған ұрпақтарының өмір сүрген уақытын есептей келгенде, Өтемістің уақыты тек Жәңгір ханға келеді. Ел аузында осындай сөз сақталыпты деп, әркім өзіне бұрмалап, ата-бабасына, руына бұрмалап жаза беруге болмайды деп есептеймін.

Сол Өтемістің, ағасы Тоқсаннан еншісін алып, жеке ауыл болып үйлі-баранды болған соң арасына Хан киесі көңіліне ұялаған

Өтеміс баба жыл салып, үш бала туып, үлкеніне Ақарыс, ортаншысына Жанарыс, кішісіне Бекарыс деп ат қойыпты.

Арада 4-5 жыл өткенде ағасы мен жеңгесі іздеп келеді. Үйдегі біріне-бірі жедеғабыл үш баланы көріп атын сұрайды, аттарын айтады. Содан жеңгесі адуын адам болса керек, «сен үш арыстың атын неге қойғансың, мына кәкәсі көрініп жүргенің Боксары болсын, мына құлағынан құлық ағып жүргенің Құлық болсын, мына жалаңсарың Құлсары болсын» депті. Оған Өтеміс қарсы келмепті, содан аталарымыз солай аталып кетіп, содан ұрпақ шашыпты. Тек Құлсарыдан жалғыз Көшкін туып, Көшкіннен 11 ұл туып, қазір 9-ынан ұрпақ өсіп, Көшкін аталып кетіпті. Қазақта жалғыз ұлдан өрбіген ұрпақтар ғана әке атымен ел ру атына ие болу үрдісі болған, жалғыз ұлдың әкесінің аты аталмаған.

ҚҰЛЫҚ БАБАНЫҢ НЕМЕРЕСІ САБОТА БИ (САРБОТА) ТУРАЛЫ

Өтемістің ортаншы баласы Құлықтан Таңат, Жалаңтөс туады. Жалаңтөс батыр үш әйел алған. Сол үшінші Айсұлу анамыздан батырдың сегізінші баласы Естайдан Сабота туады. Сабота өле-өлгенше би болған, өте әділетті, шешен адам болыпты, өзі кедей болыпты.

Балалары көп болып, бірақ олар жас кездерінде шетінеп кетіп, бір қызы ғана ер жетіп, Нұра бойының (ол кезде қазіргі Шет ауданының біраз жерімен Ақтоғай ауданының жері Нұра болып аталған), бір старшыны табын руындағы Бекішке ұзатылып, одан Ұланбек, Кернейбек, Кәрсонбек туады. Ұланбек пен Кернейбек те өз заманында би болып өтіпті. Біздің Ақтоғай елінде Табын Кернейбек, оның баласы Анарбек айтыпты деген әңгімелер әлі ел аузында айтылып келеді.

Ел жайлауға көшіп, көліктің ретін тосып Сабота би жұртта отырады. Жол жүріп келе жатқан бір топ адам, жолда отырған жалғыз үйді көріп сырттан «тілдес» деп дыбыс береді. Үйден кешігіңкіреп шыққан Сабота би: «Бар болындар, сапар оң болсын,

игі жақсылар, кешіріңіздер, үйде құл болсам да, түзге шықсам батырмын, қатын ауру, бала жас, келі түйіп жатырмын, түсіңіздер, қонақ болыңыздар» - депті.

Қонақтар үйге кірсе бес қанат үйдің сырты жүдеулігімен қоса іші де жүдеу екен, үпір-шүпір жас балалар, өңі сәлең отанасы. Келгенше қонақ ұялады, келген соң үй иесі ұялады деген қазақ қой. Үй иесі арқанда тұрған жалғыз бұзауды алып келіп, қонақтардың батасын алып, сойып қонақтарды риза етеді. Иә, қазақы дарқан мінез, қазақы тағлым солай болған ғой!

Құлық Жалаңтос ұрпағы Зікірия Көпбайұлының әңгімесі:

Жайлауға ел көшіп кетіп Сабота би жайлаудан қыстағын біліп келуге жолға шығыпты. Қыстау қазіргі Ақтоғай селосының тұрған жері, өзенде қалың жыныс тал, ал қазіргі Ақтоғайдың орнында қалың Аққайың, ортасында Жосалыдан бастау алатын бұлақ ағады екен. Қазір дәл осындай тоғай Жалпаққайың тауының бауырында екі қайың тоғайы бар, бірақ аққайың емес, қызыл қабықты қайың күні бүгінге дейін өсіп тұр. Содан Сабота Жосалының биігінен қараса, тоғайдың ортасында көп ауыл жаппа тігіп қонып алыпты. Бұл не деп келсе, жаңа адамдар.

Сабота би осы жердің иесі өзі екенін айтып, рұқсатсыз неге қонып алғанын сұрайды. Ауыл иесі бұл жаққа бірінші келгендерін, өзі Дайыр төре екенін, уақытша жарты айға рұқсат етуін, ақысын малдай төлейтінін айтады. Саботаны аттан түсіріп қонақ жасайды. Үйлерден алыстау бәрі бірдей, сүліктей қара 11 жорға ат, құйрық жалы сүзіліп кермеде тұрады.

Сабота бұған аң-таң, ауылдың көшуге беті жоқ, кермеге неге байланған деп ойлайды. Сабота қонақ болып, аларын алып ауылына қайтады. Айтылған мерзімде қайта келіп, Жосалының биігінен қайта қараса бұрынғы жаппа тігілген ақшаңқан ақбоз үйлер, қаптаған мая. Бұл қалай деп ауылға таяса, кермедегі 11 қара жорға жоқ. Ауыл сыртында бір малшыға жолығып «бұл кімнің ауылы» десе, «Дайыр төренің ауылы» депті. Сонда Сабота би: «Ә!

Жанқұтты сен құртқан екенсің ғой, 11 қара жорға сенің көмекейіне түскен екен ғой!» - деп ауылға келіпті.

Ештеңе демепті, бәрі түсінікті болса керек. Ол кезде бүкіл Әлтеке – Сарым елінің иесі Ботантайдың Жанқұттысы болса керек. Ауыл иесі Дайыр төре Саботаны аттан түсіріп, үлкен ордасына кіргізеді, барлық салтанатын көрсетеді. Құлын сойып, қонақ қылады. Жер жөнінде екі жақта үндеспейді.

Сабота таңертең ерте тұрса, бай мен бәйбіше әлі тұрмапты. Төсектің алдында бәйбішесінің дамбалы (кең жұқа шалбар) жатады. Сабота дамбалын алып киіп алады да, сыртқа шығып кетеді. Үй иелеріде тұрады. Таңертеңгі асқа отырады. Бай Саботаға «киімді неге ұзынды-қысқалы кигенсіз», дейді. Сонда Сабота: «ұзыны – ұлымдікі, қысқасы – қызымдікі, әркім барын киеді де» - деп жауап беріпті. Ол кезде Дайыр да бала жоқ болып, сол баланың жоқтығына тигізсе керек.

Шәй үстінде шалбарының балағынан бәйбішенің дамбалының балағын шығарып қояды, оны төре де, бәйбішесі де байқап ештеңе демейді. Төре шай аяғында: «би, бір ат мініп кетіңіз, алғызып қойдым» дейді. Алдында сыртқа шыққанда кермеде бір кәрі құла қасқа атты көрген екен. Сабота би жарайды, «берген атыңыз атаңыздан қалған кәрі болмай, бесті болсын, өзі жуас есті болсын, жүрісі Жанқұттының сөзіндей болсын, семіздігі өзіңіздей болсын», - деген екен.

Төре қайыра жылқыдан басқа ат алығызып ерттетіп, атын мойнына байлап қосарлап қойыпты. Сабота отырған орнынан тұрмай, екі иығын кезек-кезек сипалап отырып алыпты. Төре түсініп, иығына су жаңа шапан жауыпты.

Сонда да Сабота тұрмай екі жағын сипалап отырып алыпты. Сонда төре, «е... бұл би енді ақша сұрап отыр ғой» деп шешіп, бәйбішесіне айтып, бір тайтұяқ алтын бергізіпті. Сонда ғана Сабота би орнынан тұрып шығуға бет алыпты. Дайыр төре далаға қоса шығып, аттандырып тұрып: «Биеке көрсеткен сыйымызды көптей көріп айта жүріңіз», - десе, Сабота би: «Төре, Жанқұтты екеуіңнің

жақсылықтарыңды елге жаямын, ол аз десендер Омбыға дейін жеткіземін» деп қош айтысыпты.

Содан Қарқаралы барып, одан әрі Омбы барып, губернаторға жерін тартып алып отырғанына арыз беріп, губернатор арқылы істі сотқа түсіріп, жеріне ақша кестіріп, жыл сайын аренда төлеп отыруға шешім шығарыпты. Өле-өлгенінше Дайыр төре Саботаға аренда төлеп тұрыпты, тек Сабота өлген соң ғана Ақтоғайға иелік етіпті. Естіген құлақта жазық жоқ!

* * *

ӘЛЕКЕҢ (ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВ) ТУРАЛЫ

Батырдың 5-ші ұрпағы Әлекеңнің туысы Қасымбектің Әділғазысының әңгімесі.

Әлекең бір келгенде, Петербургте оқыған кезінде ақшасының тапшы болып, қоң торғай жүрген кездері туралы айтыпты. «Біз 3 адам бір бөлмеде тұрдық, үшеуімізде де ақша тапшы болды, базардан бір тұтас тауық сатып алдық.

Содан күніне 4-5 литрлік ыдысқа су қайнатамыз да, су қайнаған кезде тауықты суға 2-3 рет тез матырып-матырып аламыз да, тауықты дорбаға салып, терезеден сыртқа іліп қоямыз. Сол тауықты бір айдан астам пайдаландық, қайнаған суға тұз, бұрыш қосамыз, соңғы 31-ші ретте тауық қайта суырып алуға келмей, қайнаған судың ішінде іріп кетті, көжеміз қайыра қою болды. Біздің көже-катығымыз осылай болды» депті.

Менің әкем Мұқажанның (1910-1985) әңгімесі.

1921-1922 жылдары Әлекең өкімет жарлығымен ел ішінде болған қезі болу керек. Ауыл қыстақтан жайлауға көшеді, көшкенде таңертең түйелерге, арбаларға жүк салып қалаған жеткен жерлеріне қайыра үй тігіп, бірнеше күн ерулеп, одан кейін қайыра көшу

жалғаса береді екен. Сөйтіп жайлауға шейін әлденеше қоныс аударады. Әрбір көшкен сайын сол жерден құдық қазу керек, құлынға желі тарту керек, отын дайындау керек, бұл жұмысты байлар, олардың отбасы істемейді, есікте жалшы болады.

Әлекеңнің ауылы да өрен-жаранымен 7-8 үй екен. Қонатын жерде қарбалас жұмыс басталған, артта қой мен сиырды айдап келе жатқан Боксары елінің ішінде Тәңірқұл атаның азаматы Шоқат деген жалшы. Ол кісі де ауыл малын қонар жерге айдап жеткізген бетте, бір үйден «Шоқат құдық қаз, су жоқ» деген, екінші үйден «Шоқат жағатын тезек тер, отын әкел», тағы бір үйден «бұзауларды байлайтын орын жоқ, орын дайында», біреулері «бие қалай байлаймыз, құлынға желі тартылмапты» т.т. тапсырмалар беріліпті. Бәрінің айтуларымен Шоқат ерсілі-қарсылы жүгіріп, тапсырмаларды жаны қалмай орындапты. Ол жерден 4-5 күннен кейін қайыра көшіп, қайта жаңа жерге келгенде тағы осы жағдай қайталаныпты. Содан Әлекең ауылдың еркек-әйелін тегіс жинап алып: «Сендер нешеусіңдер, ал Шоқат нешеу?» - деп сұрапты, елде үн жоқ. «Сендер көпсіңдер, ал Шоқат жалғыз, ол қалай үлгеріп, қалай шыдайды. Бұны қойыңдар, оған мал айдап келген де жетеді, сендер оны күтіңдер, сыйлаңдар, келешек өмір осы Шоқаттікі, сендерді келешекте осы Шоқат қорғайды, басқа пана жоқ сендерге» - деген екен. Содан ауыл адамдары Шоқатты өздеріндей тең көріп, жұмсамайтын болыпты.

Міне, Әлекең туыстарын осылай жөнге салып, еңбекке баулыпты.

Бейсенбайұлы Алтынбектің (1904-2000 ж.ж.) әңгімесі.

Әлекең елде жүрген кезінде (1921-1922 ж.ж.) атпен жүргенді өте ұнатады екен. Астында құндыздай қара, денесі жас құлын сияқты, екі құлағының түбінде, желкесінде байлаған үкідей уыс аппақ жалы бар, құйрық жалы да құлынның құйрық жалындай бір ерекше ат мінетін. Аты біздің ауылда Тәтидің үлкені Әкімбектің үйінде кермеде байлауда тұратын. Ауыл балалары, жастары

тегістей жиналып тамашалайтын едік. Кейін Әлекең елден кеткен соң, атты ешкім мінбейтін болды. Әлекең барда Төре ауылы бәйгеге қосамыз деуші еді, кейін қоспайтын болыпты деп естідік. Тәрізі Әлекеңнің ұсталуына байланысты ғой деп ойладық.

«Жынды» Ысқақтың әңгімесі

Мен Сәуле елді мекенінде қызметтемін, көрші «Қоңырат» совхозының мен қатарлы жастарын қымыз ішуге Сарыөзек маңайында отырған ауылға шақырды. Жаңа жұрт, айнала көк шалғын, 10 шақты аппақ киіз үйлер. Танертеңгі 10-дар шамасы, бір дастархан адам, орталарында атақты «жынды» Ысқақ атамыз бар, үлкеннен сол кісі ғана, басқалары мен қатарлылар. Осы кезде (1965 жылы) әлі де шөпші, егінші ауылдар киіз үймен көшіп жүретін, бәрі бие байлайды. Бір басынан бастап қымыз ішуді бастадық. Содан кейін тойғанымызша келесі үйлерге кіру дәстүріміз, әр дастархан бәсекемен тамағын қоса жасайды. Әңгіме айтылды. Менің «Қаратал» совхозының тумасы екенімді, Әлихан Бөкейхановтың туған ауылынан екендігімнен хабардар болуы керек, Ысқақ (Секең) ақсақал әңгімесін айтты.

«Соғыс аяқталғаннан кейін бірде Москваға, халық көрмесіне бардым. Көрмеден бір бос уақытымда Әлиханның қызы Лизаны іздеп барып амандастым. Өзімнің Қарағанды облысы, Қоңырат ауданынан екенімді айттым. Лиза сәлемімді алып, «Ел аман ба, Бажай аман ба?» - деді. Мен «аман-аман» дедім. Ол кісімен сәлеміміз осымен бітті. Сол Бажайдың кім екенін мен білмеймін деп, менен сұрады. Мен Бажай деген біздің туысымыз, жас кезінде Әлиханға, оның үй-ішіне қызмет жасаған, өзі әнші, өзі ертегіші, ширақ адам болған, жол жүргенде төре ауылының көшірі болып, балаларына ән айтып, ертегі айтып қызмет көрсетіпті, содан Лизаның ойында қалған шығар деп жөнін айттым.

Содан Әлекең оқуын бітіріп елге келгенде, әкесі үлкен той жасапты. Тойда бәйге ұйымдастырылып, балуан күрестіріліп, ән айтылып, жеке өнерлер жарысы да болыпты. «Ата, сол жарыстың

бірінде елді күлдіру үшін бір өнер көрсетуге Сіз де шақырылдыңыз. Сіз өз кезегіңіз келгенін той басқарушы ымдағанда өзіңден жоғары отырған Әлекеңнің тізесіне «Әй Төре, шеш мына етігімді» - деп аяғыңызды тастай салыпсыз, ел ду күліпті, бірақ Әлекең үндемей қалыпты. Содан той басқарушысы: «Әлеке, біздікі әбестік болды-ау, кешіріңіз», деп бәйек болыпты. Сонда Әлекең: «жөк, қысылмаңыздар, бірақ біліп қойыңыздар, Құлдың осы аяқ салғаны салған», депті, сол рас па?», дедім.

Сол-ақ екен күні бойы арындап, бірталайын әке-шешеден ығын тауып боқтап, күлдіріп отырған Секең сап тыйылды, екі көзі канталап, үні шықпай қалды. Біз бірімізге біріміз қарап, қымыз да, дәм де жайына қалып, біртіндеп шығып кетіп, әрқайсымыз өз ауылдарымызға тарап кеттік. Мен бұл әңгімені айтуым керек пе еді, айтпауым керек пе еді деп көп ойланып жүрдім. Бірден айтқаным да дұрыс болды-ау деп ойладым, өйткені Секеңнің өткен өмірінің бір өкініші болған сәті ғой, сондықтан да сондай күйге түсті ғой, оның растығын айтпаса да, мойындағаны ғой деп ойладым.

* * *

ТӨРЕЛЕРДІҢ АҚТОҒАЙ ЖЕРІНЕ КЕЛУІ.

Қазіргі Қарқаралы ауданы жерінде бір үлкен ас болып, бәйге жарысы, балуан күресі өткізіліпті. Аттар өте алысқа айдалып, бәйгеде бірінші болып Құсбек төренің «Ақ құлақ» аты келіпті, бас бәйгені иеленіпті.

Күрес басталапты. Нелер азаматтар өз қатарластарын тегіс шығып, күрестен кейін бәрі бәйгелерін алыпты. Содан түйе палуанға Құсбектің әлде баласы, әлде інісі (менің ойымда қалмапты) болар, соны нокталап алып шығыпты. Өте денелі, бұл төңіректе жаурыны жерге тимеген азамат екен. Туыс болса да, Құсбек пен Рүстем батырдың арасында қыжыл бар екен, Рүстем

аулына Құсбек төре шаншар елін қарсы қойып, ел берекесі кетіп тұрған болуы керек. Үлкендердің жобалауынша, бұл 1855-1860 жылдар аралығы тәрізді. Осы аста, Құсбек балуанына ешкім батылы барып шықпайды. Содан Рүстем қарауындағы ақсақалдар өзара ақылдасып, Рүстемнің 17-18-ге жаңа келген жас бозбала баласы Сартаққа шық дейді, амалсыз Сартақ шығады.

Сартақ жас болса да иықты, жауырыны қақпақтай, қимылы шалт, сөз ілеспейтін жылдам жігіт екен. Құсбектің балуаны бала Сартақты менсінбей таяйды, сол екі ортада Сартақ көз ілеспес жылдамдықпен түйе балуанды ұстаған бетте жерге ұрып жібереді де, құлаған бетінде басынан секіріп аттап өтеді. Түйе палуан тұра алмай қалады, сөйтсе бұғанасы үзіліп кетіпті.

Ол уақыттағы халық арасында жазылмаған заң бойынша төренің басынан төре аттамайтын болған, аттаса, заң бұзғандық болып, қатты жаза кесіледі екен. Содан аста төбелес басталып, халық екіге жарылып, астың берекесі кетеді. Сол күні түнде Рүстем елін алып, оңтүстікке қаша көшеді, ертеңіне Құсбек пен Жамантай Рүстем ауылын таба алмай қалады.

Рүстем қазіргі Қызыларай орталығы тұрған Ақжарыққа келіп бір-ақ тоқтап, ауылын қондырады да, Қырғыздың бір батырын (атын ұмытым) Құсбектің Аққұлақ атын алып келуге жібереді. Қырғыз батыры ертеңіне кигіз үй ішіне кісендеп қойған Аққұлақ атты алып келеді. Артынан қуғыншылардың да шаңы көрінеді. Рүстем қуғыншылар жеткенше Аққұлақ аттың басын қылышымен бір-ақ шабады, қуғыншылар үлгермей қалады. Бұл Рүстем Балқаштың қамысынан Жолбарыс соққан батыр кісі, оның соққан жолбарысының терісін бір үйде ілулі тұрғанын көріп поляк революционері Янушкевич жазған екен бір жерде Рүстеммен жолығып, әңгімелескенде.

Міне, содан төрелер біздің елге сіңіп кеткен екен. Содан да болар, жарықтық біз көрген Сымахан төре «біз төреміз, оның ішінде Құлықтың бір атасымыз» деп отырған. Біз бәріміз де өмір бойы ниеттес болып келеміз. Алла бізге береке-бірлік нәсіп етсін!

Ақтоғай ауданының ақсақалы Хамит Стамқұловтың әңгімесі.

1974 жылдың жаз айы, Ақтоғай селосында «Жамшы» совхозының бірінші бөлімшесі «Калинин» аулында (қазір Қаратал ауылы) тұратын, аудан көлемінде көп жылдар әртүрлі қызмет атқарған Хамит ақсақал көлік іздеп жүр екен. Ол кезде совхоз кеңсесі «Бірлестік» елді мекенінде болатын. Совхоз орталығын саламыз деп, қазіргі Нүркен елді мекені тұрған жерді белгілеп, жұмысқа кірісіп жатқан уақытымыз еді. Аудан орталығынан қайтқанда, сол жерлерге соғуды жоспарлаған едім.

Әр жағында 25 шақырым жерде «Калинин» ауылы, Хамкене мен жол жөнекей орталық болатын жерге соғып, содан әрі апарып салайын дедім. Хамкең қуана-қуана машинаға отырды. Әңгіменің тиегін ағытты, Төрешоқының қайқаңына қалай келгенімізді де байқамай қалдық. Алдымызда Майөзек алқабы. Хамкең әңгімесін тыңнан бастады. «1928 жылы біздің аудан құрылып, орталығы Дуанши болды, аудан құрылған күні үлкен той болды, ат жарыс, балуан күрес, ән жарысы болды. Сол ән жарысында мен I орынды, Манарбек Ержанов II орынды жеңіп алдық. Ол кезде менің ән айтатын және жақсы айтатын кезім еді, бірақ бізден де артық айтатын азаматтар болды.

Бірде бір топ жастар Құлық Адамбек ауылынан, Бақыркөмген деген жерден таңертең шығып келеміз. Топтың ішінде адамның сұлуы, өзі әнші, Алшын (кіші жүздің руы) Аман және ішімізде, ол уақытта Қоңырат ауданының соты Сапарғали Бегалиннің інісі бар, оннан астам жігіттер. Майөзекке жеткенде, осы өткел маңайында Бегалиннің інісі мен Аманның арасында реніш басталды. Сапарғалидың інісі қатты ашуланып тақымындағы мылтықты жұлып алып, Аманды атып жіберді. Аман аттан ұшып түсті, біз не болғанын білмей де қалдық.

Сол жерде ауылдан бақан, арқан, кигіз әкеліп, соған Аманды жатқызып, қайта Адамбек ауылына әкелдік. Аман 3 күннен кейін көз жұмды. Бұл хабарды естіген Сапарғали Бегалин інісін алып,

бірақ түнде Алматыға қарай көшіп кетті», деді. Хамкең «Аманның дауысы ерекше еді, аудан ашылғанда Манарбек Ержановтан озып, бірінші орын алған мен оның ширегіне келмейтін едім, не керек өнері жер қойнына кетті ғой», деп терең күрсінді.

Орталық болатын жерде жұмыс жасап жатқан жігіттерге жолығып халдерін біліп, тапсырма беріп, өзеннен өтіп сүрлеу жолмен келе жатырмыз. Бір жерлерде ертеректе жерленген адамдардың қабірлері бар екен, жанынан өттік, бастарында ешқандай белгі, нысана жоқ.

Хамкең, «мына бір қабір Әлтеке Абыздың қабірі, осында біраз абыздар бар, ешқайсысы керек қылмайды, келе-келе ешкімнің есінде қалмауы мүмкін» - деді. Содан уақыт өте келе сұрастырсам «Калининде» тұратын Сыздық, Жамшыбай ақсақалдар Абыз ұрпақтары екен.

Бірде Сыздық ақсақалға жолығып, «Сізге не көмек керек, айтыңыз, атаңыздың басына бір белгі орнатқаныз дұрыс болар, еш қатысы жоқ басқа атаның баласы Хамит ақсақалдан естідім, бізге ұят болар» - дедім. Сол жаздан кейін Сыздекең цементтен белгі орнатамын деді. Кейін Жамшыда жүргенде де Абыз атаның жас ұрпақтарына, Тельманның Жангелдісіне, Зарубайға сан рет айттым, тіпті Қараталға көшіп кеткен соң да «неге белгі орнатпайсыңдар, неге қоршамайсыңдар, шалдар тегіс өліп қалды, мен де қартаюға айналдым, мен өліп қалсам, сендерге кім көрсетеді Абыздың жатқан жерін» деп әлденеше рет айттым.

Содан бірде Жамшыбайдың Серікбайы, Алдақаев Шәкәрімнің Серігі Қараталға мен іздеп келіп, Абыздың жатқан жерін көрсетуімді сұрады. Мен 100 шақырымнан артық жол жүріп, барып көрсеттім, рахмет! Келесі жылы басын қоршап, үлкен ескерткіш орнатты, ұрпақтары жиналып, елге ас беріп, катым-құран түсірді. Абыздың әкесімен Жидебай әулие бір әкеден туған ағайындар. Абыз да қасиетті адам болған, қазір Әлтеке елінің бір тармағы Абыз атаның артында бір рулы ел болды.

Осы істің атқарылуына басшылық жасаған, үлес қосқан ата ұрпақтарына, оған ой салған Керей елінің ұрпағы Хамит ақсақалдың рухына мың тағзым, Алладан қайтсын!

* * *

ТОБЫҚТЫ ҚАРАМЕНДЕ ӘУЛИЕ ТУРАЛЫ

1. Қарекен Әулие ержетіп, бозбала кезінде анасына еркелеп, тізесіне басын қойып, «анашым, мен алғаш есім кіріп, көзімді ашқанда үйдің іші неше түрлі қызылды-жасылды болып тұрды, осы уақытқа дейін сол не деп ойлап жүремін», депті. Сонда анасы көп ойланып отырып, «қарағым-ай, сен туған күні Құрбан айт күні еді, оның үстіне мен қиналмай босану үшін жүктің арасындағы барлық әдемі бұлдарды, киімдерді үйге іліп қойып едік, туып көзінді ашқанда соны көрген екенсің ғой», деген екен. Осыдан кейін Қарекеннің әулиелігіне, ақылына шек келтіруге бола ма, не ғаламат?

2. Бірде Қарекен Шыңғыстаудағы қалың тобықты несі Кеңгірбай би сәлем айтыпты. Сол сәлемге жауабын жеткізуге Қарекен қасына кісілер қосып баласы Келтені жіберіпті, бірақ «жолда Қазыбек бидің ауылы бар, оған соқпай айналып өт деп тапсырыпты», дейді. Келте айтқандай ешқайда соқпай, Кеңгірбайға әкесінің сәлемін жеткізіп қайтады, бірақ жол Қазыбек бидің аулының үстінен шығыпты. Еріксіз ауылға түсіп, сәлемін беріп, өзін таныстырып, асығыс екендігін айтып, сусын ішіп қана шығады. Сусын ішкенде, үлкен сапараяқпен берген қымызды бір-ақ жұтады, сонда аяқтың шеті мандайына тарс етіп тиеді. Аттанарда Қазыбек би: «қарағым, әкең атынды дұрыс қоймаған екен, алла жазса қайыра қойсын» - деп, қастарына үш адам қосып береді, біреуі молла, екеуі ширақ епті жігіттер екен. Содан ауылдарына таяғанда Келте ауырып, көз жұмады, екі жігіт алып шыққан арқан жіптерінен, екі салдауларынан құрастырып мәйітті елге жеткізеді. Сонда Қарекен

не сезді, Қазыбек бабамыздың айтқандарын қалай біледі, бабамыз Келтенің жолда дәмінің бітетінін қалай білді, адам болмысының құпиясын тек әулиелер ғана білген бе?

Кәрім алла, әулиелерге иман байлығын берсін!

ҚҰЛЫҚ ШАТЫРБАЙ ТУРАЛЫ

Ақтоғай өңірінен шыққан өлкетанушы, акын-жазушы Қасымхан Қаленұлы бірде әңгімелеп еді: Алматыға барып, кол бос кезімде музейге барып аралап жүргенмін. Жұмыс уақыты бітіп, елдің бәрі шығып кетіпті, менен басқа бір ақсақал адам ғана қалыпты. Мен шығуға бет алғанымда, ақсақал кісі, «қай жердің адамысың, елің кім?», деді. Мен Қарағанды облысынан, Сарым деген елдің ішінде Шабанбай боламын, әкем аты Қален, өз атым Қасымхан дедім.

Ол кісі «дұрыс, нағашың қай ел?» - деп сұрады. Мен нағашым да Сарым, оның ішінде Құлық деген ел дедім. Ол кісі тағыда «дұрыс, мен де сол жақтан, Керней деген ел боламыз, атым Жүсіпбек Алтайбаев, білетін шығарсың, «Араның» бас редакторы боламын, нағашың Құлық болса Жарылғап батырдың немересі Бәйсейіттің «бабам Жарылғап болып кірген байлығым, Құлық Шатырбай болып шығасың-ау» деген сөзін білесің бе?» - деді. Мен білмейтіндігімді айтып едім, «оның жарамады, еліңе барған соң сұрастыр», - деді.

«Сол Шатырбай кім екенін білесің бе?», деп Қасымхан маған телефон шалды. Ол кезде қазіргідей шежіре жазушылар жоқ, ата, ру дегенді қоғамның ағымына қарай ешкім айтпайтын уақыт. Сондықтан мен де білмедім. Бірақ кездескенде «Жамшы» совхозының сыйлы еңбек адамы, Құлық Көпбайдың Зікіриясынан сұрадым, ол кісі де Құлық Шатырбайды білмеді. Осы сұрақты әкешем отырған «Қаратал» совхозына барғанда, әкем Мұқажаннан сұрадым.

Әкей «қарағым-ау, саған ұят болған екен, сенің жас кезінде Құсбек деген кісі болғанын білесің ғой, сол кісіні елдің бәрі Кәкең дейтін, Шатырбай сол кісінің әкесі, оны неге сұрадың?», деді. Мен жоғарыдағы әңгімені айттым. Әкем, «ол рас, Шатырбай балалары көп, өзі кедей болыпты, содан Керней елінің байы Бәйсейітке жалданып, байдың карамағында болыпты. Ол кезде ел арасында барымта-қарымта деген болады, соның бірінде келесі қарсы елден адам шығыны болып, Бәйсейіт жалалы болып, билер соты құн кесіпті. Ол уақыттың үрдісі бойынша кесілген құнды әр түгін бөліп төлеу керек екен, егер малы болмаса баласының біреуін беруге міндетті. Сөйтіп кедей болса да, Шатырбайда жалалы болып шығады. Белгіленген мерзімде құн алушылар келеді. Шатырбайда мал дегенде жалғыз көк ала бас кәрі атаны болыпты, соған қосы мен балаларын артып алады екен. Түйені берсе, Бәйсейіт алудан бас тартыпты, оны құн алушылар алмайды, одан да балаңның бірін бер депті. Шатырбай қатты сасып, байдың бәйбішесіне айтады, бұл кезде құн алушылар Бәйсейіттің үйінде асқа отырыпты. Бәйбіше тыңдап, ас ішіп біткен соң қонақтар сыртқа шығар, сол кезде есік алдыңда жүремін ғой, ұмытып кетпеуім үшін, түйенді көрсете беріп жетектеп жүр деп тапсырыпты.

Содан қонақтар сыртқа шыққанда Бәйсейіт түйесін жетектеп жүрген Шатырбайды көріп, «анау неге жүр» десе, бәйбішесі, «байеке оның бары сол, несін береді?» депті, бұны құн алушылар да естіпті.

Егер түйеге бай келіссе, оның орнына құн даулаушыларға өз малын беріп құтылатындықтан, ол жағдай жанына батқан соң, «бабам Жарылғап батыр болып кірген дәулетім, Құлық Шатырбай болып шығатын болдың-ау», деп күңіреніпті. Ол заманда осындай қатал дәстүр орын алған. Бұл дәстүрдің екінші жағы – түрмесі, полицейі, прокуроры жоқ ол заманда, бір адам бүкіл ел үшін, бүкіл ел бір адам мүддесі үшін жауап берген. Сондықтан да казак арасында ешқандай бас бұзарлық болмаған, әлде кездесе қалса, халық болып тезге салған.

КЕНЖЕ АҚЫН МЕН БАЙСЕЙІТ

Қыстың қатты бір аязды күндері болып, Шор елінің атақты ақыны Кенже Қарқаралы оязының кеңсесі маңынан қасында екі-үш кісімен өтіп бара жатқанда даурыққан адамдардың дауысын естіп, қасындағы адамдардан сұрапты. Кенженің екі көзі су қараңғы соқыр екен, өзі үсті жүдеу, кедей адам екен. Қасындағылар «бұл нөкерлерімен Бәйсейіт қой, ояздың кеңсесінен көңілді шығып барады» десе, Шор Кенже «үстінде не киімі бар?» десе, қасындағылар «жалтылдаған жанат ішігі бар», депті. Сонда Шор Кенже: «Ей Бәйсейіт, ішігіңнің жағасын «бәленше етейін», - деп боқтап жіберіпті.

Бәйсейіттің нөкерлері «мына қайыршы неге боқтайды, біз тәубесіне түсірейік» деп тап берсе, Бәйсейіт «Ей, тоқтаңдар, кім екенін және қайда тоқтапты, астыртын соны біліңіздер», - депті. Нөкерлері оның Шор Кенже екенін және тоқтаған үйін анықтап келіпті. Сонда «сендер дайындалыңдар, біз ол кісіні қонақ қыламыз» десе, нөкерлері реніш білдіріп, «бұныңыз қалай, ол қайыршы, Сізді боқтады, ал Сіз құрметтеуіңізді қалай түсінуге болады», - депті. Сонда Бәйсейіт: «Ол Шор Кенже ғой, қазір көйлегі тозып, жағдайы болмаған ғой, ол мені боқтаған жоқ, ол ішігімді айтқаны, атаң Құдабай суықтап ұшып өлмеп пе еді? Бұны ушықтырмаңдар», - деп, нөкерлерін таңқалдырыпты. Содан Шор Кенжені алдырып үлкен қонақ жасап, астына ат, үстіне шапан жауып, киіндіріп аттандырыпты. Міне қазақы қасиеттілік, кісілік осылай болған.

БАЙСЕЙІТТІҢ НҰРЛАНЫ

Бәйсейіттің жалғыз ұлы Нұрлан өте жомарт болыпты, кім не сұраса соны беріп жібереді екен. Ауылдың сыртындағы төбенің артында Бәйсейіт тосып тұрып жаңағы алған адамнан, Нұрланның бергенін алып қалады екен. Алған адам «мен сізден емес,

Нұрланнан алдым ғой» десе, Бәйсейіт «саған Нұрлан береді, маған кім береді?» - дейді екен. Сол жалғыз нағыз жас жігіт шағында қайтыс болып, қабірге денесіне батады деп, құс төсегімен, құс жастығын Бәйсейіт жайғызыпты, сонда молла ақыреттен басқа болмайды десе, Бәйсейіт «құлыным-ай, сен бәрін түсініп білсең де, мен фәни дүниенің опасыздығынан хабарсыз болыппын-ау», - деп жылапты.

Сөйткен Нұрланы Кенесары-Наурызбай көтерілісіне жанашырлық жасағаны үшін істі болып Қарқаралының түрмесіне қамалыпты. Бәйсейіт барса, ояз қабылдамай, Нұрланның ісі насырға шауып, әскери сотқа тартылатын болып, амалы таусылыпты. Содан ояз кеңсесін торуылдап жүрсе, ояз кеңсесінен нөкерімен Шорманның Мұсасы көңілді шығып келеді екен, көліктеріне қарай бұрылып кетіп бара жатқанда Бәйсейіт танып, қатты дауыстап: «Ей Мұса, жақсылығыңды тегістей Баянауылға әкетесің бе?», - депті. Мұса тоқтай қалып, қасындағы нөкерлерімен қысқа күбірлесіп қайыра бұрылып ояздың кеңсесіне кіріпті. Біраз сүт пісірім уақыттан соң қайыра шығып, «Бәйсейіт, балаң босайды», - деп жүріп кетіпті. Бұндай сөз қадірін бағалау, түйсіну, осыншама бәріне бірінің бауырлық шексіз мейірімділігі біздің қанымызда болған ғой, шіркін әулие бабалар-ай, жатқан жерлерің жарық болсын!

* * *

Тобықтыда Құнанбай Өскенбайұлы, Сарымда Жанқұтты Ботантайұлы қатты сыйлас болыпты, араларынан қыл өтпес достар екен. Бірде Қүнекең келешегін ойласа керек, Сарым елінен жер сұрапты. Содан Жақсы Жанқұтты өзі шеше алмай, әр атаның игі жақсыларын шақырыпты. Оған жалғыз Әлтеке-Сарым елі емес, Шұбыртпалы Қоңырбайдың Ағыбайы, Кернейден Бәйсейіт, басқа да рулардың жетекшілері келіпті. Ол жиынға Қүнекең де келіпті. Қүнекең Жанқұттының үйінде бұрын келгендермен әңгіме дүкен құрып, тынығып жатқанда сырттан сәлем беріп Бәйсейіт кіріп келеді. Есіктің алдында тұрып, бір көзін ашып қарап жатқан

Күнекенді көріп, «Ей Жанқұтты, ақыр заман боларда жер астынан жалғыз көзді дәу шығады деуші еді, мына жатқаның соның өзі ме, әлде көзі ме?», - деп шығып кетіпті. Содан Күнекең басын көтеріп, «Жанқұтты, біз кетеміз» деп, адамдарымен қайтып кетіпті, жиынға қалмапты. Естіген құлақта жазық жоқ, ел аузында осы әңгіме сақталыпты.

* * *

ТОЙ ЖАСАУ ДА ҚЫЛМЫС БОЛҒАН ЗАМАН

1938 жылы «5-Декабрь» колхозында Мәстек бұлағының басында колхоз мүшесі Тәсбаев Қосман мен Құлпейіс (қырғыз) Марияның үйлену тойы болып, тойда құнан жарысы ұйымдастырылады. Бұндай той ол уақыт үшін үлкен салтанат еді. Қосман Тәсбаев – колхоз басшысы Мұсахан Жұмановтың інісі. Той үстіне ол уақытта Қоңырат ауданы аталатын аудандық партия комитетінің III хатшысы Адамов және райком пропагандисі Ақберген Ақтамбаев келіпті.

Ол кезде жыл бойы науқан үзілмейді, шөп дайындау науқанының кезі, ал колхоз басшысы «дүрілдетіп» той өткізіп жатыр деп райком хатшысы дереу қайтып кетеді. Содан аудандық «Қызыл ту» газетіне «Марияның тойында, Жұмановтың ойыны» деген фельетон шығады. Осыдан Мүсекең 1 жылға сотталып, бұрын Хансүйегі (Бөкейханов Шыңғыстың сүйегі сонда екен) ол кезде Шоқай станциясы, кейін Токаревка деп аталған станцияда кесілген жазасын өтеп шықты. Мүсекең одан кейін Ұлы Отан соғысына қатысып, аман-есен елге оралып, елінің сыйлы, ақылгөй қариясының бірі болды.

ҰЛЫ АБАЙДЫҢ «ҚАРТАЙДЫҚ, ҚАЙҒЫ ОЙЛАДЫҚ» ӨЛЕҢІ ТУРАЛЫ ПІКІР

2014 жылдың 16 наурыз күні болуы керек, «Қазақстан» телеарнасында ғалым, театр сыншысы Әшірбек Сығайдың «Көзқарас» бағдарламасына сұхбатқа жазушы Әкім Тарази қатысты. Әңгіме Абайдың «Қартайдық, қайғы ойладық» өлеңі туралы болып, Әкім Тарази бұл өлеңді Абай 42 жасында жазған еді, сол жасында Абай кәрілікке қатты бой ұрып, ешкіммен сөйлеспей жатып алған екен, біреу келсе басын көтермей, теріс қарап, «жүре беріңдер» – дейді екен дегенін көріп отырған көрермендер тегіс естіген шығар. Бұлай болуы мүмкін емес, классик жазушы неге сүйеніп айтты екен?

Бірде, 1966 жылдың жаз айында, қызмет бабымен біраз жігіттер Балқаш қаласында болдық. Сонда жүргенде біздің елдің атақты ақсақалы Сымақанның ауырып қалғанын естіп, көңілін сұрауға үйіне бардық. Бұл кісі Алаш көсемі Әлихан Бөкейханның өзіне тете туған інісі. Сәлем беріп, өзімізді таныстырдық. Әңгіме барысында айтар сөзін ұмытып қалып, бәйбішесіне қағаздарын алдырды. Бір қапшыққа салынған қағаздарын әкеліп жанына қойды. Қолына Мұхтар Әуезовтың, Сәбит Мұқановтың, академияның т.б. хаттары бірінен кейін бірі түсіп, айтып отырған әңгімесінің желісі бұзылып, әңгіме тақырыбы Абайға ауысты. Абай туралы, әкесі Құнанбай туралы көп әңгімелер айтылды. Соңында «Сендердің оқып жүрген Абайларың 40 жасқа толғаннан кейінгі Абай, бұны мен Мұхтарға жазғанмын» – деді. «Абай 40 жасқа дейін ақындыққа, даналыққа бет бұрған жоқ, тек 40-тан кейін араласты, мен Абай ауылында 10 жылдай сот болып, сол Абайды көзі көрген ағайын-туыстарымен көп араластым» – деген еді.

Баяғыда, бүкіл дүниені ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстап тұрған алып империя СССР-дың билеушісі Никита Сергеевич Хрущев бір сөзінде: «ғылым бойынша адамның ақылы 60 жасында толады екен» – деген еді. Енді данышпан

Абайдың ақыл-ойы ғылымдағы 60 жастан бұрынырақ, 40 жасында-ақ кемеліне келіп толса, басканың 60, 70, 80-інен бұрын сезілсе, оған кінәлі ме, қартаю туралы жас кезінде жазғанның несі айып? Орнынан тұра алмайтын халге жетсе, үнемі Семейге қалай барып тұрған? 50-ден асқаннан кейін неге әйел алған? Еңбектерін қалай жазған?

Әлі де бізде түсінбеушіліктер көп-ау...

01.03.2019 ж.

АҚТОҒАЙДЫҢ ТӨРТ АХМЕТЖАНЫ

XX ғасырдың бірінші жартысында саналы ғұмырларын Ақтоғай халқына арнаған Ахметжан атты төрт азамат ғұмыр сүріп, өз замандарының құрбаны болыпты, олар:

1. Сармантайдың Ахметжаны – Тобықты елінің Мандар бұтағынан, Байзақ батырдың ұрпағы, «58» деген күйдің авторы, сазгер, домбырашы.

2. Бекпенбеттің Ахметжаны (1865-1932) – Сарым елінің, Шабанбай бұтағынан Тоқырауын болысының №10 ауылында би болған, 1905 жылы Ресей патшасына жолданған Қарқаралы петициясына қол қоюшы 42 адамның бірі, Ақтоғай ауданының түрмесінде өмірден озған, қабірінің басына бейіт көтерген туыстары Бекқұлдың Ғабдолласының ұлдары Сәдуақас, Мажетай, Бекқұл мен Бекпенбет Нұржықтың балалары. Ахметжан төңірегіне ел азаматтарын, батыл жігіттерді жинап, патша құлап, олқын-толқын заман кезінде Тоқырауын бойының ел-жұртын қарақшылардан қорып (ағы бар, қызылы бар) көп еңбек жасаған, сол еңбегінің құрбаны болған. Заманында 3 әйел алып, олардан Әсет, Шәймерден, Шорман, Махмет, Мүбәрәк, Ұлжан туса да, тек Әсеттен Руслан атты бір ұрпақ бар. Соңғы зайыбы Ақбілек 18 жасында Ахметжанға қосылып, 1972 жылы дүние салған, Ақбілектен жалғыз Ұлжан туады. 2018 жылы 100 жасқа толды.

3. Талпақтың Ахметжаны - Сарым елінің Байдаулет бұтағынан, заманында бірнеше рет болыс, би болған, еліне еңбегі сіңген, ұрпақтары бар.

4. Шомақ Ахметжан - тобықты елінен, оның ішінде Шомақ бұтағынан елге елеулі, заманында би болған, дуалы ауызды адам.

Осы төрт Ахметжанның төртеуін де шұғыл шақыртып алып, алаш көсемі Әлихан Бөкейхан өзін ұстауға келген адамдарды тоқтатып, тағы біраз адамдармен жасырын әңгіме өткізіпті.

* * *

КӨКЕЙДЕГІ БІР ОЙ

1985 жылдың жаз кезі, әкем ауырып жүріс-тұрыстан қалыңқыраған кезі. Ауырғанына үш жылға тақау уақыт болған еді. Ауырғаннан кейін Қарағанды қаласына апарып, ауруын тексерген соң, онкология ауруханасында ем қабылдаған болатын, емі біраз уақытқа созылып еді. Бірде жағдайын білейін деп ауылға келіп қайттым. Әкем «ауру мендеп тұр, Қарағандыдағы онкологтан дәрі әкеліп бер», - деді. Содан Қарағандыға барып, емдеген дәрігеріне жолығып дәрі сұрадым, дәрігер басқа ұлт өкілі еді. Ол дәріні қайтесің, оны беруге болмайды деді. Мен дәрі әкеме керек, ол кісіні өздеріңіз емдеген болатынсыздар, дедім.

Дәрігер таң қалып, ол кісі осыдан әрі кетсе бір жыл-бір жарым жыл бұрын өлетіндей еді ғой, бұл бір тамаша екен, ол кісіні алып кел, әйтпесе дәрі бермейміз деді. Мен төсек тартып жатқанын айттым. Содан екеуіміз келісе алмай аурухана директорына бардық.

Дәрігер директорға мән-жайды айтып, мына кісі әкесін әкел десем көнбей тұр деді. Мен барып сөйлесейін, бірақ әзірше дәрілеріңізді беріңіздер деп өтіндім. Содан екеуі ақылдаса келе дәрілерді берді, бірақ көндіріп алып келуді, тәжірибелерінде осы уақытқа дейін аман болуы өте сирек құбылыс, мүмкін айтып емделсе жазылып та кетер, - деп ерекше тапсырды. Әкеме дәрілерін

әкеліп беріп, ризалығын білдірген соң, емдеген дәрігерінің, аурухана басшысының сәлемін айттым.

Әкем аздап ойланып отырып, «балам мен 75 жасқа келдім, өмірдің көптеген қиындығын көрдім, бастан не кешпедік, сендер көріп отырған мемлекет жағдайы оңайлықпен орнаған жоқ. Тәубә, балалы-шағалы болып, сендердің қызықтарыңды көріп отырмыз. Ер азаматқа осы 75 жас жетеді деп ойлаймын, мені енді дәрігерге апарамын, емдетемін деп әуре болма. Енді жазыламын деп, тағы бөк-дүниеммен күресемін бе? Бұл ауру жазылмайтын ауру, өзі таза (еттен арылу), әлі шөлдеп тарыққан жоқпын, дәмнен қалған жоқпын, еш уайымдама, тағдырдың жазуы уақытылы болар, өмірге ризамын, тәубә! Енді тек Алладан тілерім: балаларым - ұрпақтарымының жамандығын көрмесем, шешелеріңнің алдында, шөлден тарықпай өтсем деген арманмен жатырмын» - деді. Дәл солай жарты жылға тақау уақыттан соң өмірден озып еді.

Алла иманын көркем мол қылып, сәлемі мен игілігін бұйыртып, пейіштен орын сайласын!

Қазір енді өзім 81-ге шығып отырмын, Қарағанды қаласына көшіп келгелі таяуда 3 жыл болады. Көшіп келгеннен кейін бір жарым айдан соң дәрігерге қарала бастадым, сол 3 жылға тақау уақыттан бері дәрігерге қаралудамын.

Кейде ойлаймын, әкем 75 жасында, анам 87 жасында өмірден озып кеткен, анамның жасына жетсем-ау» деймін. Десем де осы жастың өзіне тәубә, енді жас тілеуім артық шығар деп, ойымды бәйбішеме айтсам, ол кісі де «мен 78-ге шықтым, тәубә, тіпті енді денсаулық та, жас та тілемеймін» - деген пікір білдірді.

Әрине, Алла жарық дүниесін қиса тастамаспыз, балаларымыздың, ұрпақтарымыздың жамандығын көрмей, солардың алдында аурудың азабын тартпай өмірден озып, ел-жұртымыздың ортасына, туған топырағымызға жамбасымыз тисе деген игі тілек, үнемі ойда. Алла қабыл етсін!

«ЖАҚСЫНЫ КӨРСЕҢ ЖАНЫҢ СЕМІРЕДІ»

Бүгін 2020 жылдың 26 қаңтары күні бәйбішемді МРТ-ға түсіруге апарып, емханада жүргенімізде телефонмен Сарханов Кәкімжан қоңырау шалды. Кәкімжан 1980-1990 жылдар кезінде Жезқазған облысында асыл тұқымды мал бірлестігі бөлімін басқарған, ауыл шаруашылығы ғылымының кандидаты, кейін ғылыми-тәжірибелік станциясының директоры болды. Облыстық бірлестік бөлімін басқарған кезде облыстың асыл тұқымды қой малын өсіретін шаруашылығының бірі «Жамшы» совхозының іс-тәжірибесіне бағыт-бағдар беруге жас ғалым Кәкімжан өзінің білімділігін, қамқорлығын, парасаттылығын көп көрсетіп еді.

Кейін облыстық басшылық Кәкімжанды Шет ауданына әкімдікке тағайындады. Кәкімжанның нағыз іскерлік қабілеті осы Шет ауданында көрінді деп ойлаймын, Кәкімжан басқарған кезде Шет ауданының экономикасы күрт көтеріліп, аудан өмірінде көптеген жаңалықтар жасалды. Ол басқарған кездегі Шет ауданының қол жеткен табыстары жөнінде 2019 жылы «Орталық Қазақстан» газетінің бір санында ерекше мақала да болды.

Мен Жезқазған облысы кезінен білетіндіктен, Шет ауданы әкім лауазымына Кәкімжан тағайындалыпты деген хабарды естіп, арнайы Шет ауданына барып қызметіне қайырлы болсын айтып, көңілімді білдірдім.

Бүгін содан бері 30 жыл өтсе де, мені ұмытпай, өзінің өмір жолы, ауыл шаруашылығы жөнінде кітап жазғанын айтып, «сол кітапта сіздің атыңызды атаған жерлері бар. Сіздің Шет ауданына ауысқанымда мені бірінші болып құттықтағанызды да ұмытқан жоқпын», деді. Әттең жер тар, емханада дәрігерде жүріп көп сөйлеуге мүмкіндік болмады, алла жазса әлі талай кездесерміз де. Кәкімжан қарағым, алла ақ жол беріп, тасың өрге домаласын, қатарыңның алды бол!

* * *

«ЖАМШЫ» СОВХОЗЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ

1973 жылдың 20 қазаны күні Бірлестік елді мекеніне «Қоңырат» совхозынан берілген Калинин бөлімшесі, «Ақтоғай» совхозынан берілген Бірлестік, Имек, Аксай бөлімшелерінің басқарушылары, мамандары, шопан-бақташылары, механизаторлары, мұғалім-қызметкерлері, зейнеткерлері және толық болмаса да совхозға қабылданған мамандардың қатысуымен совхоз еңбеккерлерінің жалпы жиналысы өткізілді. Жиналысқа аудандық совет атқару комитетінің төрағасы Ыдырысов Жұмаділда, аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы Қойлыбаев Жаңабек қатысты.

Жиналыстың күн тәртібі - совхоз құру, ол үшін жоғарыдағы совхоздардан тез арада алық-берісті аяқтап, қыс қамына шұғыл дайындау сөз болды. Пікір білдірушілердің сөзіне қарағанда, екі совхоздың да етке өткізуге жарамсыз малдары жаңа құрылған совхоз бөлімшелеріне жинақталған, мал қыстатуға дайындық барысы өте қиын жағдайда, қыстақтың көпшілігінде шөп тасылмаған, қыстақтар жөнделмеген. Осы мәселелер сөз болды.

Айтылған пікірлер маған қатты әсер етті, бұндай жағдайда малды қалай аман алып шығуға болады деген күдік ерекше орын алды. Бірақ жиналған халықтың көңіл күйлері көтеріңкі, совхоздың ашылуына өте қуанышты. Осы көңіл бірталай жігерлендіріп тастады. Іске кірісіп, алық-берісті бастадық. Шаруашылықты аралап, жай-жапсарға қанықтым. Барлық қабылдаған адамдар қызметкерлерінің жоқтығынан бірнеше міндеттерді атқаруларына тура келді. Совхоздың басшы органдарын сайлауға партия комитетінің, кәсіподақ, комсомол комитеттерінің ұйымдарын қараша, желтоқсан айларында құрып бітірдік.

Селолық кеңес атқару комитетінің құрылу сессиясын 1974 жылдың 29 сәуірі күні өткізіп, төрағалығына Бірлестік сегіз жылдық мектебінің директоры Аманбаев Зияданы, селолық кеңестің хатшылығына әскери міндетін атқарып өтеп келген моряк

Әбдірбаев Маратты сайладық. Бірінші сессияда мен баяндама жасадым.

Совхоз партия комитетінің хатшылығына Қалияқпаров Мырзахан, кәсіподақ комитетінің төрағалығына Әбдіразақов Қаура, комсомол комитетінің хатшылығына Кенжебаев Қайыркен сайланған болатын.

«Бірлестіктегі» сегіз жылдық мектеп директоры Балғабаев Мәжит, Калинин сегіз жылдық мектебінің директоры Сәкенов Мырзағалы болды. Имектегі бастауыш мектепте мұғалімдер Шарипов Жаппарғалы, Ақсайдағы бастауыш мектепте Карин Жаманқұл жұмыс жасады.

Бірлестік, Имек, Ақсай елді мекендері тұрғындарына – дәрігер-фельдшерлер Розенко Лида, Еркекова Рауия, Калинин елді мекенінің тұрғындарына Әйнекова Мәрия қызмет етті.

Калинин бөлімшесінің басқарушысы Мұқанов Әбілмаш, Бірлестік бөлімшесінің басқарушысы Алдабергенев Қарпық, Ақсай бөлімшесінің басқарушысы Рахымбеков Орал, Имек бөлімшесінің басқарушысы Даданбаев Ыбыкен болды. Бөлімшелерде зоотехниктер болып Ошанов Жаңабай, Ибраев Санақ, Мусин Кенжеғұл, Карин Төлеген, веттехниктер болып Төлегенов Тенел, Костюкеевич Алексей, Әбділдин Сәду, Рахымберлин Атымтай, тракторшылар бригадирлері болып Исин Дәулетбек, Әбділдин Мұрат, Шөкенов Сәбет, Баймағамбетов Бексұлтан, бухгалтерлері болып Ерембеков Шәмши, Әбетов Төлеуқұл, Қақабаев Елеген, Бедербеков Амантай жұмыс жасады.

Кейін келе-келе өз тілектері бойынша және совхоз орталық аппаратының қажеттілігіне қарай бұл азаматтардың ішінен кейбіреуінің қызмет орындарын ауыстыруға тура келді. Бұларды ауыстыруда Даданбаев Ыбыкеннің ақылын көп пайдаландым. Ыбыкен бұрын аудандық комсомол комитетінің екінші хатшысы болған, жас кезінде мұғалім болған сауатты азамат. Осы №2, №3, №4 бөлімшелер тұрғындарының жеке қабілеттерін, тіпті күні бұрын жолықсаң, қайсысының не әңгіме айтатынын, не сұрайтынын да айтатын.

Ыбыкеннің ақылымен сол үш бөлімшедегі 34000 бастай қойды қысқы уақытта қыстақ-қыстаққа орналастырып, қолдан келгенше жағдайын жасауға қол жеткізік. №1 бөлімшеде жағдай басқаша болды. Олар қысқа барынша үлкен дайындықпен келіп, басқа бөлімшелерге қолдай көмектерін беріп, тіпті басқа шөбі олқы қыстақтарына шөптерін беріп, Мұқанов Әбілмаш бастаған бөлімше азаматтары үлкен көмек жасады.

Совхоздың алғашқы ұйымдастыру кезеңінде бас зоотехник Шәймерденов Қалмерден, бас инженер Изатов Сәулебек, бас ветврач Қасымов Қуан, бас бухгалтер Жұмабеков Қасымбек, бас экономист Аяғанов Сағынтай, кадр бөлімінің инспекторы Стамбеков Данағұл азаматтар ғана болды, бәрі де аянбай қызмет етті. Бәріміздің ортамызда бір бортты «УАЗ» машинасы болды, жүргізушісі Файст Лео деген неміс азаматы еді.

Көп кешікпей техникалар келе бастады. Ең бірінші болып «ЮМЗ» тракторының шассиінде экскаватор «Петушок» келді, қазір сол трактор осы 2019 жылдың өзінде Жамшы елінде жұмыс жасап жүр. 46 жыл бойы қалтқысыз қызмет жасауда. Алғашқы жылдары 8 жылдай Николаев Володя, ол кеткен соң Әбділдин Мұрат, одан кейін осы уақытқа дейін баласы Әбділдин Шахан жүргізіп келеді. Машиналар, тракторлар жаңадан келіп, бұрын жаңа техникалар жетпеген шоферлар мен тракторшы жігіттер өте риза болып қалды. Келе-келе бүтіндей машино-трактор паркі жаңаланып, жұмыс процесстерін механикаландыруға жаңа бетбұрыс жасалды. Оған қол жеткіздік, ол туралы басқа әңгімелерімде жеткілікті айттым-ау деймін.

Ендігі мәселе мал тұқымын асылдандырып, малды жөні түзу қалыпқа түсіру міндеті тұрды. Бұл мақсатты бұрынғы әңгімелерімде біраз айттым. Бұл жұмысты түпкілікті шешу үшін ғалымдардың басшылығы қажеттігін түсіндім. Ең бірінші совхоз ішінде арнайы бір маманның жұмыс жасауы қажет деп шешіп, «Ақтоғай» совхозында жүрген Жамшының тумасы Аханов Сүйіндікті шақырып, сол азаматты бас зоотехник-селекционер етіп тағайындадық. Сүйіндік жақсы маман болып қалыптасып

қалғанында, аудан басшылығы басқа шаруашылыққа қызметін жоғарылатып жіберді. Сүйіндіктің орнына ауданымыздың тумасы Тәукеев Зәрузада деген азаматты тағайындадық, бұл азамат совхоз жекешелендіріліп тарағанша ұзақ уақыт селекционер-зоотехник болды.

Алматы зооветеринарлық институтының селекция-генетика кафедрасымен келісім-шартқа отырып, 1975 жылдан бастап нақтылы жұмысқа көштік. Бұл жұмысқа кафедра меңгерушісі Байжұманов Әнуарбек, ғылыми жетекшісі Садықұлов Төлеухан, ғылыми қызметкерлер Соколов Георгий Федорович, Бекбосынов Құдайберген, Қырғызбай, Аман т.б. көптеген азаматтар жұмыс жасады. Осы шаруашылықтың негізінде көпшілігі өздерінің кандидаттық, докторлық диссертацияларын қорғады. Осы азаматтардың, әсіресе, Садықұлов Төлеуханның басшылығының арқасында совхоздың дегерес етті-жүнді қойының авторы болуына қол жеткізілді. Ол кезде совхоз шаруашылығының күнделікті жұмысына аудан басшы органдарының көп араласатыны, күштеп мәлімет бергізуі маған өте қатты батты. Бұлай аудан басшылығына тікелей бағынып қызмет жасаудан гөрі не жұмыстан босап кету керек, не басқа бір жол табу қажеттігін қарастыру керек болды.

Осы екі ортада 5-6 жылдай уақыт өтіп, шаруашылықтың негізін толықтай қалап, біраз кемелімізге келіп те қалып едік, сондықтан да осынша жұмыс жасап қызметті тастап кетуді жөн көрмедім. Ойлана келе асыл тұқымды мал өсіретін шаруашылықтар (племсовхоздар) республикаға, тікелей асыл тұқымды мал өсіретін совхоздар тресіне (трест племсовхозов) бағынатынын, мәлімет, есептерін сол треске беретінін біліп, осы мақсатта жұмыс жасай бастадым. Оған қол да жеткізіп, 1982 жылы асыл тұқымды мал өсіретін совхоз дәрежесіне жеттік. Енді бүтіндей республикалық трест қарамағына өтетін кезде, Республикадағы тресті тарату жөнінде үкімет шешімі қабылданып, барлық еңбегім соңғы нәтижесіне жетпей қалды. Өкінішімде шек болған жоқ, осы мақсатқа жұмсаған еңбегімді еш адамға шығарған жоқпын, міне енді ғана қаншама уақыт, өмір өткенде айтып кету қажет болды.

Егер де трест тарамағанда, менің өмірімдегі көп қиындық болмайтын да еді, амал не? Өтті өмір осылай!

Мен өз қабілетім жетпейтін, не білмейтін жұмыстарды жәй жұмыскерден бастап үлкен лауазым иесіне жеткендерден үйренуге арланған емеспін. Бірде реті келіп, 1987 жылдың күзінде Алматыдағы Мұқтар Әуезов атындағы драма театрдың бас суретшісі Есенгелді Тұяқовпен кездесу сәті түсті. Есен мені суретші, Қазақстанда У-ШУ спортының негізін салған Тұлкиев Бексейіт Әбдезұлымен таныстырды.

Осы екі жігіттің арқасында 1988 жылы «Жамшы» совхозында жаңадан салынған клуб үйіне үлкен жұмыстар жүргізілді. Бұл жұмыстарға Қаздрам театрының инженері Свиридов Александр Владимирович, атақты суретшілер Тоғысбаев Тоқболат, Қыстаубаев Керімбай деген азаматтар қатысты.

Бұл азаматтар ұлттық дәстүрді, салтты паш ететіндей бірнеше үлкен картиналар жазды. Сахнаға ашылып-жабылуы механикаландырылған бас шымылдық жасап, орнатты. Ол кездерде Ақтоғайдың өзінде шымылдықты екі адам ашып-жауып тұратын еді. Біз ауданда бірінші болып сахна шымылдығын механикаландырдық. Сол сияқты сол уақыттағы идеологияның басты рухына сәйкес, сахнаның арт жағына көтеріліп-түсірілуі механикаландырылған 7 түрлі шымылдықтар жасалды. Олардың әрқайсы әртүрлі шараларға арналған. Өткізілетін шараға сәйкес сол мазмұнды насихаттайтын шымылдық ашылатын еді.

Мен сахнаны айналдыру жөніндегі ойымды айтқанда, Бексейіт «аға, ол республикада қолға алынбаған, біз жасай алмаймыз», деді. Бірақ бұл мәселе менің ойымнан жұмыстан кеткенімше қалмады. Бұған біраз ізденіс жасап үлгере алмай кеттім.

Біз Ақтоғай ауданында бірінші болып, 1976 жылдан бастап телевизор көрдік, бұл да халық үшін үлкен прогресс еді. Әрбір жаңадан салынған үйлер тек теле-антенналарымен бірге берілетін еді.

Жоғарыда айтқанымдай, клуб үйіне жүргізілген жұмыстарға Тұлкиев Бексейіт Әбдезұлы басшылық жасады, барлық жұмыс сол

кісінің жоспармен іске асты. Бексейіт үлкен суретші, онымен қоса спортшы, жекпе-жек өнерінің білгірі екен. Бірде әңгіме үстінде өзінің Мюнхенде (Германияда) бір ерекше қазақ Мустафа өз Түрікпен танысқанын, оған Қазақстанға келуіне көмек жасауға уәде еткенін әңгімеледі. Соған Қазақстан комсомол комитетіне, мәдениет, спорт министрлігіне айтып, өтінгенін айтты.

Мустафа сол кезде Мюнхенде полиция қызметкерлеріне әскери өнер жөнінде сабақ береді екен. Бексейітке кетерінде белдігі мен қылыш сыйлайды. Аэропортта Совет мемлекетінің самоләті қылышты өткізбей, Мустафаның күш салуымен сыйлық ретінде беріліп отырғандығын дәлелдеп әзер жеткізгенін әңгімелеген еді.

Кешікпей, 1990 жылдың басында Мустафа қазақ еліне, бабаларының жеріне келу бақытына ие болды. Амал нешік, кейін Мустафа да, одан кейін Бексейіт те кісі қолынан өз елдерінде қаза болды. Неліктен екені таңғаларлық. Қазақтың не бір ерен ұлдары кісі қолынан неліктен қаза табады екен? Тағдырдың жазуына не шара? Алла иман байлығын нәсіп етіп, алды пейіш, арты кеніш болсын!

Ұмытпасам 1978 жылдың күзі болу керек, совхоз партком хатшысы Аманбаев Зияда ағамыз, аудандық партия комитетінің жауапты қызметкерлері №1 бөлімше бухгалтері Ерембеков Шәмшиді қобызымен аудандық мәдениет бөлімі арқылы Алматыға жіберуді тапсырып еді. Соған Шәмши үзілді-кесілді бармаймын деді, аудан қайткен күнде жібер дейді. Бүгін аудандық партия комитетінің хатшысы да қатты тапсырды деді. Енді Сіз сөйлесіңізші деді.

Мен Шәмшиді таңертең кеңсеге, совхоз орталығына шақырттым. Шәмши келді. Совхоз партком хатшысының қатысуымен Шәмшиге бұл аудандық емес, Республикалық шара деп түсіндірдік. Шәмши бара алмайтынын айтты. Қатты талап қоюға болмайды, денсаулығы әлсіздеу, бір аяғының кемтарлығы бар. Біраз үгіттеу сөз айтылды. Тіпті көнбеген соң, «Шәмши ертең бұл өмірден бәріміз де өтерміз, сонда күні-түні бір дамыл таппай, бірнеше жыл тер төккен менің атым аталмайтын болады, ал осы

қара кобыздың арқасында сенің атың Ақтоғай тарихынан мәңгі өшпейтін болады. Саған аудандық мәдениет бөлімі жол шығындарыңды өтейді, одан сыртқары, біз де еңбегінді сақтап, барлық жол шығындарыңды, бір жолғы сыйлық ақыны қоса төлейік» деп, әзер көндірдік, баратын болды.

Мен 1978 жылы академик Әлкей Марғұланға әңгіме үстінде осы аулымызда ертеде Әшірбек кобызшы деген күйші болғанын, сол кобызды қазір Шәмши тартып, облыста, Республикада өнер көрсетіп жүретінін айтқанмын. Әлекең сол кобызды көрген болу керек, екі жылдан соң қазақтың ескі музыкалық аспаптары, күйлері жөнінде «Жұлдыз» журналына жазған екен. Соны оқыған соң, Шәмшиді бір жиналыста тұрғызып, «міне, мынау қазақтың бас журналы «Жұлдыз», осында сенің аты-жөнің, кобызшы екеніңді заңғар ғұлама Әлкей Марғұлан жазыпты, көрмейсіз бе, саған 1978 жылы айттым емес пе, сенің атың тарихта қалады деп, қалғаны осы емес пе, дарыныңның, таланттыңның бағасы осы, қайырлы болсын, халыққа қадірің арта берсін, бәріңіз Шәмши үшін қол шапалақтаңыздар», - деп сөзімді аяқтадым. Алла Шәмшидің жатқан жерін жарық қылсын!

Біз 1973 жылдың 20 қазаны күні жиналып, жаңа совхоздың шаңырағын көтердік. Өзіміз үйсіз-күйсіз, жаяу-жалпы аздаған ғана адамбыз. Бір апта болмай жатып аудандық партия комитеті 7 қарашаға – Октябрь революциясы күніне концерт болады деді. Содан №3 бөлімше басқарушысы Рахымбеков Оралды, №4 бөлімше бригадирі Баймағанбетов Бексұлтанды, №1 бөлімше бухгалтері Ерембеков Шәмшиді, мектеп мұғалімдерінен 3-4 адамды концертке қатысуға жіберіндер деген нұсқау келді, амалсыздан адамдарды үлкен киналыспен жібердік. Оның үстіне өзіміз де сондай шара ұйымдастыру керек, бәріне көніп іске асырамыз.

7 қараша күні «Бірлестік» мектебінде балалар концертін тамашаладық. Бір жасөспірім жігіттің дауысы ерекше екен, қатты ұнады. Сұрастырсам осы жылы мектеп бітірген, №2 бөлімшенің Қызыл деген қыстағында көмекші шопан Аханов Асылмұрат деген азамат екен. Өзі өте нәзік әлжуаздау, ұяң жігіт.

Сөйтіп жүргенде желтоқсан айы туып, айдың екінші жартысы басталысымен тағы ауданнан нұсқау келді, концертке адамдар жібер дейді, жіберейін десең совхоздың алық-берісі тоқтайды, жібермесең аудандық партия комитеті тыңдар емес. Содан ауданның идеология хатшысына телефон соғып, жағдайды айттым. Бұл жолы тұрсын, келешекте де адам жібере алмайтындығымды, совхозды жаңадан құрып жатқанымызды, қызметкер-мамандардың жоқтығын айттым да, егер бір адамды еңбек ақысын сақтап, аудандық мәдениет бөліміне жіберейін, басы бүтін пайдаланыңыздар, өте әнші жігіт, оның дауысындай дауыс мәдениет бөлімінде жоқ деп, мақтауын жеткіздім, сіздерге ұнаса бүтіндей алып қалыңыздар дедім. Оған хатшы келісті.

Сөйтіп Асылмұратымыз аудандық мәдениет бөлімінің әншісі, кейін «Тоқырауын толқыны» ансамбілінің белді мүшесі болды. Бірде бір тойда Асылмұрат баласы Мақсатпен бірге тұр екен. Асылмұратымыз кейін ер жетіп, балалы-шағалы болды. Үлкені Мақсат та ер жетіп ауданның мәдени өміріне бел шеше кірісіп, айтыс ақыны болған кезі. Екеуіне амандасып тұрып, жоғарыдағы жағдай ойыма түсіп, кейін «Мақсат мынау әкеңмен қазіргі сенің осы жасыңнан жас кезінде жолығып танысқан едім, сол жолы осы әншілік ғұмырыңның бастауына себепші болған едім, осыны ұмытпа, қасыңда тұрған әкеңнің өзі куә», - дедім. Асылмұрат «ағанікі дұрыс» деп қуаттады.

Алла марқұм Асылмұратқа иман байлығын нәсіп етіп, жасамаған жасын, көрмеген қызығын Мақсатына, балаларына бұйырсын!

№1 бөлімшенің озат механизаторы Исин Дәулетбек ақсақалдың баласы Жұмағали (Жұмакелді) келіншегі екеуі Талдықорған қаласында музыкалық оқу орнында студенттер екен. Оқудан қайтқанда транспорт сұрап телефон соғады, мен машина жіберемін, үйлеріне жеткізіп салады, қатты риза болды.

Бірде ризалықтарын білдіруге кенсеге келді, амандасып, оқуларын сұрадым, келесі жылы оқуды бітіретінін айтты. Мен «егер шын риза болсаңдар, оқу бітірісімен ауылға келіп, осы мектепте

мұғалім болыңдар» дедім. Жұмағали ойланып, «біз семьялы адамбыз ғой, бізге жеке үй болса келер едік» - деді. Мен «қазір бітуге дайын үйлер бар, бар үйді бекітіп қоямыз» деп едім, екеуі де қуанып кетті, өздері оқуларына кетті. Үй бөлісімен әкесіне үйге ие болуын тапсырып, қолына кілтін ұстаттық.

Келесі жылы оқу бітірісімен үйлеріне кірді, біраз жыл жұмыс жасады. Менің жоспарым совхозда музыка мектебін ашпақшы едім, оған үлгермедім, жұмыстан ауысып кетуге тура келді. Жұмағали Балқаш қаласына ауысып кетті, сонда жемісті еңбек жасауда.

Орта мектеп-интернаты 120 оқушыға арналған, типті ғимарат салғанбыз, келе-келе тарлық етіп балалар сыймауға айналды. Мемлекеттен тағы бір интернат ғимаратын сұрағанмен бермейтіні белгілі, ойлана келіп мектепке қарсы, көшенің екінші бетінен 2 қабатты типті жұмыскерлер жатаханасын салып, соны интернат есебінде пайдалануды жөн көрдім.

Дереу жоғары орындар алдына жұмыс қою үшін жатақхана қажеттігін дәлелдеп, келешек жоспарға енгізуге, жобалық-қаражаттық құжаттарын дайындауға рұқсат алып, оған мердігерлік құрылыс кәсіпорындарының келісімін де алдық. Біраз бұл жұмысты бастауға уақыт жетпей қалды. Өмір өзгерді, 1990-1991 жылдардан бастап қоғамда өзгерістер басталды. Келесі жылдары ел жаппай тарап, бір интернаттың өзінде бала саны қысқарып, біраз жылдан соң бүтіндей жабылып қалды. Осы жағдайдың өзінен-ақ ауыл ауыртпалығын түсінуге болатын шығар.

«ЖАМШЫ» СОВХОЗЫ ӨҢІРІНДЕГІ КЕЙБІР ЖАЙЛАР ТУРАЛЫ

Совхоз құрылған 1973 жылдан 1976 жылдың күзіне дейін жыл жайлы болды. 1976 жылдың көктемінен құрғақшылық басталып, жерге шөп шықпай, қыркүйек айының соңынан қар жауа бастады. Қазан айының 8-інде жауған қардан қатқақ келіп, жауын жауып жерді бүтіндей көк айдын мұз басып, мал жаюға қиындық

түсті. Алғашқы үш жылдың қысы жайлы болып, жаңадан құрылған шаруашылық біраз көрнекті істер тындырып ес жинап қалып едік, енді олай болмады. Сол бір 1976 жылдың күзінен 1989 жылға дейін 13 жыл бойы, қыстай қалың қар аралас жаңбыр болып, қабат-қабат мұз құрсауы орын алды.

1976-1977 жылдың қысында, әсіресе Семей облысының Шұбартау ауданы, Павлодар облысының Май ауданы, Жезқазған облысының Ақтоғай, Тоқырауын, Ақадыр аудандары жұтқа ұшырады. Кейінгі қыстарда Ақтоғай ауданы үнемі табиғаттан жұтамаса да қиындықтан арылмады.

1979-1980 жылдың қысы 1976-1977 жылдың қысынан да қатты болды, бірақ 1979 жылдың жазының жаңбырлы болуынан егін-шөп мол шығып, шаруашылықтар жақсы шықты. Тіпті табандағы көп жылқыға өріске шөп тасып бердік, соңғы шөпті 1980 жылдың 7 сәуірінде апардық. Сол күні қар босады, шөп те таусылды, жылқыны шөлге қарай, алдына К-700 тракторларымен шөп апарып, Жабағытайдың Қайдары деген азаматқа айдаттық. Жылқышылар 4-5 адам, қыстай жауапкершіліктен қашып, қалалардағы ауруханаларға жатып алған. Қиындықта бас мамандар да осы әдісін қолданды, аудан басшылары да совхозға жоламай, тиісті көмек бере алмады. Мұндай келеңсіздіктермен күресуге уақыт мұрша бермеді. Мен барлық күнімді, уақытымды ел ішінде іріткі болмасын деп, көпшілікті жұмылдыруға жұмсадым. Сол қолдау, көптің бірлігінің арқасында қиындықты жеңіп шықтық. Айтуға оңай.

1979 жылы Москвадан КПСС Орталық Комитетінің өкілі Козлов Иван Иванович аудан совхоздарын аралады, бізге келген жоқ. Бұл аудан тарихында арнайы өкілдің келуі бірінші рет шығар. Козлов Иван Иванович бізге 1979 жылдың желтоқсан айында келіп, орталықтан қайтты.

Екінші рет 1980 жылы жазда бізге соғып өткен. Бұл сапарлары жеке әңгіме.

Кейін 1985 жылы 27 июльде КПСС Орталық Комитетінің өкілі Пинчук Артур Михайлович деген азамат бізде болып,

орталықтан қайтты. 23 қарашада КПСС Орталық Комитетінен Овчинников Владимир Васильевич деген өкіл келді. Шаруашылықпен танысты. Әңгімешіл адам екен. Қасында Жезқазған облыстық сельхозтехника бірлестігінің басшысы Л.А. Малыхин болды. В.В. Овчинников таяуда көктемге дейін СССР ауылшаруашылық Министрі болып, Горбачевтың географиядан сабақ берген мұғалімі болып отырады деді, сол рас болып шықты.

1985 жылдың 12 қарашасында Қазақ ССР Министрлер Советі Председателінің орынбасары Көпбаев және Жезқазған облыстық атқару кеңесінің төрағасы Жұмабеков Хамза Бижанұлы Балқаш қаласынан бізге қарай шығып, біз қатты бораннан оларға жете алмай кейін қайттық. Олар қайыра Балқашқа барып, Балқаштан Сарытерек арқылы Ақтоғайға жетіп, түнгі 11-ден таңғы 3.00-ге дейін аудандық партия комитетінің бюросын өткізді. Директорларды біртіндеп кіргізіп, есебімізді тыңдады. Сұрақ бұрынғыдан өзгеше, совхозда қанша шартты мал бар, мал азығының жалпы көлемі қанша азықтық бірлік болады, қамтамасыз етілуі қанша пайыз. Бұлай бұрын есеп берген емес едік, оңай болмады.

Маған облыстық комитетінің төрағасы «Сенің екі қап болмаса да, бір қап тәжірибең бар сияқты еді ғой, жолды неге күретіп аштырмадың, Тохметовке (аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы) біздің өлгеніміз керек», - деді. Мен ештеңе демедім, өйткені жол аршытатын техниканы Тохметов айтпаған еді, ол кісінің ойында не болғанын қайдан білейік?

1979 жылдың 2 тамызы күні Қазақстан Компартиясының оргкомитетінің инспекторы Имашев, қасында Ақтоғай аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Шайдаров, райисполком төрағасы Тохметов, Жезқазған партия комитетінің өкілі Тяжин Тиышбек келді. Келісімен Имашев совхоз партия комитетінің, кәсіподақ комитетінің қаулысымен, іс жоспарларымен танысып, семіртуде тұрған қой малдарына барып, кейбіреуін өлшетіп, беріп отырған азықтарды көрді. Ертеңіне жол жөнекей отарларды көрсетіп, Алматы - Қарағанды трассасына шығарып салдық.

Балқаш жақтан Балқаш қаласынан бірінші хатшысы Әбуғалиев Жүніс ағамыз, Тоқырауын ауданының басшылары келді.

Біз дастархан жасап, бір малдың етін, басқа да дәмдер қойып, қымыз құйдық. Машинаның есігін ашып қойып арақ-шараптың шөлмектерін көрсетіп қана қойдық, құйғанымыз жоқ, өйткені түнде ішпеген еді. Барлығы жайғасқан соң Имашев: «Ей директор, қазақта үйден шыққан жыланға ақ құйып шығарып жібереді ғой, сенде бізді ақпен шығарып салып тұрсың ғой», - деді. Осы бір зілді айқын сөзден кейін ешкім тіс жармады, салқын тыныштық орнады. Қасымдағы совхоз парткомы Зияда, Құрметті шопанымыз Зікең ақсақал (Көпбаев Зікірия), басқа басшы жігіттер шөлмек құййық деп, қозғалақтап еді, мен ыңғай бермедім.

Кешікпей аздап астан ауыз тиіп, ол кісілер Балқашқа жүріп кетті, аудан басшылары кері қайтты. Біз дастархан жинастыруға қалдық. Мен «енді мына ішімдіктерді өздеріңіз ішіңіздер, тамақ алайық» дедім. Оған «Сіздің бұныңыз қалай, жаңа ана кісілерге құймадық қой, көңілдеріне алып кетті ғой», - деді. Мен «ол кісілердің ойында ішімдік емес, іше түнде ішетін еді ғой, мәселені басқадан іздесеңіздер» дедім. Олар түсінді-ау деймін, бір-біріне қарап күліп, дастарханнан көңілді тарасты.

1986 жылдың 24 шілдесінде Қазақстан Орталық Комитетінен Әбішев Секен деген азамат келді. Өте биязы, жоғары мәдениетті, қарапайым адам екен. Кейін 1990 жылдары Жаңаарқа аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып қызмет жасады. Онда да сол биязы қалпында көрдік, жолыққанда сәлемдесіп жүздесіп, бағы жансын, әрқашан ақ жол болсын деп, тілектес болдық.

1987 жылы біздің совхозды облыстық партия комитетінде атеистік тәрбие жөнінде қарады. Алдында, құрамында бірнеше адамдар бар, мектепте оқушылармен әңгіме өткізіп, ауыл азаматтарымен сөйлесіп, анкета толтырып, ауыл сыртындағы бейіттердің кірпіштерін санап, біраз дүрліктіретістер жүргізді.

Облыстық партия комитетінде Ақтоғай партия комитетінің идеология хатшысы Жұмағұлова, совхоз партия комитетінің хатшысы Аманбаев және мен қатыстым. Жұмағұлова, Аманбаев

жазғандарын оқып шықты, дұрыс болды-ау деймін, қосымша сұрақ онша болмады. Одан кейін мені көтерді. Маған сұрақ көп болды, әсіресе орыс азаматтары сонша бейіттер құрылысына қажетті материалдарды қайдан аласындар дегенге дейін сұрады. Қазір ислам дүниежүзінде өте белсенділік танытып жатқанда, неге діннің дәріптелуіне жол бересіндер деген мазмұнда пікірлер көп айтылды.

Мәселе тереңдей бастады, көп мәселелер бойынша сұрақтар қойылды, мен де барынша өткірлеу жауаптар бердім. Осы мәселе бойынша кейін партия тарап, еліміз тәуелсіз, егемен ел болған соң, сол жылдағы Жезқазған облыстық партия комитетінің идеология бөлімінің меңгерушісі болған Қожамесейітов Сағындық өзінің «Жезқазған. Желтоқсан 1986» деген кітабына да кірістірген екен.

Бірде сөзді облыстық партия комитетінің идеология хатшысы Сапарғалиев Сырым алып, күн тәртібіндегі мәселеге аздап тоқталып, өзінің Москвадағы, Ленинградтағы қабірстандарды көргенін, олардың сән-салтанатын айтып, ондағы бір адамға жасалған мазардың құнына сендердің бүкіл ауылдарыңыздағы бейіттердің кірпішінің құны жетпейді, - деді. Мен таң-тамаша болдым, бізді сынаған болып басқалардың аузына құм құйды. Біз ешқашанда жаза алмай құтылдық.

Кейін Ақтоғайға бір жиналыс өткізуге келді, сонда Сырымға жолығып, амандасып, адалдығы, қарапайымдылығы, ұлтқа жанашырлығы үшін адал көңілмен рахметімді, ізгі тілегімді айттым. Жақсы адам, жүзі жарқын, жолын-ақ, Алла бағынды жандырсын, ата-бабаңның аруағы жебесін деген тілекте болдым!

ЖЕР ҚҰНДЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ ШАРАЛАРЫ

«Жамшы» совхозының шөл жерде орналасуына байланысты мал азығының тапшылығы көп қол байлаулық келтірді. Мал басы жер байлығының мүмкіндігінен өте көп мөлшерде. Бұндай зонада академик Нина Трофимовна Нечяеваның зерттеу қорытындысында 1 қойға 5,8 - 6,1 га жер қажет екен, егер бұл көрсеткіш неғұрлым аз, яғни 4-5 га болса, сол ғұрлым жерді тоздырып, оның үстіне шөп

тұқымдарын тереңге батырып, жердің азғындауына апарады екен. Ал егерде бұл мөлшерлер 7-8 га болып, аз мал өсірілсе, онда шөп тұқымы жерге сіңірілмей тағы шықпай қалады екен, яғни малды қай жерге болмасын өз мөлшерін сақтағанда ғана табиғат балансы шешіледі екен.

Сондықтан да таза бұл көрсеткішті сақтау заман талабын қанағаттандырмағандықтан жердің құнарлылығын арттыру жағдайын қарастыру қажет болды.

Жер суландыруға өзен, көл жоқ, не істеуге болады? Ойластыра келе:

- ең алдымен жер асты су қорын зерттеп, соны жер үстіне шығару;

- одан кейін дәнді-дақыл өнімділігін көтеру, себебі бірнеше жыл егін салуды жүргізгенімізбен гектарына 110-120 кг тұқым сеуіп, күзде орғанда соның мөлшерінде өнім алып жүрдік. Егістік алқаптары ылғалдың аздығынан, аңызак желден эрозияға ұшырады. Сондықтан да 4500 гектардай егістікке ағаш егуді шешу керек болды. Онымен қоса, мал жайлауында, оның саны 100-ге тарта жерде қой малы, сиыр малдары үшін күндіз көлеңкелеулеріне «жасыл шатыр», жылқы малы үшін қыста боранды күндерде ықтап жайылуына пана болатындай «жасыл ықтырма» алқаптарын жасау ойға келді.

Тағы бір ойға келген үлкен жұмыстың бірі – жайылымды ретті пайдалану, ол үшін ірілендірген қой отарларына мәдени жабындықтардың құрылысын салу болды. Міне, осындай белгіленген жұмыстардың іске асуы үшін тиісті орындармен байланысқа шығуға тура келді.

1979 жылдан бастап Қазақ ССР геология Министрлігінің күшімен совхоз жерінен жер асты су қорын іздеу жүргізіліп, Жамшы өзеніне құятын Түлкілі өзені бойынан су ұңғыларын бұрғылау белгіленді. Осы зерттеудің қорытындысымен «Волжанка» агрегаттарымен таскындата суару (оазисное орошение) жүйесіне жобалық-қаражаттық құжаттар дайындалды. Біз басында, 1975 жылы, Жамшы өзенін тоқтатып, үлкен су

қоймасын салуды көздеп, осы мәселені облыс басшылығы алдына қойған едік. Бұған Жамшы өзені алқабынан ауыз су құбырын толтырып отырған Ақшатау кен байыту комбинаты, өзен аңғарында совхоз шаруашылықтары бар Ақадыр ауданының басшылығы үзілді-кесілді қарсы болып, біздің бұл талабымыздың алдын кесіп тастаған болатын.

Біз содан жер асты су қорын пайдалануды көздеп, ең алдымен бірнеше рет ресми хатпен Қазақстан гидрогеология институтының директоры Мұхамеджанов Серікке шықтық. Ол кісі қазақтың бір ерен азаматы, геология-гидрология ғылымдарының докторы, Павлодар облысындағы «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозы төрағасы атақты Геринг, Талдықорған облысындағы «Қазақстанның 40 жылдығы» колхозы төрағасы атақты Головацкий т.б. бірнеше шаруашылықтарда жер асты су қорын пайдалану құрылыстарын салғызған, шет мемлекеттерде жұмыс жүргізген одақ көлеміндегі ірі маман екен.

Таяу жылдағы жоспарларының бекіп кетуіне байланысты мүмкіндігінің жоқтығын айтып жауап берді. Еріксіз Алматыға жолығуға бардым. Бір барғанымда шет елге кетіпті, келесі жолы сұранып, жолығуға кірдім. Тағы да жоспарға енгізу мүмкіндігінің жоқтығын айтты. Мен: «Секе, өзіңіз бүкіл қазақ мақтанатындай азаматсыз, сіз жөнінде осыдан біраз жыл бұрын «Білім және еңбек» журналынан үлкен мақаланы оқып, содан бері бір жолықсам деп жүруші едім, оның сәті түсті. Сіз суландыру мәселесін шешкен шаруашылықтар қазақтар тұратын шаруашылықтар емес екен, сіз қайта шөл аймақтағы бейнеті қалың қазақ жұртына көмектеспейсіз бе, сізден өте сұраймын және шешеді деп келіп отырмын», - деп, өзіне қатты салмағымды салдым. Менің наразылығым мен өкпе-назды, жағдайымды түсінді-ау деймін, отырып сәл ойланды да, «жарайды көмек жасаймын», - деді. Сөйтіп біздің жұмысымызға басшылық жасауға гидрогеология ғылымының кандидаты, институттың аға ғылыми қызметкері Муртазин Жамшид Вахитович деген азаматты бекітті.

Сол адамның басшылығымен, Жезказған облыстық су шаруашылығы басқармасының күшімен бізде тоғыз ұнғы, су қоймасы, Волжанка агрегаты құрылғысы су сорғылармен жабдықталып іске қосылды. Суармалы алқап 200 гектарға жетіп, совхоз огороды, жоңышқа өсірілді.

Огород өнімінің көптігінен аудандық тұтыну қоғамы сатып үлгермей, өнімді совхоз бақташы жұмыскерлеріне таратуға тура келді.

Өйткені секундына 8-9 литр су беретін қуаты бар ұнғылардан су қоймасы толтырылып алынып, 2-3 күннен кейін жылыған соң «Волжанкамен» егістікті суарыпты. Жылы су өнімнің жоғары болуына үлкен әсері болды. Сол сияқты егілген жоңышқа да үлкен өнім беріп, совхоз орталығындағы жем-азық цехынан түйіршіктелген жем-азық өндіру жолға қойылды.

Алматы, Көкшетау қалаларындағы Казгипрозем институттарының, оның ішінде «Содпроект» филиалдарының күштерімен совхозда 450 гектар егістікке ағаш отырғызу жобасы құжаттары дайындалып, 1982 жылдан бастап аудандық орман шаруашылығының мүмкіндігін пайдаланып, жұмысқа кіргізіп, 2 жылда толық орындап шығуға қол жеткізілді. Біздер ағаштың өніп шығуына қажетті жұмыстарды бұлжытпай орындадық, тіпті негізгі жұмыстарымызға кемшілік келгеніне қарамадық. Сөйтіп барлық ағаш 2 жылда бой көтеріп, барлық алқапта өсіп шықты. Бұндай жұмысты көрген облыс басшылары таң қалды. Шөл аймақта ағаш өсірудің бұл алғашқы тәжірибесі, үлкен еңбектің нәтижесі еді. Осыдан келіп облыста барлық совхозға ағаш отырғызуға ерекше тапсырма берілді. Біз бүкіл облыс шаруашылықтарына үлгі болдық.

Осы ағаш отырғызуымыз екінші жағынан үлкен реніш те туғыза бастады. Аудан басшылығы үлкен жиналыстарда 2 рет, бұл Мұқажанов қу далаға ағаш отырғызуды өз атағын шығару үшін, ағаштары өскені рас, бірақ ешқандай күтімі жоқ, бұтақталмаған, өсірген ағашты күту қажеттігін ескермеген деді. Содан мен 1-2 рет мектеп оқушылары мен совхоз басшыларын косып, аудан басшыларының «талабын» орындауға жібердім. Сонда да 3 рет тағы

да сынға ұшырадым. Содан амалсыздан үлкен басшыға оңаша кіріп: «Сіз өзіңіз жақсы білесіз ғой, біз ағашты сән үшін емес, егістікті желдің өтінен қорып, ылғал тоқтату үшін егіп едік, сондықтан бізге осы қасиеттері мол болу үшін оның бұтағының мол болғаны қажет қой, Сізге жиналыс үстінде айтпағанымыз сондықтан, айтсақ отырған көпшілік басқаша түсінер еді», - деп, мақсатымызды айқындадық. Осы ағаш қоюлана келе үлкен нәтижесін берді.

Егерде бұрын аудан көлемінде егін өнімділігіміз ең соңғы орында болса, 1990 жылдан бастап әр гектарына 10-13 центнер астық жинадық. Бұндай өнім аудан көлемінде ең жоғары көрсеткіш еді. Сондықтан, Балқаш қалалық партия комитеті, Ақтоғай аудандық партия комитетінің екінші хатшылары, аудандық ішкі істер бөлімі бастығының орынбасары қатар тұрып бізді қатыстырмай қаншама автотранспортпен 1-2 күн, күн-түн демей астықты мемлекетке өткіздіретін болды. Біз өз еркімізбен мемлекетке астық өткізуге құлықты емес едік, өйткені азықты мал азығы үшін ектік қой, шөптің олқылығын жеммен толтыру басты мақсатымыз еді. Міне осыдан тағы қыстай басқа облыстардан шөп-сабан дайындауға кірісетінбіз.

Жайлауларда «жасыл шатыр», «жасыл ықтырма» жобаларын жасауды көпшілігі жақсы жаңалық ретінде қабылдағанмен, мемлекет қауымы «ит-құс паналап, зияны көп болады» деп ұнатпады. Ал «мәдени жайылымдықтардың» қоршалуына арнайы мекеме – жоғарыдағы эколог мамандар, шаруашылық киік миграциясының жолына жақын орналасуына байланысты киіктерге үлкен зиян келетіндігін дәлелдеп, қарсы шықты. Содан бұл жұмыс аяқсыз қалды.

ШАРУАШЫЛЫҚТА ОЙҒА ТҮРТКІ МӘСЕЛЕЛЕР

1973 жылдың 20 қазан күні басымыз қосылып, совхоз құрдық. Күн суық, бұлтты болды, қар аралас жаңбыр төпеді. Ертеңінен бастап қауырт жұмысқа кірісіп, жиналған қызметкерлерге басы менен бастап жатын орын жоқ, отыратын кеңсе орны жоқ,

қыстақтарда толық орналаспаған 56 мың кой бар. Қыстақтарда №1 бөлімшеден (Калинин бөлімшесі) басқасында шөп тасылмаған, тасылғандарының өзі өте аз мөлшерде, малшылардың үйлері де жөнделмеген. Бірлестік елді мекенінде (Министрдің бұйрығымен совхоз орталығына белгіленген елді мекен) бір қабырғасы бүтіндей жарылып, өн бойынан дала көрініп тұрған клуб залын асығыс жөндеп, үстел, орындық қойғызып, жұмыс орнымызға айналдырдық. Ішіне пеш қаладық, бір жағын кішіректеу етіп тағы бір кабинет есебінде пайдаландық. Сонымен директор, партком секретары, сельсовет төрағасы, кәсіподақ төрағасы үшін бір кішіректеу 4 үстел сиятындай, бір 7-8 үстел сиятындай 2 кабинет болып шықты, осымен іске кірістік.

Ол уақытта үстел, орындықтар, керек жабдықтар сауда орындарында болмайтын, сондықтан да түрлі мекемелердің артық заттарын сұрастыруға тура келді.

Қыстақтарды аралауға шықтым. Малға, құрылыстарға, техникаға алыс-беріс жасауға комиссиялар құрып, бар транспортты ұйымдастырып, жұмысқа кірісулеріне жазбаша нұсқау беріп, мақсаттарын айқындадым. Бұл жұмыстар оңайға түспеді. Совхозда кіші қызметкерлер тұрсын бас мамандар түгенделмеген еді. Совхозда кәсіподақ комитеті, ауылдық кеңес, комсомол, партия комитеті деген орындар әлі құрылмаған, олардың жетекшілері әлі белгіленбеген еді. Енді қыстақтарды аралау керек, астымда кабинасына 1 адам ғана сиятын бортты «УАЗ» машинасы, жүргізушісі Ақтоғайдың неміс баласы Файст Лео (қазір Германияда тұрады). Ол жер білмейді, мен де білмеймін, совхоз жерінің бір жағы ұсақ шоқылы таулы аймақ, негізгі бөлігі ұшы қиырсыз сары дала. Сонда да араладық, сұрастыра-сұрастыра қыстақтардың көпшілігінде болыппыз, қалай қараша айына жеткенімізді де аңғармай қалдық.

Қараша айы қатты қарлы жаңбырымен басталды. «Бірлестік» бөлімшесін аралауға кірістім, бір қыстақта бөлімше веттехнигі, 60-қа таяған беларусь азаматы Костюкеевич Алексей бір отар қойды жалғыз өзі бетондалған астау-жарға тоғытып жатыр, өн бойы

креолин ертіндісі, киімі сауыс-сауыс, не деген еңбек! Бұңыңыз қалай, көмекшілеріңіз қайда, мынадан өзіңіз ауырасыз ғой десем: «Біз үйренгенбіз, жылдағымыз осы, ерте түсірсек қыста қайта қотыр болады, тек суық түсердің алдында түсіреміз» дейді.

Маған үлкен ой келді. Одан әрі аралауды жалғастырдым. №1 бөлімшеде де бір отар тоқтыны қамап қойып, әр тоқтыны жеке-жеке ұстап мұрындарына дәрі құйып жатыр, онда да 2-ақ адам, оның біреуі дәрігер, 1-і шопанның зайыбы. Мен бұрын мал шаруашылығымен бүйтіп бетпе-бет араласпаған адаммын. Өте таң қалдым. Бұндай таң қалыстар көбейе берді, үлкен таңқалыс ауа райы күрт өзгеріп қар аралас қара жаңбыр, оның арты бұршаққа айналып, әсіресе, қырқылған қойлар жаппай қырылғанда болды-ау. Ондай қырғындар жалғыз бір шаруашылықта емес, бүтіндей 1-2 аудан көлемінде бір-ақ болады екен де, шаруашылық басшылығын жоғары орында отырғандар тиісті органдарында қатты жазалайды екен. Қайта осындай табиғи құбылыстың болатынын алдын ала ескертіп, шара қолдануын, қолданбаса сонда жазалауға ұшырайтынын айтпай ма?

Осының бәрі мені ойландырды, дәл қазір қолдан келетіні, совхоз ұйымдасқаннан 10-15 күннен кейін, күнделікті ауа-райын, жел бағытын, температурасын т.б. ерекшеліктерін жазып отырдым. Бір жыл өтті, келесі жылында әрі кетсе 2-3 күн салып, бірде қатты, бірде сондай өткен жыл қайталанып отыратынына көзім жетті. 2 жыл өтті, 3-ші жыл басталғанда жоғарыдан келетін метеорологиялық хабарды тоспай, ауданнан радиограмма келді. Мынандай шаралар жасандар деп алдын ала нұсқау беремін, соның арқасында басқа шаруашылықтарда мал көптеп қырылып жатқанда, біз аман қалып, жеке отарлардағы ауру-сырқау арықтаған малдарды суықта ұшынып қалды деп ет комбинатына тірідей өткізіп жібереміз. Басқа шаруашылықтар қырылған адал деген малдарын сойып етін өткізіп жатады.

Совхоз орталығын салуды бастасымен, орталықта ірілендірілген қырқын пунктін салып, қойды бір-ақ жерден қырқуды жолға қойдық. Қасынан механикаландырылған, дәрі

ертіндісін жылытатын арнайы қазандығы бар ерекше қондырғы орнатып, барлық ветеринарлардың еңбегін бүтіндей жеңілдеттік. Дәл сондай мұрын құртпен, айналма ауруларына қарсы шараларын өткізетіндей, көпшілік «ингаляция» деп ат қойған арнайы механикаландырылған орын жасадық. Бір отар қой жарты сағатта бір-ақ ем-шаралардан өтетін болды, тек қақпасын ашып, ішіне кіргізе болды.

Біз құрылған күннен бастап, қой тұқымының қай түрімен шұғылданғанымыз дұрыс деген сұрақ туындады.

1975 жылдың орта кезі, совхоз болғанымызға бір жарым жылдан асты. Сол бір жарым жылдың ішінде неше барсам да Министрдің қой шаруашылығы жөніндегі орынбасары, естуімше Жамшы елінің азаматы Кенешев Төлеуғазы Қасымұлына кездесудің сәті түспеген еді. Енді сол бір жылдан кейін жұмысында екенін біліп, рұқсат сұрап кірдім. Таныстық, жағдайымды айттым.

Бұл кісі атақты Машақ болыстың шөбересі екенін, өздеріне қаншалықты жекжат екенімді білетінмін. Бұл кісі сол Машақтың атынан жасқанып, нағашы әкелерінің атына, тегіне жазылғанын да білетінмін, ауылдағы туысқан ақсақалдары айтқанын. Сондықтан да туыс ретінде бүкпесіз, ашық әңгімеге кірістім. Өте ғаламат жақсы адам екен. Менде нең бар деген жоқ, рақаттана тұрып әңгімені өзі өрбіте түсті.

«Шаруам қой тұқымы жөнінде, бұл дегерес қойы төлдегенде қызыл-шақа жүнсіз туып, шығын болады екен. Салмағы аз, көделі жерде селеу кіріп, тағы шығын болады екен. Шопандар қысқа төзімсіз, қыста жайылымнан ерте қалады деп ұнатпайды екен, қалай басқа тұқымға айырбастауға көмек болады деп келдім» дедім.

Содан өзінің қарамағындағы жетекші орыс-қазақ-татар мамандарын тиісті құжаттарымен шақыртты. Олар бірден Министрлер Кеңесінің Қаулысы бар екенін, ол Қаулы бойынша барлық қой тұқымдары Республика бойынша аудандастырылып, сол бойынша өзгертуге болмайтынын айтты. Енді өзгертуге болмайтынына көзім жетті.

Төкең менің киналғанымды сезді-ау деймін, «Бұл тұқымды елге апарушы өзіңнің ағаң Ермеков Мүсілім. Ол кісі өте ақылды, ғалым адам, келешекте елге пайдалы тұқым болар деген шығар, оның үстіне жаңағы Қаулыны ешкімнің бұзуына болмайды. Тіпті киналсаңдар сендердегі қойға ұксас «Каргалинка» деген қойлар бар, соны айырбастауға құқым бар» деді. Мен ойланып, Мүсілім ағамның пікірінде қалармын дедім. Мүсілім ағамыз Алашорда көсемінің бірі Ермеков Әлімханның туған інісі. Әлекең Ақтоғайдың үш арысының бірі ғой.

Көп әңгімелер айтылды, өзінің қой шаруашылығын ғана басқаратынын, басқадай шаруашылығының жоқтығын айтты. Сөйтіп отырып, ірілендірілген комсомол-шопандар бригадасын құру жөнінде не істеп жатқанымызды сұрады. Мен Төкеңді Министрдің орынбасары ретінде емес, туысқан ағам ретінде бойым үйреніп қалды да: «Аға, совхоз директоры ретінде емес, бауырыңыз ретінде айтыңызшы, ауданда 8 совхоз бармыз, бізден басқаның бәрінде алды 20-дан, арты 12-13-тен бригадалар құрылып, жұмыс жасап жатыр. Бізде бар болғаны Айдай деген жерде бір бригада, қалғаны өтірік 3-4 бригада бар, оның біреуі жылқышылар, өзім бұл жағдайды ұнатпаймын», дедім. Сол-ақ екен түрегеліп келіп, иығымнан құшақтап: «Қарағым-ай, қазақ тек қой бақсын деген құдайдың бұйрығы жоқ, көрініп қалма, бірақ жастардың обалына қалма, бұл менің қызметімде отырып, мен айтатын сөз емес, бірақ сенікі дұрыс», деді.

Төкеңмен 1979 жылы ауырып үйінде жатқанында іздеп барып жолықтым, көп кешікпей 1980 жылдың басында өмірден озды. Ол кезде мен облыстың тапсырмасымен Сібірде облыс шаруашылықтарына ағаш дайындатуда жүрген едім. Соңғы рет 1979 жылы үйіне іздеп барғанымда риза болып көп әңгіме айтты.

1980 жылы қаңтар айында Москваға, ғылыми кеңеске қатысуға Қазақстаннан 12 адамның бірі болып мен де бардым. Кеңес кезінде Ауылшаруашылық Министрлігінен және ғалымдардан қатысқан адамдардың ішінде Төкеңді сұраған адамдар болды. Сол ортаның өзінде үлкен беделі бар екен, мен інісімін

дегенімде, менің өзіме жандары қалмады. Алла жатқан жерін жарық қылып, иман байлығын нәсіп етсін, жаны жәннәтте, пейіштің төрінен орны болсын! Әмин!

Сонымен бүтіндей дегерес тұқымына бетім бұрылып, осы тұқымның қой тұқымы болып қалыптасуына азды-көпті еңбек жасадым. Жасағаным сонша, дегерес қойын 1920 жылдардың ішінен бастап «дегерес етті-майлы тұқымы» деген атпен жүргізіліп келген барлық ғылыми еңбекті 1980 жылдың наурыз айында, қаңтар аяғындағы ғылыми кеңестің шешімінің өзін бұздырып, «дегерес етті-жүнді» деген атауды енгіздірттім. Бұл мен қойған атау СССР Ауылшаруышылығы Министрінің 1980 жылғы 25 тамыздағы №241 бұйрығымен «Қойдың етті-жүнді дегерес қой тұқымы» деп бекітілді.

Егер бұрынғы ғалымдар жүргізген ізбен етті-майлы тұқым деп аталып кетсе, оның стандартына біздің қойлар (сойыс ушасының салмағы) жетпей, шопандардың еңбек ақысы төмен болатын еді. Бұған осы тұқым жөніндегі ғылыми жұмыстардың жетекшісі Садықұлов Төлеухан, сол уақыттағы Алматы зоовет институтының селекция кафедрасының меңгерушісі Байжұманов Әнуар куә.

Совхозда жазда 80 мыңға жуық қой басы болды. Оның әрқайсысын жекелеп ұстап, сүйретіп жеке-жеке шарбақтарға қамау оңай ма? Сондықтан селекция мамандарының жұмысын жеңілдетуге, әр бас малды жеке-жеке өлшеп, етін, қанын зерттеуге алу, жасын анықтап, жүнінің жіңішкелігіне, біртектілігіне, түсіне т.б. сапасына қарап 10 шақты группаға бөлуді іске асыру үшін арнайы қаумал жасадық. Қойлар бір ізбен жүріп отырып, өзіне анықтаған шарбақтың есігі ашылады да өз орнын табады. Сол бөлінген малдар бір отар көлемінде болғанда алдын-ала келісілген шопанға бекітіліп беріледі. Өте сапалы тұқымдық отарлар шеберлігі жоғары шопандарға беріледі. Етке өткізіліп малдар тікелей ет комбинатына жіберіледі, оларды транспортқа тиеу де оңайлатылған әдіспен жүргізіледі.

Жылқы шаруашылығында да жылқыны егу, зерттеу, қан алу, таңбалау, күзеу жұмыстарын жүргізуге №4 бөлімшенің «Мәлике» жайлауында арнайы темір қаумалын жасадық. Бұл қаумалды Ақтоғай, Тоқырауын, Ақадыр аудандарының шекаралас шаруашылықтары да пайдаланып отырды. Совхоз орталығы маңына тағы сондай қаумал (загон) жасап, арнайы қосымша жабдықтар орнатып, 60-80 бас бие саудық. Бірінші жылында биелерді қолмен сауу өте қиын болды, көп адам күші қажет болды. Сондықтан келесі жылында Жезқазған облысында, тіпті арқа регионында жоқ механикаландырылған бие сауу апаратын қолданып, бірнеше қымыз ыдыстарын электр қуатымен бірден пісіп тұратын аппарат та жасадық. 3-4 күннен кейін биелер үйреніп, 10-12 жастағы баланың өздері сауа беретін еді. Бұрынғыдай үлкен кісілердің қажеті болмай қалды. Дайындалған қымызды арнайы сұраныстары бойынша Ақшатау, Ақжал, Балқаш қалаларына босатамыз, совхоз асханасы арқылы, Ақтоғай тұтыну одағы арқылы тұрғындардың пайдалануына өткіземіз.

Қызыл қырманға тау-тау болып үйілген астық, аудан көлемінде жалғыз механикаландырылған қырман бізде болып, содан өңделіп, тұқымдығы бөлек қоймаға, жемдігі бөлек, мемлекетке өткізілетіні бөлек, тұрғындарға босатылатын тауық жемдік бөлек үйілетін еді. Малға жемдік бөлігі бірден ұнтартқыш агрегатынан өтіп, тікелей отарларға жеткізіліп жатады.

Біз сол сияқты техника пайдалануда ыждағатты істер атқардық. Тіпті аудан көлемінде электрлендіру үшін арнайы КТП-ларды бізден алып тұрды. Түрлі жағдайлармен алыс облыстардан көптеген әртүрлі қуатты КТП-лар қорын жасаған едік. Ақтоғай бөлімшесінің бастығы іскер де, алғыр азаматы Дүйсембаев Амангелді қызмет атқарғанда біздің совхоздан әртүрлі қуаттағы 30 шақты КТП босатқан едік.

Бізде «Кировец» трактор паркі, жалпы машина алаңы, автогараж салынды, жөндеу жұмыстары жақсы жолға қойылды. Әуелде бас инженер болып Изатов Сәулебек бастаған жұмысты Атабаев Тасболат жалғастырып, машина алаңының меңгерушісі

Байболатов Байтан, МТМ меңгерушісі Үйсінбаев Дайыр, гараж басқарушылары Дүйсенов Елубай, Тәтибеков Сейілхан, инженер-қамтамасыз етуші Баспақов Өмен, барлық машинист-тракторшылар, комбайншылар, шоферлердің жанқиярлық еңбектерінің арқасында біз өзіміздің совхозымыз тұрсын, бүкіл аудан совхоздарының егінін салып, оны орып, малдарын етке өткізуге машиналармен тасып, үлкен көмек жасап отырдық. Бұндай еңбегімізді аудан басшылығы ешқашан ескерген емес, осындай еңбектерімізді біз де бұлдаған жеріміз болмады.

Семей қаласындағы эксперименталды заводтың директоры Княгин Александр Александрович деген кісімен 1979 жылдың 18 желтоқсаны күні Республикалық қой шаруашылығын өркендету мәселесі бойынша болған жиында танысқан едім. Кейін ол кісі нақақтан сотталды да, Кеңес одағы тарасымен ақталып, кейін Парламент депутаты болды. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл болуына орыс ұлтынан бірден-бір үлкен үлес қосқан адам сол болатын. Сол ниеті шығар, ол кісі өмірден озған соң «Осы жұрт Княгинді біле ме екен?» деген үлкен мақала «Егемен Қазақстанға» шыққан болатын.

Сол Княгин сотталмай тұрғанда бірнеше вагон металды арнайы арттырып, совхоздың инженер-жабдықтаушысы Баспақов Өменді жіберіп, ауданның барлық совхозына шынжыр табан «ДТ тракторымен» жұмыс жасайтын бір-бір жылжымалы жем азық цехын, бір-бірден ірі сабақты жем уатқыштар жасатып бердік. Бұл аудандық партия комитетінің тапсырмасы еді. Бие сауу агрегатын да осы Княгин істетіп, бірнеше тәжірибелік данасын ауылға орнатып бергізіп еді. Княгин өте тура, бір бет, ешкімге жағымпазданбайтын, өте білімді адам еді. Сол адалдығы үшін отырып келуіне тура келді.

Жатқан жерің жарық болсын, ел үшін жаның қиған азамат!

«Жамшы» совхозында үлкен құрылыс жүргізу оңайға түспеді. Қысқаша айтқанда, мен совхозға директор боламын деген жан емеспін. Бір рет өзімді сынау үшін бүкіл совет одағын шулатқан, 1962 жылы арнайы указдың шығуына себеп болған аудандық сельхозтехника кәсіпорнына барған едім. Енді совхозға ұсынды,

бардым, не совхозды өз ойымдай құруды шешу керек, олай болмаса, не осы жұмысты былықтырмай тұрып кетуім керек деген екі ойда болдым. Сондықтан да мен батыл кірістім. Аудан тұрсын облыс басшылары тыңдайтындай халге жеткіздім. Соның арқасында осындай жұмыстар жасалды.

Менің құрылыс жөнінде алғашқы үлкен сабақтарды алған кезім – аудандық кеңес атқару комитетінде төраға орынбасары қызметін атқарғанда, облыстық тікелей бастығымыз облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары Язев Василий Ивановичтың ай сайынғы жиналыстары болды. Ол кісі үлкен демей, кіші демей, әйелдер отыр демей-ақ, бәрімізді боқтап шығатын да, кемшілігімізді, қателігімізді көрсетіп, қалай істеу қажеттілігін, өзі қандай көмек беретінін айтатын. Одан кейін Балқаш құрылыс тресімен жұмыс жасағанда соның талаптарынан үйреніп, сабақ алдық.

Үлкен сабақты Жезқазған ауыл шаруашылығы басқармасының бас инженер-құрылысшысы Подурян Николай Ивановичтен, әртүрлі жобалау институттарынан, Министрліктерден алдық. Осы орындардың қамқорлығы, талабы бізді тәрбиелеп өсіріпті, әйтпесе сонша білімді, тәжірибені қайдан алмақпыз. Қазір кейбірі сақталған, өзім жазған ресми құжаттарды қалай жазғанмын деп таң қаламын. Облыстық партия комитетінде отырған орыс азаматтарының өзі «сен осындай хатты қалай жазасың, журналист, маман біз бұлай жаза алмаймыз», дейтін. Үлкен көмек берген Жезқазған ауыл шаруашылығының бастығы Аменов Сұлтан Хасенұлы, Жезқазған облыстық кеңесі атқару комитетінің төрағасы Жұмабеков Хамза Бижанович еді. Сұлтекең менің қай өтінішім болса да үлкен түсіністік жасайтын, қателігімді айтатын, бетіме баспайтын.

Хамзекеңе өз атынан Алматыға госстройға, не Министрліктердің біріне «Жамшы» совхозы жөнінде ресми хат дайындап барамын. Апарған соң, бір әріп қате болса, қайта жаз деп түзеп беретін, мен сол қағазбен Алматыға барамын. Кейде сол мен баратын жерге, менің көзімше телефон соғып, бір адам өзіңізге

бармақшы еді, егер барса шаруасын шешсеңіз дұрыс болар еді дегендей телефон соғатын.

Ал Балқаш құрылыс треснің бастығы Сад Айзик Александрович Отан соғысының мүгедегі, өте білгір басшы, катал адам еді. Бірде облыстық партия комитетінен, бір шаруашылық орнынан адамдар келіпті. Олар жоспарға бір нысандарды енгізу жөнінде мәселемен келген екен, өздері қызметтерінің дәрежесін көрсетіп, басында сөйледі. Сад «менің жылдық жоспарым бүтіндей осы Балқаштікі, сонан соң мына «Жамшы» совхозыныкі, оларды мен шеше алмаймын, келісімге қол қойып қойдык», - деді. Ол көңісі келмеді. Сад «сіздер шығыңыздар, мен обком тұрып басқа жер айтса да Сіздердің құрылыстарыңызды салмаймын» деп қуып шықты. Мен таң қалдым.

Сол трест басшысы Садтың ерекше көмегінің, қамқорлығының арқасында мектеп жанынан екі қабатты 120 балалық интернат үйін жобалау құжаттары әлі жасалмай тұрғанда, ешқандай қаржыландыру мәселесі көтерілмей тұрғанда, салып, дайындап қойды. Тек мен тиісті орындардан құжаттарын дайындап, қаржыландыруды бір жылдан кейін шешіп, сол жылы жоспарға енгізуіне қол жеткіздім. Не деген сенім. Сөйтсем, бұндай интернат салу басқа совхоздың жоспарында екен. Осы Садтың ізімен кейінгі трест басшылары да, оның ішінде Кун Валерий Генрихович (кейін «Монтажстрой» бастығының бірінші орынбасары), Макаров, Нысанбаев т.б. азаматтар да маған қалтқысыз көмек берді. Құрылыс тресінде жылжымалы мехколонна (ПМК-2) басшылары болған өзімнің сыныптас досым Мадиев Өміртай, нағашы ағам Кенежанов Қабдығалидың жанашырлық еңбектері өлшеусіз болды, олардың маңдай терлері Нүркен селосының әрбір кірпішінде сайрап тұрған болар.

Үлкен қамқорлық Балқаш қаласының партия комитетінің бірінші хатшысы Әбуғалиев Жүніс Әбуғалиұлының тарапынан үздіксіз жасалып отырды. Тіпті кабинетіне кіргенде орнынан тұрып, қарсы жүріп, «ой, бауырым амансың ба, үй ішін аман ба?» деп, аудан, ауыл жаңалықтарын сұрап, жұмыс жағдайымды

сұрайтын. Әңгіме барысында: «Ертең бюро өткізейін деп отырмын, комбинаттың, трестің бірінші басшыларын шақыртам, жұмысың болса, бюроға қатысып шешіп қал», - дейді.

Таңертең бюро басталардан ерте келіп, Жүкең ағамыздың кабинетіне жайғасамын, тәрізі бюро мүшелері отыратын орындар сияқты. Сол бюро мүшелерімен қатарласа отырып, жағдайға, көңіл күйге қарай жіңішкелеп, өз жағдайымды айтып қаламын, ол кісілер уәдесін беріп қалады. Ал өз ауданым Ақтоғайда бұндай еркіндік жоқ, сәлеміңнің өзін әзер-мәзер алатын кездері болады.

Өз күшімізбен, шаруашылық әдіспен салынатын құрылыс нысандарымызда бірнеше бригадалар жұмыс жасады. Олардың құрамында өзіміздің тұрақты 2 бригада, науқандық 7-8 бригадалар болатын. Олардың көпшілігі Кавказдан (азербайжан, шешен, ингуштер) келетін, жалпы жүзге тарта адам тұрақты жұмыс жасады. Бұл жұмыстардың басы-қасында алғашқы жылы жарты жылдай Карин Құрал, одан кейін 5-6 жылдай Әбіжанов Бақыт, одан кейінгі уақытта Бейсембаев Нығыман, Еңсебаев Олжабай деген азаматтар басшылық жасады. Бұлардың бәрі де дүниеден озды, қазір тек Олжабай ғана зейнеткерлікте. Бақыт та, Нағыман да ешқандай арнайы білім алмаған, тек орта мектептің түлектері, қолдай жұмыс атқарып, өздерін шыңдаған адамдар. Олжабай арнайы орта білімді азамат-құрылысшы, Павлодар облысының тумасы. Бақыт – Ұлытау ауданының, Нығыман Сарытерек селолық округінің тумасы. Бірақ, бәрі де Жамшылық болып кетті. Бұл азаматтар айтқанды айнытпай орындап, қарамағындағы адамдарға, қолдарына берілген құрылыс құндылықтарына дұрыс қамқорлықпен қарап, адал қызмет жасады. Басқадай міндеттері менің мойнымда, сол үшін үнемі риза болатынмын.

Осы дүниеден озған, біз үшін игілікті еңбек жасаған азаматтардың барлығының рухына бас иеміз, жаратушы оларды алдынан жарылқасын! Әмин!

* * *

Мен өз еркіммен бір қызметке сұранған, не тілегіммен барған адам емеспін. Оқу бітіріп мамандық алысымен туған ауылымда екі жарым жыл қызмет жасадым. Одан ауданның талабымен Сәуле елді мекенінде аудандық сельхозтехникада басшы болып жеті жарым жыл, тағы да аудандық партия комитетінің талабымен еңбекшілер депутаттары аудандық кеңесі атқару комитеті төрағасының орынбасары болып екі жарым жыл, «Жамшы» совхозында он тоғыз жылдай қызмет жасадым. Одан кейінгі еңбек жолым қайыра туған ауылымда жалғасты. Осы ұзына бойғы өмірімде бірге еңбек жасаған адамдарды, олардың жан қиярлық еңбектерін, зор адамгершіліктерін, ізгі де, өнегелі өмірлерін түгендеуге менің өмірім де, қабілетім де жетпеуі мүмкін. Бірақ, олар туралы жазып, олардан алған, үйренген білімімді айту міндетім. Ол шексіз, маған деген еңбектес азаматтардың сенімі қандай болса, менің сенімім де сондай болды, сол сенім әрқашан да алға сүйреді.

Мен басқарған шаруашылықтар облыс, республикадан асып, одақ көлемінде, алдыңғы қатарға шықты, бәрі көптің еңбегінің жемісі еді. Сол сенімнің бір көрінісін айтып кетуді жөн көрдім. 1990 жылдың көктем айы кеңсеге совхоз шофері, ел сыйлайтын, өзім де қатты сыйлайтын жақсы азамат Хасенов Орынбек келді. Сәлемдестік, мен совхоз директорымын. Сәлем соңында ештеңе ашып айтпаған соң, шаруасын сұрадым. Ойланып, ештеңе айта қоймады, мен: «Қысылма, іркілмей ойыңды ашық айт!», дедім. Отырып, отырып, «Аға, мына заман бір өзгеріс әкелетіндей сыңай танытып тұр ғой, әр жерде шаруашылықтар бөліске түсіп жатыр екен, ерте ме кеш пе бізге де келетін шығар. Соны ойлап біз тоз-тоз болып, елдігімізден кететін шығармыз, ақыры олай болатын болса, шып-шырғамызды шығармай тегіс өз меншігіңізге алсаңызшы. Біз Сіздің қарамағаңызда ел болып қалайық», - деді. Мен: «Орке, түсінігің мол екен, бірақ қазір мына жағдайда көпшілік дәл сендей түсінбес, қайта қызғанғандай көрер, оның үстіне жоғары аудан, облыс басшыларының басқаша жоспары болуы мүмкін, қайта осындай жақсы шаруашылықты басқаша пайдалану ойластырылуы да мүмкін, мен мойныма ондай жүкті ала алмаймын», - дедім.

Орынбек өте ренжіп шықты. Кейін бір жарым жылдан соң, «2-3 қыстақ пен орталықтағы нысандарды меншікке алып, көпшілікке қызмет жасасын» дегенде, аудан басшылары оның өзін маған қимады және осы шағын шаруашылық құрып көремін дегенімді «Мына кісі директорлығын әлі де қимайды екен ғой...», - деп, көптің ішінен аудан басшылығын жақтаған азаматтар болды. Сонда Орынбек түсінген шығар деп ойладым. Алла ұрпақтарына бақ беріп, Орынбектің жаны жәннәтта, тәні рахатта болып, иман байлығын бұйыртсын!

ҚАУАЗ МҰҚАЖАНҰЛЫ:

Қоғамдық ұйымдардың сұрауына байланысты өмірбаяныма қосымша төмендегідей деректер беремін:

1. Өзім туралы:

Тегім – Құлық, Таңат, Бәйсеу, Қармыс, Құлеке (бұл кісі туралы 20.01.2010 ж. «Тоқырауын тынысы» газетінің №4 санында «Батыр бабалар туралы қысқаша деректер» қараңыздар), Тәти, Мұқажан, Қауаз.

2. Қысқаша өмірбаянымды тіркедім:

– «Жамшы» совхозында 18 жылдай директор болдым. Қолдан келгенше шаруашылыққа, халыққа еңбек жасадым, атақ үшін емес, қызметке жоғарылау үшін емес, тек халыққа жан-жақты жақсылық жасау үшін. Оған халық өзі куә, маған дейінгі басшыларының, менен кейінгі басшыларының қызметімен, басқа шаруашылықтағы жағдаймен салыстырса белгілі болар.

«Жамшы» совхозын құру жөнінде Қазақ ССР-і Министрлер кеңесінің қаулысы, ауыл шаруашылығы министрінің бұйрығы шығып, директорлыққа маған мандат берілгеннен кейін, аудан орталығына келешекте бас мамандар болып қызмет жасауға келіскен азаматтарды жинадым. Олар: бас зоотехниктікке Шаймерденов Қалмерден, бас ветврачтыққа Қасымов Қуан, бас инженерлікке Изатов Сәулебек, бас бухгалтерлікке Жұмабеков

Қасымбек, бас экономистке Аяғанов Сағынтай есімді азаматтар еді. Осы азаматтар бар, Ақтоғай аудандық Советі атқару Комитетінің төрағасы Ыдырысов Жұмаділдә, Ақтоғай аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы Қойлыбаев Жаңабектің, «Қоңырат» совхозынан бөлінген «Калинин» бөлімшесінің, «Ақтоғай» совхозының бөлімшелерінің (Бірлестік, Орта Ақсай, Имек) басшылары мен еңбекшілерінің қатысуымен 1973 жылдың 20 қазан күні Бірлестік сегіз жылдық мектебінде жиналыс болып, «Жамшы» совхозы құрылды. Осы күннен бастап совхоз құрудың қиын кезеңі басталды, алық-берік басталып, 50 640 бас қой малын, 97 сиыр малын, 260 бас жылқы малын қабылдадық. Бұның ішінде 6000 бастай еттік қой малы ет комбинатына жеткізілмеген, малдардың қыстақтарға орналасуы шешілмеген, мал азығы жетімсіз.

Бірлестік елді мекенінде ескі клуб үйін кеңсеге пайдаландық, көшіп келуге үй жоқ, қиындық үлкен орын алды. Қыстан шаруашылық көпшіліктің қолдауымен зорға шықты. Бірлестік елді мекені совхоз орталығы болуға жарамайтындығына көзіміз жетті. Құрылыс жүргізуге қолайлы жер іздеп, совхоз орталығын өзгертуге рұқсат сұрап, ауыл шаруашылығы Министрлігіне хат жолдадық. Жекелеген еңбекшілер тобы совхоз орталығының ауысуына қарсы болып, Қазақ ССР Министрлер Советіне арыз жолдап, ол жөнінде бізге ауыл шаруашылығы Министрі 1974 жылы 16 сәуір №17-10-481 хатын жіберді. Бірақ біз ешқандай шешім тоспай, жаңа жерден жобасын сызып, қажетті жобалық-сметалық құжаттар жасауды бастадық.

1974 жылдың 13 мамыр күні совхоздың келешек жаңа орталығының жерін белгілеп, бірінші қазықты қағып, кеңсе, мектеп, интернат үйлерінің табанын тарттық. Бұған мен, құрылыс маманы Бейсенбаев Нығыман, құрылыс бригадирі Чернигов Алексей, шофер Қаршыгин Дүйсен және жұмыскер, құрлысшылар қатысты. «КарагандаГорСельПроект» жобалау институтының біздің совхозға бекітілген бас жобалаушы инженері В.И. Агеев

және жолаушылап кетіп бара жатқан Ақтоғай аудандық партия комитетінің жауапты хатшысы Сәтеков Мәдениет қатысты.

Совхоз орталығын салып, «Нүркен» деп атау жөнінде «Тоқырауын тынысы» газетінің 2009 жылы 28 тамыздағы №34 санында «Жеке пікірден оянған ортақ ой» деген мақаладан оқуға болады.

Совхоз орталығында аудан көлемінде жоқ канализация, бассейн, балабақша жанында субұрқак, орталықтандырылған жалпы ауылдық жылу қазандығы жұмыс жасады, оған көмір ұсатып беру механикаландырылып, жұмыс процестері автоматтандырылды. Совхоз орталығында ауыз су жүйесі, типті машина-трактор шеберханасы, механикаландырған қырман, жем-азық цехы, бие сауып қымыз дайындау цехы, ағаш өңдеу, тілу, өнім шығару цехы, қыркын пункті, қой малын бонитировкалау, егу, зерттеу жұмыстарын жүргізуге арналған алаң, қой малына арналған ингалятор, қой тоғытуға арналған механикаландырылған қондырғы, стадион, демалу паркі (8 Га), оның ішінде Ұлы Отан соғысында қайтыс болғандарға ескерткіш, ашық сахнасы мен би алаңы салынды. 140 балаға арналған балабақша, сауда орталығы, 2 қабатты кенсе, типті клуб үйі, 392 балалық мектеп, 120 балалық интернат үйі салынды. Орталықта, бөлімше орталақтарында елді мекендер сәулеттендірілді, ағаш отырғызылды, жыл қортындысымен бірнеше рет республикалық жарыстың жеңімпазы болдық.

Қысқа уақыттың ішінде басқа облыстарға белгіленген жоспарлы құрылыстардың қаржылары есебінен совхозды бүтіндей электрлендіру, телефондандыру, жол салу іске асырылды. Ақтоғай – Жамшы көтерме жолы салынды, совхоздың өз қаражатымен Жамшыдан Алматы – Екатеринбург күре жолына дейінгі аралыққа 58 км көтерме жол салынып, Балқаш – Жамшы – Ақтоғай автобус маршрутты жұмыс жасады.

Совхоз құрылғанда не бары 14 түтікті және шахталы су көзі болса, 18 жыл ішінде бұның саны 230-ға жетті. 150 Га алқапты көлкіте суаруға жер асты суы шығарылды. 4 200 Га егістікті жер

эрозиясынан сақтап, қар тоқтату үшін, ауыспалы егіс жүйесін енгізу мақсатында орман жолақтары отырғызылды. Совхоз бойынша барлық қыстақтар жаңартылып, жаңадан көптеген қыстақтар, ірілендірілген жастар бригадасы, жаңадан «Ақсеңгір» бөлімше орталығы салынды. Қоғамдық мал басын жем азықпен қамтамасыз ету мақсатында 4500 Га көлемінде егін, көп жылдық шөп егістігі егіліп және түбірінен жақсартылған жайылымдық көлемі 18 000 гектарға жеткізілді.

Мал тұқымын асылдандыру жолында көптеген істер атқарылды. Қой малының «Дегерес» тұқымын алуға басталған жұмысты аяқтауда Алматы зоовет институтының ғалымы Садықұлов Төлеуханның басшылығымен совхоз мамандары, шопандары өз үлестерін қоса білді. 1980 жылы бұл жұмыс аяқталып, Москва қаласында ғылыми-техникалық кеңестің қортындысымен жеке тұқым болып танылды. Бұл қой тұқымының тірідей салмағы жергілікті қазақы қойдан төмен болғанымен, жүнінің сапасынан, түсімінен әлдеқайда жоғары, оның үстіне жартылай биязы, ақшыл жүн беретіндігімен ерекше. Жүн киімге, кілем жасауға жарамды. Бұрын 70-80 жылдар бойы бұл тұқым үшін ғылыми жұмыс «Дегерес-етті-майлы» тұқым деп жүргізіліп келсе, ғылыми-техникалық кеңестен өткен соң менің ұсынысыммен «Дегерес-етті-жүнді» деп танылды. Әйтпеген күнде қазақы етті-майлы қойға қарағанда еттік стандартының төмендігінен шопандардың еңбекақылары төмендеп кететін еді.

Біздің совхоз «Дегерес-етті-жүнді» қой тұқымын өсіруде республика көлемінде аз жылдың ішінде жетекші орын алды. Көптеген облыстардың шаруашылықтары тұқымдық қой малдарын сатып алып отырды, олардың қатарында Павлодар, Көкшетау, Қарағанды, Семей, Алматы, Жамбыл облыстарының шаруашылықтары болды. Совхоз ұжымының дұрыс еңбегінің нәтижесінде артық өндірген мал басы есебінен жыл сайын еттей, не малдай ауданымыздың басқа совхоздарының біріне аудан басшылығының ұйғарымымен беріп, олардың жоспарларын орындауға көмектесіп отырдық. Онымен қоса ауданның басқа

совхоздарына егін салуға, орып жинауға, етке мал тасуларына техникамен көмек жасап отыратындай дәрежеге жеттік. Совхоздың осындай өркендеп өскендігін дұрыс бағалай білген басшылар мен азаматтар болды, керісінше көре алмаушылар да табылды.

1978 жылы жазда совхозға Қазақстан Кәсіподақтар Советінің председателі, Қазақстан компартиясы Орталық комитетінің саяси бюросының мүшелігіне кандидат Егізбаев Қосай келді. Қасында Жезқазған облысы партия комитетінің екінші хатшысы Ибраев Нұртаза, облыстық кәсіподақтар советінің председателі Қалмағанбетов Жалел, Ақтоғай аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Шайдаров Жаманқұл, аудандық совет атқару комитетінің төрағасы Тохметов Саят, облыстық ауыл шарушылығы кәсіподағының төрағасы, Ақтоғай, Тоқырауын аудандарының кәсіподақ комитетінің төрағасы, басқа да басшы азаматтар бар. Сонда Егізбаев Қосай орталықты көріп, совхоздың көрсеткіштерімен танысып, «Мен тыңды көтерген адаммын, сол кезде үлкен басшылыққа қол жеткізген адаммын, бүкіл Совет Одағы болып, мемлекет, партия органдары болып совхоз құрғанда, 5 жылда Совет Одағы бойынша бұндай совхоз құра алған жоқ, ал Қазақстанның ең шөлді аймағында 5 жылда мынадай совхоз құрған азаматты танымауларыңыз мені таң қалдырды. Иә, азаматты тани алмайды екенсіздер», – деді.

Осындай пікірде облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Лосев Константин Семенович те болды, сол кісінің осы пікірі маған көп көмек болды. Дәл осындай пікірді КПСС Орталық комитетінің инспекторы, Москвадан келген Козлов Иван Иванович 1980 жылы егісте өскен орманды көріп, совхоз орталығын көріп өте ризалығын білдіріп, «Ақтоғай сияқты ауданның жағдайында бір совхозда тапжылмай 17 жыл директор болуыңыздың не құпиясы бар?» деп таң қалды. Бірақ бұл пікірді басқа басшылар кейін өңін айналдырып басқадай жазды.

Бұл жолы бұл кісінің жанында Жезқазған облысының партия комитетінің екінші хатшысы Есмұқанов Ғазиз, Ақтоғай аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Жүнісов Рымбек және тағы

жауапты қызметкерлер болып еді. СССР ауыл шаруашылығы министрлігінің қой шаруашылығын басқарушы Котляров Иван Тимофеевич біздің совхозда 1979 жылы «Дегерес» қойын көруге үлкен комиссиямен келіп, жасалған жұмыстарға өте риза болып, Одақ бойынша Ставропольде өтуге тиісті семинарды 1982 жылы бізге бұрып әкеліп өткізді.

Ол кісі «Мен қой өсіретін мемлекеттердің бәрінде – Англияда, Латын Америкасында, Австралияда, Зеландияда, Совет Одағының қой өсіретін барлық жерінде болдым, бірақ қой үшін дәл осы «Жамшы» совхозындай жасаған жұмысты көргенім жоқ, енді осы қой тұқымының екінші өндірістік Жамшылық түрін жасауларың керек» – деген болатын. Бірақ СССР-дан тарап, қоғамның нарықтық экономикаға көшуіне байланысты, совхоздың жойылуынан жұмыс аяқталмай қалды.

Бірде, 1980 жылдардың аяғында көрші «Қоңырат» совхозының атақты шопаны, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің депутаты Сейілханов Сейдіғали республикалық радиодан сөз сөйлеп, «Бүкіл Қазақстан бойынша және біздің совхозда да малшы-шопан, бақташыларға ай сайын 120 сом ғана еңбекақы төлейді, ал көрші «Жамшы» совхозында ай сайын 600-800 сом төлейді, олардың басқа заңы бар ма, бізге де неге солай төлемейді?» - депті.

Кейін естіп сұрағанымда, «рас, айтқан едім» – деді. Біздің бұл еңбегімізді біреу білсе де, біреулер құнын білмеді, сол сияқты жыл аяғында біздер шопан, бақташыларға, жұмыскерлерге болымсыз шартты бағамен, тегін деп айтуға тұрарлықтай 1000-1500 бас көлемінде қой малдарын таратып отырдық, бұл алуға тиісті қосымша еңбекақыларынан сыртқары, ал басқа совхоздар мал басын жоспарға жеткізу үшін мал сатып алып жататын.

1976 жылдың сәуір айында Ақтоғай аудандық партия комитетінің басшылығымен, облыстық басшылардың, мамандардың қатысуымен Қазақстанда қой малын 50 млн-ға жеткізу аясында ауданда мал шаруашылығын өркендетудің проблемасы жөнінде экономикалық конференция болды.

Баяндамадан соң жарыс сөзге шығу басталды. Маған сөз сөйлеуге хатшы тапсырған болатын. Мен сөзімнің соңында басқалардай үлкен уәде айтпай, мал басын жер байлығына сәйкес оптималды мөлшерде өсіру қажеттігін, табиғи байлықты сақтай білу керектігін айтып, бұл жайында академик Нечяеваның ғылыми қортындысы бойынша шөл және шөлейт аймақтар үшін 1 бас қой өсіруге 5,8 – 6,1 Га жер керектігін, сонда біздің совхоздар үшін қойға шаққанда барлық мал 44 – 45 мың бас қой мөлшерінен аспауын және қазір орын алып отырғандай, қараған, тобылғы, шилерді мал азығына шабу жерді эрозияға ұшырататынын алға тарттым.

Бұл пікір басшыларға өте ұнамай, кейін «осындай қой шаруашылығын өркендетуге қарсы», «ақылдылар, академиктер шығыпты» деп сынаса, ал енді олардың жандайшаптары әжуаға айналдырды. Бірақ осыған қарамай, аудан басшылығына мамыр айында да, қараша-желтоқсан айында да мал басын азайту жөнінде пікірімді қайталадым. Соған қарамай, желтоқсан айында етке өткізетін малдарды өткіздіртпей, қысқа 6000 бас қойды жоспардан артық қыстатты.

Шөп жетімсіз, күзде бірнеше рет қазан айынан бастап жаңбыр жауып, бірнеше қабат мұз болды. Барлық мал жайылымнан қалды. Қаңтар аяғынан бастап шөп таусыла бастады. 1977 жылдың наурыз айынан бастап совхоздарда ірі малдарды есептемегенде, 30-33 мың бас қой малы шығын болды. Жоғарғы орындардың алдында уақытылы мәселе қойып, мал басын жыл аяғында жоспардан төмендете білген басқа аудандар аман қалды.

Кейін 25 жылдай уақыт өткен соң, ол кезде аудандық газет тілшісі болып жүрген жасөспірім Мұқтарбеков Серғазы: «Аға, сол 1976 жылы сәуір айында айтқан сөздеріңіз дұрыс болды ғой, сол уақыттарда шаруашылықтарға солақай саясаттың зияны көп тиді ғой», – деді. Серғазының жас та болса ойлылығы шығар, кейін республикамыздың көрнекті журналисі дәрежесіне жетті, рахмет өркенің өссін!!!

Шаруашылықта табиғи жағдайға байланысты түрлі қиындықтар орын алса да, тіпті 1976-1977 жылғы жұтқа

байланысты да жер-жерде жекеленген азаматтар кінәлі делініп, партиялық жазаға тартылып, қылмысты әрекет ретінде жазаланып жатты, ал бізде бар ауыртпалықты директор көтерді. Сол кездегі елімізде кейбір орын алған партияның солақай саясаты жөнінде өз пікірімді жоғары орындардағы қызметкерлерге тартынбай айтуға, сынауға дейін баруға тура келіп жүрді.

Бұл пікірлер туралы сол кездегі облыстық партия комитетінің бөлім меңгерушісі С. Қожамсейітов өзінің «Жезқазған. Желтоқсан-86» деген кітабында жазып көрсеткен (кітаптан үзінді тіркелді). Сөйтіп, мен өз басымның жағдайы үшін емес, халыққа қызмет жасау үшін еңбек жасадым, бұл жолда тек еңбектес жолдастарымның сенімі мен колдауына арқа сүйедім, қазір қартайған кезде де солардың сыйы мен сүйіспеншілігі маған медеу болуда, бұрынғы барлық қиындықтар, реніштер ұмыт болды.

«ЖЕЗҚАЗҒАН. ЖЕЛТОҚСАН - 1986» КІТАБЫНАН.

Кейде менің бойымда да бір мінездер шығатын кездері болатын. Ол туралы қазақша-орысша баспасөзде мақтау да болып жататын. Соның бір мысалы ретінде «Жезқазған. Желтоқсан 1986» деген кітаптан үзінді келтіре кетейін. Кітаптың 38-бетіндегі С. Қожамсейітовтың әңгімесі.

«... Сағат алтыны ұрып кетсе де қозғалмай обком хатшыларының ұсыныс-ескертпелеріне орай секретариат қаулысын карап отырғанда «Жамшы» совхозының директоры Қауаз Мұқажанов есікті ашты. Әуелі ертең елге қайтатынын, кейбір мәжілісте көтерілген мәселелерді обкомда шешіп алғанын айтты да, көңілінде тұрған түйткілді жайып салды. Саяси-тәрбие жұмысы нүктесінде тура ұрмай тұр. Тым қатаң, адам жанына нәр бермейді, партия да қалың бұқарадан алыстап барады, – деді ол.

Менде күдік үйіріліп, ойланып қалдым. Бірақ ішкі сырымды білдірмей, «неге олай дейсіз?» – деп қалдым.



Жамбыл облысы Шу ауданы Шоқпар совхозы, №8. Серік, Жақан,
Қауаз, Төлеген, Қосымов М. 1-тамыз 1957 ж.



Кисловодск. 31 қазан 1965 ж.



Россия, Рубцовск қаласы, ДТ-трактор заводы, институттан практика.
Аділшаихов Ғазиз, Мен, Елеусизов Төлеген. 1958 жыл.



Железноводск. 1965 жыл.



Актоғай ауданы жиналысында, аудандық сельхозтехника ұжымынан делегаттар. 1966 жыл.





Ақтоғайлық азаматтар: Тишбек Қыдырбаев, Мен, Мәдениет Сатеков,
Мұхатай Жампейісов. 1971 жыл.



Қайнаға Мұхамеджан Наженев.
1971 жыл.



Аудандық совет атқару комитетінде. 01.01.1973 жыл.






Газеттер тақтасы және кино рекламасы – кеңсе алдында.
Ұжымға таныстыру. 1975 жыл.



«Жамшы» совхозы №2 бөлімше, Айдай қыстағындағы
«Жас қанат» жастар-бригадасы. 1975 жыл.



Механикаландырылған кой тоғыту кондырғысы.
1975 жыл.



ИЗДАНИЕ
СЕВАСТОПОЛЬ


1975
®



Совхоз орталығы Нүркең селосының бір көшесі. 1976 жыл.



01 маусым 1976 жыл.




Нүркен селосы жылу орталығы, монша (артқы жағында), орталық қойма және құрылыс ауласы. 1976 жыл.



«Жамшы» совхозының жылқылары суатқа асығуда. 1976 жыл.



«Жамшы» совхозының жылқылары, Мәлике жайлауында суат басында. 1976 жыл.



Актоғайда ұйымдастырылған аудандық жылқы көрмесінің жеңімпазы - Жамшының күреңқасқа айғыры, 1978 жылы туған, Көшім тұқымы, Орал облысынан әкелінген.



Дегерес етті-жүнді қошқарлары. 1979 жыл.



Сүңгүр қайықтың (корабль) нан
пісіретін электр пешін игерген Нескен,
Пана жұмыс үстінде. 1978 жыл.



Жылына 100 (жүз) тонна кросс-бредті, жартылай биязы жүн престен (байлап) сұрыптайтын жоғары санатты маман Атымтай Рахымберлин. 1978 жыл.



«Жамшы» совхозында салынып жатқан орталық машина-трактор шеберханасы. 1979 жыл.



Жезказған, мамыр 1978 жыл.



Ақтоғай азаматтары. 1979 жыл.



**«Жамшы» совхозында мемлекеттік комиссия.
18-21.11.1979 жыл.**



Слева: Члены опробационной государственной комиссии,
18-21.11.1979 год. Совхоз «Жамшинский».

1. Цой Г. А. – Зам. Директор треста племенных заводов Алматы.
2. Котляров И. Т. – Председатель комиссии Москвы.
3. Гейдыев Курбан Гельд – Зав. научной исследовании Ашхабада, Туркменская ССР.
4. Байжуманов А. Б. – Зав. Кафедрой АЗВИ.
5. Чирченко А. Ф. – Зав. науч.исслед. лаборат. г.Москва.
6. Садыков К. – Доцент АЗВИ.
7. Мукажанов К. М. – директор совхоза «Жамшинский».
8. Измайлов Х.Г. – директор респуб.треста племзаводов.
9. Фахрудинов Равиль Гелимдинович – СНС цел.ИСНИ шерсти г.Москва.



Сыршы
Ныметтің
табыны.
1979 жыл.



«Жамшы» совхозы партия комитетінің есеп-беру, сайлау
жиналысы. 1979 жыл.



«Жамшы» совхозы. 1979 жыл.



Мен, Рымбек, Төкен. Алматы, 1979 жыл.



«Жамшы» совхозы, түскі демалыс кезінде шөп шабу алқабында механизаторларға аудандық «Тоқырауын толқыны» ансамблі концерт қоюда. 1979 жыл.



«Жамшы» асыл тұқымды қой совхозының құрылыс цехы, пилорама (тақтай тілу), Кенежанның Қабылқайыры.



Научный Совет Министерства Сельского Хозяйства СССР.
1980 год, г.Москва.



Научный Совет Министерства Сельского Хозяйства СССР.
1980 год, г.Москва.




«Жамшы» совхозы еңбеккерлері облыстық жиында. 1981 жыл.



№1 бөлімшеде мал азығын дайындау кезеңі. 1981 жыл.



«Жамшы» АТҚой совхозының сүт өңдеу цехы.
1981 жыл.



«Батық» совхозынан әкелінген бұқалар. 1981 жыл.



КПСС Орталық Комитетінің «Аврора» санаторийі 1981 жыл.



1981 жылғы «Аврора» санаторийінің құрылысына қатысушылар.



Қырғыз елінің Ыстықкөліндегі «Аврора» санаториінде.
Талдықорған облысы Ақсу ауданының 1-хатшысы Турғабаев
Ғалым, бәйбішесі Баян және мен. 1981 жыл.




Кыргыз елі, Ыстык-көл. 1983 жыл.



**Әлкей Марғұланның қалын сұрай барғанда. Дәуітәлі
Стамбеков, Мен. Желтоқсан, 1984 жыл.**



**Домбауыл батырдың бейіті.
Қатай Карбозов, мен және жүргізуші Сұлтан Күзембаев.**




Жошы хан бейігі. 1984 жыл.



«Алашахан» мазары. 1984 жыл.




Қой қырқу цехы. 1984 жыл.



«Жамшы» совхозында мал азығын дайындау жөнінде семинар.
1984 жыл.




«Жамшы» совхозының директоры кызметіндемін. 1984 жыл.



Әкем, мен, Қарындасым Нағия, жолдасы Құрал. 1984 жыл.




Ауыл дәргері Ғазиз Құтжанов. 1985 жыл.



Қой бонитировкалау жүргізушілер-совхоз мамандары, Алматы Зооветинститутының ғалымдары мен ғылыми қызметкерлері.
1985 жыл.



Макенбаев Қалкен, Мен. 1984 жыл.



Әкем Мұқажан және Мен. 1984 жыл.



Жамшы, Қоянышты алқабы. 1988 жыл.
Жамшид Бахитович - Қаз.ССР Акад. институт гидрогеологы.

Жамшид Бахитович - Қаз.ССР Акад. институт гидрогеологы.



Күндүзгү мугалимдердин үйү, 1986-87




Гүлсара сабак үстүндө. 1986-1987 оқу жылы.

Жаңылыштыкты түшүндүрүүдө, кыргыз тилин, маданиятын өнүктүрүүдө



Бәйбішем Гүлсара, ұлым Жанеділ, Мен. Балқаш. 15.08.1988 ж.



«Жамшы» АтҚой совхозы. Егін ору науқаны қарсаңында. 1989 ж.



«Жамшы» совхозының қырман басы, астық қабылдау.





Мен, Мустафа Ахметниязов – Семей облысының атқару комитеті төрағасының орынбасары, Садықов Барлық – Ақшатау кен байыту комбинатының (АГОК) Бас директоры. 1991 жыл.



«Жамшы» АтҚой совхозының «Жас қанат» жастар бригадасының жатақханасы.



«Жамшы» совхозына Алматыдан келген студент-практиканттар арасында.



Мен, Серік Кализетов - Кокшетау облысы, Рузаев аудандық партия комитетінің «Восток» совхозының директоры.



Саукымбеков Ахмедия – Актоғай ауданының прокуроры және



Республикалық семинар Алматы облысы «Баканас» совхозында.
Құдайберген (аспирант Алматы), Бөрібай Жексенбин (XXII
партсъезд с/з директоры), Мен, Сейдіғалиев Рахымберлі (Ақтоғай
с/з зоотехник-селекционер), Мәден, Қырғызбай - аспиранттар,
отырған Соколов Георгий аспирант.



Республикалық жиында. Мен, Тохметов Саят – Ақтоғай ауданының 1-ші хатшысы, Аманбаев Жақсылық – «Айыртас» совхозының директоры, Төкен Қалыбеков.







Академик Тұрсынбек Кәкішев, доктор Кенес Нұрпейсов, Әлихан Бөкейхановтың немересі Евгений. 24.06.1992 жыл.



Ақжолтай Ағыбай батырдың асы. 21.07.1992 жыл.



21.07.1992 жыл.



Бәбекенің кенже баласы Тлеуліұлы Әбумүсілім ортада. Еңбекші қазақ ауданы, Исени селосы. 1-мкр. №1 үй, 20 пәтер.

Отырғандар: Каленов Қасымхан, Тлеулин Әбумүсілім, Тлеулина Клара.

Тұрғандар: Садуақасов Берік, Тлеулин Амангелді.



**Балам Жангазы, мен, нағашы бауырым Сәбит.
Апрель 2010 жыл. Балқаш.**



Әлихан Бөкейхановтың туған жерінде.



Мерекелеріңізбен!



Аудан әкімі Н.И. Омархановтың
тыл ардагерлерін салтанатты қабылдауы
Ақтоғай ауылы - 06.05.2014 ж.



Қарындасым Зағия, немересі Айзере және Мен.



Бәйбішем Гүлсара екеуміз немерелерімізбен. 1997 жыл.



Н.Әбдіров атындағы мектептің 40 жылдық мерейтойында.



Н.Әбдіров атындағы мектептің 40 жылдық мерейтойында мектеп директоры С.Бакировка білім ғимаратының кілті мен Қазақ ССР КП Орталық атқару Комитетінің Қызыл туын табыстау сәті.





«Жамшы» совхозының орталығы Нүркен селосы.



Нүркен селолық Мәдениет үйі. 1988 жылы пайдалануға берілген.



1978 жылы пайдалануға берілген Н.Әбдіров атындағы мектеп.

– Мәнісі бар, – деді директор. – Қазір «молданың айтқанын істе, істегенін істеме» дегенді үлкенді-кішілі партия, кеңес басшыларына айтуға болады. Ауыл адамдары періштені жерден іздеп, Маркс, Энгельс, Ленинге, партияға, Политбюро мүшелеріне сеніп келсе, енді қалғаны жалғыз Алла екеніне көзі жеткендей. Атеистік насихат қазір әлеуметтік мәселелерді шешумен қанша біріктіріліп қаралса да, оның ішкі күш-қуаты, кісіні иландыру әдісі өзін сарқып тауысты.

Қауазбен өткен-кеткен, толғантқан әртүрлі жайларды айтып, біраз отырдық. Маған оны 1975 жылы әріптесім, обкомның лекторы Қайырбек Садуақасов таныстырған еді. Сол жолы ол Олжас Сүлейменовтың баспадан жаңа шыққан «Азия» кітабы туралы ерекше кесек пікірін білдіріп, Мәскеу баспасөзіндегі кітап төңірегіндегі айқай-шуды жіліктеп, өз дәйектерін баяндап берген. Ауылда жүрсе де кейбіреулердей ішкенге мас, жегенге тоқ болмай, кітап арқылы мәдени-әлеуметтік, экономикалық, рухани-философиялық ойдың канатынан түспей, өрелі жайлар туралы да тың пікір білдірген еді. Кейін біте қайнап, жете араласпасақ та, кездескенде жылы тартып, түзу амандасып жататынбыз...».

ҚАЗАҚ ҰЛЫЛАРЫНЫҢ ЕЛГЕ СОҢҒЫ САПАРЛАРЫ

1966 жылдың жаз айларының бірінде іс сапардан оралдым. Ол кезде Сәуле елді мекенінде аудандық сельхозтехника кәсіпорынында басшы едім. Орныма бас инженер Молдин Алтайға жауапкершілік жүктелген. Мен кеткен соң ел аралап атақты әнші, сазгер Ержанов Манарбек әкеміз келіп концерт қойыпты. Халық көп жиналып, тіпті көрші совхоздың халқы да келіп, Мәкең аға шабыттана өнерін көрсетіп, концертке ел де риза болыпты. Түнде Айтекең үйінде қонақ болып, Айтекең бәйбішесі Катыш (Екатерина – беларусь қызы, Ұлы Отан соғысында Беларусь орманында патризан болған, біздің елге келін болып түскен соң, таза қазақ болып кеткен бір ерекше адам еді), малын сойып, ерекше күткеніне қатты риза болыпты. Тіпті риза болғаны сондай, көрші-қоландар

жиналған соң, үйде де көп өлеңдер айтып, бір жарылқапты, көңіл-күйі ерекше болыпты. Шіркін-ай, осы жылы 3-4 айдан соң «Мәкең қайтыс болды» деген хабар жетті. Сонда сол жолы бой жасап келді ме екен? Алла иман байлығын бұйыртып, жатқан жері жайлы болсын! Әмин!

* * *

1977 жылы тағы да жаз айында «Жамшы» совхозына атақты әнші Жүсіпбек Елебеков әкеміз келе қалды. Совхоз орталығы жоқтың қасы, совхоз кеңсесі, 8 жылдық мектеп үйі, интернат үйі, 10 шақты тұрғын үй, қалғаны науқанды жұмыстарға қатысатын жұмыскерлер, киіз үйлерімен көшіп келген, олар 20 шақты бір ауыл. Клуб әлі салынбаған. Совхозда 4 бөлімше бар, оларда да концерт өткізетіндей орын жоқ, қатты қиналдық. Содан ұялсам да шындықты айтып, таяу арада қалалық трестке айтып, қабырғалары темір-бетоны бар қора салғызып едік, сол ыңғайлы болмас па екен дедім. Жүкең көрейін деді. Барып көрген соң, Жүкең таң тамаша қалып: «Мынау дайын театр ғой, тура осында қояйық, тек сахана үшін бір бортты машинаның кузовын ашып, шығып түсуге саты жасат», деді. Мен қуана-қуана айтқанындай сахна жабдықтап, егіндегі, шөптегі жұмыскерлерді, шопан-бақташыларды тегіс алдырып, кешке концертке шақырдық. Халық көп болды. Жүкең қатты риза болды, ұзақ концерт болды. Елде риза болды. Ертеңіне Жүкеңді көрші совхозға дейін шығарып салдық, өте риза болып кетті. Амал нешік, Жүкең де 3-4 айдан соң өмірден озды, бірақ сол жолы аудан көлеміндегі барлық шаруашылықтарда болыпты.

Алла, иманын көркем мол бұйыртсын! Әмин!

* * *

1986 жылдың жаз айы. «Жамшы» совхозына атақты партизан, батыр әкеміз, жазушы Қасым Қайсенов бастап ақын, жазушысы бар, оның ішінде көрнекті сатирик Оспанхан Әубәкіров те бар, елге

келді. Үлкен қуанышпен қарсы алдық. Қолдан келгенше күтіп, халықпен кездесу өткізіп, Қаскең партизандық ғұмырын баяндап, Осекең мен ақын Телгараевтың шығармаларымен таныстырып, халық алдында мен бергендей шабытпен өтті. Халық та риза, келген қонақтар да риза болды. Жиынның бұлай өткеніне совхоз басшылары, біз де бір жасап қалдық.

Ертеңіне қонақтарды сапарларына шығарып салдық. Далада жол үстінде дастарқан жайылып, тағы дәм бердік. Қонақтар көңілді, әр қайсысы өздерінің жарық көрген шығармаларын әңгімеледі. Оскең «Біз айтып жатырмыз, әйтеуір жасаған еңбегіміз азды-көпті кітап болып шығады, мына сіздер қаншама қиындықпен жасаған еңбектеріңіз белгісіз болып қалады-ау», деді. Мен: «Неге олай дейсіз, біздің еңбегіміз кітап болмаса да, таза күйінде ескерткіш болып қалады, ол мына Сіздер көріп сүйсінген қала тәріздес ауыл, ондағы не түрлі ғимараттар, тірі адамға жасалған түрлі жағдайлар, бөлімше орталықтарындағы елді мекендер, қыстақтар, су көздерінің құрылысы т.т. бәрі де халық үшін, бірақ оның авторы еш жерде тіркелмейтіні рас», дедім. Қонақтар да «ол да рас екен-ау» деп біріне-бірі қарады. Ол екі арада ақын жігіт «Әкемнен қалған тауларым» деген атакты өлеңді шабыттана оқып шықты. Сол-ақ екен Оскең: «Қаске-ау, мынаның әкесі ұлына тау қалдырыпты, сіз екеуіміздің әкеміз төбешік те қалдырмапты, бұл қалай?» деп, біраз қалжың айтты. Біз қалжыңды жуып-шайған болып, дәм алдырып, шығарып салдық. Тағдыр солай, тағы да 3-4 айдың жүзі өткен соң Оскеңнің өмірден озғанын естіп қапаландық. Алла жақсы адамның алды пейіш болып, иманнан жарылқасын! Әмин!

Естеліктер

НАҒЫЗ БІЛІКТІ, ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ, ІСКЕРЛІК, ҚАБІЛЕТІ ЖОҒАРЫ БАСШЫ

«Жамшы» кеңшары 1973 жылдың 20 қазанында Қоңырат кеңшарының Калинин, Ақтоғай кеңшарының Бірлестік, Ақши, Илек бөлімшелерінің есебінен құрылды. Орталығы Бірлестік болды.

Қызметкерлердің бәрі дерлік салт істеді. Әрқайсысы әркімнің үйінде жатты. Елдің көңіл-күйі көтеріңкі. Жұмысқа ынталы. Алға қойған мақсаттары айқын. Кеңшарды өркендетеміз, жақсы өмір сүреміз, кеңшарға жаңа орталық саламыз деген арман-тілектермен ұйымдасып, бірлесіп, құлшына еңбек етіп жатты.

Кеңшардың Қауаз Мұқажанов бастаған басшылары да еңбекшілердің еңбек жағдайын жасап, жұмысты дұрыс ұйымдастыра білуінің арқасында шаруашылық жақсы өркендей бастады. Кеңшарда еңбек, тұрмыс жағдайының жақсы болуына байланысты жан-жақтан шопан, механизатор, шофер, т.б. мамандар: Әбжанов Бақыт, Бейсембаев Нығман, тракторшы Түймішінов Нақыпбек, шофер Амантаев Армия, мал мамандары Никанбеков Қали, Долбаев Мұқатай т.б. жинақтала бастады. Жергілікті механизатор мамандықтарын көбейту мақсатында Жанарқадағы К-700 мамандарын дайындайтын СПТУ-ға адамдар жіберіп, оқытып алды. Сейітжаппаров Бекен, Наурызбаев Сағат, Бекбаев Мұсабек, Жаңаберженов Көмірбай оқып келді.

Көктем шыға кеңшар орталығының қазіргі тұрған жерінен орталықтың құрылысы бой көтеріп, типтік үлгідегі 2 квартиралы үйлер салына бастады. 1974 жылдың күзінде алғашқы салынған 7 үйге қоныстану басталды. Құрылыс қарқынды жүріп, үйлер бірінен соң бірі бітіп жатты. Салушы «Прибалхашстрой» тресі. Құрылыстың қарқынды жүруіне, орталықтағы үйлердің көптеп салынуына және оның типтік үлгіде көше-көше болып сән түзеуіне,

400 балалық мектеп, 120 балалық интернат, Ақтоғай көлемінде жоқ мәдениет үйі, балабақша, әкімшілік ғимараты, сауда орталығының салынуына кеңшар директоры Қауаз Мұқажановтың еңбегі ерекше болды.

Құрылысты салуда, оны жоспарға енгізуде министрліктерге кіріп, жолығу үшін Алматыға арнайы барып, апталап жатып, істі оңынан шешіп әкелуі орасан күш-жігердің, табандылықтың, іскерліктің, ынтаның арқасы еді.

Кеңшар орталығынан типті МТМ, кормоцех, қой қырку пункті, қой тоғыту алаңы, тері өңдеу цехы, жылыту орталығы, асхана, жатақхана салынды. Көшелерге су құбырлары тартылып, су колонкалары жұмыс жасады. Шаруашылық есеппен наубайхана, монша, мұнай базасы, демалыс саябағы салынды, ішінде бассейні, тир бар. Соғысқа кеткендердің есімдері жазылған мемориалды «Жауынгерлік даңқ» аллеясы бар. Бөлімшелерде құрылыс жұмыстары жүріп жатты. №3 бөлімшенің тың жерден жаңа орталығы – Ақсеңгір бой көтерді. Қыстақтарда шопан үйлері, мал қоралары көптеп салынды. Қыстақтарға электр желілері тартылды. Кеңшар дегерес тұқымды қой өсірумен шұғылданды. Қой саны 53 000 дейін жетті. Дегерес қойының жүні өте жоғары бағаланды. 1000 бастай жылқы болды. Шаруашылық аудан емес, облыста алдыңғы қатарда болды.

Кеңшар кейін Қ. Мұқажановтың талмай істеген қажырлы еңбегінің арқасында «Жамшы» асыл тұқымды қой өсіретін кеңшары аталды. Мал тұқымын асылдандыру жөнінде Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институтының ғалымдарымен бірігіп жұмыс жасады. Кеңшардың осылай өсіп-өркендеуіне кеңшар директоры Қауаз Мұқажановтың іскер басшылығының, еңбекшілерді, бас және орта буын мамандарды, есеп қызметкерлерін, шопан-механизаторларды ұйымдастыра, жұмылдыра білуінің арқасында жетті.

Дегерес қойын өсіруде Зікірия Көпбаев бастаған аға шопандар Базар Қияшев, кейін оның ақ таяғын ұстаған баласы Марат Кәрімов, Шәкәрім Нұрханов, Ақтай Рахымберлин сияқты

азаматтар ерен еңбектің үлгісін көрсетті. Техниканың дұрыс жүріп тұруына, қаладан жүк тасу, қыстақтарға жүк жеткізу, қар аршып, жол күреу жұмыстарына техниканың сақадай сай тұруын қамтамасыз етуде бас инженер Тасболат Атабаев, маман Баймырза Байболатов жақсы жұмыстар атқарды. Кеңшарда есеп жұмыстарын жолға қойып, материалды есепке алу, еңбекақының дұрыс есептелуін қамтамасыз етуде бас бухгалтер Мұрат Сүлейменов, бас бухгалтердің орынбасары Амантай Бедербеков, материал жөніндегі бухгалтер Қарпық Алдабергенов, бас экономист Сағынтай Аяғанов, есеп айырысу бухгалтері Гүлжан Оңғарқұлова еңбек етті. Қаукеңнің тәрбиесін, үлгі-өнегесін, жұмыс істеу тәртібін көрген мамандар кейін қызметтері өсіп, жоғарылап кетті. Атап айтқанда, Қалмерден Шаймерденов «Қоңырат» кеңшарына, Жанқабыл Қызылбаев «Ақтоғай» кеңшарына директор болса, Сүйіндік Аханов «Еңбек» кеңшарына бас зоотехник болды.

Жастарға қамқорлық жасауда, олардың жақсы істерін бағалап, тәрбиелеп, кеңшардың жауапты орындарына да жастарды жіберуде жақсы жұмыстар жүргізді. Мысалы, механизатор О. Оңғарқұловты №4 Имек бөлімшесіне бөлімше басқарушысы, веттехник Т. Төлегеновты №1 Калининге бөлімше басқарушысы, механизатор Ғ. Күзембаевты МТМ меңгерушісі, шофер Е. Дүйсеновты гараж меңгерушісі етіп тағайындады. Кеңшар 4500 га жерге егін (арпа) егіп, жеммен өзін-өзі толықтай қамтамасыз етті. Жем ұнтақтау (дробилка) жұмыс істеп, малшыларға жем ұнтақталған күйінде жеткізіліп тұрды.

Кеңшарда, жалпы Ақтоғай ауданында шөп мәселесі қиындау болды ғой. Басқа облыстардан, Ақдаладан шөп, сабан тасыған жылдар болды. Бірақ, соған карамай кеңшар тұрғындарына тиісті шөп әр отбасына жеткілікті түрде беріліп отырды. Тұрғындарға жеңілдікпен арзандатылған бағамен жем берілді. Осы істелген жұмыстың бәрі кеңшар директоры Қауаз Мұқажановтың іскерлігінің, жұмысты ұйымдастыра білуінің, шаруашылықты және жұмыстың ығын жақсы білуінің арқасында еді. Бұл кісінің жұмысқа берілгендігі сонша, іс-сапардан таңға жақын келсе де таңертеңгі

разнарядкаға дәл уақытында келіп отыратын. Бір жаққа жұмыс бабымен іс-сапарға шықса, сол жақта көрген жаңалықтарын өз шаруашылығына енгізуге тырысатын. Мұны білетінім осының бәрін өз көзіммен көрдім, кейбір жұмыстардың басы-қасында жүрдім. Мен бұл кісінің қол астында кеңшар құрылған алғашқы күннен бастап бірге істедім. Кейде мақтанып айтатыным бар: «Мен кеңшардың қазығын ұстап тұрдым, Қаукең балғамен қазығын қакты» - деп. Қаукең шын мәнінде тек қана ресми кеңшар басшысы ғана болып қойған жоқ, нағыз ауыл басшысы, ақылшысы болды. Ең ақыры малды қалай күтіп-бағу, үй айналасына ағаш отырғызу, шатырдың қарын күреу, көше тазалығы, т.б. жұмыстардың бәріне жөн сілтеп, үйретуден жалықпайтын.

Қауаз Мұқажанов нағыз іскер де білікті, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары басшы, ақылшы, ауыл – ел ағасы болды.

Данағұл СТАМБЕКОВ,
Кадр бөлімінің инспекторы,
еңбекақы жөніндегі экономист.
22-мамыр, 2018 жыл.

* * *

ДОСТАРЫ ДА, ТАНЫС-ТАМЫРЛАРЫ ДА КӨП ЕДІ

Жаңадан құрылған «Жамшы» совхозында көптеген күрделі қыруар жұмыстар күтіп тұрды. Сол қыруар жұмыстың ең ауыры да, қиыны да совхозға керекті техниканы жүргізу, оның бүлінген сайманын таба білу. Ал бұл заттарды табу үшін совхоз директоры Мұқажанов Қауаз мені инженер-снабженец қызметіне тағайындады. Мені тағайындауға кейбіреулер күмәнді болды, бірақ Қаукең осының қолынан келеді деді. Сонда бұл кісінің адамды тани білетіндігінде қайран асыр боласыз. Оған дәлел, мен, Баспақов Өмен, Қаукеңнің басшылығымен және айтуымен істеген жұмысымды баяндаймын.

Ол кезде совхозға келген К-700 тракторлары аз болатын және де оның сайманын табу қиын. Совхозға келген К-700 тракторының моторы мен қоробкасы бүлініп қалып жүрді, оны жөндеу совхоздағы механизаторларға қиындыққа соғады. Осыны ескерген Қаукең, мені сол кездегі мұны жөндейтін зауыт – бұрынғы Целиноград облысындағы Атбасарға жұмсады. Соған барып К-700-дің бұзылған ескі 2 моторын және 2 қоробкасын апарып, орнына жүріп тұрғанын айырбастап алып келдім.

Осыдан кейін Қаукең маған, «енді сен үйрендің, әрі қарай алыс-алыс жерлерге барып тұратын боласың», деп мені «Көкшетаудағы машина жөндейтін зауытқа барып, ескі машинаны ала кетіп айырбастап әкел» деп жіберді. Барып біліп, басшыларына жолығып, ескі машинаны жөндеткізіп алып келдім, жағдай жақсарды. Осыны естіген басқа совхоздар да бізден сұрап баратын болды. Машинаны жөндетіп әкелген соң мені менсініңкіремей жүрген гараж басшылары маған рахметін айтып, оң көзімен қарай бастады.

Бұл жерде айтайын деп отырғаным Қаукеңнің жан-жақты екендігі, үнемі ізденісте болатындығы, осы айтқандарым жұмысты жақсарту екенінің дәлелі. Сонымен қатар, жолдастарының көп екенінің, адамгершілігінің мол екенінің дәлелі деп білемін. Осыдан кейін бір күні мені шақырып алып, мініп жүрген машина ескілеу еді, соны гараждың бастығын шақырып алып, жаңадан келген ГАЗ-53 автомашинасын кезектен тыс бергізді. Сөйтіп менің кашық рейсте жүретінімді ескеріп беріп отырған екен.

Семейдегі эксперименталды заводтың директоры Княгин Александр Александрович деген кісі Қауаздың жолдасы екен. Алдында бие сауатын агрегатты алғызған еді, енді ДТ-мен жұмыс жасайтын жылжымалы жемазық қондырғысын шөп-бұта ұнтақтағыштар жасауға алдырту үшін хат жазып мені жіберді. Өйткені аудандағы барлық совхоздарға бірдей жасатып бересің деп, аудан басшылары тапсырған екен. Оған А.А. Княгин көп металл сұрады. Ондай металл облыс көлемінде болмағандықтан, Жүнісбеков Ибрагимді экспедиторлыққа тағайындап, соны

Россияға жіберді. Челябинскіден, Красноярскіден металдар алғызып, соны Семейге жібертіп, ауданның барлық совхоздарына бір комплектіден жасатып берді. Сонда Қазақстан тұрсын, Россияның қай жерінде не бар екенін Қаукең қалай біледі? деп таң қаламыз.

Шығыс Қазақстан облысында күшті жер сілкінісі болып, халыққа біраз ауыртпалық түсті. Осыны білген соң біздің директор менің машинамен орталық қоймадан 2 киіз үй, төсек орын, жылы киімдер және банк арқылы қомақты ақша аударып беріп, сілкініс болған жерге жіберді. Мен барлық затты тапсырып, сол жерден тиісті құжаттарды директордың айтқанындай алып, ақшаның да құжаттарын алып келіп, бухгалтерияға өткіздім. Бұндай көмекті басқа шаруашылықтар жасамайтын.

Бірде, 1987 жылы жазда, Қорғалжын ауданына жол жүріп бара жатып, Киевқада машина бұзылып, көшеде тұрып қалдым да жөндеуге кірістім. Біраздан соң бір қария адам келіп, қайдан екенімді сұрады, мен жөнімді айттым. «Ақтоғайдан болсаң Мұқажанов Қауазды білесің бе?» - деді. Мен «ол кісі біздің директорымыз» дедім. «Сонда бар екен ғой, жас кезінде маған қатты көмек жасап еді, мен Шет пен Ақтоғайдың арасындағы жолды салған жол құрылысын салу басқармасының (ДСУ) начальнигі едім, жаста болса соның көмегінің арқасында бітіріп едім», - деп, маған қонақ бол деп жабысты.

Мен рахмет айттым. «Ұмытпаған шығар, сәлем айт!», - деп тапсырды. Жалғыз мен емес, сыртқы жүріп тұратын құрылысшылар Бейсенбаев Нығыман, Еңсебаев Олжабай, зоотехник Аханов Сүйндік, бас инженер Атабаев Тасболат т.б. жігіттер «қайда барсаң да біздің директорды әр түрлі ұлттың азаматтары білетін, мәселемізге көмек жасайтын», - деп айтатын, соған таңданатынбыз.

Кейін мені тағы шақырып алып, «Семейде бие сауатын қондырғы бар, соны алып кел! – деді. – Ол заводтың директорымен бір жиналыста кездесіп сөйлесіп келіскенмін», – деді. Мен Семейге тартып отырдым. Бастығына жолығып едім, «10-15 күндей тосасың», деді. Содан Қаукең телеграмма жібердім. Ол кісі

куанып, «тос» деді. Тосып, бие сауатын қондырғыны алып келдім. Оны орнатып совхоз қызығын көрді. Бұндай бие сауу қондырғысы Ақтоғай ауданының совхоздарында тұңғыш пайдаланылған.

Бір күні шақырып алып, Қаукең «Алматы қаласында бір проектный институт қой тоғыту қондырғысын жасайды екен, соны алуымыз керек» – деп жіберді. Ол үлкен қала ғой, қалай жасаймын деп жүрексініп едім. Қаукең «сенің Тілен деген қайның бар ғой, соны ертіп ал», – деді. Содан Тілен екеуміз барып біліп едік, «ол рас, оны біз өндіріске енгізген болатынбыз, қазір жұмыс жасап жатыр, Республикалық Қазсельхозтехникаға барып біліңіздер», – деді.

Оның бастығы командировкаға кеткен екен, 2-3 күннен кейін келеді деді. Біз жолығып едік, ол кісі Қызылорда облысының 20 «купкасы» дайын тұр, соның біреуін тиеткізуге келісті. Содан Балқаштағы Қазсельхозтехниканың адресін жазып бердім, сонымен қоса «Балқаштағы Қазсельхозтехниканың бастығына ескертіп кетіңіз, 7-8 күннен кейін барады» деді. Ол 7-10 күннен кейін Балқаштағы Қазсельхозтехникаға «Жамшы» асыл тұқымды қой совхозына деп келіп түсіпті.

Бір күні Приозерный аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Талмазов сельхозтехниканың базасын аралап жүріп, мынау не деп сұрайды. Бұл «Жамшы» совхозына арнайы келген қой тоғытатын қондырғы», – дейді. «Оған бермейсің, бұл біздің қарамағымыздағы сельхозтехника кәсіпорны, біздің ауданның бір совхозы алады», – депті.

Осыны естісімен «Жамшы» совхозының директорына Балқаштағы Қазсельхозтехниканың бастығы Юн хабарлайды. Директор Қауаздың өзі келіп, үш автомашинамен алып кетеді. Мен бұл кезде басқа жерде командировкада болған едім. Бұл жерде Қауаздың жолдастарының көптігін, оның адамгершілігін, іскерлігін бағалай білетін адамдардың барлығын айтқым келіп отыр. «Купканы» алып келген соң маған тұңғыш рет күліп, арқамнан қағып тұрып алғыс рахметін айтқаны әлі есімде.

Осымен өмір өтіп жатты. Бір күні шақырып алып, «Көкшетауға барасың», – деді. «Саған хат жазып беремін,

Көкшетаудың Рузаев аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Қамзатов Серікбайға жолығып, одан комбайнның, ауыл шаруашылық машиналарының саймандарын: косилкаға, тырмалауышқа саймандар алып кел», – деді. Қасыма қосымша Тоқабаев Самет деген шоферді қосып берді. Рузаев ауданына келсек, ол кісі совхозға командировкаға кеткен екен, хатшысына жолығып едік, таңертең келеді деді.

Таңертең сағат 8:00-де келсек конторында отыр екен. Есіктен кіріп амандасқаннан кейін, «мен Ақтоғай ауданы «Жамшы» совхозынан келіп едім», дедім. Орнынан тұрып қолымды алып, «сен Қауаздан келіп тұрсың ғой», – деді.

Мән-жайды білген соң, үйіне апарып шай ішкізіп, тамақ піскенше аудандық сельхозтехникаға барып, саймандарыңды алып қой деп ертіп барды. Барған соң комбайнның, косилканың, тырманың, трактордың насостарын керегінше бергізді. Соны тиіп алған соң, етке тойып ауылға қайттық. Бұл жерде айтқым келгені, жолдастарының Қаукенді қалай қатты сыйлайтындығы, тіпті мен айтпай-ақ көрініп тұр.

Бір күні мені шақырып алып Қарағандыға жұмсады. «Сен Қарағандыдағы барып, совхоз құрылған жылы туған 30 бала оныншы класты бітіріп отыр ғой, соған сыйлық, яғни қолға ұстайтын радио, қол сағат алып кел» деп, совхоздың есебінен жететіндей ақша бергізді. Бұл жерде Қаукеннің шаруашылық емес, адам өміріне немқұрайды қарамай, мәденилікке, келешегіне көңіл бөлетіндігі көрініп тұр ғой.

Көптеген жұмыстарды жүзеге асыруда сенімді серіктері болған адамдарды атамай кеткенім дұрыс болмас. Жоғары оқу орнын бітірмеген болса да, аянбай еңбек еткен:

Совхоздың бас инженері – Атабаев Тасболат,
 Машина алаңының меңгерушісі – Байболатов Байтан,
 МТМ меңгерушісі – Үйсінбаев Дайыр,
 Гараж меңгерушісі - Дүйсенов Елубай,
 Құрылыс саласында прораб – Бейсембаев Нығыман,
 Құрылыс мастері – Еңсебаев Олжабай,

Совхоздың ауылдық жылу орталығын басқарушы – Салимбаев Кәкітай үлкен үлес қоса білген адамдар.

Совхоз экономикасын көтеруде оның директоры Мұқажанов Қауаз өз басшылығымен үлкен еңбек үлесін қоса білді, айтылғандарды толық жүзеге асырып отырды.

Мұқажанов Қауаздың бір ерекшелігі – совхоз еңбекшілерінің қай-қайсының өлік-тірігіне семьясынан бастап қатты араласып отырды. Тіпті кейбіреуінің жағдайларына қарап, совхоз жұмысшылар комитетімен келісе отырып, совхоз есебінен жеңілдікпен көмектесіп отырды.

Мұқажанов Қауаз кейін жұмыс бабымен басқа совхозға ауысып кеткенде, ол кісіге «Жамшы» совхозының еңбеккерлері бау-шарбағымен барып араласып тұрды. Оол кісінің адамгершілігі, кісіні сыйлай білетіндігі айтпаса да өз-өзінен түсінікті болып тұр ғой.

Өмірзақ (Өмен) БАСПАҚОВ,
совхоздың инженер-жабдықтаушысы.
26.08.2017 жыл.

* * *

ҚАУКЕҢНІҢ ТАЗАЛЫҒЫНАН ҮЛГІ АЛДЫҚ

Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданына қарасты «Жамшы» қой совхозы 1973 жылы 01-қаңтарда құрылды. Бұл бұрынғы «Жамшы», «Бірлестік», «Қоңырат» колхоздары қосылып ірілендірілген, үш колхоздан құрылған, «Бірлестік» колхозы болатын. Осы жаңадан құрылған «Жамшы» совхозына совхоз директоры болып Мұқажанов Қауаз тағайындалды. Бұл кісі жұмысқа келісімен совхоздың территориясын түгелдей аралап, онда еңбек етіп жатқан адамдармен кездесіп, қал-жағдайына назар аударып толық түсіне бастады.

Республика үкіметінің бұйрығымен совхоздың орталығы болып «Бірлестік» бекітілген болатын. Совхоздың келешегі үшін

бұл шешім дұрыс еместігін ескерген совхоз директоры қайткен күнде совхоз орталығын қолайлы жерден салуды мақсат етті. Бұрын бірде-бір құрылыс жоқ Жамшы өзенінің бойына орталық салуды ойластырды. Ол үшін облысқа, тіпті Республикаға барып тыным таппай жүріп, өз жоспарын іске асыруға кірісті. «Балқаш құрылыс» трест мекемесінің басшыларымен келісіп құрылысты бастап кетті.

Әрине бұл оңай шаруа емес. Қаукеңнің ерінбей, жалықпай, үнемі ізденіс үстінде істеген еңбегінің нәтижесі еді. Совхоздың жаңа орталығынан 3-бөлмелі екі басты кең үйлер бой көтерді. Біртіндеп бірінен соң бірі клуб, контор, медпункт, қонақ үй, монша, асхана, наубайхана, әртүрлі қоймалар, көкөніс сақтайтын қоймалар салынды. Рет-ретімен қой қырқатын күрделі құрылыс іске қосылды. Жүнді сорт-сортымен престейтін жеке бөлме салынды. Престелген жүн заводқа жіберіліп, одан түскен ақша совхоздың экономикасын жақсы көтеріп отырды. Толық механикаландырылған қой тоғытатын купка салынды. Бұл адам күшін үнемдеуде үлкен септігін тигізді. Осының жанынан малды егу-емдеу жұмысына арналған мал дәргерлік пункт салынды. Бұл мал шарушылығында істейтін мамандарға өте қолайлы болды.

Біртіндеп фермадағы қыстақтарға шопан мен оның көмекшісі кіретін 8-бөлмелі үй салынды. Оның бір бөлмесі шопандардың, сол жердегі еңбек етіп жатқан жұмыскерлер түсетін моншаға арналып салынды. Қыстақтарға жаңадан мал қоралары салына бастады. Көпшілік қыстақтарға жоғарғы кернеулі (энергия) ток тартылып, жарық көрді. Бұрын қыстақ, малшы ауылдарында тек бұлақтар мен өзендердің сулары пайдаланылса, енді жаңадан су құдықтары қазылып, суландыру жұмыстары басталды. Мотор бұзылғанда жөндеу үшін арнайы адам тағайындалды. Бұл жұмысты маман механизатор Қамбаров Қанаш, автокраншы Маухиев Оңғар деген азаматтар үнемі бақылап, жақсы жұмыс атқарды.

Совхоздың экономикасы өркендеді. Совхоз жаңадан «Жамшы» асыл тұқымды қой совхозы атанды. Малшылардың еңбек ақысы көтерілді. Бұл жөнінде Мұқажанов Қауаздың еңбегі ұшан-теңіз. Сол еңбек ақы жөнінде арендалық әдіс енгізіліп,

Республикаға қайта-қайта барып шешкізіп жүрді. Республика, облыс, аудан совхоздарына қарағанда, «Жамшы» совхозының малшылары еңбек ақыны көп алып жүрді. Осының салдарынан еңбек озаттарының қатары өсті. Малшылардан жүздік шопандар көбейді, олардың қатарында Көпбаев Зікірия (Дала академигі атанған) бастаған, Нұрханов Шәкәрім, Рахымберлин Ақтай, Байжұманов Боранқұл, Жұмабеков Рым, Қабышев Өсербай, Аманбаев Дүкенбай, Момынов Ғайни, Қияшов Базар, Тілеуқұлов Төлеутай, Рахымжанов Әбжан, Абеуов Бөлекбай, Башаев Шамел, тағы басқалары бар.

Сиыршылар: Карин Ыбраһым, Аханов Рахмет, Жақыпбеков Нығмет тағы басқалары бар.

Совхоз алғашқы құрылғанда үлгілі еңбек еткен жылқышылар: Омарханов Сағындық, Карбозов Қатай, Ермағанбетов Тұрсын, Құсайынов Қамбар, Бейсеков Мәдіхан, тағы басқалары.

Үлгілі «К-700» жүргізушілері: Жанабергенев Көмірбай, Шақтаев Серікбек, Қуатбеков Сағат, Құрманғалиев Эдик, Ақшолақов Етай, тағы басқалары.

Үлгілі шоферлар: Баспақов Өмен, Күзембаев Сұлтан, Рахымберлин Орынбай, Хасенов Орынбек, Кенжин Хамит, Ақтайбеков Жалғасбай, Аршабеков Қуандық, Жармағанбетов Алтай, Мустафин Өмен, Әбілқасов Балтабай, Қазақбаев Серік және басқалары.

Үлгілі шебер токарь: Омарханов Сәбен.

Сварщиктер: Кәріпбек, Кәкіш. Аспазшы – Гүлжатай.

Совхоздың экономикасын көтеруде, совхоздың әр тиініның жұмсалуды бақылап отырған есеп қызметкерлері: Бас бухгалтер – Сүлейменов Мұрат, Бас экономист – Аяғанов Сағынтай, еңбекақы жөніндегі экономист – Стамқұлов Данағұл, тағы басқалары бар.

Совхоздың қой шарушылығын асылдандыруда еңбек жасаған, селекция маманы, зоотехник Таукеев Зарузаданы айтуға болады. Жүнді заводқа жібергеннен кейін оны бақылап көруге баратын маман - Рахымберлин Атымтай, Таукеев Зарузаданың

еңбектері бар. Бұдан кейін совхоздың экономикасы көтерілген соң Мұқажанов Қауаз өте күрделі құрылыс сала бастады. Екі қабатты МТМ, ішіндегі барлық жұмыс орындары түрлі станоктар, құрылғылар, жүк көтеретін крандармен жабдықталды. Егістіктен алған астық тазалайтын элеватор салынды. Келген, кеткен жүкті өлшейтін автовес орнатылды. Ол сонымен қатар мал өлшеуге де арналған.

Екі қабатты онжылдық мектеп, оның жанынан шопандардың балалары жатып оқитын екі қабатты интернат салғызды. Жоғарғы оқу орнын бітіріп келген ұстаздарды үймен қамтамасыз етті.

Екі қабатты жаңадан контор, ішінде асханасы бар екі қабатты балабақша бой көтерді.

Ауыл жастары, совхоз еңбеккерлері дем алып, бас қосатын жаңа үлгідегі үлкен екі қабатты Мәдениет үйі салынды. Мәдени объектілерді жылытатын жаңа үлгідегі котельный тұрғызылып, оны үлгілі механизатор Салимбаев Кәкітай жақсы басқарды. Жаңадан жер бөліп, оны қоршатып, ағаш отырғызып парк ашты. Парктің ішінде Ұлы Отан соғысында қаза болған, «Жамшы» совхозынан кеткен азаматтарға ескерткіш орнатты. Жазды күні балалар шомылатын бассейн салғызды. Тері илейтін цех тұрғызды. Типті сауда орталығының фундаментін салғызып, бітуге жақындап қалғанда совхоз таратылып кеткен жағдайға тап болды.

Осы жоғарыдағы айтылған жағдайлар бір жылдың шаруасы емес қой. Мұқажанов Қауаздың «Жамшы» асыл тұқымды совхозын 20 жылдан астам басқарған еңбегінің жемісі еді. 20 жылға жуық басқарған Мұқажанов Қауаз артта қалған шаруашылықты Республикаға әйгілі, үлгілі, алдыңғы қатарлы «Жамшы» асыл тұқымды қой совхозына жеткізді. Әрине, ол Қауаздың 20 жылдан астам талмай, қажымай, үнемі іздену үстінде, жақсыны өмірге әкелудің арқасында болған жағдай. Кадрларды дұрыс таңдай білудің, оған дұрыс басшылық жасауының арқасында болған жетістік. Совхоз еңбеккерлерінің жағдайын дұрыс дер кезінде шеше білуінің, соңынан дұрыс ерте білуінің нәтижесі ғой деп білеміз. Осы жоғарыдағы еңбектерін халық бағалай біліп, оны Облыстық

Советке депутат етіп сайлады. Жоғарғы органдар еңбегін бағалап, «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапаттады.

1973 жылы «Жамшы» совхозы құрылған кезде, мен осы совхоздың №2 бөлімшесінің басқарушысы болып қызмет жасайтынмын. Бұл жерде айтайын деп отырғаным, Қауаздың қарамағындағы кадрларға және еңбек адамына деген қамқорлығы.

1976 жылы совхоз мал басын өсіруде жоспарды көрсетілген межеден асырып, артығымен орындап шықты. Әрине, №2 бөлімшеде мал басын өсіруде жоспарды артығымен орындады. Осы артығымен орындаған артық малдарды қоңы бар кезінде ет комбинатына өткізу қажет болды. Өйткені, қыстақтағы қораларға малдың басы көп болғандықтан тығыз орналасты.

Бұл жағдайға аудан басшылары ұлықсат жасамады, өйткені ауданның кейбір совхоздары аудан бойынша мал басының жоспарын орындай алмады. Аудан бойынша мал басының жоспарын орындап қалу қажет болды. Осы артық малды ет комбинатына өткіземіз дегеніміз үшін аудандық партия комитетінің бюросында совхоз басшыларымен қоса мені тыңдады. Ол кезде совхозда шопан кадрлары аз болатын. Осы жағдайларды бюрода айтқанымызбен, №2 бөлімшеде жылдың аяғына дейін жаңадан тағы комсомол жастар бригадасын ашамыз деді. Түрлі себептермен комсомол жастар бригадасы ашылмай қалды. Мал басы нормадан артық орналасып тобыры көбейіп кетті. Саулық пен ұрғашы тоқтылар бірге қыстап қалды.

1976 жылдың 6-қазан күні қалың жаңбыр аралас қар жауып, қалың мұз басып қалды. Одан кейінде бірнеше рет қайталап мұз басып, қысқа ұласты. Барлық мал жайылымға шыға алмай, тек шөпке қарап қалды. Үнемдеп берген азыққа қанағаттанбаған мал 1977 жылдың қаңтар айының аяғынан бастап шығындала бастады. Ақпан айының аяғында №2 бөлімшенің басқарушысы болып жүрген мені партиядан шығарып, жауапқа тарту үшін құжаттар жасауға облыстық партия комитетінің партиялық комиссия бөлімінің екінші бастығы Калиенченко деген кісі совхоз орталығына келіпті деп естідім. Күн боран, директорға

Калиенченко тез №2 бөлімшеге жеткіз, сен әдейі істеп отырсың, Алдабергеновты қорғап отырсың депті. Мен сендерге көрсетемін, сендер казактар бірінді-бірін қорғаштауды дағдыға айналдырғансыңдар деген ғой.

Калиенченко бойы шағын, шоқша сақалды, өзін Ленинге ұксатып жүргенді қалайтын болу керек. Әбден қорлығы өткен соң директорымыз: «Сен не сандалып отырсың, сен облыстық партия комитетінде қызмет жасау былай тұрсын, қатардағы коммунист болуға жарамайтын адам екенсің, қазақ ұлты жөнінде осындай сөз айтуға кім құқық берген, ұлттық намысымызға неге тиесің, қазір осы жерден кері қайт, біз даланың аңындай қой бағып, сені асырап отырған адамдармыз, егер қайтпасаң көзіңше облыстық партия комитетінің бірінші хатшысына телефон соғамын» - депті. Содан Калиенченко қорқып қайтып кетіпті. Сөйтіп мен аман қалып едім.

Мұның алдында мені аудандық партия комитетінің бюросы партиядан шығарып, қызметтен босатқан болатын. Бірақ мен партиялығымды қайтарып, коммунист болу үшін облыстық партия комитетіне апелляция жазған болатымын. Облыстық партия комитетінің бюросы қарап, әділ шешім қабылдап, партиялығымды, яғни коммунистік билетімді 3 айдан кейін өзіме қайтарып берді. Сол кезде де совхоз директоры Мұқажанов Қауаз маған мінездеме сұратқанда жақсылап жазып, қолын қойып, мөрін басып берген болатын. Бұл Қауаздың қол астындағы кадрларға басына қиын іс түскенде адамгершілікпен қорғай-қолдай білетіндігінің дәлелі.

Жезқазған қаласына облыстық мәжіліске совхоз, бөлімше басшылары шақырылды. Үлкен қонақ үйге орналастық. Мәжілістен кейін аэропортқа тәнертең кеттік, бірақ самолет болмай, сағат 11:00-де қайыра сол орындарымызға келіп орналастық. Тәртіп бойынша сағат 12:00-ге дейін үлгермесе, басқаларға беріп қояды екен. Соған қарамай қонақ үйдің екінші бастығы орыс әйелі келіп, біздің сумкаларымызды лақтырып, «шығындар» деп айқайлап, сөзді тыңдамады. «Бұныңыз қалай, біз тәртіп бұзғанымыз жоқ қой» деген Ниханбеков Қали екеуімізге қол

жұмсады. «Бұныңыз қалай?» деп ара түскен совхоз басшыларына да айқайлап, милиция шақырды.

Милиция Қали екеуімізді алып кетпекші болды. Оларға «бұл екеуі бармайды, біз барып жауап береміз» деп, партком хатшысын ертіп директор кетті. Барысымен екеуін де қымыскерлердің үстіне кіргізіп түрмеге қамапты. Сонда қалталарындағы партбилеттері мен құнды заттарын алуға қайыра шығарғанда, әзер дегенде қалалық партия комитетінің хатшысына телефон соғып, дереу облыстық партия комитетіне жеткізуді сұрапты. Сөйтіп әзер дегенде құтылып келді.

«Бұндай әділетсіздік үшін не кінәлілер жазасын алатын болады, не мен қызметтен кетемін депті», біздің директор. Кейін бәрін де жазалатты. Біз бұл кісі болмағанда бірталай іс көретін едік. Бұл жерде айтайын деп отырғаным, Қауаздың қандай жағдайда үлкен-кішісіне қарамай адамдарға үнемі қамқорлықпен қарайтыны өз-өзінен түсінікті болып көрініп тұрғаны адамды таңқалдырады.

Шаруашылық жағдайы үшін келген адамдардың көпшілігін өзі қонақ қылатын, сыртқа совхоз мақсаты үшін шығындарды да өзі төлейтін. Өз жағдайына отын, жем-шөпті, жеке шаруасына жұмсаса, астындағы жеңіл қызмет машинасына да, басқадай жүк машинасына да ақша төлеп отыратын. «Бұныңыз қалай?» десем, «ұйқы тиыш болады, ешкімнен қаймықпай бетті жүресін» деп күлетін. Сондықтан да болу керек, бетті жүретін және ұжымда ақша төлемей, совхозға қол сұғуға ешкімге жол бермейтін. Директордың бұндай адалдығы басшыларға қолайсыз болған болу керек, жоғарғы лауазымдылар ол кісіні ұнатпайтын. Біз де сол кісінің тазалығынан өнеге алдық.

Қарпық АЛДАБЕРГЕНОВ,
«Бірлестік» бөлімшесінің меңгерушісі,
Совхоздың материал жөніндегі бухгалтері
23.08.2017 жыл.

* * *

ҚАУКЕҢНІҢ ЕҢБЕГІН ЖОҒАРЫ БАҒАЛАЙМЫЗ

«Жамшы» кеңшарына 1987 жылы 24 қазанда бас агроном болып қызметке орналастым. Совхоз директоры Қаукеңді бұрын Сауле ауылындағы МТС-та директор (басқарушы) болғаннан білетінмін. МТС-та директор болып тұрған 23 жасында аса қабілетті, білімді, талапты болғанын үлкендерден еститінмін.

Кеңшарға келген соң кадр бөлімінің басшысын шақырып, тұратын үйімді көрсетіп, орналасуыма көмектесуіне тапсырма берді. 24 күні қасына ертіп алған Қаукең кеңшарды аралатып таныстырды. Кеңшар жаңадан 1973 жылы құрылған екен. Сол жылы осы кеңшарға директор болған екен. Сондай жаңа типтегі совхоз орталығы маған ұнады. Контор, мектеп, интернат, бала бақша, амбулатория, мәдениет үйі, асхана, қонақ үй, 70 тракторлық МТМ машина алаңы, гараж, қой қырку пункті, астық қоймалары, орталық қойма, қырман, ЗАВ-20 агрегаты, 30 тонналық автовес (Биоочистка салынып жатқан), жем тартатын «Кормоцех», АЗС, монша, орталықтырылған жылу қазандығы т.б. нысандарды көрсетті. Ертеңінде өзі рулге отырып УАЗ-бен егін жайды араладық. Ұмытпасам 3 ауыспалы егістік бар, 4000 Га дәнді дақыл (арпа), 1200 Га көпжылдық бар екен. 4500 Га егістік жерге топырақты эрозиядан, желден, қар тоқтату үшін сол жылы ағаш отырғызылыпты.

1988 жылы кеңшар 4000 Га егістіктен әр гектарынан 10 центнерден 4000 тонна арпа алдық. Астық қоймаларға сыймағандықтан, далаға, қырманға сабанды престетіп жауып тастадық. 4 фермаға 100 тоннадан қоймаларына құйылды. Сол жылдары 150 Га суармалы егістіктің құрылысы басталып, 1989 жылы аяқталды. ДДА-100М жаңбырлатып суаратын қондырғы орнатылып, сырты қоршалды. Егістіктің 100 Га жеріне жоңышқа (люцерна) себілді, қалған 30 Га жерге жүгері, 10 Га жерге картофель, 10 Га жерге түрлі көкөністер себілді. Осы жұмыстармен айналысатын бригада құрылды. Арнайы техникалармен

қамтамасыз етілді. 2000 тонналық су сақтайтын бассейн салынды. Су көзі Қаратал өзенінен, жерасты суларын соратын 7 насос орнатылды. Осы суармалы жерге талап өте қатаң болып, агротехникалық шаралар сақталды.

1990 жылы жоңышқадан 200 тонна, 300 тонна сүрлем, 50 тонна картоп, 20 тонна қарбыз, 3 тонна қияр т.б. өнім алынып, малшыларға, механизаторларға, кеңшар тұрғындарына тегін таратылды. Аудандық тұтынушылар одағы арқылы аудан дүкендеріне, «Қоңырат», «Ақшатау» совхоздарына, Ақжал, Ақшатау, Балқаш қалаларына сатылды.

«Жамшы» кеңшары негізінен жартылай шөлейт аймаққа орналасқан. Жер көлемі жағынан 285 000 Га болып, Ақтоғай ауданында бірінші орын алады. Топырағы сұр топыраққа жатады. Балл бонитеті өте төмен болып келеді. Өсімдіктен өсетіні жусан, изен, теріскен, көде болып табылады. Жазда ыстық $t+40C$ -қа дейін, қыста ауа температурасы $t-40C$ дейін төмен болады.

Дәнді дақылдар егісін 25 сәуірде бастап 10 мамырда бітіреміз. «Көктемнің бір күні жылға азық» деген нақыл сөзді есте ұстап, тез арада сеуіп бітіреміз. Қаукең көктемгі себу, егінді ору кезінде таңертеңгі жиынды МТМ-да өткізеді. Таңертеңгі 06:00-ден түнгі 23:00-ге дейін механизатор, комбайнерлар егістік басында. Механизаторлар, комбайнерларды егістік басына жеткізуге арнайы автобус бөлінген. Төрт мезгіл тамақпен қамтамасыз етілген. Апта сайын жоспарын орындаған механизатор, комбайнерлерге, сварщиктерге, жөндеушілерге сыйақы беріліп отырады. Механизаторлар пар, зябь жыртуда 2 сменада жұмыс жасады.

Кеңшарда 13 «К-700», «К-701», 15 комбайн, 60-қа жуық автомашина болды. 1990 жылы арнайы Көкшетау облысының Зеренді ауданынан 60 тонна 1-класты «Саратовская 29» бидай тұқымы әкелініп, «Калинин» бөлімшесіндегі соғыс жылдарында салынған су қоймасының аяғына себілді. 600 гектар жерге. Сол жылдың өзінде әр гектарынан 10 центнерден өнім алынды. 1993 жылы 15 центнерден өнім алынып, 300 тонна жоғары сапалы бидай бірінші рет Жарық элеваторына жоспарсыз өткізілді. Қалған

бидайдан Жарық, «Қоңырат» совхоздарындағы диірменге ұн тартқызылып, ауыл тұрғындарына, механизаторларға, қойшы-малшыларға таратылды. Қаукең егіс алқабындағы орман жолағы алқабын (лесополос) 4500 гектарға жеткізді.

Мені қоғамдық жұмыстарға, дәлірек айтқанда азаматтық қорғаныс істерінің жетекшісі, кеңшар бойынша экология төрағасы етіп сайлап қойды. Кеңшарда азаматтық қорғаныс істері жөнінен облыстық семинар өткізілді. Экология жөнінен қатаң талап қойылды. Сол уақыттағы «Жамшы» кеңшары таза, сәнді болғандықтан, әлі де сол қалпын сақтап келеді. Ауыл халқы Қаукеңнің осындай еңбектерін жоғары бағалап айтып отырады.

Өмірәлі ТАСИМБЕКОВ,

Сол уақыттағы свхоздың бас агрономы.

23.04.2018 жыл.

* * *

ДАРА ТҮЛҒА

Ауылдың дамуы – оның басшыларының іскерлігіне, шешімділігіне, біліктілігіне байланысты. Ақтоғай ауданы бойынша 1973 жылы «Жамшы» кеңшары құрылып, оның іргетасын қалап, 1991 жылға дейін директор болып Мұқажанов Қауаз Мұқажанұлы жұмыс жасады. Ол осы кеңшар құрылғаннан бастап өзінің жұмысты ұйымдастыру қабілетімен дер уақытында проблемалардың шешімін тауып, таза жұмыс атқарған азамат. Ауыл шаруашылығының барлық салалары бойынша мамандарды өзі таңдап, оларға талап қоя білді. «Ауылына қарап азаматын таны» деген, «Жамшы» кеңшарының директоры Мұқажанов Қауаз ағамыз аз уақыттың ішінде жаңа үлгіде үш бөлмелі үйлер салғызып, жаңа типті мектеп, балабақша, мәдениет үйін, МТМ, мал сұрыптайтын «раскол», жүн, зат қоймаларын, қой қырқатын агрегат нысанын салды. Ауылдың

көркеюіне, өсіп-өнуіне қатты мән беріп, өзінің бар күш-жігерін, білімін жұмсады.

Қауаз Мұқажанұлы басқарған «Жамшы» кеңшары мал шаруашылығы және егін шаруашылығымен айналысты. Мал шаруашылығының негізгі үлес салмағы қой шаруашылығы болды, ірі қара және жылқы малдары қосалқы шаруашылық болып есептелді.

«Жамшы» кеңшарының негізгі саласы қой шаруашылығы болғандықтан, қойдың тұқымын асылдандыру жұмысын жолға қойды. Мал шаруашылығын интенсификациялаудың маңызды факторы – асыл тұқымды мал өсіру ісін ұйымдастыру және оның тиімділігін түбегейлі жақсартуға, малдың тұқымдық және өнімдік қасиеттерін жетілдіру жөніндегі жұмыстарды күшейтуге бағытталған шараларды қолға алып, өсіріп отырған дегерес етті-жүнді тұқымдық қой малын асылдандыру жұмыстарын бастады. Жергілікті жердің катал да қатаң табиғатында және шөл-шөлейт жерлерде өсірілетін қой малын алуға жұмыс жасалды.

Дегерес қойы – сирек кездесетін қой тұқымы: құйрықты, биязылау жүнімен ерекшелінеді. Бұл қой тұқымы 1914 жылы жеке шаруашылықта, Алматы облысындағы Дегерес ауылында жергілікті құйрықты қойлармен ағылшынның «шропшир» етті, биязылау жүнді қой тұқымын шағылыстыру арқылы будандарды «прекос» тұқымды қой малының қошқарларымен қан алмастыру нәтижесінде алынған. Дегерес қойларының басты ерекшелігі сол – ол жыл бойы жайылымда бағылуға көнбіс, қазақы қойдың құйрығымен, біркелкі ақ, ұяң жүнді қасиеттері тиімді ұштастырылған, дүниежүзі шаруашылықтарында кездеспейтін бірден-бір ерекше қой тұқымы. Бір айта кететін жайт, 1963 жылы Алматы облысы «Бақанас» кеңшарынан дегерес биязылау жүнді қой тұқымының қошқарлары әкелініп, жергілікті қазақы құйрықты аналық қой малдарына шағылысқа түсірілген.

1973 жылы «Жамшы» кеңшары құрылған соң, осы кеңшардың директоры Мұқажанов Қауаз ағамыз Алматы зоотехникалық-ветеринариялық институтының ғалымдарымен

келісімге отырып, осы биязылау жүнді дегерес тұқымды қой малдарын жергілікті жердің табиғатына бейімдеп, жаңа ұяң жүнді, құйрықты қой малдарының жаңа түрін (типін) шығаруға бірден-бір ұсыныс жасаған азамат. Себебі, біріншіден биязылау жүнді қой малдары жыл бойы жайылымда болғандақтан, бауыр жүндері тобылғының не болмаса қарағанның басында қалып қойса, қой малының бауыр тұстары жаланаштанып, суыққа төзімсіз болатынын айтты. Сонымен қатар, тірі салмағы сәйкес келмегендіктен, экономикалық жағдай төмендейтінін айтқан болатын. Қ.Мұқажановтың зоотехник мамандығы болмаса да, өте маңызды ұсыныс білдірді деп білемін.

Сол жылдардан бастап ғалымдар мен мамандар осы ұсыныс бойынша дегерес қойының жаңа ұяң жүнді құйрықты қой малын шығаруға жұмыс жасады. Осы жылдары Тәжікстан Республикасынан қойлардың жүз он бас тәжік ұяң жүнді асыл тұқымды аталық қошқарларын алғызып, бес отарға бөлгізді. Осы аталық қошқарлар қосылған отарлардан сапалы, жоғары салмақты төлдер алынды (гетерозис). Еркек тоқтылар он бес айлығында жетпіс сегіз килограмм басты. Сол уақыттарда жыл сайын үш мыңға дейін асыл тұқымды дегерес қой малдары жан-жаққа басқа облыстардың аудандарына сатылып отырылды. Совхоз осы жетісіктерімен аудан экономикасын көтеруге мол үлес қосты.

1986-1988 жылдары Қазақстан Республикасының атынан Москва қаласына Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесіне (ВДНХ) дегерес асыл тұқымды аталық қошқары мен аналық қойлары апарылып, жүлделі орынға ие болып, екі «Москвич» автомашинасымен марапатталды. Олар: аталық қошқар – 112 кг, жүн түсімі - 7,5 кг, саулық қой – 75 кг, жүн түсімі - 5,5 кг. Сонымен бірге Қазақстанның ауыл шаруашылығы көрмесіне жылда апарылып, диплом мен Құрмет грамоталарымен мадақталып, арнайы Кубоктарды жеңіп алып отырды.

Сонымен қатар осы селекциялық асылдандыру жұмыстарын тынбай жүргізе отырып, басқа өсіріліп отырған мал түрлері – ірі кара және жылқыны асылдандыруды қолға алды. Аудан бойынша

алғашқы ақбас асыл тұқымды ірі қара малдарының жүз басын Торғайдан алғызды. Жылқыдан мұғалджар асыл тұқымды аталық жылқының жиырма басын Ақтөбеден племзаводтан алғызып, асылдандыру жұмысын бастады. Племзаводқа айналуға құжаттары дайындалып ұсынар кезде, 1991 жылы Кеңес Үкіметі ыдырап, шаруашылықтар тарап кетті.

Кезінде осы қыруар жұмыстардың басы-қасында жүрген Мұқажанов Қауаз Мұқажанұлы білімді, іскер, ұйымдастырушылық қабілетінің арасында ауданның экономикасын көтеруде, егін шаруашылығы және мал шаруашылығын өркендетуге зор үлес қосқан азамат, «Дара тұлға» деп атауға болады. Ақтоғай ауданы бойынша асыл тұқымды шаруашылықтардың негізін салған осы азамат. Бүгінгі күндері «Жамшы» ЖШС (жетекшісі С. Аханов) және «Сәрсенбек» асыл тұқымды шаруа қожалығы (жетекшісі Б. Оспанов) жұмыс атқарып отыр. Мал шаруашылығы саласында малды асылдандыруда көп еңбек атқарды, оның ішінде қой малының дегерес тұқымының жаңа типін шығаруда соавторлық статусқа бірден-бір лайықты азамат деп есептеймін.

Зарузада ТАУКЕЕВ,
Зоотехник-селекционер

* * *

ҚАУАЗ АҒАНЫҢ КӨМЕГІ КӨП БОЛДЫ

Менің әкем Әбділда Изатұлы – Абдрахман қажының ұрпағы. Құлшылық жасау түгіл, Алланың атын айтуға тыйым салынған киын уақытта дін жолын ұстап, молдалық атқарды.

1973 жылы ауылымызда жаңа совхоз құрылып, Қауаз Мұқажанұлы директор болып келді. Біз ол кезде Қызылтаста, қазіргі Бірлестік бөлімшесінде тұрдық.

Совхоздың жаңа орталығы салына бастаған алғашқы жылдарда Қауаз ағаның ұйғарымымен жекеменшік үй салушыларға

совхоз орталығынан жер беріліп, әкей бірінші болып өз тірлігіменен үй салды. Үй дайын болғаннан кейін көшіп келіп, молдалық қызметін атқарды. Мен ол кезде мектеп табалдырығын енді ғана аттаған бала едім. Совхоз орталығына көшкеніміз, жаңа үйге кіргеніміз – бәрі есімде. Сол оқиға біз үшін үлкен қуаныш болды. Ол уақытта дін жолын ұстануға тыйым салынған, әкей жасырын намаз оқып, жасырын жаназа шығарып жүрді.

Мектепте оқып жүрген кезімізде әкей бізге діннің алғашқы сабақтарын үйретіп, құран аяттарын жаттататын. Қартайған шағында жолымды жалғастырсын деп бізді жасымыздан дайындаған болу керек. Балаларының ішінде әкейдің жолын ұстап, ісін жалғастыруға бірінші болып мен бет бұрдым. 1991 жылы еліміз тәуелсіздігін алар қарсаңда, Кеңес одағында демократиялық өзгерістер жүріп жатты. Тілге еркіндік беріліп, дінге рұқсат етілді. Осы тұста медреселер ашылып, діни сауат ашу және имамдарға арналған алғашқы даярлық курстары ұйымдастырыла бастады. Медреседе оқып, діни білім алу үшін мен де Алматыны бетке алып, оқуға түсуге бардым. Барғаныммен медресеге қабылданбай қалдым. Сол жерде медресенің жанында қосымша ақылы діни курс бар екенін біліп, ауылға қайтып келдім. Оны оқып бітіру үшін қаражат керек болды. Менің оқуға кеткенімді естіп біліп отырған Қауаз Мұқажанұлы қайтып келгеннен кейін өзінің кабинетіне шақырып алып, «оқу бар ма екен, бардың ба, қабылдандың ба?» – деп сұрады.

«Ақылы оқу бар екен, оған осыншама қаржы төлеу керек екен», – деп едім, «Мен совхоздың есебінен көмектесемін, барып оқып кел, әкенің жолын қу, дінді насихаттап, молдалық қызмет атқар», – деді. Содан соң сол кісінің көмегімен алты айлық діни курста оқып, қағаз алып келдім. Қауаз ағаның сол кездегі қабылдаған шешімін ол кісінің өжеттілігі, батылдығы, көрегендігі, ауылдың келешегін болжағандығы деп ойлаймын. Қауаз ағаның сол уақыттағы көрсеткен көмегі мен қолдауының арқасында 1991 жылдан бастап осы күнге дейін Нүркен ауылында имамдық қызметті атқарып келе жатырмын.

Қауаз ағамыздың атқарған еңбектері көп. Ол кісі шаруашылықты өркендетіп қана қоймай, ауылдың дәулетін арттырып, сәулетін көркейтті. Халқының тұрмысы мен мәдениетін жайнатты. Сырттан келген қонақтар Нүркен селосының келбетіне тамсана қарап, құдды бір кішігірім қалашыққа келгендей әсер алып қайтатын. Алла ағамыздың атқарған еңбектеріне разы болсын! Жатқан жері жәннатта болсын! Жаратушы иеміз артының жақсылығын берсін!

**Жүніс ИЗАТОВ,
бұрынғы «Жамшы» совхозы, қазіргі Нүркен ауылдық
округінің имамы.**

* * *

АЛҒАШҚЫ ӘНДЕРІМНІҢ БІРІН ҚАУАЗ АҒАМА АРНАДЫМ

1987 жылы Балқаш қаласының 50 жылдығына арналған музыкалық шығармалар конкурсына қатысып, «Ару Балқаш – әнім менің» әнімен жүлделі орынға ие болғаным бар. Конкурста осы әнді өзімнің жақын аға-бауырларыммен – Махамбет Сәденовпен, Жамиля Рысбековамен, Кәукербек Құдайбергеновпен қосылып орындағанымды көрген сол кездегі қалалық мәдениет бөлімінің басшысы Күләш Сардарбек шақырып алып, «Сендер дайын тұрған өнер ұжымы екенсіңдер, Мәдениет сарайының жанынан семьялық ансамбль құрып, концерттік бағдарлама жасап дайындалсаңдар, біз қажетті көмекті көрсетейік», – деп қолқа салып, Сәденовтердің семьялық ансамблінің құрылуына себепкер болды.

Сөйтіп Металлургтердің мәдениет және демалыс сарайының жанындағы «Сарыарқа» фольклорлық ансамблінің құрамындағы шағын ұжым болып алғашқы дайындықтарымызды бастап кеттік. «Сарыарқа» ансамблінің жетекшісі Сара Оразалина және ол кісінің жолдасы, Мәдениет сарайының сол кездегі көркемдік жетекшісі Төрехан Оразалин бізді қамқорлығына алып, семьялық ансамбльге арнап репертуар дайындады. Бірінші әніміз өзімнің «Ару Балқаш – әнім менің» деген шығармам болды. Бұдан кейін «Қоғалы-ай», «Шынар-ай», «Қызылқұмда ауылым» сияқты халық әндері мен Шәмшінің, Алтынбек Қоразбақтың бір-екі әнін репертуарымызға қостық.

1988 жылдың ақпан айында «Сарыарқа» ансамблінің құрамында халықтық атакты қорғауға дайындалдық. Концерттік бағдарламаны наурыз айының ортасында арнайы комиссия келіп көретін болды. Кезекті дайындықтан келіп, қолыма домбыраны алып шерте бастап едім, көкейіме бір әуен келе қалды. Сол әуенді алдымен Кәукербекке тыңдаттым. «Мынау шынында да тамаша әуен екен» деді ол. Сол бетінде үстел басына отырып, әннің сөзін жаза бастадым. Алдымен ауызға түскен сөз «Туған жер сені іздеп келемін» болды. Сонымен туған ауылымыз «Жамшыға» арнаған ән дүниеге келді.

«Бұл әнді «Жамшы» кеңшарының 15 жылдығына және оны басқарып отырған Қауаз ағамызға арнаймын», – дедім Кәукербекке. Сол жылы кеңшардың құрылғанына 15 жыл толатын еді және сәуір айында «Сарыарқа» ансамблі Балқаш қаласына жақын орналасқан Гүлшат, Нарманбет және Жамшы ауылдарына барып концерт қоюды жоспарлап отырды. Әнді екі күнде дайындап шықтық.

Алдын ала жоспарлағандай, «Сарыарқа» ансамблімен сәуір айының 24 күні Жамшыға барып концерт қойдық. Осы концертте Сәденовтердің семьялық ансамблі болып өнер көрсеттік. Кезегіміз келгенде орындаған бірінші шығармамыз «Аяулы Жамшы мекенім» әні болды. Шығарманы орындамас бұрын «Осы әнді кеңшардың 15 жылдығына және оны басқарып отырған Қауаз ағамызға арнаймын», – деп ойымдағы сөзімді айттым. Сол күннен

бастап біз оны әрбір сахнада, той-домалақта орындап, көпшілікке насихаттай бердік. Балқаш телестудиясына арнайы концерт беріп, видеотаспаға жаздырдық. 1989 жылы Ағадырда өткен семьялық ансамбльдердің облыстық байқауында, сол жылы маусым айында Жезқазғанда өткен «Байқоңыр дауысы», желтоқсан айында Шымкентте өткен Қазақстан және Орта Азия республикалары семьялық ансамбльдерінің фестивалінде орындадық.

1988 жылы маусым айында Балқаш қаласында Кран аға мен Кәбира апайымыздың баласы үйленіп, Кәукербек екеуіміз той басқардық. Ол уақытта тойға қазіргідей әнші жалдау жоқ. Әнді асабалардың өздері бастап айтып беретін. Кәукербек екеуіміз тойдың алғашқы сәттерінде «Аяулы Жамшы мекенімді» шырқадық. Біріміз баянда, біріміз домбырада. Тойдың бірінші бөлімі біткеннен кейін үзілісте Шақуов Орал ағамыз келіп, дастархан басына шақырды. «Жанағы әндерің жақсы екен, тағы бір орындап беріндерші», – деп бізге қолқа салды. Әннің шығу тарихын қысқа ғана айтып беріп едім, «Бауырым-ау, мынау әнді Қауазға айту керек қой, ол қалай тыныш жатыр, мен одан сүйінші сұрап, үстіне шапан жапқызайын, астыңа бір ат мінгіздірейін» дегені сол жерде. Орал ағам сөзінде тұрып, Қауаз ағама айтқан екен. Арада көп уақыт өтпей Қауаз ағадан да ауылға келіп кетсін деген хабар жетті.

Біз сол тойдан бір апта өткеннен кейін Ақтоғай ауданына концерттік сапармен шықтық. Бірінші аялдаған жеріміз – «Жамшы» кеңшары. Жаңа мәдениет үйінің ашылғанына бір-ақ апта болған екен. Сол жолы Мәдениет үйінде алғашқылардың бірі болып өнер көрсеткенімізді зор мақтанышпен айтып келдік. Қауаз ағамыздың да құрметін көріп, сый-сияпатын алып қайттық.

Содан бері 34 жылдың жүзі болыпты. Туған жерге арналған әндерім жалғыз емес, дегенмен солардың ішінде «Аяулы Жамшы мекенім» әнінің орны бір бөлек. 2019 жылы 11 сәуірде Балқаш қаласының туған күніне орай өткізген шығармашылық кешімде концертті жүргізуші бұл әннің туған жерім «Жамшы» кеңшарына және осы шаруашылықты құрып, қалыптастырып өркендеткен Қауаз Мұқажановтың еңбегіне арналатынын хабарлады. Кімнен

естігенін білмедім, ертесіне Қауаз ағам Қарағандыдан телефон шалып, шығармашылығымға табыс тілеп, шын жүректен ризашылығын білдірді.

Мен бұл жерде Қауаз ағама арнап жазған әнге қатысты тарихты баяндадым. Ал шежіреге қосқан еңбегі өз алдына жеке әңгіме. 2009 жылы «Құлық Жалаңтөс (Соқыр) ұрпақтарының шежіресі» кітабы жарыққа шығып, кітаптың алғашқы он шақты данасын Зікірия әкемізге, Байскеркин Қайырбек, Масғұт, Ысқақ, Ыбыш, Қауаз, т.б. ағаларымызға апарып бердім. Масғұт ағамыз «Орталық Қазақстан» газетіне өзінің шежіре туралы ой-толғамын жазып жарияласа, Зікірия әкеміз көрген жерде қолымды алып, ризашылығын білдірді.

Қауаз ағам шежірені толық оқып шығып, «біраз қосатын, түзетіп толықтыратын тұстары бар екен, өзіңе айтамын, жазып ал» деп, Сарымнан бергі таратылым жайында естіген-білгендерін айтып берді. Таңат пен Жалаңтөс бабалар туралы мәліметтерді толықтырды, кейбір деректерді нақтылады. Таңат баба мен Жалаңтөс батыр шежіресі біріктіріліп шыққаннан кейін, жиі сөйлесіп хабарласатын болды. Бабеке мен Құлеке батырлар жөнінде көптеген мәліметтер берді. Солардың ішінде мен үшін ең құндылары – Құлекенің әндері мен күйлері туралы Смахан төреден естіп жеткізген естеліктері еді. Әсіресе, «Қамажай» әнінің шығу тарихы мені қатты қызықтырды. Қауаз ағамның кездескенде және телефонмен сөйлескенде айтқан осы әңгімелерінің бәрі диктофонға жазылды, қазір өзімде сақтаулы тұр.

Ағамызды соңғы рет 2020 жылы 31 мамырда Қарағандыда Соқыр Жалаңтөс батыр зиратының басында өткен құрылтайда көрдік. Осы құрылтайға шақыруды күтпей-ақ өзі келді. Үлкендігін білдіріп, үлгі көрсетті. Басталғалы тұрған жұмысқа сәттілік тілеп, батасын берді. Содан бір ай өткеннен кейін жездем Алдабергеннің қайтыс болғанын естіп, телефонмен көңіл айтты. Бұл кезде науқасының дендегені, ендігіңкіреп шаршаңқырағаны байқалды. Қолымыздан не келсін, ағамызға Алладан денсаулық пен шипа тілеп қоштасып қала бердік.

2020 жылдың қазан айының 16 күні қырық күндік асы болатынын баласы Жанғазы хабарлап, «аға, асқа келіп қатысып, соны өзіңіз жүргізіп берсеңіз» деді. «Айтқаның болсын, Алла қаласа келемін» деп, осы асқа келіп жүргізіп бердім. Пандемияның нағыз өршіп тұрған уақыты. Қатаң шектеулер қойылса да, балалары келген адамдардың барлығын Әнет баба мешітінің асханасына жайғастырып отырғызып, Қаукеңнің 40 күндік асын өз жөнімен өткізді.

Осы асқа келерде көп ойландым. Ол кісінің еңбегін тарихта қалдыратындай қандай да бір ескерткіш керек-ақ, соны өлеңмен қалай сомдап шығарсам екен деп екі-үш күн ойланып-толғандым. Өлеңнің бірінші жолдары қалай басталып кеткенін білмей де қалдым. Қалған жолдары өзінен өзі қағаз бетіне жазыла берді.

Рухыңыз пейіште шалқысын, Қауаз аға! Тіршілікте жасап кеткен жасампаз еңбегіңізді халқыңыз ұмытпайды. Мына өлең Сіздің еңбектеріңізге арналады!

«ЖАМШЫ» ДЕГЕН – ЕСКЕРТКІШ ЕРЛІКТІҢ
(марқұм Қауаз Мұқажановтың рухына арнаймын)

Кім білмейді Жамшы деген өзенді,
Ол жайында аңыз, жыр да көп енді...
Баян сұлу назы қалған бұл өлке,
Жеткізгендей көкке менің төбемді.

Сол ауылдан түлеп ұшқан ұл едім,
Жамшы деген – жер жәннаты, білерім.
Туған жер деп сағынғанда елжіреп,
Соғар менің жұдырықтай жүрегім.

Үміттеніп аруақ берген батадан,
Мен туғанда «ақсарбасын» атаған,
Жамшы деген – тал бесігім тербеткен,
Жамшы деген – менің туған ата-анам.

Бұлағының қанып ішкен саумалын,
Жамшы деген – менің асқар тауларым.
Ол – Жалаңтөс, ол – Жидебай батырлар,
Ел шетіне жолатпаған жауларын.

Жасытпаған – зар заманның сүреңі,
Жамшы деген – батырлардың жүрегі.
Жамшы деген – жерұйығым киелі,
Қалған мұнда Алтай батыр сүйегі.

Көштің басын Қызылтасқа тоқтатқан,
Қоныс тапқан, бақыт тапқан, дос тапқан,
Жамшы деген – Әлібектің өлкесі,
Танат бабам қимай-қимай қоштасқан.

Қарақозы, Үшайырым – биігім,
Ұрыңқаймен теңестірген иығын.
Төрешоқы, Айдай, Қира, Қосшоқы,
Ту алыстан тастайды көз қиығын.

Көркіменен құмарымды қандырып,
Жамшы жатыр тарихым боп жаңғырып.
Қаз дауысты Қазыбектің еркесі –
Маңхан ана қалған мұнда мәңгілік.

Ел-жұртының болған алтын жағасы,
Маңайына артқан қадір, бағасы.
Жамшы деген – ырыс пенен құт қонған,
Машақ болыс арысымның даласы.

Дүкен ұстап баурайында төбенің,
Ақ найзасын соғып берген төренің.

Жын атаулы жоламайтын Жымбаға,
Жамшы деген – Байтас ұста-шеберім.

Бұл сөзіме тудыра алар талас кім?
Ұрпағы боп кеткен Құлық, Таңаттың,
Адамбектің айнымас дос, сырласы,
Жамшы деген – Әлиханы Алаштың.

Төрт түлікке толтырған әр жотаны,
Рақымберлі, Ыбырайдай шопаны.
Зікірия, Қауаз ағам, Сүйіндік –
Автор болған «Дегерестін» отаны.

Әр ісімен, табысымен мақтанар,
Жамшы деген – шежіре-сыр ақтарар.
Жамшы деген – байлық тұнған құт мекен,
Табыс та бар, бақыт та бар, бақ та бар.
Жамшы деген – Тәшен ақын, жыр сүйген,
Зар заманның мұңын айтып күрсінген.
Ол – Сламбек, Иман қожа әулием,
Өмір сүрген таңғажайып тылсыммен.

Жамшы деген – ән мен күйдің қамбасы,
Тоғысқан жер бар өнердің арнасы.
«Қосбасармен» тарихымды баяндар,
Аққыз дейтін күй-ғұмырдың жалғасы.

Мұнда туған ақындардың дарасы,
Айтыстағы «Біржан менен Сарасы»,
Жамшы деген – Елеубектің Зиясы,
Жамшы деген – Кеңесбайдың Жабасы.

Талай ақын пір тұтатын ұстаз деп,
Жамшы деген – Дәуітәлі Стамбек.

Жамшы деген – батыр Нүркен Әбдіров,
Жауды қырған шоғырланған тұстан кеп.

Өткен мұнда балалығым, жастығым,
Өнер қуған, өлең қуған шат күнім.
Жамшы деген – Асылмұрат, Бегендік,
Жалғастырған сұлу әннің дәстүрін.

Қайда жүрсем жаныма әркез жақын-ды,
«Жамшы» деген – әнім емес ақырғы.
«Жамшы» деген – менің мәңгі ғұмырым,
«Қуандық» деп шығаратын атымды.

Бастау алған Көрпетай мен Нұртайдан,
Жамшы – кәусар, бал суынан нұр тамған.
«Жамшы» деген – әнші Даурен бауырым,
«Қызылтастай» әсем ән боп шырқалған.
Мына өмірге әкелген сал-серіні,
Жамшы – сұлу табиғаттың керімі.
«Жамшы» деген – жыр сүлейі Нұрдосым,
«Жамшы» деген – Сағынтайдың Серігі.

Жақсылықпен жарылқаған құдайым,
«Жамшы» деген – аспандағы Күн, Айым!
«Жамшы» деген – төгілген ән көмейден,
Жұмагелді ойнағанда сырнайын.

Жапан түзде іргетасы қаланған,
«Жамшы» деген – ауыл бүгін жаңарған,
Төскейінде жарқырайды жұлдыздай,
Болашаққа қанат қаққан сан арман.

Жылу берген алақандай аялы,
«Жамшы» деген – өмір бағым саялы.

«Жамшы» деген – ескерткіші ерліктің,
Авторы оның – Мұқажанның Қауазы.

Қуандық СӘДЕНОВ,
ақын-сазгер, өлкетанушы, шежіреші.
7 қазан 2020 жыл. Балқаш.

* * *

ЖАПАНДАҒЫ ЖАСЫЛ БАҚ

Қауаз Мұқажановқа

Дәл осыдан он үш-ақ жыл ертерек,
Бұл мекенді жапан дала өлке деп,
Адам аттап баспайтұғын,
Ешкімді
Және әкеле алмайтын-ды желкелеп.

Енді міне селоңызға айналды,
Жер астынан бұрап алып қайнарды,
Қалың ағаш көшелерді аралап,
Шөлдің тілі біржолата байланды.

Он үш-ақ жыл өтсе-дағы арада,
Ұқсау үшін кіші-гірім қалаға,
Құдыретімен,
Адамдардың қолымен
Шағала үйлер қонып жатыр далаға.

Рахаттанып аптапта да,
Аязда,
Жақсы ойларын түсіре алмай қағазға.
Рақыметін күнде айтады бар ауыл
Шөл даланы көтеруші Қауазға.

Мақсат қандай – әрі биік,
Әрі ізгі,
Адам қандай –
Ойы игі,
Жаны ізгі!
Жапан түзге орнап қалған жасыл бақ
Жақсы адамның алақаны тәрізді.

Дәуітәлі СТАМБЕКОВ

**Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты,
«Қызыл бидай» жыр жинағынан. 1976 жыл.**

ШЕЖІРЕ

Тегім, отбасым, әкем Мұқажаннан үлкендердің жастары жобамен, ел аузындағы әңгімелер негізінде алынды.

ҚАРАКЕСЕК

Ақша, Түйте, Жалықпас, Қамбар.

Түйтеден: Майқы (шамамен 1530 ж.т.), Танас

Майқыдан: Сарым (шамамен 1570 ж.т.). Хақназар, Шығай, Тәуекел заманы.

Сарымнан: Тоқсан, Өтеміс (шамамен 1602 ж.т.). Жәңгір хан заманы, 1628-1652 ж.ж.

Өтемістен: Боқсары (Ақарыс), Құлық (Жанарыс), Құлсары (Бекарыс), Көшкін.

ҚҰЛЫҚТАН:

1. Танат (Түнжарған ата, 1690-1772 ж.ж. өмір сүрген).

2. Жалаңтос (Кершеу ата, 1696-1768 ж.ж. өмір сүрген).

ТАҢАТТАН: Тоғанбай, Бәйсеу (1726-1781), Әлібек, Әйтеке, Қалыбек, Қазыбек (тоқал баласы).

Бәйсеуден: Ақпан, Тоқпан, Қобылан, Қармыс (1774-1831).

Қармыстан: Бабеке (1807-1903), Құлеке (1810-1904), Тілменбет (1827-1883). Анамыз (қайындары «Балық ауыз» деп атапты) Ұрауылда батыр Сәркенің қызы.

Құлекеден: Асқар (1853-1910), Мырзамұхамбет (1860-1911), Тәти (1863-1934), қыздар – Барша (1855 ж.т.), Науша (1858 ж.т.), Балкүн (1862 ж.т.). Анамыз Әуезкен – Арғын-Алтайдың қызы, жорықта кезігіпті.

Тәтиден: Әкімбек (1890-1943), Қасымбек (1895-1932), Нарымбек (1900-1934), Мұқажан (1910-1985), қыздар – Ақбет (1902 ж.т.), Күланда (1904 ж.т.). Анамыз Дәмелі Әбілдақызы, Шабанбай бидің бесінші ұрпағы.

Мұқажаннан: Мұхамедкәрім (1930-1932), Ғазез (1936-1937), **Қауаз (1939 ж.т.)**, Хамит (1946-2015), қыздар – Несіпбек (1933-2021), Зылиха (1941 ж.т.), Зағия (1949 ж.т.), Нағия (1952 ж.т.).

Қауаз, жолдасым Гүлсара Жұманқызы, 1941 ж.т.

Балаларым: 1. Жанар (1965), 2. Бәтен (1967-1968), 3. Жанғазы (1969), 4. Жандос (1972-2016), 5. Анар (1976), 6. Қамар (1975), 7. Жанеділ (1980-2008).

1.Жанардың жолдасы Әсет, балалары: Гүлжан (1989 ж.т.), Назым (1991), Абылай (1994), Нұрсерік.

Гүлжанның жолдасы Руслан, балалары: Нұрәлі, Айзара.

Назымның жолдасы Нұрсұлтан, балалары Расул, Кәусар, Раяна.

Абылайдың жолдасы Айсұлу.

3.Жанғазының жолдасы Бақытгүл, балалары: Нұркамал (1993), Әліби (1994), Әлихан (2000), Нұрсәуле.

4.Жандостың жолдасы Жазира.

балалары: Әлкей (1993), Нұрбану (1995), Нұрайым (2003).

Нұрбанудың жолдасы Нұрсұлтан, баласы: Нұржамал.

6.Қамардың жолдасы Нұрлан, балалары: Санжар (1996), Тоғыжан (2004), Мағжан (2012).

Санжардың жолдасы Аруна.

Зайыбым Гүлсараның тегі

ҚУАНДЫҚ

Алтай

Сайдалы

Арыстан

Барқы

Құлқара

Қызырәлі

Мағыбай

Қашқынбай

Құлжанбай

Жұман (1909-1968).

Анасы Итқара руынан Қатпақызы Қадиша (1922-2000).

Гүлсара, 1941 ж.т.

Анам Дәмелінің тегі

БОҚСАРЫ:

1. Еламан, 2. Жоламан, 3. Қойлыбай, 4. Тәңірқұл, 5.

Қалқаман.

Қалқаманнан:

1. Бұланбай, 2. Сауранбай, 3. Шабанбай, 4. Барлыбай.

Шабанбайдан:

1. Байша, 2. Балапан, 3. Тойғұл, 4. Молда, 5. Қожа.

Балапаннан:

1. Құржық, 2. Байбол, 3. Байгөншек, 4. Байсақ, 5. Шоқбай.

Құржықтан:

1. Бекқұлы, 2. Бекпенбет.

Бекқұлыдан: Ғабдолла (Әбілда).

Әбілладан: Әнипа, Қалия, Садуақас, Мәжетай, Әния, Дәмелі (ең кенжесі).

Жиған-терген

АТТЫҢ СЫНЫ

Елгезек, жетелесең – жандай сырлас,
Белдеуге байлап койсаң, тұрса қиғаш,
Бас сүйекте қызыл жок, қырып алар,
Қаз мойынды қыран төс, қасқалдақ бас.
Сулықты, езулігі ойық біткен,
Арасы азу тістің арпа сыймас.

ДАРАБОЗ ҚАБАНБАЙ БАТЫРДЫҢ АЙТҚАНЫ

Биіктігі өзіндей болсын,
Местігі өзімдей болсын,
Желгенде екпінінен жел есетін,
Аяңы Қазыбектің сөзіндей болсын,
Құлағы қамыстай болсын,
Ерні талыстай болсын.
Екі көзі ботаның көзіндей,
Екесінің арасы қарыстай болсын,
Қабағы бүркіттің қабағындай,
Шықшыты бураның сағағындай болсын,
Жалы жібектей, қасқа тісі күректей болсын.
Мойны қаздың мойнындай,
Жігері бабына келген түлектей болсын.
Белдемесі қанатты болсын,
Жаясы жалпақ алапатты болсын....
Сауырыны құлындай болсын,
Кекілі балаға қойған тұлымдай болсын....
Өң-түсі бірыңғай болсын...
Құйрығы төгіліп тұрсын,
Талданып сөгіліп тұрсын.

Самсаған қалың қол ішінде
тұрпаты ерек бөлініп тұрсын.

Тілерсегі төмен, екі бұты алшақ келіп,
артынан қарағанда төс сүйегі көрініп тұрсын.

Аттың тұрқы есік пен төрдей, шоктығы биік, қабырғасы
білектей, танауына жұдырық сиятындай.... тұяғы жұпжұмыр. Кез
жарым кесер баста, кесіп алар етсіз.... Бөкен қабақ, елік бас...

* * *

Кеудесі кең, тізесі жалпақ, буындары жуан, алды-арты тең,
қақпан бел, ұзын тұмсықты, шашалы, кірпік-қасы қою, арты талтақ,
төсі шалқақ, жал-құйрығы сұйық, бұйра жүн, үңгір қабақ, ешкі
құлақ, жылан көзді, бұзау тұмсық, дөңгелек тұяқ, арқасында
қайратты, жылтыр, ұзындығы жарты тұтам жеті қылшығы бар екен.
Сипалап қолтығына қол жүгіртті, құйымшағын ұстады, құйрығын
көтеріп көтеншегін қарады, танауының желбіршегін ашып, ішкі
кеңсірікке қарай біткен алты тесікті көрді. Аузын ашып үстіңгі
күрек тістерінің мөрін қарай бергенде, әлдене жарқ ете түсті, көз
қарықтырған сызат, жасын сәуле тұлабойын осып өтті.

Орақ бас, қошқар тұмсық қарыс құлақ, қызыл көз, бүркіт
қабақ, қу жақ, құлын жал, қайқы бел, салқы бауыр, аяғы сіңірлі
қысқа бақай, булаң сан, бота тірсек.

Есек құлақ, құс төс, тостаған сауыр, бота тірсек, қозы қарын,
бұлан ерін, бұғы бас, тас тұяқ, қыз сағақ....

ЖЕТІ АТА

Сейіт Кенжеахметұлынан (жазушы):

Ұлдан:

1) өзің, 2) әке, 3) ата, 4) арғы ата, 5) баба, 6) түп ата, 7) тек ата.

Қыздан:

1) өзің, 2) жиен, 3) жиеншар, 4) көгеншар, 5) дегеншар, 6) жүрежат, 7) туажат.

Акселеу Сейдімбектен:

Ұлы баба, баба, ата, әке, бел бала (өзің), немере, шөбере, шөпшек, немене – бұлар жеті ата, әрі қарай туажат, тумай жат, жекжат, жұрағат, қаймана.

ӘНЕТ БАБАНЫҢ СӨЗДЕРІ:

- Үш арсыз – ұйқы, күлкі, тамақ.
- Үш тәтті – жан, мал, жар.
- Үш күшті – ақыл, жүрек, тіл.
- Үш жаман – нақақ қан төгу, ұрлық, ата-баба жұртын бұзу.
- Үш даусыз – мінез, кәрілік, ажал.
- Жеті қазына – әйел, ер жігіт, ілім-білім, жүйрік ат, қыран бүркіт, берен мылтық, алғыр тазы.
- Жеті жоқ – аспанда тіреу жоқ, жерде сүйеніш жоқ, таста тамыр жоқ, аққуда сүт жоқ, жылқыда өт жоқ, аңда қанат жоқ, тасбақада талақ жоқ.
- Ер адам әйелқұмар болмауы керек. Мұндай – күнәһарлық лас іс.
- Алтын – сұлу тас, бірақ суық тас, суықтығын көрсетпей қоймас. Ол да адамды аздырады, қиянатқа қауыштырады. «Алтын көрсе періште жолдан таяды» деген бекер емес.
- Кек – жақсылыққа (апармас) жеткізбес, «кекшіл болма, көпшіл бол». Үш күннен артық араздасу, кектесу ислам дініне жат.
- Кесірлілік – пайдасыз қасиет, «кесір адам несібесінен айрылар, кең кісіге несібе өзі қайрылар».
- Мақтаншақтық – жараспастық қылық.
- Мансапқорлық – адамды аздырар ауыр дерт.

ЖЕКЕ СӨЗДЕР:

- Менгу ел – мәңгі ел.
- Могол – Ертеде түркілер Тянь-Шань тауын атаған.
- Өтукен – (Хинган тауы), Тесік Тауы.
- Рашид-ад-Дин (Жамит ат-Тауарих 4 томдығында Монғол кісі аты емес, Шығысқа көшкен Түркі руларының лақабы деген.
- Ж.ж.с дейінгі 214 жылы Қытай партиясы Цинь Ши-Хуанди Моденің әкесі Түмен басқарған елді Хуанха өзенінің оңтүстігінен ығыстырып, Гоби шөлінің солтүстігіне қуып тастаған. Қытайлар Сиунну Хунну атаған шығысқа кеткен Түріктердің қият руынан шыққан. Сол жерде Моде (Матай) шәнүйдің басшылығымен ж.ж.с. 209 ж. орталығы қара қорым Өтукен ұлысы, оңтүстігі Ордос пен бүгінгі Солтүстік Қытай жері шегінер Бейкөлге созылған. Бұл Хунну империясының патшасы ж.ж.с.д. 174 жылға дейін Моде болған.
- Қытай шегінде болған Сәнби (Дун-Хуа) мемлекетіне тараған 112 түрлі түрік тайпалары кіріп, содан Тан династиясы құрылады. 550 жылы қытай генералы Тан династиясын жояды. 552 жылы Жужан мемлекеті құлайды.
- Бізге дейінгі 92 жылы Хуннің империясы құлаған. Бізге дейінгі 552 жылы Хуннулардың басқа бөлігінен шыққан Бумынның басшылығымен Түрік қағанаты құрылған. Ергене Қонда 450 жыл бойы болған елді бастап шыққан руы қият Бөрте ашун. Осы Бөрте ашуннан бастап Шыңғысхан шежіресі басталады.
- Қожа – ру иесі, ел тұтқа деген сөзді білдіреді. (орысша боярин, воевода сияқты) және арабша ағартушы деген ұғымды білдіреді.
- Шал, бұқа (өкілет шал, Кетбұқа, Білгебұқа) т.т сөздер «ханзада» деген ұғымды білдіреді.
- Юань – қытайша «бастау», «негізгі» деген ұғымдарды білдіреді.

➤ Ру, тайпа, жүз – 12 атадан ру, 12 рудан – тайпа, 6 тайпа – жүз құралады.

➤ Қимақ қағанаты (қыпшақтар) Түрік қағанаты тараған соң құрылып, оның құрамына Батыс Сібірден ауған қыпшақтар кіріп, IX-XI ғасырларда Арал-Балқаш арасын мекендеген Оғыздарды ысырып шықты. Қыпшақтар (имақ, сұбар, қаңлы, қара бөрікті, токсаба, жете, бөрлі т.б. ру тайпалар) кимақтардан бөлініп шықты. XIII-XIV ғасырларда қыпшақ сөзі жалпы «Түркі» ұғымын алмастырды. Егер қыпшақтарды 92 баулы деп бөлсек, оған құба, дешті, кимақ, пешене, мамлюк қыпшақтары кіреді. Құба қыпшақтар ертеде Гоби, Бейшин-құтан жағында, дала қыпшақтары Сары-Арқада, пешене қыпшақтар Сағыз, Жем, Жайық, Еділ, Азовта, мемлекеттер Кавказ, Таяу Шығыс, Мысырда тұрған. Орта Азияда сары қыпшақтар өзбектеніп кетеді.

➤ Такия (арабша) – жасыру.

➤ Қаумал – заказник.

➤ Татар – II ғасырда Шығыс түріктерінің аты.

➤ Шуржан – көне манжур.

➤ Сарыарқа – бұл сөздің қалай шығуы туралы көптеген пікірлер бар. Бірақ мен ойлаймын да, осы ойым дұрыс бола ма деген ниеттемін. Ескі Түрік халықтарында солтүстікті – «қара», оңтүстікті – «қызыл», шығысты – «көк», батысты – «ақ» (Құба), ал ортасын – «сары» депті.

➤ Орталық Қазақстан жері ұсақ шоқылы тау, сілемдері көп, өзен сулары жинала келе тарамдала отырып, екі бағытта ағады. Сарыарқаның терістігіндегі су арнасы Есілге, Нұраға, Ертіске барып құйса, келесі бетіндегі өзендер Балқаш, Алакөл, Ащыкөл көлдеріне, Арал теңізіне құятынын қазақтар білген. Сонда бұл кең өлке нағыз жоны, су айрық екенін бабаларымыз айқын білген. Яғни, «Сарыарқа» деген сөздің мағынасы «Орта су айрық» деген ұғымды білдірсе керек, немесе «Орта жон» (дөң) сияқты ұғымда.

КӨШПЕНДІЛЕР ТУРАЛЫ:

Қырыммен Төскей Украиннан бастап Азияның алыс түкпіріне дейін тараған көшпенділер Геродот жазбаларында «Скиф» деп, грекшеден аударғанда «көшпенділер» деген мағынада айтқан және скифтерді парсылар «сак» дейді депті. Парсы халқында жабайы итті, бөріні «сак» деп, өздерінен солтүстікке қарай өмір сүрген тайпаларды атаған. Сол скифтерді қытай тарихында, яғни ғұндар мен үйсіндерді «Ғулар» – қытайша «Қаңғыбас», «жетесіз», «жабайылар» деген, ал Европа «Варварлар» деген. Біздің заманымызға дейін ғасырлардың өзінде көшпенділер өздерін «түрікпіз» деп атаған. Түрік қағанатына біріккен. Сонда біз өзімізді «сақпыз», «ғулармыз» деп айтуымыздың өзі үлкен білместік болған болар еді.

АДАМЗАТТЫҢ, ОНЫҢ ІШІНДЕ ЖЕКЕ ХАЛЫҚТАРДЫҢ ЖЕР БЕТІНДЕ ТАРАЛУЫ ТУРАЛЫ БОЛЖАМ.

Қазір ғылымда адамзаттың, жеке нәсіл, жеке халықтардың пайда болып, таралуы, нақтылануы үлкен қиындықтарға тіреліп отыруы мүмкін. Ғылым қазіргі Арктикада бұрынғы замандарда гүлденген тұрмыс та болды, өркениетті ел боды-мыс, уақыт өте түрлі табиғи құбылыс, ауа райының өзгеруіне байланысты, жаңа құрылыстардың пайда болуына байланысты, қайтқан теңіз толқынындай нелер заман өткен соң келген жақтарына тарады деген болжам айтады. Яғни бір замандарда қазіргі Африка құрылығында пайда болған адамдар келер заман бойы жан-жаққа тарай келе, сол Арктикаға жетіп, өзінің кемеліне келген шығар. Одан қайыра қайтып, өздерінен кейін арттағы жерлерге орналасқан халықтарға өздерінің жетістіктерін үйретіп, өздері де бір орында тұрып қалмай, жер бетіне әрі қарай тараса бастаған болуы керек. Бұл таралудың басты бастауы – табиғат өзгерісі болуы мүмкін.

Мысалға қазіргі қоғам адамдардың жадында болуы мүмкін, Қазақстан жерінде өсетін киіктер (ақ бөкен) өсу қарқынына байланысты кей жылдары Қытай, Монғолия, Россия, Түркмения жерлеріне дейін ауа көшіп қоныс аударып жүргенін көпшілік ұмыта қойған жоқ шығар. Ондай көші-қонды ақбөкендерге ешкім жоспарлаған жоқ, өздері ақыл қорытқан жоқ, бәрі стихиялық түрде, өздеріне қолайлы табиғат жағдайына байланысты болды ғой.

Дәл осындай жағдай түркі халқы алғашқы жаралғаннан бастап, осы орталық Азияға орналасудан бастап, бірде шығысқа қарай, бірде батысқа қарай үнемі жөңкілумен болған сияқты. Басында сол Арктикаға дейін болып, одан кейін қайтып, өсіп-өніп, әр құрлыққа, әр жерге таралып, соңы түркі қағанатының құрылуына әкелген сияқты. Табиғаттың соңғы дүмпуі Шыңғысхан заманына тіреліп, шығыстан батысқа қарай қоныс аудару 1217-1219 жылдарда аяқталған секілді.

Сол сияқты осыдан 4,5-5 мың жыл бұрын пайда болған Қосөзендік Шумер мәдениеті де, бір заманда терістікке бет алып, теңіз толқынындай кері қайтқан халық және 2 мың жылға тақау уақыттан соң қайыра терістікке, шығысқа т.б. жақтарға тараған болуы мүмкін.

Бірақ бірде-бір халық із-түзсіз жоғалмай, басқаша аталып, басқа халықтарды толықтырып құрамына кіріп кетуі мүмкін-ау.

ҚАЗАҚ ТАРИХЫНА ЖЕКЕ ПІКІР

Қазіргі ғалымдардың тұжырымдауынша осыдан 100-150 мың жыл бұрын, бәлкім бұдан да ерте Африка құрылығынан Солтүстік бағытта көшкен бағзы адамдар теңіздерді, өзен суларды жағалап жүріп, таяу шығысқа, Жерорта теңізі аймағына, Европаға, Азияға, тіпті қазіргі Солтүстік Мұзды мұхиты (ол кезде құрлық болған) жерлеріне өткен. Қазір ғылыми зерттеулер нәтижесі Қазақстанда осыдан 80 мың жылдай бұрын, тас ғасыры дәуірінде адамдар өмір сүріп, олардың шаруашылық, мәдени дәрежесінің жоғары болғанын растап отыр. Біздің дәуірге дейінгі VII-IV ғасырларда қазіргі

Қазақстан жерінде ерте темір ғасыры пайда болып, тұрғындар көшпелі мал шаруашылығына бет бұрды, қоғам да өркендеп, дамыды. Міне, сол б.з.д. 6-5 ғасырларда қазақ халқының қалыптасуы басталған деуге болады.

Көрнекті тарихшы Қойшығара Салғаринның көне грек мифтері мен ғалымдарының, Мысыр абыздарының еңбектері негізінде пайымдаулар жасаған. Грек мифтік геройы Зевс заманында Африканы мекендеген арғы түріктердің аталары (прототурктер), қазіргіше Гвинея мен Мали мемлекеттерінің шекарасында, Нілдің орта тұсында өмір сүріп, Библи тауынан бастау алатын өзенді Ніл атаған болу керек. Халықтың бір бөлігі күнге, бір бөлігі айға табыныпты. Күнге табынған тайпалардың басшылары өздерін патша әрі құдай санаса, айға табынғандар өздерін мән (ман) деп атап, дінбасы «абыз» атаған. Айға табынғандар іштей екіге бөлініп, ежелгі бөлігі «аха» (аха), аха-ай (аға ай), кіші бөлігі «іні-ай», бұдан «ман» (мән) сөзін қосып іні-ай-мен, одан келе-келе найман сөзі шыққан болу керек дейді Қойшығара Салғарин. Тағы бір айтуға тұрарлық сөз ежелгі түрік халықтарында шығысты – «көк», батысты – «ақ» (Құба), солтүстікті – «қара», оңтүстікті – «қызыл» деп атау қалыптасқан, ал ортасын – «сары» деген.

Сол сияқты «Египет» – ежелгі түріктің екі бет, «екі жағалау», «екі қаптал» деген ұғымдарынан шыққан болуы мүмкін.

Ніл – түрікше ақшыл көгілдір түстің аты. Ніл дариясының орта тұсында Йер-Қон қаласы бар, бұл Жер-қон, осы жерге жайғас, қон деген ұғымды береді. Сол өзен бойында Тыныс (Тинис)-ном деген жер бар, бұнда «ном» – түрікше қауым, тайпа, есім деген мағынада, осы жерлердің бәрі де Тана елі аталды. Бұл елдер де басқа адамдардың қатарында солтүстікке қарай жылжып, заманалар өте қазіргі Қазақстан жеріне де жетіп, тіпті одан әрі де өтіп, өз аттарын жер-су атандырған. Оған мысал: Тана (Дон) өзені, Азов теңізі жағалауында Тана (III-V ғасыр) қаласы, қазіргі қазақ, башқұрт халқының құрамында тана тайпалары бар болуы тегін емес. Бұл осымен бітісіп, енді өз пайымымды айтайын.

Бір замандарда, тәрізі мөлшермен біздің заманымызға дейін 2,5 жылдай Шумер мемлекеті ыдырап, халқының біраз бөлігі жан-жаққа тарағанда, бір бөлігі бөлінген топты тастап кетіп, келе-келе қазақ атанса керек. Жылқыдан бөлінген бойдақтарды саяқ атауы сол көзден қалса керек. Өйткені Шумер тілінің Түрік тілімен жақындығын, көп сөздер бірдей мағынада қолданылғанын ғылым мойындаған ақуал. Бұл топ келе-келе бір бөлігі Кавказ таулары арқылы Каспийдің (ол уақытта Каспий деп аталмаған да шығар) батысымен Еуропаға ауып, көп халықтың ішінде кетсе, ол халықты гректер скифтер деп атаған.

Каспийдің шығысымен кеткен халықты Ирандықтар «сақтар» деп атаған, солардың ішінде қазақ атанған топта Ұлы дала шетіне ілігіп, жеке ел болу дәрежесіне жеткен болуы керек. Ол елді араб саяхатшылары (VI ғасыр), Иран ғұламалары да өз еңбектерінде «Арал теңізінің солтүстігінде Қазақия елі бар, халқы ержүрек те, өздері көп, көрші елдер өте қауіптенеді» деп көрсеткен. Бұл ел болып Түрік қағанатының құрамында болып, заман өте келе ел ыдырап, кейін Түркі тайпаларының дерлік бәрінің құрамына кіргенде, «қазақ» деген атын сол тайпалар ішіне сіңістірген. Біраз бөлігі ұлы қоныс аудару замандарында Ауған, Үнді, Қытай, Мысыр, Шығыс Рим елдеріне өткен халықтар арасында кеткен.

Бұған сол елдердің сөздік қорындағы «қазақ» сөзінің кездесуі куә, ол сөздердің мағынасы да әр түрлі. Сондықтан да түркі тайпаларының дерлік барлығының санасында ортақ қасиетке ие болған, тіпті Алтын Орданың халқы Өзібек ханның туынан бастап өзібек-қазақ болып атала бастаған. Сондықтан да 1465 жылы Керей, Жәнібек жеке хандық құрғанда хандық құрамындағы тайпалардың ешқайсысының атына қоймай, «қазақ» хандығы деуінде терең мән бар. Қазақ барлығына ортақ еді. Қазір кім білсе де «қазақ» сөзімен бір киелі ұғым іздейді немесе бағзы бір заманда бір пайғамбардан туғызады, тіпті сондай шетсіз, шексіздіктен «қазақ» сөзі мағынасыздыққа айналып, басқа ойдағы адамдардың табысына ұшырататын ұғым болды. Осы бір белгілі тілде сөйлеген Түрік тектес халықтың «ақ, қара» деген сөздей, барлық сөзден ешқандай

кие, қасиет іздемей-ақ ойлап тапқанындай, адам үшін яғни көп топтан өз еркінше бөлініп, өзінің ержүректігінің арқасында ел болғаны үшін «қазақ» сөзін тауып қойса, мал, оның ішінде жылқы үшін «саяқ» деген сөзді қолданысқа енгізді деуге болады. Осымен мен өз ойымды аяқтадым.

– Қағанат, хандық деген сөздерді де тілге енгізген осы түркілер. Қағанатқа бірнеше хандықтар бағынған болуы керек. Өйткені уақыт, тарих соны мегзейді.

Қағанат туыстас емес хандықтардан құралуы мүмкін. Хандықтар бірнеше тайпадан құралып, хандық ішінде біраз туыстығы жақын тайпалар ұлыс болып аталған сияқты. Мысалы, «Ұлыс оң болсын», «Ұлыстың ұлы күні – Наурыз» деген сөздер тегін айтылмаса керек. Көп хандықтар алыс-жақынына қарамай, қағанат құраса, оның ішінде, жақын туыс біраз хандықтарды «алаш» деп атаған сияқты. Сондықтан да алаштың саны әр дәуірде әр түрлі «он алаш», «тоғыз алаш», кейінгі заманда «алты алаш» (қазақ, ноғай, қарақалпақ, қырғыз, татар, башқұрт) деп те аталған сияқты. Бұғанда «алаш» сөзінен не түрлі киелілік іздеу, бірде ала болып туғаннан, бірде қатыгез жан алғаштықтан т.т.-ан іздеу орынсыз шығар.

Бұның бәрі тек саяси, әскери ұғымдар болуы керек. Жүзге бөліну де осыған саяды.

«Моңғол» сөзі туралы. Ғылым бірнеше ғасыр бойы неше түрлі түсініп, айтып келіп, енді бұндай халық та, бұндай сөз де болмаған деп аунап түсті. Бұны айналдыра келіп, орыс тарихшылары ойлап тауып еді деген пікірді айтады. Бұның қисынсыз екенін айтатындар да бар. Сонда бұл сөз қайдан шықты?

Данышпан Шыңғысхан қандарын ағызып, бағындырып алған тайпаларының біреуінің атына берсе, басқа тайпалар түптің түбінде берік одақ болмайтынын білді, білді де ортақ ат берді. Ол ат қандай болу керек? Меніңше, қазақтың біртуар азаматының бірі Хасен Қожахмет дұрыс айтқан сияқты. Ол «менкә эл» – «мәңгі ел», бұл сөз ол заманда дәл осылай аталмағанда шығар, бірақ дыбысталуы осыған жақын шығар, және бұрмаланған шығар, өйткені бұл сөз.

Білге Қаған жазбасында бар ғой, «мәңгі ел» болу сол кездегі арман емес пе?

Соны данышпан Шыңғысхан білді, онымен қоса қайталап тірілтті ғой. Енді ХХІ ғасырда қазақтың Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы да үшінші рет қайыра тірілтіп, «Мәңгілік ел» болайық деді емес пе? Барлық ұлылық қарапайым ұғымнан туады, оның мағынасын көктен іздеудің қажеті жоқ шығар.

Қорытынды: Бұл ұғымдарды осылай қорытындылау үшін менің білімім тасып бара жатқан жоқ, зерттеу жұмысымен де айналыспадым, бірақ үлкен ғалым адамдардың әңгімелерін, еңбектерін, талантты азаматтардың жазғандарын оқып таныстым. Өмірде өзімнің қате пікірімді басқаның көріп, түзегеніндей, мен де көріп түзеген уақыттарым болды. Сондықтан да мен қателесем де, осы мәселелерге өзімнің пікірімді білдіруді азамат ретіндегі парызым дер едім.

Қазақтар туралы қазіргі қытай не дейді? Қазір Қытай тарихында «қазақ» деген халық жоқ, олар кешегі бір замандары да бөлініп кеткен, сөйтіп түріктеніп, тілін ұмытқан «қытайлықтар» дейтін көрінеді. Түрік халықтары қазір 30-дан астам ұлтты құрайды, соның ішінде әлемде жер көлемі 9 орынға жеткен қазақ халқын өзіміздің «қытайымыз» деуінде үлкен сұңғыла саясаттар бар болуы мүмкін-ау.

1960 жылдардың аяғына таман, күзде Қырымның Ялта деген жерінде демалып жүріп, қытайдың 1500 жыл бұрын шыққан бір кітабын оқып едім. Сонда әр қалада түрлі көтерілістер болып, не сол қаланы билеуші өлген жағдайда, сырттан өтіп бара жатқан кез келген жөні түзу адам болса, сол орынға сайлап алады екен. Сондай ерте кездерде, Оғызхан заманы кезінде, яғни осыдан 6,5 мың жылдай бұрын түркі тайпаларының қытай жеріне өтіп, олардың адамдарының жеке қалалардың басшылығына өтуі мүмкін-ау. Сөйтіп олар күшейе келе қытайдың бірінші патшасының – Хя әулетінің негізін салғаны белгілі. Сөйтіп бұл әулет хуннулардың атасы Хя-Хэу-шы үйінен болатын. Хя-Хэу деген сөз «хя» деген әулеттен шыққан патша деген сөз. Ал «шы» деген сөз – атағы. Цзе-

Кхой осы әулеттен шыққан соңғы патшаның аты, б.ж.с.д. 1764 жылы айдауда жүріп қайтыс болған. Оның баласы Шун-вэй осы жылы өзінің үй ішімен және өзіне қараған елмен солтүстік жақтағы кең далаға кетіп, сонда көшпелі өмір салтын қабылдады. Олар қала салмайды, егін екпейді, жазу-сызу жоқ, тек малмен шұғылданады.

Хунну-Шы-Цзу – хуннулардың ата бабасы деген мағынаны білдіреді. Тхан дегеніміз ЯО, Юй дегеніміз – Шунь патшалар. ЯО б.ж.с.д. 2357 жылы, Шунь 2255ж. империя тағына отырған. ЯО патшаның заманында орталық Азиядағы көшпелі халықты Хун-Юй, Чжеу династиясының заманында, Хяньюнь Цин әулеті кезінде Хунну болып аталған. (Бичурин «хуннуды – Моңғол, дунхуды – татарлар» деп түсініп, келешектегі қателіктің орын алуына себепші болған, бұл – өз пікірім). Моңғол деген сөзді қазіргі моңғолдар деп түсінбеу керек.

Шань Юй – қытайдың көшпелілердің ханына, қағанына берген лауазымы, мағынасы билігі мол, ұлы адам деген ұғымды береді.

Осы Шунь-вэй бастаған көшпелілерді қытайлар, оның билеушілерінің түп атасы дейді. Әлде олардың түп атасы хундар екенін ескермей, бір замандарда іздестіріп басқарғандықтан солай дей ме екен.

ҚАЗАҚ ТАРИХЫНА ЖЕКЕ ПІКІР

Қазіргі ғалымдардың тұжырымдауынша осыдан 100-150 мың жыл бұрын, бәлкім одан да ерте, Африка құрлығынан солтүстік бағытта көшкен бағзы адамдар теңіздерді, өзен суларды жағалай жүріп, Таяу Шығысқа, Жерорта теңізі аймағына, Европаға, Азияға, тіпті қазіргі Мұзды мұхит жерлеріне өткен.

Қазіргі ғылыми зерттеулер нәтижесі Қазақстанда осыдан 80 мың жылдай бұрын тас ғасыры дәуірінде адамдар өмір сүріп, олардың шаруашылық, мәдени дәрежесінің жоғары болғандығын растап отыр.

Б.д.д. VII-IV ғасырларда қазіргі Қазақстан жерінде ерте темір ғасыры пайда болып, тұрғындар көшпелі мал шаруашылығына бет бұрып, қоғам да өркендеп дамыды. Міне, сол б.д.д. 6-5 ғасырларда қазақ халқының қалыптасуы басталған деуге болады.

Көрнекті тарихшы Қойшығара Салғараұлы көне грек мифтері мен ғалымдарының, Мысыр абыздарының еңбектері негізінде пайымдаулар жасаған. Грек мифтік Зевс заманында Африканы мекендеген арғы түріктердің аталарын прототүріктер, қазіргіше Гвинея мен Мали мемлекеттерінің шекарасында, Нілдің орта тұсында өмір үріп, Библи тауынан бастау алатын өзенді Ніл атаған болуы керек. Ніл түрікше ақшыл көгілдір түстің аты. Ніл дариясының орта тұсында Йер-Қон қаласы бар. Бұл Жер-қон – «осы жерге жайғас, қон» деген ұғымды білдіреді. Сол өзен бойында Тыныс (Тинис)-Ном деген жер бар. Бұнда «Ном» түрікше, «қауым, тайпа, есім» деген мағынада. Осы жерлердің бәрі де Тана елі аталады. Бұл елдер де басқа адамдардың қатарында солтүстікке қарай жылжып, заманалар өте қазіргі Қазақстан жеріне жетіп, тіпті одан да әрі өтіп, өз аттарын жер-су атымен ататқызған. Оған мысал: Тана (Дон) өзені, Азов теңізі жағалауында Тана (Дон) (III-V ғ.ғ.) қаласы, қазіргі қазақ, башқұрт халқының құрамында Тана тайпалары бар болуы тегін емес. Халқының бір бөлігі Күнге, бір бөлігі Айға табыныпты. Күнге табынған тайпалардың басшылары өздерін патша, әрі құдай санаса, Айға табынғандар өздерін «мән» (ман) деп атап, дінбасы «абызбыз» деп атаған. Айға табынғандар іштей екіге бөлініп, ежелгі бөлігі «аха» (аға), «аха-ай» (аға ай), кіші бөлігі «іні-ай», бұған «ман» (мән) сөзін қосып «іні-ай-мән», одан келе-келе Найман сөзі шыққан болуы керек, – дейді Қойшығара Салғарин.

Тағы бір айтуға тұрарлық сөз, ежелгі түрік халықтарында шығысты – «көк», батысты – «ақ» (құба), солтүстікті – «қара», оңтүстікті – «қызыл» деп атау қалыптасқан. Ал ортасын «сары» деген.

Сол сияқты «Египет» ежелгі түріктің «екі бет», «екі жағалау», «екі қаптал» деген ұғымынан шығуы мүмкін.

ҚОРЫТЫНДЫ ОЙЛАР:

Бір замандарда яғни б.з.д. 8 мыңдай жылдар бұрын ұлы далада көп халық өсіп өніп, ірі елді мекендер құрып, жекеленген бөліктері дала жағдайына қарай мал шаурашылығымен шұғылданып, белгілі дәрежеде ілгері басқан кәсіпке айналдырған болатын. Оған қазіргі заманда табылған жақан археология фактілері дәлел болады. Өстіп өскен халық бірте-бірте оңтүстікті бетке алып, кері қайта бастады. Олай дейтініміз, осыдан 100-150 мың жылдай бұрын бағзы адам баласы Африкадан Азияға, су жағалай Европаға, солтүстікке жылжумен болды деп жорамалдауға болады. Ол кезде жер бедері, су көздерінің аумағы басқаша болды деуге саяды. Оңтүстікке тағы да кері қайтуға бет алған адамзат б.з.д. 3-3,5 мың жылдар бұрын қос өзен бойына, Үнді жеріне, Қытай, Тибетке қарай жылжып, бұрын адамзат алғашқы жылжып қоныстанып, қалған адамдармен қайыра араласып, белгілі бір мәдениет ошақтарының туып, дамуына әкелді деуге болады. Бұл мәдениеттер жүздеген жылдар бойы өсіп, өркендеп қайыра ыдырау басталған болар. Міне, осындай тарихты басынан кешкен Шумер мемлекеті 500-1000 жылдай өмір сүріп, б.з.д. 2-2,5 мың жыл бұрын табиғи жағдайлардан қайта ыдырап, малдарына кең өріс іздеп, халқының көп бөлігі терістікке, шығысқа жылжыған болуы мүмкін. Бұл адамдар жекелеген топтарға бірігіп, әр топ өз беттерінше түрлі бағыттармен терістік, терістік-шығыс бағыттарымен жүздеген жылдар бойы жылжи отырып, жеке-жеке тайпалар құру дәрежесіне жеткен болуы керек. Осындай бір топ ержетіп, өсіп, өркендеп ел болған болуы керек. Оған мысал ретінде 325 жылы Византияның императоры Константин Порфирородный жазғандай «...Закахиеден әрі Панагия, ал Панагиядан әрі Қазакия, Қазакияның ар жағында Кавказ таулары, оның ар жағында Аландар елі бар» депті.

Ал қытайдың «Тан әулетінің тарихы» жылнамада «Парсылар шығысында тохарлармен, қаңлылармен шектеседі, олардың терістігінде түрік ұлысы – қаса (қазақтар) тұрады депті. Парсы тілінде 982 жылы жазылған «Дүние жүзі (әлем) шекарасы» деген кітапта Алан елінде қасақ (қазақ) ұлысы бар депті.

В.А. Зубов «Бурабай – Қазақстан маржаны» деген кітабында: «Шумер тілі түрік тіліне өте жақын. Шумер және қазақ тілінде көп сөздер ұқсас, тек қой малының тұқымы мен ерекшеліктеріне байланысты 200-ге тарта бірдей мағынада сөздер кездеседі...

Қазақ халқының қалыптаса бастауы б.з.б. 6-5 ғасырларда... халықтардың ұлы қоныс аударуы нәтижесінде шумерден шықты» – деп жазады.

Шығыстың ұлы ақыны Фирдоуси (XI ғасыр) «Арал теңізінің терістігінде –қазақия елі бар, олардың халқының көптігі мен батылдығынан Турандағы ең қуатты Иран мемлекетінің өзі қорқады» депті.

Тәрізі «қазақ» атанған бұл тайпаның бір бөлігі Кавказ арқылы (Азербайжан үстімен) Кубань бойына, бір бөлігі Каспийдің оңтүстігімен шығысына жылжыған болу керек. Бұған, Кавказ арқылы деген ойға, орыстың Никон жылнамасында «Шыңғысхан әскері 1223 жылы орыс князьдіктеріне Кавказ тауларын қазақтардың үстімен асып келді» деп көрсеткені дәлел болса керек. Арабтың жазушы-жиһангері Эль-Ауфи «Таңдамалы әңгімелер мен аңыздар» жинағында (1228 ж.) Алтайда қарлықтар тұрады, олар 9 ұлысқа бөлінеді, оның ішінде 3 ұлыс «шығылдар», үш ұлыс «қазақтар» бар депті.

Месопотамиядағы шумерлер б.з.д. 2500 жыл бұрын ұлт ретінде жоғалып, Евразия даласына иелік етеді. Оларды бірнеше ғасырдан кейін гректер «скиф» деп, парсылар «сақ» деп, шумерлер өздерін «саг-гиг» деп, ал кейін өздерін сколоттар деп, қытайлар тюкю деп атаған.

VI ғасырда Қазақстан жері Түрік қағанатының қарамағына кірді, кейін бұл қағанат екіге – Батыс, Шығыс болып бөлінді. X ғасырда Қазақстан Оңтүстік Қазақстан, Жетісу жерінде құрылған

Қарахан мемлекетіне бағынды. XI ғасырдың аяғында Қарахан мемлекетін қарақытайлар басып алды. 1219 жылы Қазақстанды Шыңғысхан әскері жаулап алды. Одан бұрын 1156 жылы Жетісуда Қарлық мемлекеті құрылған болатын.

IX ғасырдың I жартысында Жонғар Алатауынан Каспий теңізіне қарай аралықта, астанасы Ертіс өзенінде Қимақ мемлекеті құрылды, оның батыс бөлігіне қыпшақтар иелік етті. Қимақ мемлекеті XI ғасырда құлап, қыпшақтарға тәуелді болды. Шыңғысхан заманында «қазақы арба» деген арба түрі, қазіргі Монғолия жерінде «қазақ киесі» деген ұзындығы 300 км, биік шоқысы 4000 метрге жуық тау жүйесі бар. Көп халықтар тілінде (иран, түрік, Бенгал т.б) «қазақ» сөзі «батыл», «еркін», «рыцарь», тіпті «барымташы» т.б ұғымдарды білдіреді.

Қазіргі қазақ тілінде жылқы малы үшін, үйірінен бөлініп топталып жүргендерін «саяқ шығып кетіпті» десе, өз тобынан бөлініп, жеке топтасып бөлініп кеткендерді «қазақ шығып кеткен адамдар» деп айтқан болуы керек. Бйлайша айтқанда, әр сөздің өз мағынасын айтқан ғой. Мысалға «ақ», «қара» деген сияқты. Сол бөлінгендер келе-келе бір тайпалық одақ болып дамыған.

Ал қазір әрбір бірдеңе білемін дегендер ішінде қазақтың әр сөзінен бір сиқырлы мағына іздеу қиындау. Осы қазақ сөзінен «қас-сақ», «қаза-ақ», «қаз-ақ», «ғұз-ақ», «қаз-қаз тұру» т.т. Неше түрлі сиқырлы сыр іздейді. Бұл тайпалық одақ ертеде Қазақия деген ел болған. Келе-келе ол ыдырап, барлық тайпаларға сіңіскен. Кейін бәріне ортақ сөз керек болғандықтан, 1465 жылы құрылған мемлекеттің атына сол кезде Алтын Орда халқының көп бөлігіне ортақ атау «қазақ» сөзін қабылдаған.

«Қазақшылыққа» шығу, мемлекеттік мүдде дәрежесіне көтерілу, Батухан заманында ерекше жеткен болу керек. Өйткені империяға бағынған Европа, Азия елдерінің халық санағын алу, соған байланысты салық жинау үшін Орда-түркі қазақтардың жасақтарын кең пайдаланып, жолдаған. Бұл түркі-қазақтар әрқайсысы өздерінің қай елдерде қызмет атқаруына байланысты Ноғай-қазақтар, орыс-қазақтар, өзбек-қазақтар, Башқұрт-қазақтар

т.т деп аталған. Келе-келе сол елдер осы түркі-қазақтарын өздеріне сіңіріп, әскер ретінде пайдаланған. Орыс патшалығы әдейі оларды тегістей шоқындырып, тілдерін жойып, бүтіндей орыс тіліне көшіріп, ғасырлар бойы тарихшыларын да, тарихын да жойып, бүтіндей өздеріне сіңіріп алды. Басқа елдер де солай жасады.

Орыс саясаты кейін қазақ жерін өзіне қаратқан соң, сендер «сақсындар», «нағыз аққас-сақсындар», «қайсақсындар», «қырғызсындар» деп, солай атандырып, «қазақ» сөзіне жолатпауға, кейін орыс-қазақтарымыз бірлестік деген терең саясатты ойлады. Нағыз қырғыздарға «сендер қара қырғызсындар, бұрт-қырғызсындар» деген атау тақты.

Қазақтардың рухын сындыру үшін көшпенді өмір салтын жойып, отырықшыландырды, ол үшін ауық-ауық жер реформасын, басқару жүйесін өзгертті.

Қару ұстауға тыйым салды, қазақты тіпті атқа мінгізбеу саясатын жүргізді, өйткені атқа міну үшін негізі жылқымен бұрынғыша айналысу керек, оған жер тарылды, жердің шұрайлысы орыс шаруаларына, қала-қорғандар салуға тартылып алынды, жер ақ патшаның иелігіне көшті.

Бір бөлігі Жерорта теңізі аймағы арқылы Европаға, бір бөлігі шығысқа өткен.

Ал Солтүстікке жеткен адамзат үлкен өркениетке жетіп, Атлантида мемлекетін, қазіргіше Гипорборея мемлекетін құрған. Бұл қазіргі Солтүстік Мұзды мұхиты жері еді дейді ғылым. Осылай гүлденіп тұрған адамзат қоғамы, ұлы Евразия құрлығының ең өркенниеттісі еді. Осыдан 12 мың жыл бұрын осы құрылық қак айырылып, Евразия және Америка құрлықтары пайда болды, көп жерлер су астына кетті.

Атланттардың арғы бетте – Америкада, бір бөлігі Жапония және басқа аралдарда қалып, бір бөлігі Аляска асып оңтүстік батысқа, Солтүстіктен Үндістанға, ал осыдан 8-8,5 мың жыл бұрын Күншығыстан бұрын Қазақстан жеріне ене бастаған. Ұлы Даланы (Атлант мұхитынан Дунай өзеніне дейінгі аралық) шамамен 5,5 - 6 мың жыл бойы жайлаған. Даланың бұрынғы тұрғындарымен

кикілжің болып тұрғанымен, қан араласу жүзеге асқан. Сосын осыдан 5000 жыл бұрын бір бөлігі Орта Азия елдері, Ауғанстан, Иран мен Үндістанға, бір бөлігі Маңғыстау, Түркменстан арқылы Иранға, Таяу Шығыс, Мысыр елдеріне, тағы бір бөлігі Каспийдің солтүстігімен Европаға қоныс аудара бастаған. Бүгінгі Эстон, Литва, Латвия, неміс тілді ұлттардың бәрі арийліктер. Соңғы ғылыми деректер бойынша атланттар алып адамдар (арийліктер) Гипербореядан, бүгінде Солтүстік Мұзды Мұхитқа айналған аймақтар, қиыр Шығыстан бұдан 12000 жыл бұрынғы табиғи апаттар салдарынан жылжып келіп, Қытайға, Үндістанға, Египетке, Таяу Шығыстың басқа елдеріне, Грекияға өркениеттер енгізген осы атланттар деп дәлелденуде. Сондықтан өздерін ғылым-білімге үйретушілерді бұл елдер халықтары құдайлар деп түсінген, ал атланттар гипербореялықтар өздерін арийлерміз деп таныстырған.

Содан болар әлемдегі ең бірінші дін – заратуштра діні казак жерінде, Еділ, Жайық арасында пайда болғандығы ғылым мойындап отырған шындық. Бұл діннің қасиетті кітабы «Авеста» әуелі сына жазумен тасқа басылған. Шумер жазуының өзі далалықтардың сына жазуының үлгісінде туды деп ғылымның мойындауы көп жағдайды аңғартады.

Алғашқы адамдардың ізі Кайназой дәуірінен, яғни осыдан 500-600 мыңдай жыл бұрын басталып, үй жануарларын қолға үйрету 15-17 мың жыл бұрын басталған дейді ғылым.

* * *

Мазмұны:

Оқырман қауымына	3
Өзім туралы	4
Ой түбінде жатқан сөз.....	8
Мәртебелі қонақ	11
Балқаш Бапин	15
«Қамажай» әні туралы	17
Құлеке батыр туралы әңгімелер	24
Құлық деген елміз	48
<u>Ел аузынан</u>	
Өтеміс Сарымұлы туралы	55
Құлық бабаның немересі сабота би (сарбота) туралы	56
Әлекең (Әлихан Бөкейханов) туралы	59
Төрелердің Ақтоғай жеріне келуі	62
Тобықты Қараменде әулие туралы	66
Құлық Шатырбай туралы	67
Кенже ақын мен Байсейіт	69
Байсейіттің Нұрланы	69
Той жасау да қылмыс болған заман	71
Ұлы абайдың «қартайдық, қайғы ойладық» өлеңі туралы пікір... 72	
Ақтоғайдың төрт Ахметжаны	73
Көкейдегі бір ой	74
«Жаксыны көрсең жаның семіреді»	76
«Жамшы» совхозының құрылуы	77
«Жамшы» совхозы өңіріндегі кейбір жайлар туралы	85
Жер құндылығын арттыру шаралары	89
Шаруашылықта ойға түрткі мәселелер	93
«Жезқазған. Желтоқсан - 1986» кітабынан үзінді	112
Қазақ ұлыларының елге соңғы сапарлары	113

Естеліктер

Нағыз білікті, ұйымдастырушылық, іскерлік, қабілеті жоғары
 басшы 116

Достары да, таныс-тамырлары да көп еді 119

Қаукеңнің тазалығынан үлгі алдық 124

Қаукеңнің еңбегін жоғары бағалаймыз 131

Дара тұлға 133

Қауаз ағаның көмегі көп болды 136

Алғашқы әндерімнің бірін Қауаз ағама арнадым 138

«Жамшы» деген – ескерткіші ерліктің 142

Жапандағы жасыл бақ 146

Шежіре 148

Жиған-терген

Аттың сыны 151

Дарабоз Қабанбай батырдың айтқаны 151

Жеті ата 152

Әнет бабаның сөздері 153

Жеке сөздер 154

Көшпенділер туралы 156

Адамзаттың, оның ішінде жеке халықтардың
 жер бетінде таралуы туралы болжам 156

Қазақ тарихына жеке пікір 157

Қазақ тарихына жеке пікір 162

Қорытынды ойлар 164

Қауаз Мұқажановтың өмірі мен шығармалары	114
Қауаз Мұқажановтың шығармалары	119
Қауаз Мұқажановтың шығармалары	124
Қауаз Мұқажановтың шығармалары	134
Қауаз Мұқажанұлы Мұқажанов	137
Қауаз Мұқажанұлы Мұқажановтың шығармалары	138
Қауаз Мұқажанұлы Мұқажановтың шығармалары	142
Қауаз Мұқажанұлы Мұқажановтың шығармалары	146
Қауаз Мұқажанұлы Мұқажановтың шығармалары	151
Жадымдағы жазбалар	157
Жадымдағы жазбалар	163
Жадымдағы жазбалар	164
Жадымдағы жазбалар	165
Жадымдағы жазбалар	166
Жадымдағы жазбалар	167
Жадымдағы жазбалар	168
Жадымдағы жазбалар	169
Жадымдағы жазбалар	170
Жадымдағы жазбалар	171
Жадымдағы жазбалар	172

172 бет. Қаріп түрі «Times New Roman».
Шартты баспа табағы – 10.75 б.т.
Тапсырыс № 26131 Таралымы 100 дана.
«TENGRI Ltd» ЖШС баспаханасы.
Қарағанды қ., Бұқар Жырау даңғылы 86/5

